Әбдіжәлел қожа да ата дәстүрмен Шыңғыс хан ұрпақтарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, өзара құдандалықты жалғастырған. Мәселен, Әбдіжәлел қожаның баласы, Орынбор шекаралық комиссиясында қызмет еткен, полковник Нұрмұхаммед қожа Абзелиловтың әйелі Той-Қара ханшайым – Нұралы ханның қызы. Ханым Орынбор әскери губернаторы, барон О.А. Игельстромның сеніміне ие болған тұлға. Бұл турасында 1901 жылдың 23 ақпанында «Астраханский листок» газетіндегі И.С. Ивановтың «К столетнему юбилею Внутренней (Букеевской) киргиз-кайсацкой орды» атты мақаласында: «Из дочерей Нурали-хана обращает на себя внимание княгиня Той-Кара, умная и красивая женщина, бывшая замужем за чиновником, служившим в Пограничной комиссии. Она постоянно жила в Оренбурге, но бывала и в столице, где усвоила себе наружную светскость и лоск, но одевалась всегда по-азиатски. Княгиня имела сильное влияние на барона Игельстрома, бывшего в 1797–1799 гг. военным губернатором», - деп тарқатылады [6, с. 2–3].

Мұндай пікірді жалғастырған И.В. Ерофеева: «Одной из самых видных и влиятельных династий сайидов (группа сайид-кожа) в Казахской степи был разветвленный клан потомков племянника некоего авторитетного суфийского пира (шайха – наставника) казахов трех жузов сайида Мухаммад-кожа, который вместе с ханом Абулхаиром (1710–1748) еще в конце первой четверти XVIII в. переселился со своим семейством из г. Туркестан в Северо-Западный Казахстан. Внучка этого «святого», дочь его старшего сына Мурза-кожа в начале 50-х гг. XVIII в. была выдана отцом замуж за сына Абулхаира от волжской калмычки Баяны султана Чингиза (ум. в 60-х XVIII в.), а после его смерти унаследована по обычаю левирата ханом Младшего жуза Нурали (1748–1786). Последний имел от этого брака красавицу-дочь знаменитую княгиню (так она именовалась в российских официальных документах той эпохи) Тайкару (Той-Қара – *Ж.Н.*) (ум. после 1806), ставшую женой одного из знатных «потомков» по восходящей силе имама Мухаммада б. ал-Ханафия (ум. в 700) надворного советника Нур-Мухаммад-кожа (Абжелилова, Абзелилова, Абзялилова; ум. после 1819), сына влиятельного «пира киргиз-казахского йурта» кожа Абу-л-Джалила б. Фар (Пир)-Мухаммад-кожа, а позднее – фавориткой оренбургского военного губернатора (1796–1798) барона Отто Генриха фон Игельстрома (1737–1823), возведенного в 1792 г. в

графское достоинство Священной Римской империи германской нации», - деп толықтыра түседі. Бұл деректен біз Той-Қара Нұралықызының нағашылары қожа, нақтырақ айтсақ, сейіт-қожа екенін және оның әжесі Баян есімді қалмақ болғанын, сонымен қатар оның анасы Нұралы ханға әмеңгерлік жолмен келгенін біле аламыз [3, с. 19–20]. 1799 жылы 21 мамырда патша жарлығымен Орынбор әскери губернаторы Бахметевке: «Отвести для табунов и стад Тойкара удобную пастьбу в окрестностях Оренбурга ... из уважения к ее породе», - деп тапсырылған болатын [7, с. 140].

Әбдіжәлел қожаның балалары, қожалар қазақ қоғамында үлкен беделге ие болды. Мәселен, 1792 жылдың 13 қазанында жазылған Сібір және Уфа аймақтарының генерал-губернаторы А.А. Пеутлингтің II Екатеринаға Іле қалашығына Сырым батырдың шабуылы туралы баяндамасынан біз Әбдіжәлел қожаның баласы Нұрмұхаммед қожаның титулдық кеңесші қызметін атқарғаны баяндалса (мұндағы титулдық кеңесші – 9-шы категориядағы азаматтық шен – *Ж.Н.*) [3, с. 140–141], 1805 жылы Нұрмұхаммед патша жанындағы кеңесші қызметінде болды деген мәліметтер кездеседі [8]. Бұған қарағанда, осы жылдар аралығында Нұрмұхаммед қожаның шенінің жоғарылағанын байқау қиын емес.

1817 жылдың шамамен 16 тамызындағы Қазақ Ордасындағы ішкі қайшылықтар туралы және хандыққа Шерғазы ханның орнына Арынғазы сұлтанды сайлау туралы Кіші және Орта жүздерінің сұлтандары, билері мен старшындарының Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссенге жазған хатында Нұр-Мұхамбет қожа (Нұрмұхаммед қожа – *Ж.Н.*) қазақ-орыс қарым-қатынасында ерекше көзге түскен. Бұл хатта Шерғазы хан кезінде Кіші Ордада ішкі қайшылықтар өршігендіктен, орнына Арынғазы ханды қою себебі айтылады [3, с. 314]. Сонымен қатар 1819 жылдың 27 шілде-5 тамыз айлары аралығында жазылған, жетіру руы старшындарының қолтаңбалары салынған қосымшасы бар Кіші Орда ханына Арынғазы сұлтанды император I Александрдың бекітуі туралы Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссенге жазған Кіші және Орта жүз сұлтандары, старшындары, билері, батырлары мен ақсақалдарының баяндамасынан Нұрмұхаммед қожа Абжелиловтың қазақ халқы атынан депутат болғанын және империя кеңесшісі болғанын, сонымен қатар оның жанында жүрген қожалар шөмекей руының атынан қожа, старшын Шүкірәлі Сұлтан Мұхаммедов, шікіл руының жақайым бөлімі атынан Берді қожа Қазырбаев пен Үзекі қожа Бакеевтер мөрлері мен қолдарын қойғанын білеміз. Бұл хатта Арынғазы сұлтанның халыққа көптеген игі істер атқарғаны мәлімделеді. Мәселен, барлық Кіші және Орта жүздер бойынша руаралық қақтығыстар мен халықтық қайшылықтар жөнінде сот ісін жүргізгені, қылмыскерлерді қатаң түрде жазалайтыны, Ордада бейбітшілік пен тыныштық орнатқаны, Орынборға керуендерді қауіп-қатерсіз жеткізуді ұйымдастырғаны айтылады [3, с. 322–323].

Тарихта қалған ықпалды ел алдында қызмет еткен қожаның бірі Шүкірәлі қожаның қоғамдық-саяси қызметін Арынғазы ханның билік еткен тұсында қазақ орыс қарым-қатынасынан анық байқай аламыз. Оған дәлел ретінде 1821 жылы 9 шілдеде Орынбордан Санкт-Петербургке патшамен кездесуге шыққан Арынғазы ханның жанындағы 10 адамның құрамында қожа Шүкірәлі Әлмұхамметұлының болғанын білеміз [9, 100–107-бб.].

Ресей патшасы I Александр Арынғазыны Ресейде қалдыру туралы шешімін қабылдаған кезеңде оның жанында өзге жерлестерімен бірге Шүкірәлі де болатын. Қазақтарды Ресейде ұстап қалу шешімін патша Сыртқы істер министрі К.В. Нессельроде ұсынысы арқылы қабылдайды. Кейін Азия комитеті К. Нессельроде әкімшілігі шығарған қорытынды бойынша 1822 жылы 24 ақпанда В.П. Кочубей, Г.С. Волконский, М.М. Сперанскийдің қатысуымен Арынғазыны Калуга қаласына жер аударуға шешім қабылданады. Дегенмен бастапқы кезеңде оны Санкт-Петербургте ұстай тұру қажет деген жоспар жүзеге асырылады.

Ресейде Арынғазы хан бастаған қазақтар қарап жатпай ел қамын жеп Ресейдің әскери күшін Хиуаға қарсы пайдалануға ұмтылып, патшаға, орыс үкіметі шенеуніктеріне хат жібереді. 1822 жылдың сәуірінде Арынғазы сұлтанның I Александрға жазған хатында

Хиуа ханы Мұхаммед Рақымның тарапынан қожа Шүкірәлінің отбасының қолға түсіп, малының талан-таражға салынғаны хабарланады [3, с. 397, 404]. Шүкірәлі қожа да Санкт Петербургте болған кезеңінде жолдастарымен бірге Кіші жүзде қалыптасқан саяси ахуал жайлы І Александрге екі рет хат жолдайды [9, 100-107 б.]. Хат соңында: «Хожа Шукур-Али Султан-Мухамбет улы свою печать приложил», - деп өз қолы мен мөрін қояды [3, с. 384–397]. Көп ұзамай Арынғазы мен елшілікке келген қазақтар орыс үкіметінің құйтырқы саясатын толық сезінеді. Содан соң не болғанда да елге жетудің жолдары қарастырылады. Арынғазы өтінішінен соң қазақ елшілерінен М. Жәдігерұлы, И. Даниярұлы, С. Сатұлы, Қ. Мұсылманбиұлы елге аттанады. Араға уақыт сала Арынғазы Шүкірәліні, Қаражігітті және Бармақты елге қайтару мәселесін көтереді. Қаражігіт Бектауұлы бастаған бұл екінші топ елге 1822 жылғы қазан айында жетеді [10].

Шүкірәлі қожа елге жеткен соң патша үкіметінің саясатының саяси астарын ұғынып Ресейге қарсы әрекеттерге көшеді. Ол турасында 1822 жылдың 25 қарашада Орынбор шекаралық комиссиясының Гирьял ауылынан келген, Кіші жүз ханы жанындағы пристав, полковник А.З. Горихвостовтың жазбаларынан байқаймыз. Полковник: «Ресей астанасындағы Арынғазы жанынан елге оралған Қаражігіт молда, Шүкірәлі қожа, старшын Бармақ Болпашұлының Ордаға келгеннен бергі мінез-құлықтары үкімет мақсатымен үйлеспейді. Олар халықты жинап, осыдан бастап үкіметке орыс тұтқындары мен қуылған жылқыларын, шептен тоналғандардан ештеңе қайтармауға үгіттеп, көндіруде» - деп хабарлайды [3, с. 414–415].

1822 жылдың 22 желтоқсанында Шерғазы хан Сыртқы Істер министрлігінің басшысы К.В. Нессельродеге пристав полковник А.З. Горихвостов пен әскери губернатор П.К. Эссеннің әрекеттері туралы жазған арызында Қаражігіт, Шүкірәлі қожа мен Бармақтың 200-300, кейде 500-600 адам жинап, елдің тыныштығын бұзғаны туралы ашық хабарлайды [9, 100–109-бб.].

Қазақ хандығы тарихында ерекше көзге түскен қожалардың бірі – Сарғалдақ қожа. Уақ руының рубасшысы Сарғалдақ қожа Өтеш қожаның баласы, Абылай ханның әйелі – Зухраның ағасы еді [11, с. 29–32]. Бұған қоса, діни сауатты Сарығалдақ қожаның кейінгі ұрпақтары да атағы елге жайылып, еліне сыйлы болған. Сарғалдақ қожа тарихи деректерде бірде Уақ, Керей руларының старшыны, енді бір деректе Арғын руының Атығай бөлімінде старшын аталады. Тарихшы Н. Бекмаханова зерттеулерінде қожаның бауырлары Елеусіз, Темірбаймен бірге Е. Пугачев бастаған көтеріліс кезінде орыс шептеріне қарсы жорық жасағанын жазады [12, 124–125-бб.]. Аталған деректер Өтеш қожа ұлдарының белсенділігін айғақтайды. Сарғалдақ қожаның қызы Айғаным – Абылай ханның үлкен ұлы Уәлидің кіші әйелі, Шоқан Уәлихановтың әжесі, ал оның ағасы Пірәлі қожа – аузының дуалылығымен тарихта қалған тұлға.

Бөкей Ордасы қожаларына мақала арнаған тарихшы С.М. Ғиззатов Ішкі Ордадағы қожалардың келу тарихын былайша баяндайды: «Ішкі Орданың қожалар сословиесі өз кезегінде екі ірі әулеттен – XVIII ғасырдың екінші ширегінде Түркістаннан келіп, Әбілқайыр ханға қосылған екі адамның ұрпақтарынан тұрды. Олар: Қарауылқожа Бабажанов бастаған жалпы саны 117 адам болатын Мырза-қожа және 114 адамнан тұрған Кедей-қожа әулеттері. Бөкей хандығында бұларға келіп Фарсы-қожаның 15 ұрпағы және Хан-қожалық 12 өкіл қосылды. Алайда соңғылардың Ордада жеткілікті ықпалы болмады. Қожалар әдетте қазақ қауымының құрамына еніп, экономикалық және саяси артықшылықтарға ие болды. П. Небольсиннің айтуынша: «Қожалардың шығуы дінмен байланысты, тек қана оларға жасыл түсті киім киюге рұқсат етілді және ұрандары діни бағыттағы «Алла» сөзі еді» [13, 68–69-бб.].

«1851 жылы 22 қаңтарда Ішкі Орданың бір топ қожасы Орынбор әскери генерал-губернаторы В.А. Перовскийге мынадай мәтінде өтініш жолдайды: «Жағдайды төмендегіше баяндауға рұқсат етіңіз: Әлидің (Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы) баласы Мұхаммед Ханифадан 2 ұл дүниеге келген: Абдулманнан, Абдулфаттах. Бұлардың соңғысынан Абдулжапар, одан Абдулкатар, содан соң Әбдірахман қожа пайда болды. Ал

осы Әбдірахманнан біздер тараймыз. Патша ағзамның мархабатының арқасында Әбілқайыр хан, Нұралы хан, Жантөре, Пірәлі, Бөкей, басқарушы Шығай және Жәңгір хан тұсында ешқандай алым-салық төлемедік. Біздер сізден осындай артықшылықтарымызды одан әрі сақтауыңызды сұраймыз», - дейді тарихшы С. Физзатов мұрағат құжаттарын сөйлете [13, 68–69-бб.]. Бұл мұрағат құжаты қожалардың түп тамырын қалай тарататынын, қандай басымдықтарға ие болғанын айқын көрсетеді.

Бұған қоса Ішкі Орда қожаларының Орынбор әскери-губернаторы Обручевке жазған хатында: «Приняли смелость доложить Особь Вашей о нижеследующим указомъ: что отъ сына Алия (зять Магоммета) Мухамедь-Ханифа родились два сына: Абдулманнанъ, Абдулфаттахъ и отъ последнего родился Абдулзапаръ, а от Абдулзапара Абдулкагаръ, а от Абдулкагара Абдрахманъ ходжа, а отъ сего ходжия происходим мы. – Такимъ образомъ происходя отъ ходжевь и пользуясь покровительством Государя Императора и вашего Высокопревосходительства, по настоящее время съ насъ никакихъ поборовъ производимо не было. Къ сему долгамъ считаемъ присовакупить, что мы не уклоняемъ отъ Вашей особы Вашей, но объяснить все это лично въ бытность Вашего Высокопревосходительства во Внутренней Киргизской орде, не имели счастья по случаю неизвестностью о призыве Вашемъ въ эту орду, причем имеем честь доложить Вашему Высокопревосходительству, что мы со времени Абулхаиръ хана и при ханахъ: Нурғалия, Джантюри, Перғалия, Букея, Правитель Шигая и хана Джангеря никогда и ни къ какимъ сборамъ не подвергались на равне с простыми киргизами Внутренней орды, - на сию всепокорнейшую просьбу нашу будем иметь честь ожидать милостивейшего и законного распоряжения Вашего Высокопревосходительства. 20 декабря 1850 года къ сему громадныя руки, а не громадныя тамги приложим: «Калдынъ ходжа Кучакъ-ходжинъ, Турабай ходжа Тангирей-берганы ходжинъ, Бекмухамедъ-ходжа Кулмухамедъ-ходжинъ, Иса-ходжа Каплан-ходжинъ, Асанъ-ходжа Соргал-ходжинъ, Курбанғалий ходжа Дустмухамедъ-ходжинъ, Тугай ходжа Казбекъ-ходжинъ и Торубъходжа Базарбай-ходжинъ», - десе [14, 1-2 п.].

Діни қызмет тұрғысынан қожалар мен молдалардың ұғымы бір тектес сияқты болып көрінгенімен, қожалардың жоғары тап болғандығы тарихи құжаттар дәлелдей түседі. Қожалар аристократтық дін басылардың жоғары табын айшықтады. Олар рудан тыс болды, қазақ қауымдарына кірмеді. ХІХ ғасырдың екінші ширегінде қожалар Ішкі Ордада қожалардың ерекше тобын құрды. Қожалар мұнда сұлтандармен бірдей көптеген малдың және жайылымның иесі болды, дүре соғу жазаларынан босады, тек қана сұлтандар мен ханның сотына бағынды. Олар көшпенділер сияқты рулық топтарға және ағалыққа (Мырза-қожа, Кедей-қожа, Керей-қожа – У.А.) бөлінді. Ордада қожалардың басшылығында аға қожа тұрды. Қожалардың кіші топтарын қожалардың арасынан ақсақалдары басқарды [15, 120–122 б.].

Қожалар қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында екінші сатыда тұрғанымен, олар да сұлтандар тәрізді зекет салығынан босатылды. Ол турасында Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатындағы құжаттар: «От усмотрения хана зависело назначение этого сбора, причем хан основывался на предварительно собранных им сведениям о количестве скота в Орде, в каждом роде и отделения ея, стараясь, чтобы с лошади и верблюда поступало в сбор не более 1 рубля ассигнации (мұндағы ассигнация – Ресей империясының қағаз ақшасы – У.А.), с коровы 50 копеек и барана и козы 15 копеек ассигнации. От платы зякета на основании древнего значения этого сбора, освобождаются султаны, ходжи, бии, старшины, муллы и тарханы», - деп тарқата түседі [16, 9 п.].

Сонымен қатар Ресей архивтерінде Бөкей Ордасындағы қожалардың, олардың меншігіндегі малының, кейбір жерлерде ер адамдардың белгілі бір жылдардағы статистикалық саны берілген. Мәселен, 1827 жылы Орынбор шекаралық комиссиясының асессоры Кузнецов құраған Ішкі Бөкей Ордасы бойынша үй және қырғыздардың (қазақтардың – У.А.) әр түрлі бөлімдері бойынша ер адамдардың саны туралы және әр рудың мал саны туралы жазылған есебінде нақты көрсетілген. Құжатта: «Еще особое не

принадлежащее ни к какому роду отделение ходжей людей свободного состояния, перешедших с Киргизской степи. Зимуют по разным отделениям смешенно с киргизами и состоят под управлением старшины Караула ходжи. Число кибиток – 80, душ мужеска пола – 320, верблюдов – 400, лошади – 1600, коровы – 800, бараны – 24000», - десе [17, 161 п.], 1844 және 1845 жылдардағы әр рудағы үй және мал саны жөніндегі есебінде: «Название родов: поколения ходжей – число кибиток: 300. Обыкновенного зякята и сугума не собирается», - делінген [18, 3 п.]. Бұл арада ескерер жәйт, 1827 жылы тек старшын Қарауыл қожа билік еткен қожалар санымен қоса, 1844 және 1845 жылдары Бөкей Ордасындағы мекен еткен қожалардың жалпы саны беріліп отыр.

1851–1852 жылдары Орынбор губернаторы мен Самар генерал-губернаторы өз есептерінде: «По последним, собранным в 1850 году сведениям считается во Внутренней Орде 23598 кибиток, или, полагая по 5 душ на кибитку, до 118 000 обоого пола душ. Перед тем, в первой половине 1840-х годов, кибиток показывалось 21 363 или до 107 000 обоого пола душ. Увеличение числа кибиток в 1850 году против 1840-х могло произойти как вследствие действительного народонаселения, так и в следствии большей точности при перечислении, но ни в каком случае при переселения во Внутреннюю Орду Киргизов Зауральских, ибо перепуск сия последних воспрещен с 1828 года. Из числа 23 598 кибиток считается: 1. Киргизов 16 родов... 23 223; 2. Ходжей или потомков Магомета...178; 3. Султанов или потомков прежних киргизских ханов...197», - деп нақтылайды [16, 40 п.]. Ал 1854 жылы қазақтардың Ішкі ордасы руларының үй саны мен мал саны көрсеткіштері туралы есебінде: Наименование рода: ходжи – 1. Число кибиток: 179. 2. Число скота (верблюдов): 956. 3. Лошадей: 2662. 4. Рогатого: 1354. 5. Баранов и коз: 12092. 6. Всего: 16 064» - делінеді [18, 1 п.].

XIX ғасырдың I жартысында Батыс Қазақстан территориясындағы қожа өкілдерінің ішінде ықпалдысы – Қарауыл Бабажанов (1775–1850) еді. Ол турасында Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы, генерал-майор Г.Ф. Генс: «Покачание проживающего во Внутренней Орде полкового Есаула Ходжи Карагула Бабажанова. Ходжи происходят отъ пророка Галия. Ихъ иместья два поколения: 1. Сеить Атаи, 2. Курасанъ. Первое поколение происходит отъ Галии и дочери Магометовой Фатимы, у которыхъ были сыновья двойни: Гассанъ и Гуссеинъ. Сего колени Ходжей между киргизами почти вовсе нетъ. Въ Хиве только жил Ахунъ Ходжи, выдавший дочь свою за Ильтезерко, который поэтому только родству приобрел право называться Ханомъ. Второе поколение Ходжей Курасанъ происходили отъ Галии и сильной какой-то царевны Анафии которую дали которм не зная ее (они были переодеты въ мужские платья) и не зная объ завещании ее, впрочемъ обнародованномъ, сделали супругою того, кто сильнее ее. У нихъ был сынъ Мухамедъ-Анжерии и котормъ Курасанъ предокъ Карагуль Ходжи», - деп қожалардың шығу тегін айтумен қатар, олардың Ресей империясымен қарым-қатынасын да ашып көрсетеді [19, 63–68 п.].

Ол сол уақыттағы Ішкі Орданың экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени өмірінде үлкен рөл атқарды және батыс аймақтағы билеуші шыңғыстық элита өкілдерімен терең туыстық қарым-қатынаста болды. Оның Салиха атты қызы 1844 жылы Жәңгір ханға, екінші қызы – Шынқара сұлтан Сүйінғали Жаналиевке, үшінші қызы Айғана – сұлтан Тәуке Бөкейхановқа, төртінші қызы Ханифа – сұлтан Шыңғали Жанбөбековке тұрмыста ұзатылған-ды. Онымен қоса, Қарауыл қожа өзінің қарындасы Жаманы Ішкі орданың ықпалды сұлтаны Қайыпқали Есімовке ұзатады. Бірінші әйелі Ұлбибі Данышмендіқызынан туған ұлдары Мұхамедшах пен Сұлтан-Мұстафаны Шығай сұлтан мен Жанбөбек сұлтанның қыздарына, үшінші ұлы Мұхаммед-Салықты сұлтан Мендігерей Бөкейхановтың қызы Ғазизаға үйлендіреді.

Қарауыл қожаның үлкен ұлы Көпболсын 1823 жылы Бөкей ордасынан Орынборда ашылған Неплюев әскери училищесіне барған алғашқы үш баланың бірі болып, сұлтандар Күшікғали Шығаев, Шәмсиддин Досқазиевпен бірге оқуға түседі. Көпболсын Қарауылов училищені тәмамдаған соң, 1831 жылы Хан ордасына қызметке шақырылады. Бұл

оқиғаны мұрағат деректері де айғақтайды. Мәселен, граф П. Сухтеленнің Қарауыл қожа Бабажановқа жазған хатында: «Милостивый Государь, Караул Ходжа Бабаджанов. Узнав лично и по свидетельству о нем полковника Генса и Г. Титулярного Советника Карелина, сына вашего Копбулсына, воспитывавшегося в Неплюевском Училище, и хороших его дарованиях, оглашаюсь сделать вам предложение, которое может быть равно приятно попечительному отцу и полезно для службы и высшего образования молодого человека, подающего справедливую о себе надежду.

Предположение сие состоит в том, не согласитесь ли вы для навыка в делах и дальнейшего образования в науках, чтобы сын ваш стоял на некоторое время при известном вашей мне с весьма отличной стороны вышеупомянутом Г.Карелин, который ныне от правления в Букеевскую Орду и находится будет в ставке хана Джангера.

Совершенно предоставляя вам принять или отвергнуть сие предположение, я однако же не скрою уведомить вас, почтеннейший ходжа, что мне приятно было, если вы на оное согласитесь. Я уверен, что высокостепенный хан с удовольствием увидит вашего сына и его обласкает. Присутствие сего молодого человека велю стань напомнить ему прежнюю дружбу его к отцу, что равно может мне будет очень приятно. Под надзором и попечением Г. Карелина я уверен, что наш томец сделается совершенно способным и полезным человеком. Ожидая на сие уведомления вашего, я с отличными чувствами прибуду», - деп баласы Көпболсынды 1831 жылы 1 қарашада Хан ордасына қызметке шақырған болатын [20, 1 п.].

Бөкей Ордасында Қарауыл қожаға берілген жер Кокоревск постынан басталып, солтүстікке қарай Жиделі, Жаманқұм, Бекетай құмдарына дейін созылады және біртұтас аймақты құрайды. Жалпы көлемі 390 000 десятинаны құраған бұл жер телімі Ордадағы жеке иеліктердің ең көлемді территорияны қамтыған.

Қорытындылай келе, XVIII–XIX ғасырларда қожалар Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағынан дамуына орасан зор үлесін қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках (сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Издательство Академии Наук Казахской ССР, 1961. – 800 с.
2. История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. Журналы и служебные записки дипломата А.И.Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731–1759 гг.). – Алматы: Дайк-пресс, 2005. – Т. 3 – 484 с.
3. Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.). – Москва-Ленинград: Издательство Академии Наук СССР, 1940. – Т. IV. – 543 с.
4. Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі: XVIII ғасырдың екінші жартысы және XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар). – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 258 б.
5. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII–XIX вв. (история, историография, источники). – Алматы: ЖШС «Print-S», 2003. – 178 с. + вкл. 8 с.
6. Иванов И.С. К столетнему юбилею Внутренней (Букеевской) киргиз-кайсацкой орды // Астраханский листок. – №42, 23 февраль, 1901. – 4 с.
7. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург: Типолиитография И.И. Жаринова, 1898. – 867 с.
8. Денисов Д. Биография муфтия Габдессаляма Габдрахимова в свете новых исторических источников // idmedina.ru. (қаралған уақыты: 9.04.15).
9. Ахметова Ұ.Т. Арынғазы хан (1786–1833). – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004. – 168 б.
10. Мұқтар Ә.Қ., Ахметова Ұ.Т. Ар жақта дүмбірлеген Арынғазы // referat.resurs.kz. (қаралған уақыты: 15.04.15)
11. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII–XIX вв. (история, историография, источники). – Алматы: ТОО «Print-S», 2003. – 178 с. + вкл. 8 с.

12. Бекмаханова Н.Е. Көктемiр туралы аңыз. – Алматы: Жалын, 1983. – 184 б.
13. Гиззатов С.М. Бөкей хандығындағы әлеуметтік институттар және олардың ерекшелiктерi // ҚазҰУ хабаршысы. – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық универс. – 2007. – №3 (46). – 68–70-бб.
14. Ресей Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік архиві(одан әрi РФ ОрОМА-У.А.).6 қ., 10 т., 4 б., 6451 іс, 11 п.
15. Махаева А.Ш., Садвакасова З.Т. Жүнісқожа – Ташкент иелігінің негізін салушы // ҚазҰУ хабаршысы. – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық универс. – 2002. – №2 (25). – 60–63 б.
16. Ресей Федерациясы Ресей мемлекеттік тарихи архиві (РФ РМТА-У.А.). 853 қ., 1 т., 22 іс, 51 п.
17. РФ РМТА. 1291 қ., 82 т., 1 іс, 52 п.
18. РФ РМТА. 853 қ., 2 т., 31 іс, 15 п.
19. РФ ОрОМА. 166 қ., 1 т., 2 іс, 92 п.
20. РФ ОрОМА. 6 қ., 10 т., 2 б., 3805 іс, 9 п.

ХАН – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ БИЛІК ИЕСІ

А.Қ. Ахмет, т.ғ.д.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің профессоры,

Қазақ хандығының сан ғасырлық тарихы бар. Оның мемлекеті, жер аумағы, тілі, діні, ділі, салт-дәстүрі, және заңы т.б. қоғамдық, әлеуметтік құрылымдары болғаны төл тарихымыздан белгілі. Осыған сәйкес халық санасына әбден сіңген және оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, сонымен бірге тұрмыс-тіршілігіне де толық сай келетін өзіндік жолы мен қағидалары бірнеше ғасыр жұмыс істеді. Тарихтың әр ғасырында «Қасым ханның қасқа жолы» (XV ғ.), «Есім ханның ескі жолы» (XVII ғ.), «Жеті жарғы» (XVIII ғ.) сияқты әділ дала заңдары теңдік пен әділдіктің, шындықтың, туралықтың айқын көрінісі болып табылды. Қазақ қоғамының қоғамдық-әлеуметтік құрылымы осындай жолдармен тарихи кезеңде өмір сүрді. Оның басында хан, уәзір, сұлтан, би, батыр, ақсақалдар отырды. Ал олар өз кезегінде ел бірлігі мен тұтастығы жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара жұмыс атқарды. Бұл билік басындағылар мемлекет пен ел үшін ар, намыс, ұят, әділдік сияқты халқымыздың қасиетті мұраттар жолында таймауды қатаң ұстанды. Кеңестік дәуірде елдің бетке ұстар тектілерінің бетіне күйе жағылып, ар-намысы тапталып, еңбектері жойылып, ауызға алуға тиым салынғаны да белгілі. Кеңестік қасаң саясат кейінгі ұрпаққа «хан – қарақшы, би – паракор, батырлар мен бағландар, ақсүйектер мен байлардың есімдері тарихтан сызылып, аттары өшірілді. Шынтуайытына келгенде қазақ қоғамы мен мемлекеттілігінің генезисін, қоғамдық-әлеуметтік құрылымын жоққа шығарып жою болатын, мұның бәрі сайып келгенде әділетсіз қоғамның жөнсіз зорлық-зомбылығы еді.

Қазақ хандығы дәуірлеріндегі қоғамдық-саяси құрылыс, шаруашылық, экономика және мәдениет саласындағы құрылымдық жүйелер, олардың қызметі мен қоғамдық орны туралы көп жай әлі толық айтылып болған жоқ. Мұның бәрі ел тарихы үшін аса қажетті де қасиетті екеніне еш дау бола қоймас. Өйткені ол құрылым бірнеше ғасырлар бойы елді сақтап қана қойған жоқ, оны ілгері дамытты, бірлігі мен тірлігі нық ел қылғаны тарихымыздан белгілі. Сондықтан да Қазақ хандығының мемлекеттік, әлеуметтік, қоғамдық құрылымдар мен жүйелері сан ғасырлар бойы көптеген тарихшылар мен зерттеушілердің ерекше назарын аударып, еңбектеріне күні бүгінге дейін арқау болып келеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көктүріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп тәуелсіздікке тіреледі», деген Ұлытауда айтылған сөздерінде мемлекеттілік дәстүр сабақтастығының негізі кезеңдері анық көрсетілген [1]. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін оның нығаюы мен халықтың қалыптасу жолдарының жетілуі өзара ықпалдастықта орын алды. Қазан төңкерісіне дейінгі кейбір орыс ғалымдары Қазақ хандығы жөнінде объективті пікір білдірді. Мысалы «Далалық облыстардың қырғыздары туралы заңдар жинағы» деген еңбекте: қырғыз-қайсақ ханы Тәуке тайпалар арасында тыныштық, рулар арасында жерді әділ бөліп беріп, оны пайдалану тәртібін орнатты, жалпы ол заңдылық негізде әрекет етті; бәрін де ақылмен істеп, тәжірибе мен шеберлігіне сүйенген Тәуке үш қырғыз-қазақ ордасына билік жүргізді; әрбір ордаға өз өкілдерін: Ұлы жүзге Төлені, Орта жүзге Қазыбекті, Кіші жүзге Әйтекені тағайындады делінеді [2, с. 12]. И.И. Крафт XVIII ғасырдың бас кезінде «жүз» бөлек хандық мағанасындағы құрылымды емес, көбіне-көп бір мемлекет құрамындағы генерал-губернаторлықты білдіреді деп жазды [2, с. 14].

Қазақ мемлекеттілігін зерттеуде бұрмалаушылықтарға ұшырап келе жатқан тақырыптардың бірі – қазақ дәстүрлі қоғамының саяси жүйесі екендігі белгілі. Дәстүрлі қазақ қоғамында билік жүргізу бірнеше деңгейде жүзеге асырылды. Қазақ қоғамындағы бір ерекшелік ең жоғары билік жүргізу құқы Шыңғыс хан ұрпақтарының әлеуметтік тобынан сайланатын ханға тиесілі болуы. Аталған қоғамда билік жүргізу бірнеше деңгейде жүзеге асырылды.

Хандық биліктің негізгі функцияларына ру-тайпалар арасындағы өзара келіспеушіліктерді шешіп, реттеу, әскери-саяси және сот қызметтері, сонымен бірге экономикадан тыс қайшылықтарды шешу сияқты қызметтер жатты. Сыртқы саясаттағы ең басты функциясы – халықты сыртқы шапқыншылықтан қорғау және ел мен жердің тұтастығын сақтау болды. Қоғамдық санада хан билігі мемлекеттіліктің, қоғамдық ұйымдастыру ісіндегі тарихи сабақтастықтың, қауіпсіздік пен игіліктің нышаны ретінде қабылданды. Бұл – сонау Түрік қағанаты заманынан бері келе жатқан хан мен халық тұтастығының бір көрінісі болатын. Сондықтан да хан Қазақ мемлекетінің ең жоғары билік иесі болып табылады. Ол мемлекет, қоғам, халық бірлігін сақтайтын, елдің басын қосып ұстайтын ең жоғары дәрежелі әрі халық сенген, оларды ортақ бір іске, бір мақсат-мүддеге жұмылдыра білетін әділдік жолынан таймаған бірегей ел басшысы. Мысалы Әз Жәнібек (XIV ғ.), Қасым хан (XV ғ.), Ақназар (XV ғ.), Әз Тәуке (XVII–XVIII ғғ.), Абылай (XVIII ғ.) т.б. хандар қазақ мемлекеттілігін, ұлт бірлігін ұйытып, оны сақтай білген әрі кемелдендірген хандар болды. Бір ғана мысал М.Х. Дулати «Тарих-и-Рашидиде»: «Қасым хан Қыпшақ даласын түгелдей өзіне қаратып алғаны соншалық Жошы ханнан ешкім де ол сияқты мұндай билікке қол жеткізген емес», - деп жазды [3, 358-б.]. Тарихта ол қазақтың тұңғыш конституциялық құжаттың негізін қалған дана хан.

Жаугершілік заманда көптеген хандар қол бастап, қолына қару алып, майданға шықты. Тәуекел хан (XVII ғ.), Салқам Жәңгір (XVII–XVIII ғғ.), Әбілқайыр (XVIII ғ.), Кенесары хан (XIX ғ.) Отан қорғау жолында қан майданның ортасында болып, кейбірі ерлікпен қаза тапты. Қазақ хандары өз халқының ел мүддесі мен азаттығы жолында аянып қалған кезі жоқ. Олар ел намысын да өз намысын да жоғары қойған тұлғалар. Қазақ хандары халықтан бөлінбеген әрі шеттелмеген. Осындай мақсатпен хан ордалары әр замандарда әр жерлерде тігілген. Бұл ордалар Түркістанда, Ұлытауда, Жетісуда, Көкшетауда, Сарайшықта тағы басқа халыққа қасиетті де беркелі жерлерде, ірі, күшті тайпалар мен рулар арасында, халық ортасында тігілді. Халық ортасында қасиетті жер – Күлтөбе. М.Х. Дулати Күлтөбені Моғолстанның әйгілі аймағы деп жазды. Күлтөбе басында ел бірлігі мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қиын-қыстау кезеңдерде халық жиналысы бірнеше рет өткізілді. Онда қабылданған шешімді ханның бұлжытпастан орындау қажеттілігі қағидатты ешбір өзгеріске ұшырамады.

Марта Олкотт: «Қазақтарда екі сатылы әкімшілік құрылым болды: хандар мен сұлтандар аристократиясы рулық қағидатқа негізделген әкімшілік жүйесінен биік тұрды», - деп жазды [4, 60-б.]. Алайда, америкалық профессордың пікірін белгілі тарихшы-ғалым К.Л. Есмағамбетов бұл пікір үстіртіндеу секілді, ол қазақ қоғамындағы билер институтының орны мен рөлін жеткілікті түсінбеушіліктен туындаған деп тұжырымдайды. Хандық билік және оның мәртебесі мен функциялары, сұлтандар мен билермен қарым-қатынасы, хандық биліктің пәрмендігі мен беріктігі секілді мәселелер шығыс авторларының еңбектерінде кеңінен зерттелді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Он бесінші ғасырда алғашқы қазақ хандығының құрылуы халықтың тарих төсіндегі, уақыт кеңістігіндегі өзіне тиісті бөлекше орынды алып тыңғандығын тиянақтайды. Ұлы хандарымыз Керей мен Жәнібек оны саяси тұрғыдан бедерлеп берді. Ұлттық тарихымызды соңғы бес ғасыры халқымыздың өмір сүретін кеңістік үшін арпалысының тарихы болып табылады. Біз өзіміздің өткендегі өмірімізге кілең бір кездейсоқ оқиғалар тізбегі деп қарамауымыз керек. Шұғыл өркендеп кеткен Еуропа мен дами түскен Қытай XVI–XVII ғасырлардың өзінде көшпелі халықтардың мүмкіндіктерін күрт кемітіп, олардың бойындағы күш-қуатын бір-бірін жойып жіберуге жұмсатып қойды. Қазақтар мен жоңғарлардың трагедиясы осылайша басталды. Ұлттың бойындағы қуат кернеуінің күштілігі сондай, біз сол «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» да төтеп бере алдық, сөйтіп жеңіп шықтық. Бір болсақ, бізді алар жау жоқ деген қарапайым ғана, қарапайым да болса мәңгілік ақиқат ойға да сол тұста ден қойғанбыз», - деген болатын [5].

Қазақ хандығының құрылуы бір мезгілде жүзеге асқан акті емес, ұзақ уақытқа созылған процесс екендігі белгілі. Сондықтан да мемлекеттілігіміздің бастауында тұрған Қазақ хандығының құрылуы туралы мәселе ғылыми-зерттеу еңбектерде, тәуелсіздік жылдары публицистикада айтыс тудырып, үнемі ерекше көңіл бөлуді қажет етіп келеді.

Қазақ хандығының құрылуына Еуразияның шығыс және орта бөлігінде XIV-XV ғасырларда болған саяси дамудың, сондай-ақ Дешті Қыпшақ пен Мәуреннахр, Моғолстанда болған этникалық процестердің заңды қортындылары себеп болды.

Қазақ хандығының құрылған уақыты XV ғасырдың 1465 жылы. Қазақ хандығының негізін салушылар Ақ Орда ханы Ұрұс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар 1465–1466 жылдары билік жүргізе бастады [6, с. 95].

Қазақ мемлекеттілігінің бастауында тұрған Қазақ хандығының тарихына көңіл бөлген Мұхаммед Хайдар Дулати өз заманының белгілі мемлекет қайраткері болған тұлға. Қазақтың хандары Керей хан мен Жәнібек хан құрған мемлекет туралы өзінің 1542–1546 жылдары жазған «Тарихи Рашиди» еңбегінде «Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін Өзбек ұлысында өзара қырқыс басталды. Мүмкіндігі болғанның бәрі қауіп-қатерсіз және тыныш өмір іздеп, Керей хан мен Жәнібек ханға кете берді. Осының нәтижесінде олар едәуір күшейіп алды», - деп жазды [6, с. 202–203]. Бір назар аударатын жағдай Мұхамед Хайдар Дулатидің еңбегіне дейін Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі мәліметтер ешбір жазба деректерде кездеспейтіндігі.

Қазақ хандығының негізін салушы Керей ханның ұлы және мұрагері Бұрындық хан Сарайшық қаласын өзінің астанасы қылды. Қазақ хандарының ішіндегі ең құдіреттісі Қасым хан да Сарайшықты өзінің астанасы еткен. Сарайшықта қайтыс болып, сонда жерленген белгілі. Ол туралы 1602 жылы жарық көрген Қадырғали би Қосымұлының «Шежірелер жинағында»: «Қасым ханның қабірі Сарайшықта жатыр», - деп жазылған. Бұл қазақ хандығының астанасы Жайықтың төменгі ағысында орналасқан Сарайшық қаласы болғандығы туралы еш күмән келтірмейтін дерек деген ойдамамыз. Оның мысалы 1999 жылы тарихы тереңнен тартқан халқымыздың көз қуанышына айналған, туған өлкемізге ерекше сән мен салтанат беріп тұрған «Хан ордалы Сарайшық» музей қорығы ашылды. Ежелгі қала орнынан құрамына қазақ хандарына арналған ескерткіш пантеон, мешіт, мұражай салынды. Елбасы Сарайшық мұражайына қалдырған қолтаңбасында: «Тау

шайқалса да тарих шайқалмайды – деген халқымыз. Жас ұрпақ тарихтан өнеге алып, қазақ елін, кең байтақ жерін сүйіп өссін!», - деп аманат еткені тәуелсіз еліміздің тарихының айшықты беттеріне айналды [7, 212-б.].

Қасым хан алғашқы қазақ заңы – «Қасқа жолды» жарыққа шығарған тарихи тұлға ретінде тарихымызда алатын орны ерекше. Қасым хан тұсында саны миллион адамға жеткен қазақтар дербес халық ретінде Батыс Еуропаға белгілі болуы халқымыздың тарихи тамыры тереңдетартатындығының жарқын айғағы. Қасым ханның басшылығымен Қазақ хандығы берік құрылып, қазақ халқының ұлттық қалыптасу процесі аяқталды. Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашидиінде»: «Жәнібек ханның ұлы Қасым өз билігін Дешті Қыпшаққа таратты. Оның лашкарында миллионнан астам адам болды. Бұл жұртта Жошы ханнан кейін одан күдіретті хан болған емес», - дейді. Кейінгі жылдары Иран елінің мұрағаттарынан қазақ шежіресіне, Қасым ханға байланысты құжаттар табылды. XIV ғасыр соңында – XV ғасырдың басында Дешті-Қыпшақта, Қазақ хандығы құрылуының ең шиеленіскен кезеңінде орын алған саяси оқиғалар тарихы бойынша жинақталған «Тарих-и Кипчак-хани» фактілік материалы Қазақстан мен Орта Азияның XIV–XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы тарихын зерделеу үшін үлкен маңызға ие.

Ресей Федерациясы, Қытай, Иран, Өзбекстан, АҚШ, Түркия, Қырғызстан, Түркіменстан, Египет, Франция және басқа да елдердің мұрағаттарында қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты сан мыңдаған құнды жәдігерлер сақталғаны белгілі. Бұл құнды жәдігерлер халқымыздың тарихы тереңнен тартатындығының нақты айғағы болып табылады.

Халқымызда ата-бабадан тіні үзілмей келе жатқан дәстүрлі хандық мемлекеттілікті қастерлеген қоғамдық сана орын алғаны белгілі. Кезінде Қазақ хандығының соңғы дәуірін Тәуке ханмен емес, Кенесары ханның қаза табуымен аяқтау қажеттілігі туралы пікір болған. Тарихқа көз жіберсек патша үкіметі хандық басқару жүйесін жойғанымен халық санасынан мүлдем сызып тастай алмады. Оның мысалы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің етек жаюы барысында Әбдіғапар Жанбосынов қыпшақ көтерілісшілерінің ханы, Шолақ Оспанов арғын көтерілісшілерінің ханы болып сайлануы. 1916 жылғы 21 қарашада 13 болыс өкілдерінің құрылтайында халық арасында атақты Нияз бидің ұрпағы Әбдіғапар Жанбосынов көтеріліске шыққан Торғай уезінің ханы болып сайланған.

Кешегі қылышынан хан тамған кеңестік кезеңде де халық санасынан қазақ мемлекеттілігі нышандарының бірі – хан ұғымын жоя алмады. 1930 жылғы шаруалар көтерілісі кезінде араларынан беделді адамдардан хан сайлап алғаны белгілі. Мысалы, Сырдария округінің Созақ ауданындағы көтерілісте көтерілісшілер өздерінің жетекшісі Сұлтанбек Шолақовты хан сайлайды. Тіпті, ол хан кеңесінде құрған. Бірғыз ауданында көтеріліске басшылық жасаған имам, хазірет Мұхантай Саметов те хан сайланды. Бұл адамдардың хан болып сайлануы немесе жариялануы қазақ қоғамының дәстүрімен байланысты, ол сондай-ақ қозғалысқа біртұтас басшылықты жүзеге асыру қажеттілігінен туындағаны белгілі.

Сонымен дәстүрлі қазақ қоғамындағы хан дегеніміз кім, соған тоқталсақ. Хан – Қазақ мемлекетінің ең жоғары билік иесі болып табылады. Қазақ қоғамында хан – мемлекет, қоғам, халық бірлігін сақтайтын, елдің басын қосып ұстайтын ең жоғары дәрежелі басшы. Ханға халық сенген, оларды бір мақсат, бір мүддеге жұмылдыра білген тұлға ретінде құрметтеген. Қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік құрылымында ханның алатын рөлі өте жоғары. «Ханда қырық кісінің ақылы бар» деп халық даналығы айтқандай, ол – бейбіт, ел тыныш кезде кемел ақыл иесі, елдің шетіне жау тигенде қол бастайтын батыр, көрші мемлекеттермен де ірі бедел иесі, мәмілегер бола алды. Осындай ірі тұлғаны халық құрметтеп, оның елі мен халқына сіңірген зор еңбектерін мақтан тұтып, ұрпақтан ұрпаққа үлгі ретінде тарихта есімдерін өшпестей етіп қалдырған. Оның жарқын мысалы, XIV ғ. Әз Жәнібек хан, XV ғ. Қасым хан, XVI ғ. Хақназар хан, XVII–XVIII ғ. Есім хан, Әз Тәуке, XVIII ғ. Әбілқайыр хан, Абылай хан, XIX ғ. Кенесары хан және де қазақ мемлекеттілігін, ұлт бірлігін ұйытып, оны сақтай білген басқа да хандардың

атқарған еңбектері төл тарихымызда орасан зор екендігіне еш шүбә жоқ. Туған жері мен атамекені үшін жан беріп, жан алысқан жаугершілік заманда қолына қару алып, майдан даласында шейіт болған хандарымыз XVI ғ. Момыш хан, Тоғым хан (ханмен бірге тоғыз ұлы да ұрыс даласында шейіт болды), XVII ғ. Тәуекел хан, XVII–XVIII ғ. Салқам Жәңгір, XIX ғ. Кенесарының ерліктері сахара төсін жайлаған халқымыздың санасы мен рухында, даланың ауызша тарихында мәңгілікке орын алып, ұрпақтан-ұрпаққа жетті. Бұл дегеніміз қазақ хандарының ел намысы мен абыройын жоғары ұстағандығының куәсі деп білеміз.

Тарихтан белгілі ханды халық сайлаған және сайланған ханға халық тарапынан зор құрмет көрсетілген. Сайланған ханға Ақ Орда тігіліп, тақта отырған. Хан ордасының ішкі тәртібі қатаң сақталған. Хан ордасына ерекше рұқсатпен кірген, атпен баруға тиым салынған. Халық тарапынан сайланған ханға аса зор жауапкершілік жүктелді. Ханға біріншіден, мемлекеттің тұтастығын сақтау және қорғанысын күшейту, көршілес елдермен қарым – қатынас орнату, екіншіден, қол астындағы халыққа қамқорлық жасау, шаруашылық, әлеуметтік істерді жүзеге асыру, үшіншіден, әділ билік орнату, әділетсіздікті жазалау сияқты ірі мемлекеттік міндеттер жүктелген. Бұл ауқымды міндеттерді хан уәзірлері мен билер арқылы бақылауға алып, оны орындап отырды. Хан халықтан бөлінбеген. Хан ордалары әр замандарда қасиетті де берекелі жерлерде тігілгені белгілі. Мысалы, киелі Түркістанда, ұлтты ұйыстырған Ұлытауда, жер жәннаты Жетісу мен Көкшеде, ерке сұлу Ақжайық бойындағы Сарайшықта да қазақ хандығының сән-салтанаты асқақтады. Мәңгілік Ел тарихында – Қазақ хандығы кезеңі қаһармандық дәуірі болып қала бермек.

Негізінен ханды халық асырады. Оның мемлекеттік істерде барлық қажеттіліктерін ел жұмыла көтерген. Осыған орай хандар мал мен мүлік жинауға көп әуестенбеген. Қоғамда ханның әмірін екі етпеген қағида үстемдік құрды. Дәстүр бойынша ханның сөзін бөлуге, жолын кесуге, тіл тигізуге және ар-намысына тиюге болмайтындығы жөнінде қағидат ерекше орын алды. Осыған байланысты хан да ел мен жұртшылық алдында өзін талапқа сай ұстай білген. Хан екі сөйлемейді, берген уәдесін орындайды, халықтың талап-тілегіне құлақ асады, орынсыз жаза қолданбайды, елдің құрметті ақсақалдары мен адамдарын сыйлайтын болған. Халық ауызында хандардың өзін де, ісін де дәріптейтін өнегелі сөздер мен мақал-мәтелдер қалды. Мысалы, «Хан азса халық адасады, халық азса хандыққа таласады», «Хан халықтан үлкен емес», «Ханның басын хан алар, қардың басын қар алар», «Халық қаласа, хан түйесін сояды», «Ханның ісі қараға да түседі» т.б.

Дәстүрлі қазақ қоғамында хан мен халық арасындағы ғасырлар бойы сақталған тепе-теңдік отаршылдық заманда бұзылды. Оның айғағы хандарды дәстүр бойынша халық сайламады, керісінше отаршыл Ресей патшасы тағайындады. Бұл қасіреттің негізгі түп төркіні отаршылдық саясатта жатқандығы болып табылады. Халықтың қамқорына айнала алмаған тағайындалған хандардың қара бастарының беделі мен қолдарында билігі болмағаны тарихи шындық.

Әдебиеттер тізімі

1 Егемен Қазақстан, 26 тамыз 2014 жыл .

2 Сборник узаконений о киргизах степных областей / Сост. И.И.Крафт. – Оренбург, 1898.

3 Мұхамед Қайдар Дулат. Тарих-и Рашиди – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2017, – 672 бет.

4 Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. – 240 бет.

5 Назарбаев Н.Ә. Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі // Егемен Қазақстан, 1999 ж. 15 желтоқсан.

6 Материалы по истории казахских ханств XV–XVII вв. (Извлечения из персидских и тюркских соч.). – Алма-Ата, 1969. – С. 502.

7 Атырау облысы Махамбет ауданының энциклопедиясы – Алматы: «Жібек жолы», 2005. – 304 б.

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ТАРИХ

Х. Әбжанов, ҚР ҰҒА академигі,
т.ғ.д., профессор
ҚазҰАУ «Рухани жаңғыру»
гуманитарлық зерттеулер орталығының
жетекшісі,

Түркілік мемлекеттер: алғашқы құрылымнан империяға дейін

Мемлекет жер мен тілден көп кейін пайда болды. Бастапқыда адамдар қауымының, оған тән руханияттың, әлеуметтік-саяси және экономикалық қатынастардың, басқа да сан алуан сұранысы мен қажеттіліктерінің бірлігі мен бірегейлігі негізінде дүниеге келді. Демек, ол адамдар қауымының әлеуметтенуі мен ұжымдасуы үдерісіндегі пайдасыз, қажетсіз атавизмдерден арылудың, өсу мен кемелденудің ең биік сатысы. Бірақ адамдар үшін алтын ғасыр басталды деуге болмас, мүмкіндігі де шексіз емес. Әрі-беріден кейін, мемлекет, салыстырмалы түрде айтқанда, адамдар өмір сүріп жатқан мекен-жайдың тап сол секілді басқасынан іргесін аулақ салғанының рәсімделуі ғана. Бұл мекен-жайдағылардың бай болуы, кедей болуы мемлекеттен бұрын ондағы тікелей өндірушілерге, билік иелеріне, ұстанған заңдары мен өмір салтына байланысты. Тарихты түзуші халық, тұлға, билік екені осыдан көрінеді. Сыртқы факторлардың әсерін де жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, мемлекеттің өміршеңдігі мен мәнді ерекшелігі халқының рухымен, тұлғаларының зиялылығымен, биліктің көрегендігімен суғарылған ішкі үдерістер жиынтығымен анықталады.

Мемлекеттің басты байлығы – халқы, тұрғындары. Халқы мен тұрғындарының қуаты һәм қамал-қорғаны – мемлекеті. Әдетте әлеуметтік негізін байырғы, автохтонды халық құрайды. Сол себепті де материалдық, материалдық емес, рухани, саяси, тілдік, тіпті антропологиялық болмысы мен келбетіндегі сабақтастықты, жалғастықты байқай аламыз. Бұлар – мемлекет аумағында тарих пен уақыт желісі үзілмегенінің айғақтары.

Түркілер мекендеген кеңістікте алғаш пайда болған мемлекеттер ж.с.д. ғасырлар еншісінде. Ғалымдардың есептеуінше, «Авестада» 16 елдің аты аталған. Олардың ішінде Бактрия, Мерв бар. Сақтар мемлекеті мен билеушілері туралы жазба деректер ғылымға кеңінен мәлім. Парсылар жаулап алғанға дейінгі (ж.с.д. VI ғ.) түркілік кеңістікте Соғды, Ферғана, Бұқара, Мерв, Хорезм мемлекеттері аса бай мұра қалдырды. Ж.с.д. қарсаңында және бастапқы жылдарында мейлінші күшейген Кушан патшалығы Орта Азиядан әрі Ауғанстанға, Пәкістанға, Солтүстік-батыс Индияға дейін, Парфия патшалығы қазіргі Түркменстан аумағынан Индияның солтүстік-батысына дейін созылып жатқан екен. Ұзақ уақыт салтанат құрмаса да, Арал мен Каспий теңіздерінің солтүстігіндегі далада Хиониттер мемлекеті, Орта Азияда кидариттер мен эфталиттер мемлекеттері өмір сүрді. Ж.с.д. 177–12 жылдар аралығында Жетісу жерінде үйсіндер мемлекетінің тарихы түзілді. Қаңлылар мемлекеті үш ғасырға жуық (ж.с.д. I- ж.с. II ғасырлар) Ташкент шұратынан Қазалыға дейінгі аумақты алып жатты. Халқы 600 мың адамға жетіпті. Бұлардан кейін орталық Азияда, оның ішінде Жетісуда да терең із қалдырған алпауыт мемлекет Жужандар қағанаты еді.

Мемлекет тарихының осынау бастапқы жылдарын көктей шола отырып, алдыңғы мемлекетсіз дәуірінен қандай ерекшелігі бар екенін зерделегенде үш қорытынды шығаруға болады: біріншісі – *sapiens*-тің тағылық пен жабайылықтан толық және түпкілікті қоштасқаны. Мемлекет алтын тақта отырып әлін білмеген Аязбидің субъективизмін, ақсауытты батырдың жуан жұдырық эгоизмін, идеология мен саясаттың тұрақсыздығын көтере алмайды. Екіншісі – ендігі жерде тарих үдерісі мемлекеттен тысқары жүрмейтіні. Мемлекет өмірінде кездейсоқтыққа орын жоқ. Бәрі саясаттан

туындайды, саясатпен жүзеге асады, саясаттың нәтижесі болып табылады. Демек, тарихи үдеріс мемлекет аясында жүретін болғандықтан оның иесі, негізі де мемлекет саналатыны сөзсіз. Үшіншісі - тарихтың жолы бұрынғыша бұралаңға толы екені, кең де даңғыл бола қалмайтыны. Мәселен, аса көп адамның басын біріктірген мемлекет олардың мүмкіндігін еселеп арттырды. Ішсем-жесем дегенге саятын әрі хаосы басым табиғи сұраныстың алдына мемлекеттік реттеу мен саясат шықты. Демографиялық, материалдық және интеллектуалды ресурстардың ұлғаюымен қашықтық пен географиялық бөгесіндерді еңсеру мәселесі күн тәртібінен алдынды. Этникалық үдерістер тереңдеді.

Әлеуметтік негізін, тыныс-тіршілігін адамдар анықтайтын болғандықтан мемлекет те адам сияқты: әлдісі бар, әлсізі бар. Әлдінің әлсізге, әлсіздің әлдіге айналуы, этникалық кодын сақтай алуы немесе бөтеннің жыртысын жыртуы мүмкін екенін қария тарих әлденеше дәлелдеген. Табиғи-географиялық, сыртқы факторларды бекерлеуге болмайды. Әйтседе, қанша мемлекет болса, сонша тағдыр бар. Күшеюінің немесе ыдырауының мерзімін, себептерін дәл көрсететін формула жоқ. Біреуінің жұлдызы билік иесінің талантымен жарқыраса, екіншісін әсер иесінің жеңісі ұшпаққа шығарады, үшіншісіне одақтасы себепкер болады.

Ж.с.д. 209 жылдан Маньчжуриядан Паннониге дейін көсіліп жатқан Ұлы далада Мөде басқарған ғұн мемлекеті дәурен салды. Кеңістікті түркілендіруге серпін берді. Империя бірнеше ыдырауды бастан кеше жүріп, 453 жылы қаһарлы билеушісі Атилла дүние салған соң күрт ыдырыды. IV ғасырда Еуропаға басып кіргенмен, ұзаққа бармай сәтсіздікке ұшырады. Көсемі Атилла V ғасырда Римді бағындыруымен Еуропаның саяси картасын түбегейлі өзгертуге жол ашқан еді. Кенеттен қайтыс болған соң ұлдары әке ісін жалғастыра алмай, Еуропада тұрақ таппады. Немесе керісінше. Ұлы даладан кеткен қыпшақ перзенті Бейбарыс Мамлюктер мемлекетін шарықтатты, өзі және мұрагерлері Азияның, Африканың, Еуропаның тарихында өшпес із қалдырды. Бірақ, түптеп келгенде, түркілік өркениеттен гөрі араб өркениетін түрлендірді. Түркия Республикасы орналасқан Кіші Азияның ортағасырлық тарихы Византия империясына тиесілі екенін көзіқарақты жұрт жақсы біледі. Қазір бұл аумақ біржолата түркіленді.

Ұлттық және ортақ түркі тарихындағы бетбұрысты ұлы оқиға 551 жылы болды: жер бетінде түркі атауымен тұңғыш мемлекет дүниеге келді. Жужандарға қарсы күресте жеңіске жеткен Бумын түркі қағанатын құрды. VI ғасыр ортасында қағанат Шығыс және Батыс болып екі мемлекетке бөлінді. Мемлекет бар жерде есеп пен бақылау, заң мен құқық, лауазым мен жазу-сызу пайда болады. Қағанаттың алғашқы ширек ғасырдағы халықаралық қарым-қатынастары, нақтырақ айтсақ, эфталиттермен соғысы, парсылық сасанидтермен одақтасуы Фирдоусидің «Шахнамасында» суреттелген. Ақынның баяндауынша, алты күнге созылған соғыс эфталиттердің талқандалуымен аяқталады, мұншама ұзаққа созылған соғысты жан баласы бұрын білген емес. 630 жылы Шығыс түркі қағанаты, 657 жылы Батыс түркі қағанаты Қытай бодандығына кіріп, жарты ғасыр азап шекті. 679 жылы Елтеріс қағанның көтерілісі екінші түркі қағанатын құруға қол жеткізді. Оның аумағы Маньчжурия мен Қара теңіз аралығын алып жатты.

Түркі мемлекетінің шаңырақ көтеруі құстың қанаты талып, аттың тұяғы тозатын орасан зор кеңістіктегі ежелден желісі үзілмеген тарихи үдерістердің қасиеті мен киесі, иесі мен жоқтаушысы кім екенін әлемге паш етті. Мемлекет пен оның халқы интеллектуалды жаңашылдықпен әрі жасампаздықпен ерекшеленетінін әліпбиі – Орхон-Енисей жазуы күмән-күдіксіз айғақтады.

Қуаты байырғы түркі қағанаттарының деңгейіне жетпесе де, VII ғасыр ортасында Бұлғар, 699–756 жж. Түргеш, 647–840 жж. Ұйғыр қағанаты, кейініректе орнына Қырғыз, Қимақ, Қарлұқ қағанаттары шаңырақ көтереді. 819 жылы Араб халифатына қараған әрі ислам дінін ұстанған Саманидтер мемлекеті бой көтеріп, Самарқанд пен Ферғананы қолына қаратты. Саманидтер құрамынан бөлініп шыққан Газневидтер мемлекеті 977–1186 жж., Гуридтер мемлекеті 1000–1215 жж. ортақ түркілік тарих беттерін жазды. Жетісудың, Мауеренахр мен Шығыс Түркістанның билігі 840–1211 жж. Қарахан қағанатына қарады.

Бұл мемлекеттердің шежіресі күрес пен өзгерістерге толы. Жүздеген билеушілер алмасты, соншама соғыстар мен қақтығыстар өтті. Халықтар мидай араласты. Ең бастысы, этникалық үдерістің мазмұнын бұрынғысынша түркілену құрады. Айталық, Газневидтер мемлекетінде екі ғасыр ішінде онға жуық билеуші ауысыпты. Отыз жыл (999–1030) елді басқарған Махмұт Солтүстік Индияға, «дінсіздерге» қарсы жиырма шақты жорық жасаған екен. Оның беделінің асқақтағаны соншалық, парсының ұлы ақыны Фирдоуси «Шахнама» поэмасын сыйға тартады. Билеушілері қарлұқ тегінен шыққандықтан Газневид мемлекетінде түркілік құндылықтар үстемдік құрды.

Қарахан қағанатының атағын әлемге билеушілері мен қолбасшыларынан бұрын жайған ақын, ойшыл Ж.Баласағұн деуге негіз бар. Оның басты шығармасы «Құтты білік» мемлекетті басқарудың моральдық-этикалық қырларын билеуші мен оның айналасындағылар мысалында дәйектеген. Биліктің, оның тармақтарының парасаттылығынан әркім және барша қоғам өмірі бақытты бастау алатынын жырлаған Ж.Баласағұн (1016-1075) әлемдік биікке көтерілген түркілік тарихи, философиялық, қоғамдық-саяси ақыл-ойдың төрт ғасырлық тәжірибесін қорытындылады.

X ғасырдан бастап түрік-селджуктер Кіші Азия мен Таяу Шығыстың саяси картасын жаңаша анықтады. XIII ғасырдың аяғынан түрік-османдардың жұлдызы көтерілді. Іле мен Сырдария өзендерінің бойында бір ғасыр (1125–1213) өмір сүрген Қарақытай мемлекетін Найман хандығы өзіне қаратса, XIII ғасыр басында Найман хандығы мен Керейлер хандығын Шыңғыс хан әскері талқандады. Шыңғыс хан үлкен ұлы Жошыға Батыс Сібірді, Қыпшақ даласын, Хорезмді берді. Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай билеген ұлысқа Мауеренахр, Жетісу, Шығыс Түркістан кірді. XIV ғасыр ортасында Шағатай ұлысының шығыс бөлігінен Моғолстан мемлекеті бөлініп кетті.

Шыңғыс ханның төртінші ұлы Толуйдан тараған немересі Хулагу Иран мен Ирактан, Сириядан басқа Кавказсыртын, Кіші Азияны қамтыған ұлысты иеленді. Айта кету керек, Моңғол шапқыншылығына дейін Әзербайжан жерінде ондаған мемлекеттер тарихы түзілген еді. Олар Кіші Мидия, Арран мемлекеттері, Саджидтер, Саларидтер, Раввадидтер, Ильдегизидтер династиясы атауымен белгілі. Бұлардың тағдыры көбінесе парсылардың, арабтардың жаулауымен, мамлюк түріктердің басқаруымен шешілді. Айталық, ильдегизидтер династиясын Шыңғыс ханнан қашқан хорезмшах Жәлеледдин құлатқан еді.

Жошының екінші ұлы Бату Волга бойын, орыс княздықтарын, ішінара шығыс Еуропаны өзіне қаратып, Ақ Орда, Көк Орда мемлекеттерін құрды. Әлемдік тарихта бұлар Алтын Орда, Ұлық Ұлыс, Жошы Ұлысы атауымен белгілі. 1380 жылы Тоқтамыс хан Ақ Орда мен Көк Орданы біріктіруге қол жеткізді. Бірақ ғұмыры ұзақ болмады. Ақсақ Темірдің Алтын Орда билеушісі Тоқтамысты 1395 жылы және Кіші Азиядағы осман сұлтаны Баязидті 1402 жылы талқандауы бүкіл түркі әлемін әлсіретпесе, күшейтпеген бетбұрысты өзгерістер әкелді. XV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда біржолата ыдырап, үлкенді-кішілі Үлкен Орда, Қырым хандығы, Қазан хандығы, Ноғай Ордасы, Өзбек хандығы пайда болды. Алтын Орданың ыдырауын саяси апат ретінде XX ғасыр аяғындағы КСРО-ның, КОКП-ның, социалистік жүйенің жойылуымен қатар қоюға болады. Әңгіме формациялардың, идеологиялардың тағдыры туралы емес. Батыс әлемі интеллектуалды өрлеу – Ренессанстық тарихын бастауға кіріскенде еуразиялық империя мен оның әлеуметтік негізін қалаушы түркілер кешенді құлдырау жолына түскені бұлардың болашағын бұлыңғырлатты. Қырым хандығы мен темуридтер тарапынан империяны жаңаша құруға жасалған талпыныс ергежейлілердің билік пен байлық үшін ғана таласы еді. 1405 жылы ақсақ Темір өлгеннен соң османдық Түркия қайта біріге бастады. Үдеріс сұлтан Мұрат II тұсында аяқталып, сұлтан Мехмет II жарлығымен 1453 жылдан Стамбул – кешегі Константинополь империя астанасы деп жарияланды. XVI ғасырда империя шарықтау шыңына жетті.

Сонымен, түркілер жайлаған кеңістікте бағзы заманнан Қазақ хандығы құрылған 1465 жылға дейін 100-ге жуық мемлекет тарихы түзілді. Кейбіреулерінің атауы белгілі

болғанмен билеушілерінің есімі жазба деректерге түспеген. Шаруашылық-экономикалық өмірлеріне әралуандық тән. Еңбек бөлінісінің мал шаруашылығы, жер шаруашылығы, қолөнер, сауда, сәулет ісі, қаржы сынды салалары өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, дүниенің төрт бұрышындағы өзгерістер мен жаңалықтарға ашықтық көрсетті. Түркілік кеңістіктің өзгере де биімделе алуының арқасында Ұлы Жібек жолы жұмыс істеп, уақыт пен өркениеттерді жақындастырды. VI ғасырдан «түркі» атауымен белгілі субэтнос бірде бірігіп, бірде ыдырап жаңа заман қарсаңына дейін мемлекеттердің әлеуметтік негізін қалады. Тарихына тұғыр болған жері, тілі, мемлекеті адамзатты төл өркениетімен байытты. Қытай, Араб, Парсы, Еуразия, Славян, Византия өркениеттерімен өзара ықпалдастықтары да сан қырлы еді. Түркілік мемлекеттердің ортақ тарихы қилы тағдырмен қалыптасты. Бірнеше ғасырлар да, оншақты жыл ғана өмір сүргендері бар. Мәселен, Төлеуіттер хандығының тарихы 55 жылды ғана (485–540) қамтып жатыр. Қазақ хандығының 1465–1723 жылдар арасындағы тағдыры табысты мемлекеттер тарихына мейлінше ұқсас. Россия, Англия, Франция, Түркия тәрізді елдерде уақыт үдесіне лайық заңдар қабылданып, мемлекеттік басқару жетіліп жатса, бізде де сол тақылеттес үдеріс орын алды. Айталық, XVII–XVIII ғасырлар межесінде абсолюттік монархияны орнатқан француз королі Людовик XIV «Күн король» деген атақты иеленсе, Англияда конституциялық монархияны дәйектеген құқықтар туралы Билль «Даңқты революция» деп айдарланды. Ал қазақтар «Жеті Жарғы» тұсын «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», билеушіні өз-Тәуке деп ұлықтаған ғой. Қазақ хандығының халқы екі ғасыр ішінде 10 есе, жер аумағы кем дегенде 100 есе өсті. Батыста да, Шығыста да мұндай қарқын империяларға ғана тән болатын.

Тарих толқынында тербетілген түркілік мемлекеттердің негізгі дені ішкі қайшылықтары мен өзара қақтығыстардан арыла алмағандықтан, біразы жат қолына – арабқа, парсыға, орысқа, қытайға – түскендіктен тәуелсіздігінен айырылды, тіпті жойылып кетті. Мәселен, Қазақ хандығының тағдырында Ноғай Ордасы, Сібір хандығы, Өзбек хандығы үлкен рөл ойнады. Бірақ бұларға бірігу мен тұтастық идеясы серік бола алмады. Ноғайлар XVI ғасырда үш бөлікке ыдырап, қазақ жерінен кетті. Сол ғасырда Иван Грозный Астрахан мен Қазанды бағындырды, Ермак Сібір хандығын жойды. XVII ғасырда Қазақ хандығы үш жүзге бөлінді. Қысқасы, ортақ түркі тарихында Алтын Орда ыдырығаннан кейін османдық Түркиядан басқа бірде-бір түркілік мемлекет әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың ықпалды күшіне айнала алмады.

Төніп келе жатқан апат қаупін қазақ билеушілері қапысыз таныды. 1711 жылы Ұлы даладан Түркия сұлтаны Ахмет III-іншіге жолданған хатта екі мемлекеттің этникалық, діни, аумақтық бірлігі қадап көрсетілген. Мәскеу отарлаған башқұрт халқын азат ету геостратегиялық міндет биігінен қозғалады. Түркілердің ұлттық қауіпсіздігі орыс билігінің күшеюімен тікелей байланыста күн тәртібіне қойылуы саяси кемелдікті куәлендіріп тұр. Хат авторы – Тәуке хан немесе аса ықпалды серігі. Хаттың орысша аудармасында былай делінген: «между нашим государством и Московским (Москов) государством есть владение, которое называют «Ака Аштак». Его жители – все сунниты. Прежде, когда это владение было в разорении, Москва силой завоевала его. С тех пор они – подданные Москвы и платят ей пошлину (бадж). Теперь же этот народ со всем своим войском и знаменем, испугавшись Москвы, переселился к нам, воспылав мусульманской верой. Если вы окажете нам помощь, мы можем отнять у неверных (кафир) восемь городов этого владения. Если мы будем действовать сообща, то нанесем урон владениям [Москвы]». Өкінішке орай, ауыр дағдарысты бастан кешіп жатқан Түркия жағы үнсіз қалды. Қазақтың Кіші және Орта жүздері XVIII ғасырда, Бұқар, Хиуа, Қоқан хандықтары XIX ғасырда Ресей бодандығын қабылдады. 1864-1865 жылдары Түркістан мен Ташкентті орыс әскері алды. Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңілген Осман империясы тарих сахнасынан кетті.

Ж.с.д. замандардағы Кушан хандығы мен ғұндардан тартып османдық Түркияға дейін өмірдің төрінде жайғасқан түркілік империяларды санасақ, көп те емес, аз да емес.

Тарихтағы іздері сайрап жатыр, мұрагерлері де жеткілікті. Атилла мен Мөденің, Күлтегін мен Мұқалидің, Темір мен Ер Едігенің, Абылай мен Ататүріктің есімдерін мақтанышпен ұлықтаймыз. Алайда бабаларымыз күндіз отырмастан, түнде ұйықтамастан құрған империяларынан қалайша айрылып қалды? Біздің ойымызша, басты себептері мыналар:

1. Империялардың түбіне негізінен этникалық және діни алауыздықтар мен қайшылықтар жеткен. Бұлар асқынғанда билеуші мен оның айналасындағылардың талас-тартысы берекесіздікпен ұлғайып, барша ауыртпашылығы халыққа түседі. Ұлттық кодты, бірінші кезекте туған тілді сақтау қаупі ұлғаяды. Осындай күйге түскен империя халқын екі жол күтіп тұрады. Бірі – тарихи отанына қайту, қандайда бір түркілік тайпаның құрамына қосылу. Екіншісі – жоғалуға бет түзеу. Еуропаға барған ғұндар, Африкада мамлюк мемлекетін құрған қыпшақтар, Орта Азияны жаулаған моңғолдар соғыстардағы жеңілісінен бұрын рухани өктемдігін, ана тілін сол кеңістікте орнықтыра алмағандықтан ыдырады, жергілікті байырғы халықтар құрамына сіңіп кетті. Бес ғасыр Балканды жайлаған түріктер де рухани, тілдік солқылдақтықтан славяндық кодты жеңе алмай, Кіші Азияға қайтты. Бұл – тарихты түзуші халықтың, оның ішінде империялық халықтың да басқа тілді, басқа дінді қол астындағыларды түркілендіру, исламдандыру миссиясы толық ашылмады деген сөз.

2. Түркілік мемлекеттер арасындағы соғыстар мен қақтығыстар тәуелсіздіктерінен айрылғанша еш тоқтаған емес. Олар ұлттық немесе жаһандық мүдделерді ойлаудан туындаған жоқ. Жалпы, тарихта халық қамын жеумен басталған соғыстар бірен-саран ғана. Тек ұлт-азаттық соғыстары мен көтерілістерді әділеттісіне жатқызуға болады. Түркілердің сыйыспай жаға жыртысуларына, қан төгуіне жауапкершілік елдің ішкі және сыртқы саясатына жегілген билік пен билеушіге артылады. Түркілер жарты әлемді өзіне қарататын ең соңғы мүмкіндіктен XIV-XV ғасырлар тоғысында Алтын Орда ханы Тоқтамысты, Осман сұлтаны Баязидті ақсақ Темірдің өлтіруімен біржолата айырылды. Тап осы ғасырларда қайта өрлеу (Ренессанс) дәуіріне енген Еуропа интеллектуалды әлеуетін барынша әуелетіп, жершарының арғы бетіндегі Американы ашты, энергияның беймәлім көздерін ерттеп мінді, найза мен қылышқа сүйенген батырды жанына жақындатпастан бір ғана оқпен жайрататын күш иесі атанды. XVIII ғасырда ол ағартушылық қозғалысына ұласты. Түркі әлемі осының бәрінен тыс тұрды. Күлтегін заманынан белгілі бірлік пен тұтастық идеясы түркілер үшін материалдық күшке айналмай, сөз күйінде қалды. Бұған билік иелерінің мәдени-имандық азғындауы қосылған соң тарих үдерістері алаңы дертке шалынды.

3. Жұт жеті ағайынды. Империялар бірін бірі жеген ғасырлар тоғысынан беріде тарихты түзуші түркілік тұлғалар мен зиялылардан жаратылыстану, математика, техника, физика, химия сынды нақты ғылымдар бойынша жаңа буын әл-Фараби мен Авицена, әл-Хорезми, әл-Ферғани мен Ұлықбектер шығудан қалды. Шартты түрде алсақ, Америка құрлығы ашылған 1492 жылдан бері дүниенің келбетін осы ғылымдар айқындауда. Атқа міну мәдениетімен, ежелгі металлургиямен жаһанды дүр сілкіндірген түркілер енді биік технологияларды туындатушыдан тұтынушыға айналды. Ол өз кезегінде интеллектуалды өмірді жұтаң тартқызғанына қоса барша мәдениет құрылысына кесірін тигізді. Азаматтық қоғам мен демократияның уақытқа сай жаңғырмауы, адам құқықтарының сақталмауы деформацияларға жол ашты, қоғамдық сананы бұғаулады. Отарланған түркі халықтарының ұлттық мемлекеттері жойылғандықтан да тарихи үдерістер алаңы тарылды. Олардың тарихын сақтау, зерттеу, насихаттау тығырыққа тірелді.

Мемлекетті басқару мен қорғаудың түркілік моделі

Мемлекет тарихтың субъектісі емес, саяси негізі, тұғыры. Тарихтың барысы мен нәтижесін мемлекет анықтамайды, оны халық, билік иелері мен тұлғалы зиялылары анықтайды. Кеңістік пен уақыт шегіндегі тарихи үдеріс, айтулы оқиға қай мемлекеттің пайдасына шешілсе, сол мемлекет жеңісті тарихтың иесі болып табылады.

Түркілік кеңістікте мемлекетті басқарудың күрделі жүйесі мен ережелері, сабақтастығы мен тәжірибесі жинақталды. Әрине, әр дәуірде, әр мемлекетте өзіндік ерекшелік пен қиыншылықтар орын алғаны сөзсіз. Түптеп келгенде, мемлекеттің тағдыры халқының интеллектуалды әлеуетімен және ұлттық қауіпсіздіктің басты шарты – әскери-соғыс ісімен және ой-санасының жетістіктерімен анықталмақ. Оның аса маңызды құрамдас бөліктері екінші түркі қағанаты тұсында, түркілік тұтастық бар заманда тамаша нәтижелермен көмкерілген екен.

Жасақты әскер, соғыс өнері, қорғаныс ісі кез-келген мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатында басты орында тұратын міндеттерінің бірі екені даусыз. Өзін өзі қорғай алмайтын елдің болашағы бұлыңғыр болып келеді. Қарулы күштер алып империяға да, жаңа шаңырақ көтерген жас мемлекетке де қажет. Өз әскерін ұстай алмаған ел басқаның әскерін асырайды деген қағида бар. Бұл қағидаларды байырғы түркі қоғамы қапысыз ұққан. Өйткені, байырғы түркі мемлекетінің дүниеге келуі, аумақтық тұрғыдан ұлғаюы, табғаштармен күресте азаттыққа жетуі, алыс-жақын көршілеріне өзін мойындатуы – бәрі, Қарулы күштер арқасында жеңіспен аяқталған қақтығыстар, соғыстар нәтижесінде жүзеге асқан еді. Түптеп келгенде, елдің экономикалық әлеуетін нығайту, халықтың санын ұлғайту, аш халықты тоқ қылу, жалаңаш халықты киіндіру сол бір дәуірлерде үнемі демесек те, жиі-жиі бұрқ ете қалатын соғыс арқылы мүмкін болып жататын. VIII ғасырдан жеткен Тоныкөк ескерткішінде жазылғандай, «сары алтын, ақ күміс, қыз-қырқын, бағалы қымбат мүліктердің есепсіз келіп» жатуы әскербасылардың, батырлардың, жауынгерлердің беделін, тіпті соғыстың мәртебесі мен маңызын қастерлеуге жетеледі.

Байырғы түркілер адамзат өркениетіне аз олжа салған жоқ. Солардың ішінде бір де болса бірегейі – әскери тактика, стратегия және соғыс өнері жайлы қалдырған мұрасы. Орхон-Енисей жазба деректерін оқи отырып, арғы бабаларымыз стратегиялық шабуыл мен қорғаныс, әскерді материалдық-техникалық, азық-түліктік жабдықтау, дұшпанды тұтқиылдан басу, қоршап алу, қашқан жауды қуа жүріп талқандау, әскери барлауды ұйымдастыру, майдан мен тылдың бірлігін қамтамасыз ету, әскери мамандарды даярлау, тәрбиелеу, тиімді пайдалану тәрізді күрделі мәселелерде уақыт үдесінен шыға алғанын байқаймыз.

Байырғы түркі қоғамының ұғымы бойынша мемлекеттің қуаты бірінші кезекте қағанның тәңірілік жаратылысымен, даналығымен, сонсоң ел ішіндегі татулық және бірлікпен, үшіншіден байырғы түркі қоғамындағы әлеуметтік құрылымның ірі бөлігін құраған қарулы күштердің мүмкіншілігімен анықталады.

VI–VIII ғасырларда қазіргі Қазақстан мен Орталық Азияның сайын даласында алыс-жақын мемлекеттермен қақтығыстар, жаулап алу, соғыс қимылдары жүргенін еске алсақ, байырғы түркілердің тұрақты әскері болған деп пайымдағанымыз жөн болар. Айталық, Күлтегін жазуында Бумын қағанның 47 жолы соғысқаны, 20 соғыс жасағаны, Күлтегіннің өзі бір жылда бес жолы соғысқаны мәңгі тасқа қашап жазылған. Мұншалықты соғыс қимылдарын жүзеге асыру орталықтанған, пәрменді мемлекеттік билік пен тұрақты Қарулы күштерді қажет ететіні сөзсіз.

Қарулы күштердің жоғарғы бас қолбасшысы міндетін қаған атқарды. Жорыққа даярлану, соғыс жариялау, әскери лауазымдарды беру, қызметке тағайындау, жаудан түскен олжаны әділдікпен бөлу – бәрі, қағанның ұйғаруымен ғана жүзеге асырылатын. Бүгінгі ұғымдағы қорғаныс министрі термині «соғыс иесі», «әскер иесі» деп аталып, бұл қызметті қағанның лайықты жақын туысы немесе асқан талантымен көзге түскен Тоныкөк тәрізді тұлғалар атқарды. Өйткені Тоныкөк мемлекеттік биліктен алыс тұрған түркі тайпасынан шыққанымен табиғат сыйлаған дарыны арқасында Елтеріс, Қапаған, Білге қағандар тұсында қолбасшы дәрежесіне көтерілген ақыл иесі еді. Түркілердің атақ-даңқын, күш-қуатын арттырған тамаша жеңістер иесі Тоныкөк өзін әрқашан қағанның бұйрығын орындаушы ретінде ғана сипаттап отырады.

Қапаған қаған үшін
Түн ұйықтамадым,

Күндіз отырмадым, - дейді ол.
Елтеріс қаған осылай етпесем
Ел де, халық та жойылар еді,-
делінген Тоныкөк ескерткішінің мәтінінде.

Әйткенмен, Тоныкөк Отан алдындағы, елдің азаттығын сақтап қалудағы өзінің қызметін, сіңірген еңбегінің бағасын түсіне білді. Білгендіктен:

Бұл түркі халқына
Қарулы жауды келтірмедім,
Атты әскер жолатпадым, -
дей алған.

Байырғы түркі әскерлері темірдей тәртіпке бағынды. Бұйрықты орындаудан бас тартқан немесе орындай алмаған жауапты адамдар қатаң жазаға тартылып отырған. Мәселен, қырғыздарды кенеттен басу үшін тау асып бармақ болған Тоныкөк әскері адасып, көп қиыншылық көреді. Ал сол қателікке ұрындырғаны үшін жол көрсетуші адам өлім жазасына кесіледі. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін зерделей отырып, түркі қоғамындағы Қарулы күштер тек сыртқы саясат міндетін шешу үшін пайдаланылғанын ұғамыз. 19 жыл шад болған, 19 жыл қаған тағында отырған Білге 30-дан астам рет қол бастап, жорыққа шыққанда алыс-жақын мемлекеттерді бағындыруды ғана мақсат тұтқан екен.

Байырғы түркілер қандай соғысқа болмасын - жаулап алу, Отан қорғау, азаттық үшін – мұқият дайындалған. Қауіп қайдан болса, қатер содан дегендейін, өздеріне қырғи-қабақ мемлекеттердің ішкі қоғамдық-саяси өмірін жіті қадағалап отырғаны өз алдына, сол елдерге тыңшы жіберіп, жасырын ақпараттар жинауды, дипломатиялық қарым-қатынастардың мүмкіндігін пайдалануды дәстүрге айналдырды. Бүгінгі және болашақтағы қарсылас елдің қарулы күштерінің санына, әскер басшыларының қабілет-қарымына, кімдермен одақтасуға ұмтылатынына зор мән берген екен. Әліптің артын бағып отыра бермей, соғысты дұшпан жерінде жүргізуге ұмтылғанын да байқау қиын емес. Тоныкөк ескерткішіндегі мәліметтерге зер салсақ, байырғы түркілер өздеріне қарсы одақ құру жолына түскен табғаштарды, оғыздарды, қытандарды басын біріктірместен, жеке-жеке талқандағанын көреміз. Осынау тарихи фактілерден іргелі екі теориялық-методологиялық тұжырым түюге болады. Біріншісі – байырғы түркі қоғамының әскери-соғыс ілімінде дұшпанға привентативті соққы беру теориясы мен практикасы тәп-тәуір қалыптасқаны, екіншісі – ел экономикасының сол заман үшін ұзақ саналатын соғысты жүргізуге қажетті шығындарды көтере алатындығы. Әйтпесе, Елтеріс қаған 47 рет жорыққа аттанып, 20 соғыс ашар ма еді, Күлтегін барлығы 25 рет жорық жасап, 13 рет соғысар ма еді. Бұл арада мына мәселені де естен шығармауымыз керек: бірде бір мемлекет тек соғыспен ғана өзінің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, саяси, рухани, т.б.с.с. негіздерін нығайта алмайды. Соғыс – ең ақырғы амал. Орхон-Енисей ескерткіштерінде соғыс тақырыбы басымдық алып жатқанынан байырғы түркілер қоғамы соғысқа сүйеніп қана күн көрген екен, жер бетінде сақталып қалған екен деген ой тумауға тиіс. Тізеліні бүктіруі, басы барды жүгіндіруі, кедейді бай қылуы, азды көп қылуы тұтастай алғанда елдің экономикалық өмірінен туындаған нәтижелер. Экономикасы кемел мемлекет қана уақыт талабына сай әскер жасақтай алады әрі ұзақ немесе қауырт соғыстар барысында жинақтаған тәжірибелерін жүйелі ілімге айналдырады. Қазақы ұғыммен айтсақ, экономикасы әлжуаз елдің соғысқа үйір болуы баз біреулердің қолы көтере алмайтын шоқпарды беліне байламақ болған әурешілігін елестетеді.

Байырғы түркі жазба ескерткіштерінде жорық пен соғыс мәселесінің жиі көтеріліп, есесіне экономикалық жай-күйдің үстірт баяндалуын елбасылар мен қолбасшылардың соғысқұмарлығы емес, қайта олардың ұлттық қауіпсіздік мәселесін бірінші орынға қойғаны ретінде қабылдағанымыз жөн. Себебі үздіксіз милитаристік саясат жүргізген мемлекет тарих сахнасында көп тұра алмайды және артына өшпес мұра қалдыруы да неғайбыл.

Байырғы түркілер жүргізген соғыстар мақсат-мүддесіне қарай үш түрге жіктеледі. Бірі – елдің, халықтың азаттығы үшін жүргізген соғыс. Бұған табғаштардың отарлауы мен үстемдігінен құтылу мақсатында Елтеріс қаған жүргізген соғысты жатқызуға болады.

Екіншісі – сырттан келген жаудан Отанды қорғау соғысы. Күлтегіндей қолбасшының Орданы оғыздардан қалай қорғағаны терең философиялық толғаныспен баяндалған:

Күлтегін анасыз ағын мініп,
Тоғыз ерін шанышты.
Орданы бермеді,
Шешем қатын оған ілескен
аналар. Жеңгелерім, келіндерім,
қанымдарым түгел күң
болар едің,
Өліктерің жұртта, жолда
жатар едіңдер.
Күлтегін жоқ болса,
Көп өлетін едіңдер,
деп сөйлейді тастағы жазу.

Үшіншісі - байырғы түркілердің басқа мемлекеттерге қарсы жүргізген соғысы. Орхон-Енисей ескерткіштерінде соғыстың үшінші түрі жайлы көп айтылып, егжей-тегжейі тәптіштелген. Тағы айта кетейік, бұл тезис мемлекеттің агрессивті, милитаристік сипатын анықтайтын айғақ-дерек емес, замананың менталитетін, халықаралық қатынастардың мәмілегерліктен гөрі күшке көбірек жүгінгенін ашады. Бумын, Құтлығ, Елтеріс қағандар басқарған халық жаман соғыспағаны рас, дегенмен бұлардың дүниетанымдық философиясында бейбіт тұрмыс, алаңсыз еңбек, думанды да шуақты күндер, азаттықты қорғай білу бірінші орында тұрды.

Байырғы түркілік қарулы күштердің негізін атты әскер құрады. Тастағы жазуларда қаған мен қолбасшылар мінген жауынгерлік аттардың шабысы, желісі, аты, түрі, тұрқы, тағдыры үлкен құрметпен тізілген. Мәселен, Күлтегін жаумен шайқасқанда боз ат, ақ айғыр, ақбас ат, торы ат, алып шалысты ақ ат, азбан ақ ат, қаракер ат мінгені суреттелген. Дұшпан орналасқан жерге дейінгі қашықтық аттың жүрісімен өлшенген. Жауынгерлердің ұстаған қаруы, үстіндегі киімі, бес қаруы шапшаңдыққа, ат үстіндегі қимыл-әрекетке бөгесін болмауына зор көңіл аударылғаны ақиқат.

Соғыс шығынсыз болмайды. Әйткенмен, байырғы түркілер дұшпанды, қарсыласын жеңуді басты міндет санағанмен, өз қатарынан адам шығынын мейлінше азайтуды құп көріпті. Соғыс барысында қарсылық көрсетпей, қойылған шартты қабыл алған елді-мекендердің тұрғындары босқа қырылмай, мал-мүліктері де талан-таражға түсірілмеді. Ал, айтқанға көнбей, қарулы қарсылыққа барған мемлекеттің әскері де, бейбіт халқы да аяусыз талқандалатын, байлығы тәркіленіп, адамдары құл мен күнге айналатын. Әсіресе, басшыларға қолданылатын жаза ауыр еді. Өйткені байырғы түркілер басшысынан айырылған елдің, қауымның азып-тозатынын, қарсыласуға қауқары қалмайтынын жақсы білді. Оны өз бастарынан да өткізді. VII ғасырдың басында азаттығынан айрылып, табғашқа тәуелді болудың себептерін іздегенде ең алдымен билеушілердің, қағанның да, білімсіздігінің, ел ішіндегі бірліктің бұзылуын алға тартатыны осыдан.

Біліксіз қаған отырған екен
Бұйрығы және біліксіз екен
Бәрі де теріс болған екен
Бектерінің халықтарының
Түзу еместігі үшін
Табғаш халқының алдауына
иланғаны үшін
өтірігіне көнгендігі үшін

Інілі-ағалының дауласқанынан
Бекті-халықтың жауласқанынан
Түркі халқы елдігінен айрылды
Қағандығынан айрылды,
дейді Күлтегін жазуы.

Байырғы түркілердің империясы өзіне дейінгі, өзінен кейінгі империялар тәрізді басқаларды жаулап алумен қалыптасты. Ал нақты елді өзіне қаратудың әскери-соғыстық жоспары қағанның, мемлекет қайраткерлерінің, әскербасылардың қатысуымен жан-жақты талқыланған соң бекітелетін. Қабылданған шешімді жүзеге асыру жауапкершілігі жеке тұлғаға артылатын. Басқаша айтқанда, шешім қабылдау ұжымдық форматта жүрсе, шешімді орындау нақты қолбасшыға тапсырылатын. Мемлекеттік саясаттың басым бағытына жегілген қолбасшының эмоциялық жай-күйі, тапсырма тағдырына толғанысы, жеңісті сәттегі қуанышы Тоныкөк ескерткішінде тамаша көрініс тапқан. Аяқ астынан қалыптасқан ахуалға орай аз күшпен саны басым жауға еріксіз аттанғанда қол астындағы нөкерлері ғана емес, қағанның да бойын қорқыныш билегенін Тоныкөк батыр шалыс мінезбен жайып салады.

Байырғы түркі қоғамының әскери-соғыс ілімінде жауынгерлердің әскери-патриоттық рухын көтеруге зор мән берілген. Жауынгерлер арасындағы патриоттық жұмыс шешуші шайқас алдында кең көлемде жүргізілгенінен Тоныкөктің мына сөздері хабар береді:

Мен білге Тоныкөк
Алтын қойнауын аса келдік
Ертіс өзенін өте келдік
Келгені-батыр дедім
Неге қашамыз көп (екен) деп
Неге қорқамыз азбыз деп
Неге басындырамыз тиіселік,
дедім. Тиістік, кудық.

Жеңіспен қанаттанған әскердің күші әлденеше артатынын Күлтегін, Тоныкөк сынды қолбасшылар жақсы білген. Найзамен шаншу, қылышпен шабу, садақтан ату тәрізді өнерді жете меңгерген олар шайқас ортасына кіріп кетіп, жауынгерлеріне үлгі көрсетуімен олардың жүректілігі мен батырлығын арттырған. Осылайша жауынгерлер ортасындағы әскери-патриоттық өрлеудің отын өшірмей, жеңісті шайқасты екіншісіне жалғастырып жіберуді жиі қолданған екен.

Екінші күн (тағы) келді,
дейді Тоныкөк жазуы,
Өртше қызып келді
соғыстық
Бізден екі шеті жартыдай
артық еді.
Тәңірі жарылқағаны үшін көп
деп біз
Қорықпадық, соғыстық,
Жеңдік, қағанын ұстадық.

Жеңісті, жеңімпаздарды марапаттаудың да сындарлы жүйесі қалыптасқан еді. Айрықша көзге түскендерге атақ-дәрежелер берумен бірге материалдық ынталандыру да қолданым тапты.

Соғыстың барысын өз пайдасына шешу үшін байырғы түркілер жер ыңғайын, географиялық мүмкіндікті, уақыт факторын, тағы басқа сәттерді оңтайлы кәдеге жаратудың мол тәжірбиесін жинақтағаны тастағы жазулардан тайға таңба басқандай көрінеді. Олар жауласқан мемлекеттің бейбіт халқын ақпараттық-психологиялық тұрғыдан ырқына көндіруді де ұмытпағаны белгілі.

Сол түні халық сайын елші
жібердік,
дейді Тоныкөк
Ол хабарды есітіп
Он оқ бектері, халқы
Түгел келді, жүгінді
Келген бектерін, халқын
Жиып-теріп жатқанда
Аздаған халық қашқан еді
Он оқ әскерін аттандырдым.

Соңғы екі жолдың астарында үлкен әскери-саяси есеп жатыр. Қашқан халықты қайтаруға әрі бағындыруға жаулап алушы әскер емес, бағынған елдің өз әскері қолданылған. Ал бұл «бөліп ал да билей бер» принципінің талабына дөп келетіні айтпаса да түсінікті.

Байырғы түркі қоғамының әрбір мүшесі жастайынан соғыс ісіне даярланған тәрізді. Тастағы жазуларды оқи отырып, тұлғаның кемелденуі шайқастардағы жеңісімен өлшенетінін байқаймыз. Білге қаған алғаш соғысқа аттанғанда он жеті жаста болса, отыз жасқа толғанда мұндай соғыстардың он төртін бастан өткереді, яғни соғыссыз бір жыл отырмаған. Ал, Күлтегін он жасында ер атын алып, он алты жасында ел-жұрты құрметтеген әскербасы дәрежесіне көтеріледі (Сонда, 65, 82–83-бб.).

Әскери-соғыс ілімі мен тәжірибесі бір сәтте пайда бола қалған жоқ. Олар ғасырлар бойы тірнектеумен жиналды. Бұл қазынаның теңдесі жоқ құнды екенін қапысыз ұққан арғы бабаларымыз ұрпақтан-ұрпаққа ауызша аманаттауды місе тұтпай, «мәңгі тасқа» өшпестей қылып қашап жазуды қалағанында біз әлі игере қоймаған тылсым сыр мен құпия бар. Әйтпесе Құтлығ қағанның тасына «Жауға тиіп, ініме, ұлыма сонша өсиет қалдырып, Елтеріс қағаннан айырылмаған, тәңірілік Білге қағаннан айырылмайық, азбайық дейін. Солай оқыттым», - деген ұлағатты сөздер жазылар ма еді?!

Байырғы түркілердің әскери-соғыс ілімін кейінгі түркілік этностар мен мемлекеттер оңтайлы қолданып, уақыт талабына сай байыта түскені сөзсіз. Солардың ішінде қазақ халқы да бар. Байырғы түркілердің заңды мұрагері бабаларының бай іліміне сүйене білгендіктен кейінгі ұрпақтарына ұлан-ғайыр жерді қалдырды.

«Мәңгі ел» заманынан сақталып қалған «мәңгі тастардағы», Тариат ескерткішінде айтылғандай, «мың жылдық, түмен күндік жазу белгілерді» оқығанда, байырғы түркілер мемлекетін басқару мен қорғау моделінде әлеуметтік негізінде зиялылар мен мамандар көрнекті орын алғанын байқаймыз.

Байырғы түркі зиялылары қалыптасу мен дамудың ұзақ жолынан өтіп, ел өмірі мен тағдырында, санасы мен танымында қапысыз орныққаны олардың әлеуметтік-кәсіби жіктелуінен және әр әлеуметтік-кәсіби топты бейнелейтін термин-түсініктердің мемлекеттік, жалпыэтностық дәрежеде қолданымға енгенінен көрінеді. Бұл - мәселенің бір қыры. Екіншіден, зиялылар тарихи үрдістің объектісі деңгейінде ғана қалмай, оның белсенді субъектісіне де айналғанын методологиялық пайыммен дәйектеудің танымдық әлеуеті зор. «Мәңгі ел» заманында мемлекеттің саясаты зиялылар қызметі арқылы жүзеге асты және мемлекет зиялыларға қатысты өз саясатын түзе алды. Осылайша зиялылардың мәртебесі мен құрамы да анықталды.

Егер байырғы қоғамдағы зиялылар қауымын пирамида түрінде бейнелейтін болсақ, оның ұшар басында қағандар тұрады. Сол заманның сенім-нанымына сәйкес, қағандар әуелде тәңірден жаралғандар ретінде қабылданды. Бұл түсінікті қағандардың өздері де қоғамдық пікір мен санаға үздіксіз сіңіріп отырған, жай түркі халқы ғана емес, зиялылар да мақұлдап, мойындаған. Айталық, табғаштарға қарсы жүргізген азаттық күрес жылдарын еске ала отырып, Тоныкөктің: «сонша ойландым. Содан соң тәңірі білік бергені үшін өзімше оны қаған еттім», - дейтіні осыдан.

Бірақ жаратылысы бөлек қағандардың бәрі бірдей мінсіз болмайтынын, оларға көзсіз сеніп, құлай берудің қажетсіздігін де естен шығармаған. Білікті, біліксізі болатынын, білікті қағанды ұлықтап, біліксіз қағандарды ретіне қарай аяусыз сынай білген. Қолға алған мемлекеттік істі шешуде немесе аса жауапты сәтте табансыздық, қорқақтық көрсеткен қағанды әжуалап, шаншып өтуді сөлекет көрмеген. Тағы да Тоныкөктен айғақ келтірейік. Табғаштар мен түргештердің әскер жинап, өздеріне қарсы соғысқа аттанғалы жатқанын естіген қағанның (Қапаған болса керек) жауымен бетпе-бет кездесуге батылдығы жетпегенін былайша суреттейді:

... Елші келді...

Бізді қыруы мүмкін деді.

Түргеш қағаны жиналды.

Он оқ халқы қалмай жиналды, - деді.

Табғаш әскері де бар,- деді.

Сол сөзді естіп қағаным:

«Мен үйге қайтайын», - деді.

Қатыны өлген еді,

Соны жерлейін, - деді.

Байырғы түркі қоғамында қаған шексіз билік иесі болмаған. Мемлекеттік мәселелерді шешуде айналасының да пікірімен, кеңесімен санасып отырған. Бұл тіпті көшпелілер демократиясының мәнді ерекшелігі болса керек.

Қағандардан кейінгі орында бектер, тархандар, шадтар жайғасты. Бұлар - мемлекеттің саяси элитасы, жолбасшылары, қағанның тума-туыстары, балалары, құда-жекжаттары, қалтқысыз сеніміне ие болғандар. Әдетте олар аймақтарда, ұлыстарда, жаулап алған өлкелерде мемлекеттің саясаты мен билігін жүргізді.

Зиялылардың осынау екі тобын байырғы түркі заманында білгіш кісілер, батыл, алып кісілер деген түсінік-терминмен айшықтаған екен. Әйткенмен, бұлардың арасында таққа талас, баққа талас, айтыс-керіс аз болмағаны ақиқат.

Зиялылардың келесі тобын әскербасылар құрады. Мемлекет пен халықтың тағдыр-тәлейі білектің күшінде, найзаның ұшында, қылыштың жүзінде тұрған сол бағзы уақыттарда әскери тактика, әскери стратегия, соғыс өнері аса биік деңгейге көтерілген. Шайқасты даярлау мен жүргізудің, жауды қоршап алу, айналып өтудің, тұтқиылдан басу, титықтатудың, шешуші ұрыста жеңіске жетудің, стратегиялық шабуыл мен қорғаныстың, стратегиялық қару мен резервтің төңірегіндегі қазіргі тұжырымдарға қайнар көз болуға әбден жарайтын қағидалар көне түркі жазуларында мейлінше мол. Күлтегіннің, Тоныкөктің, басқа да қолбасшылардың аз қолмен қалың жауды жеңгендігі жайлы оқиғалар мен ақпараттарды тасқа қашап жазуы байырғы түркілік әскери мамандар мен зиялылардың соғыс ісіндегі биік әлеуметтік-кәсіби деңгейін көрсетсе керек. Зиялылардың осынау тобын «соғыс иесі, әскер иесі», деген төл түсінікпен атаған. Күлішор ескерткішінің мәтінінде мынадай жолдар бар: «табғаштар мен татабыларды жеңді, бес рет соғысты. Күлішор соғыс иесі, әскер иесі болып даңқы шықты».

«Соғыс иесі, әскер иесі» атанғандар қағанның қарауында болғанмен қоғамдағы мәртебесі жағынан кейде қағанмен иық тіресіп қалатын. Осы орайда Тоныкөктің мына сөздерінде терең мағына жатыр деп білеміз:

Бұл түркі халқына

Қарулы жауды келтірмедім

Атты әскер жолатпадым

Елтеріс қаған осылай етпесе

Оған еріп мен өзім де осылай етпесем

Ел де, халық та

Жойылар еді

Осылайша еткеніміз үшін

Менің де ұйғарғаным үшін

Ел тағы да ел болды

Халық та қайта халық болды.

Қаған мен әскербасылардың Отан қорғау мақсатында тең төрағалық, тең мәртебелік келісімге тоқталуына, бір сатыда орналасуына көрінбейтін майдан, көне түркі тілімен айтқанда, «құпия сөз» адамдары да аз ықпал етпеді. «Құпия сөз» әлеуеті мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түзілген арнайы қызмет жүйесімен бекемделді. Яғни, байырғы түркі мемлекетінде зиялылар мен мамандардың бір бөлігін арнайы қызмет саласындағылар құрады. Олар жазба ескерткіштерде елші, хабаршы, тілді атауларымен белгілі, негізінен соғыс қауіпі қарсаңында қарсыластар жағындағы ахуал жайлы ақпараттар жинағанда ауызға алынып отырады. «Құпия сөз» иелері шекараның екі жағында да белсенділік танытқан. Әрине, деректерде бұлардың аты аталып, түсі түстелмейді.

Байырғы түркілер қоғамның ірге тасын шайқалтпаудың тағы бір пәрменді тетігі үгіт-насихат пен кешенді идеологияда жатқанын жақсы білді. Мұнда тәңірілік сенім-нанымды бекемдейтін салт-дәстүрлердің тұтас жүйесі қалыптасты. Оны қоғамның мүшелері ұстанған және кейінгі ұрпаққа өнеге-өсиет ретінде жеткізе білген. Білге қаған ескерткішінде қазаның артын күту рәсімі былайша суреттеледі:

(Өлімге келген) сонша халық
шашын, құлағын кесіп бетін
тілгіледі (кесті). Өзінің тәуір
(жақсы) атын, қара кісін, көк
тиынын мөлшерсіз (көп)
әкеліп, табыс етті.

Сөз жоқ, мемлекеттің ішкі үйлесімділігіне дүниетанымдық қызмет ететін тәңірілік сенім-нанымдарды арнайы адамдар тобы атқарды. Оларды шартты түрде идеолог зиялылар мен мамандар деп атап отырмыз. Жазба деректерде олар «жаршы» деген атаумен беріледі. Сөз қылып отырған замандағы ұстанған идеологияның нағыз айнасы — «Ырқ бітігі». Ғалым Ғ. Айдаров кезінде «Ырқ бітігі» тәкпірнама деп түсіндірді. «Ырқ бітігіте» адамның түсін жорудың нұсқалары (65 нұсқа) берілген. Мәтінде қағанның тағын сыйлауға, байлықты құрметтеуге, еңбексүйгіштікке үгіттеген, ұрлық-қарлықты даттаған, жерді, табиғатты, қоршаған ортаны аялауға шақырған, от басындағы береке-бірлікті дәріптеген, бала тәрбиесіне зор мән берген, алдағы күннен түңілмеуді насихаттаған ой-тұжырымдар, қағидалар мейлінше мол. «Ырқ бітігінің» «күні-түні алтын тақ үстінде отырып қуанамын. Сонша біліңдер: игі ол» деген түс жору нұсқасымен басталуы автордың идеологиялық позициясын көрсетсе керек. Ескерткіш жас ұрпаққа арнау сөзбен аяқталады: «енді сүйікті ұлдарым, біліп қойыңдар, - делінген онда. - Бұл «Ырқ бітігі» игілікті ол. Барыс жыл екінші айдың он бесі күні Тайғунда тұратын тәуекелдігі Буруа - Құры шәкірттері Ісіг-Санғун және ИтаЧук үшін жаздым».

Қысқасы, идеолог зиялылар мен мамандар уақыт үдесіне сай міндеттерін атқара алды. Бұл салаға мемлекеттік маңыз берілгені қағанның да тәрбие-насихат жұмыстарынан тыс тұрмағанынан көрінеді. Мойыншор ескерткішінің бір жерінде қаған аузынан: «...Орда орнаттым. Жаз сонда жайладым. Құлшылық етуді сонда жасадым. Жазуды сонда жаздырдым» деген сөздер шықса, іле-шала: «қорған маңын жайладым. Табынуды сонда табындым», деп ақтарылады. Суджа ескерткішінде қаған: «...құтты жаршымын... Менің дабысым мен билігім күн шығыс пен батысқа дейін жетті», - дейді. Жаршылар кісі өлімінде де, жеңіс мейрамында да мемлекеттік идеологияның басы-қасында жүрді.

Байырғы түркі жазбаларынан ұстаздар мен ғалымдардың биік мәртебесін көре аламыз. Ғалымдар мен ұстаздар мемлекеттік саясатқа тікелей араласпағанмен, өздері даярлаған шәкірттеріне, солар арқылы ел өміріне ықпал ете алды.

Ғалымдардың маңдай алдысы, біздің ойымызша, Иоллығ тегін. Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштеріндегі толғаныстар, философиялық ой-түйіндер, ұлағатты сөздер мен тұжырымдар Иоллығ тегіннің шығармашылық, ғылыми ізденістерімен дүниеге келді.

Білге қаған ескерткішінде елбасының атынан айтылатын мынадай сөздер бар: «...мұнша мықты ережелерді, заңдарды, дүниенің төрт бұрышындағы халықтарды игердім». Ережелерді, заңдарды игерген, әрине, мемлекеттік билік, өкілі Йоллығ тегіннің өзі болатын. Білге қаған ескерткіші мәтінінде айтылатын Йоллығ тегін жайлы мәліметтерді Йоллығ тегіннің авторлық құқығын қорғағаны, патенті ретінде қабылдағанымыз жөн. Мұнда: «Білге қаған жазуын Йоллығ тегін жазды, - деп үшінші жақтан хабарлайды да, ілешала автордың еңбегі нақты сипатталады. - Мұнша күмбезді, жазу өрнегін түркі Білге қаған туысы мен Йоллығ тегін айдан артық төрт күн отырып, жаздым, өрнектедім».

Ұстаздар қауымына ықылас айрықша. Оларға арналып еңбектер жазылды, сыйсияпат жасалды. Ұстазды құрметтеу қағанға да, қарапайым жанға да тән болған. Суджа ескерткішінің мәтінінде ұстазына Иақлакар хан жүз ер мен жайлау бергені бекер айтылмаса керек. Иақлакар хан ата ұрпағын ерлік істерде өзінің ұстазындай болуға шақырады. Бірқ бітікте ұстаз мәртебесі ұлықталып, шәкірттерінен бұрын ауызға алынады.

Түйіп айтқанда, мемлекет қолдаған ғалымдар мен ұстаздардың ізденісі болмаса, руна жазуының ұлан-ғайыр аумаққа таралуы мен орнығуы, ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы мүмкін болмас еді.

Байырғы түркі қоғамындағы зиялылар мен мамандар қатарына сәулетшілер, безендірушілер, құрылыс ісінің шеберлері жататыны сөзсіз. Ақын-жазушылар да осы топтың қатарын толықтырды. Тіпті біраз ғалымдар байырғы түркі жазуларын поэтикалық шығарма жанрында таныған ғой. Мұның сыртында бағзы заманнан жеткен осынау ескерткіштерде жеңіс тойы жайлы аз айтылмаған. Ал тойлардың ақын-жыршыларсыз, әншілерсіз өтуі мүлде мүмкін емес. Қазіргі тілмен айтқанда, бұлар – суреткер және өндірістік-техникалық интеллигенцияның бағзы замандағы алғашқы буындары. Сәулетшілердің, безендірушілердің, құрылыс ісі шеберлерінің ақылы мен қиялысыз, шығармашылық табысынсыз Орхон-Енисей ескерткіштерінің «Мәңгі тас» дәрежесіне көтерілуі, он бес ғасырға жуық уақыт бойы адамзат өркениетінің ажырағысыз құрамы бола беруі мүмкін емес еді.

Сонымен, байырғы түркілік зиялылар мен мамандардың әлеуметтік-кәсіби құрылымы айтарлықтай күрделі екен. Олардың әрқайсысының қоғам өміріне ықпал күшіне қарай мәртебесі де нақты анықталыпты.

Біз сөз қылып отырған мәселенің тағы бір маңызды қыры - зиялылар мен мамандарды даярлау жолдары мен құрамындағы сандық-сапалық өзгерістер болып табылады. Жазба деректердегі мәліметтерге көз жүгіртсек, болашақ мамандар арнайы оқу орындарында тәрбиеден өткенін көреміз. Бұл - бір. Екіншіден, зиялылар мен мамандардың өздері де шәкірт даярлап отырған. Мәселен, Тоныкөк «мен өзім Табғаш елінде тәрбиелендім» десе, Құтлығ қаған «Қапаған, Елтеріс елінде тәрбиелендім» дейді, кейінгі ұрпақтарына елді аздырып алмауға өсиет қылғаны, оларды оқытқаны айтылады. Мамандарды даярлайтын оқу орнының бар екендігі Бірқ бітікте де еске салынып кетеді. Ондағы екі шәкірттің есімдері бүгінге жетіп отыр.

Білге қаған мен Күлтегін, Тоныкөк пен Мойыншор тұсындағы мамандардың сандық және сапалық өсуін анықтап білу мүмкін емес. Әйткенмен сол замандарда да бұл мәселе немқұрайды, атүсті қаралмағаны назар аудартады. Әсіресе әскери мамандар санына үлкен мән берілген. Айталық, Құтлығ қаған табғаштарға қарсы азаттық соғысын бастағанда қасына алғашқыда 17 ер жиналғаны, кейін олар 700-ге жеткені Күлтегін ескерткішінде айтылады. Осы мәлімет Тоныкөк ескерткішінде де қайталанылады. Демек, зиялылар мен мамандар қатарының ұлғаюын байырғы түркілер жақсылықтың, күш-қуаттың артқанының нышаны ретінде түсінген.

Байырғы түркілік зиялылар мен мамандардың бойына үздіксіз дарытылған әрі ерекше қастерленген қасиеттер аз болмаған. Бұл орайда соғыс өнерін жетік игеру, ішкі-сыртқы саясатта бұрқ ете қалуы мүмкін үрдістерді болжай білу, соларға алдын-ала қамдану, қатерлі дұшпанға төтеп беру үшін одақтастар табу, мемлекеттегі ынтымақтастық пен үйлесімділікті сақтай алу тәрізді көрегенділік пен біліктілік аса жоғары бағаланады.

Шын мағынасындағы білгіш кісілер, батыл кісілер халықтың бағына жаратылатыны аксиома ретінде қабылданды, оның тағылымы мен сабақтары тарихи айғақтармен бекемделді. Зиялы қауымның еліне, халқына адал қызметі ғана ұлықталмай, олардың мәртебесі мен қасиетіне дақ түсіретін лайықсыз қылықтар тілге тиек етілді. Бұл орайда мемлекеттің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін алауыздықтан сақ болуды ескерткен жолдардың мән-мағынасы айрықша.

Мемлекет өміріндегі зиялылардың мәртебесі мен тәжірибесі кейінгі тарихи дәуірлерде жалғасын тапты. Мемлекетті басқару жүйесіне аздаған өзгерістерді Қарахан билеушілері енгізді. Егер Күлтегін тұсында қаған тағы әкеден ініге көшетін болса, енді қағанның баласы, тіпті әулетке жатпайтын ықпалды жан да билік тізгінін қолына алатын болды. Дегенмен қаған мен әскер басының мемлекеттегі мәртебесі аса биік деңгейде сақталды. Елді әскерсіз басқару мүмкін еместігін Ж.Баласағұн «Құтты білікте» баса көрсеткен. Қарулы күштерді молынан қаржыландырмай тәуелсіздік баянды болмайтынын ескертеді.

Мемлекетті басқару мен қорғаудың түркілік моделі аяусыз бұрмаланып, табан асты етілген тұсы отарлау мен тоталитаризм кезеңіне дөп келеді. Дегенмен, ғасырлар бойы шыңдалған әрі әлемдік өркениеттің үздік жетістігі дәрежесіне көтерілген әлеуетті біржолата жоқ қылып жіберу мүмкін емес екен. Азаттықтың арқасында бүгінгі қазақ зиялылары, студент жастар төл мемлекетінің тарихи бастауларымен, қайнар көзімен қайта табысып жатыр.

Мемлекет және мемлекеттілік

Адам баласы пайда болғаннан мемлекеті құрылғанша ұлан-ғайыр уақыт өтті. Өр нәрсенің бастауы қиын. Түркі халықтарының шаруашылығы мен мәдениетіне, тілі мен әлеуметтік ұымдасуына, салт-дәстүрі мен менталитетіне тән бастапқы сипаттары мемлекеттері шаңырақ көтергенше қалыптасты. Осы құндылықтарды ішкі-сыртқы тағылық пен жабайылықтан, уақыт өте келе ашкөздік пен тойымсыздықтан сақтау мүддесі биліктің, кейінірек мемлекеттің шығуына түрткі болды. Бірақ бұдан мемлекет пайда болғанға дейінгі дәуірде тарих үдерісі үш тұғырдың біреуінсіз жүрді деген ой тумауы керек. Жер – мемлекеттің материалдың негізі, билік – саяси бастау-бұлағы, яғни үшінші тұғырдың орнын, толық толтырмаса да, жоқтатпайтын тетік жұмыс істеп тұрды. Мемлекеттен хабарсыз, инстинктпен өмір сүретін жануарлар да тиесілі аумағы, ұрпағы, болашағы үшін жан беріп, жан алысады ғой. Түптеп келгенде, бәсекеге қабілетті, өзін-өзі танудың, елішілік қайшылықтарды шешудің биік сатысына көтерілген этнос қана мемлекетін дүниеге әкеледі. Мемлекет – тіл мен жерді, иесі нақты халықты, соның төңірегіне топтасқан басқа да этностарды сақтаудың, ортақ іске жегудің, кемелдендірудің басты ұйымы.

Адамзат тәжірибесі мемлекеттің даму сатысы әралуан болатынын көрсетіп отыр. Солардың аражігін ашатын методологиялық байлам-тұжырым ғылыми ақиқат үшін керек. Айталық, жыл санауымызға дейінгі I мыңжылдықта түркі тектестер мекендеген Еуразия кеңістігінің негізгі бөлігінде сақ мемлекеттері дәурен құрғаны белгілі. Сақтардың соғыс өнері, сұлулықты ұлықтаған аң стилі, шаруашылық-мәдени кешеніндегі үздік жетістіктер баяны антикалық және византиялық деректерде молынан сақталған. Солармен таныса келе, мемлекет өмірін, адамдардың қарым-қатынасын қоғамның әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі реттегенін байқаймыз. Сақтар, дейді Геродот, эллиндіктердің өмір салтын жақтырмайды, одан іргесін аулақ ұстайды. Ал әдет-ғұрыптың, салт-дәстүрдің басымдығы, заңнан да бұрын қолданылуы мемлекет ру-тайпалық қатынастар биігінде тұрғанын айғақтайды. Дәстүрге сүйенген сақтар заң түзуде, тұрақты әскер жасақтауда көш ілгері кеткен іргедегі Қытаймен, айшылық алыстағы Грекиямен, Иранды билеген Ахеменидтер әулетімен бәсекелесе алғаны мемлекетінен бұрын аумақтық бірлігі мен тілдік біртектілігі отансүйгіштікке ұласып, ұзақ уақыт барысында лайықты әлеуетке ие болғанын куәлендіреді.

Халықтың тұтасуы мен мемлекетінің шығуына септескен ру-тайпалық қатынастар менталитетінің, араға отарлық және тоталитарлық ғасырлар түссе де, кешегі кеңестік түркілерде әлі күнге дейін орын алып отырғаны ерекше назар аударарлық құбылыс. Әу баста прогрессивті рөл атқарған ол келе-келе тежеуішке айналды. Трайбализм дерті қоғамның бойынан әлі сылынып тасталған жоқ. Пайдасы бір тоғыз десек (жеті атаға дейін қыз алыспау, ұжымдық жауапкершілікті сезіну), зияны – үйірімен үш тоғыз. БАҚ мәліметтері бойынша, ол кадр саясатына, қаржы-қаражат бөлуге, атақ-дәрежемен марапаттауға әсер етеді екен. Студенттердің, әскердегі жастардың санасын улауда. Өкініштісі – осы құбылыстың неліктен жаны сірі екенін ашатын зерттеу жоқтың қасы.

Мемлекетті жарылқаушы абсолютке айналдырмау керек. Ол тарихтың жанды тұғыры тіл құрылысына да қатысты. Сақ, байырғы түркі мемлекеттері тарих сахнасынан кеткеніне мыңдаған жылдар өтті. Еуразиялық түркілер парсы, қытай, араб, моңғол үстемдігін бастан кешті. XVI ғасырда Ресей отарлауы басталды, татарлар, қазақтар, өзбектер, т.б. ғасырлар бойы бодандықта қиналды. Соған қарамастан тілі, тілдік біртектілігі сақталып қалды, ғылыми этимология, ономастика, тарихи география нәтижелерімен қолдау табуда. Осы орайда қоғамдық-гуманитарлық ғалымдар арасындағы пікірталастың басты тақырыбы сақтардың мемлекеті мәселесі емес, қай тілде сөйлегені төңірегінде жүріп жатқанына назар аударған жөн. Әйгілі ғалым Қ. Салғараұлы 2012 жылы жарық көрген «Ежелгі түріктер» монографиясында: «Рас, қазақстандық ғалымдар соңғы кезде археологиялық қазба мұралар дерегіне сүйеніп, сақ тайпаларының түрік тілінде сөйлегенін айтып, түрік тектес халықтар тобына жатқызып жүр. Бірақ бұл тұжырым әлемдік ғылымда жалпылама қолдау тауып, әлі орныға қойған жоқ. Оған, шет жағасын жоғарыда айтқан, сақтарды «қазіргі Иран жерінен ауып келген арийлер, үнді-еуропа тілінде сөйлейді» деген пікірдің жарыса айтылып, күні бүгінге дейін ғылымда қабаттаса қолданылуы дәлел бола алады», деп жазады. Демек, болмыс-бітімінің тамыры тереңге тартқан халықтар жат өркениет пен мемлекеттер қарамағына өте қалғанда да, жинақы өмір сүруін тоқтатпаса, билік тарапынан мақсатты-нысаналы қысымға ұшырамаса, міндетті түрде жұтылып немесе жойылып кете бармайды. Бәрі мемлекетінің бар-жоғымен анықталатын болса, бүгінде мемлекеттер санына сәйкес жүздеген тілдер ғана сақталып қалар еді. Бұған ежелгі және ортағасырлардағы Кавказды, Қытайды мекендеген түркілердің тағдыры айғақ-дәлел. Мәселен, қазіргі Әзірбайжан аумағындағы мемлекеттерді ж.с.д. IV ғасырдан беріде біресе парсылар, біресе арабтар, біресе курдтар билеп келді, ара-тұра байырғы халық өкілдері билік құрды. Ирандық Нәдір шах 1747 жылы өлген соң ғана толық егемен мемлекет дүниеге келді. Міне, осындай аласапыранға қарамастан әзірбайжан халқы ж.с.д. XIV ғасырдан түркі тілде сөйлеген киммериялықтардың, ж.с.д. VIII ғасырдан беріде сақтардың мұрасы негізінде қалыптасқан өз тілімен, жерімен, тарихымен түркі әлемін нұрландырып отыр.

Рас, Ұлы дала түркілері кейінде де бөтен тілді, бөтен дінді мемлекеттерден оқшауланған жоқ. Азияның, Африканың, Еуропаның халықтарымен, мемлекеттерімен ықпалдасқан түркі өркениеті өз іргетасында бой көтерді, нығайды, өркендеді. Адамзатқа киіз үйді, үзеңгіні, шалбарды, етіккі әкелген түркілер бөтеннің әсерімен ғана ілгерілеуі еш мүмкін емес.

Ортақ түркі тарихына, Қазақстан тарихына тұғыр ретінде тіл, аумақ факторын тану, мемлекеттануда методологиялық биік өреден көріну тарихшыларды шаруашылық, мәдениет, этнос, ұлт, азамат, құқық, мемлекеттік аппарат, т.б. іргелі құндылықтар мен атрибуттарды зерделеуде көздеген мақсат-мұратқа – ғылыми ақиқатқа жақындата түспесе, еш адастырмайды.

Мемлекеттің мәнін түсінуге немесе түсіндіруге талап қылғандардың шоғыры мол. Біздің ойымызша, мемлекет дегеніміз – нақты бір аумақтағы халықтың тағдырына жауапкершілікті мойнына алған, халықаралық қауымдастық таныған әрі өзіндік саяси-құқықтық, экономикалық, т.б.с.с. жүйесі бар Отаны. Мемлекет тарихи үдерістердің аланы әрі олар кімге тиесілі екенін анықтайтын басты көрсеткіш екеніне айғақ-дәлелдер

жеткілікті. Ал тарихты түзушілер елінен, жерінен тысқары кетсе, ішкі тұтастығы сыр берсе, нәтиже басқаша қалыптасады. Мәселен, тағдырдың жазуымен XIII ғасырда Еуропаға, Африкаға, жат елге, бөтен ортаға қоныс аударған қыпшақтар төл тарихының тұғырлары – мемлекеті мен Ұлы даладан мүлде алшақтап кеткен жоқ па?! Материалдық және саяси тірексіз ортада жалғыз тілімен олар жазған тарих, басқа да мұра жаңа тапқан отанының меншігіне айналды. Ал сол қазына барған елінің тілінде, деректерімен, сұранысына сәйкес түзіле қалған жағдайда автордың түркілік шыққан тегін алға тартумен, шыр етіп дүниеге келген жері қазіргі түркілік мемлекетте деумен мақтанғаннан басқа қолдан не келеді. Бұл айтқандарымыз алыс Африкада мәңгілік тыныс тапқан әл-Фараби мен Бейбарыс бабаларымызға, Ресейдегі Ораз Мұхаммедке, Қытайдағы Мұқалиға да қатысты. Қалың қытайдың арасындағы сары үйсіндер, мыңдаған жылдар бұрын Америкаға кеткен азиялық түркілер ше? Санасы мен жүрегінің түбінде бабаларынан қалған сарын бірен-саранына маза бермей, ізденіске итермелейтінін бекерлеу мүмкін емес. Бірақ бүгінгі мемлекетінің тарихын түркілік арнаға бұра алмайды. Түбі бір түркілік тілде мәдени-рухани өнім беруден қалған бұлар енді қайтып үйірін таба алмас. Ортақ тарихтың тұғыры аумақ, тіл, мемлекет екені осыдан да байқалады!

Мемлекетті басқару бүкіл халықтың және кез келген аспаздың қолынан келе бермейді. Кеше де, бүгін де, ертең де осылай болған, бола береді. Бұл – бір. Екіншіден, мемлекеттік басқару жүйесі әрқашан азшылықтың қолында. Олар халықтың қалың ортасынан шыққан лайықты ұл-қыздары болуы керек. Азшылықтың кешкен күні жол айрығында тұрған жолаушының қиналысын елестетеді. Қабылдаған шешімі қате шығып, діттеген жеріне апарар жолдан адасса, қол астындағыларды соқпаққа ұрындырады, өзі де тарихтың қоқыр-соқырынан орын тебуге мәжбүр болады. Немесе керісінше. Ел билеуді міндетіне алған азшылықтың шын мағынасындағы кемелдігі, ғасырлар тезінен өткен салт-дәстүрдің озығын сақтай алуы, осыларды әділ заңдармен бекемдеп, бұлжымай орындалуын білгірлікпен ұштастыра алуы қалың көпшіліктің бағын ашып қана қоймайды, нағыз таланттар мен тұлғалардың қанат жаюына іргетас қалайды екен. Ұрпақ жалғастығы дегеніміз – осы. Сабақтастықсыз ілгерілеу жоқ. «Мемлекетті басқара отырып, адамдарды өлтірудің қажеті не, - деген екен ежелгі Қытай ойшылы Конфуций. – Егер сіз ізгілікке ұмтылсаңыз, халық та ізгілікке бой ұсынады. Текті ердің моралі желмен тең, жаман адамның моралін шөп дерсің. Жел қайда соқса, шөп сонда қисаяды». Ел билеушінің бойынан қандай қасиеттердің табылуы керектігін айтқан басқа да ойшылдар аз емес.

Әрине, этнос үшін азат мемлекетінің болғанынан артық бақыт жоқ. Бірақ мыңдаған тілде сөйлейтін этностардың әрқайсына мемлекетін құру мүмкіншілігін кім береді? Ол үшін адам баласы әділетсіздік, соғыс, зорлық, бақталас, тақталас тәрізді «дерттерден» хабарсыз жаратылуы керек қой. Ұлттық мемлекеттердің мәнін жоюда, ондағы байырғы халықты тілі мен жерінен жатсындыруда алпауыт империялар жүзеге асырған отарлау саясаты қиянатқа толы. Империяның ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында бүктелген мұндай мемлекеттің ішкі-сыртқы саясаты бөтеннің пәрменімен анықталғандықтан тарихын елішілік қажеттілік, заңдылық қисынымен түсіну мүмкін емес. Төл тарихына отарлаушының көзімен ғана қарау құқы сақталды. Тіпті қуыршақ мемлекеттер өз халқының сұранысы мен қажетін өтей алмайтынын тарих тәжірибесі сан рет көрсетті. Бұған Кеңестер Одағы құрамындағы одақтас республикалар тағдыры айғақ-дәлел. Азаматтарының саны 20-млн-ға жуық Қазақстан, Өзбекстан, Әзірбайжан тәрізді республикаларда екінші университет ашу, жаңа аудан немесе облыс құру үшін Мәскеудің рұқсатын ондаған жылдар күтуге тура келді. Түркістан, Орта Азия әскери округтарына, құқық қорғау органдарына бірінші басшы, орынбасарлар тағайындау тек Кремльдің мақұлдауымен шешілетін. Басқа да шектеулер толып жатты. Өзбекстан президенті И. Каримов айтқандай, кеңестік қуыршақ мемлекет халықтың төл құндылықтарына мүлде сай келмеді: «Государственная машина, управляемая из центра, была рассчитана на некоего манкурта, на человека, не помнящего ни своего рода и племени, ни истории

своего народа, ни его традиции. Именно поэтому образовался такой разрыв между тем, что декларировалось в системе этой государственности, и тем, что было на самом деле».

Сонымен, тарихи үдерістер алаңы – мемлекет эволюциясында екі саты болатынын ажырата алған жөн. Бірінші сатысы алғашқы мемлекеттік құрылымнан мемлекеттілікке дейінгі дәуірді қамтиды, екінші сатысы – мемлекеттілік сатысы.

Бірінші сатыдағы мемлекеттің болмыс-бітімін қазақтың қанатты афоризмі: «Бірі кем дүние» формуласымен сипаттауға болады. Бұл мемлекетте қажетті әрі маңызды құрамдас бөліктердің аз дегенде екеуі-үшеуі жетпей жатады. Мәселен, жаңадан шаңырақ көтерген шағында жүйелі билік вертикалы, ұлттық заңнамалар дестесі, мемлекеттік шекарасы, рәміздері, валютасы, алыс-жақын елдердің ресми тануы, ішкі-сыртқы саясатты анықтаудағы тәуелсіздігі болмайтыны заңды. Жылдар өте негізгі дені түгелденеді, әрине. Бірақ олқылықтары, тәжірибенің жұтаңдығы, мамандардың жетіспеушілігі, қысқасы, «бірі кемдігі» тайға таңба басқандай ұзақ уақыт көрініп тұрады. Бұлардың қалыптасуына ондаған жылдар, кейбіреулеріне ғасыр да кетуі мүмкін. Мәселен, мемлекеттің Ата заңы – Конституция. XX ғасырға дейінгі Түркиядан басқа бірде-бір түркілік мемлекетте Конституция болған емес. Большевиктік Кеңестер билеген түркі республикаларын номиналды мемлекет деп атасақ жарар. КСРО ыдыраған 1991 жылғы желтоқсанда тәуелсіздік алған бес түркілік республиканың еш біреуінде жоғарыда аталған-аталмаған құрамдас бөліктер болмағаны ақиқат. Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге 1993 жылы ғана айналымға енді. Іргелес елдермен шекараны заңдастыру әлденеше жылға созылды. Өнұранымыз екі рет өзгерді, жаңа астананың тұсаукесері 1998 жылы өтсе, үшінші атауы – Нұр-Сұлтан 2019 жылы заңмен бекемделді.

Түркілік кеңістікте мемлекеттілік енді қалыптасу үстінде. Біз бұл жерде Кіші Азияны есепке алып отырған жоқпыз. Көлеңкелі экономика, жемқорлық, кедейшілік жойылмай, руханиятты, әлеуметтік инфрақұрылымды қаржыландыру, халықтың әлауқаты халықаралық стандарттар деңгейіне жетпей, мемлекеттің бәсекелік қабілеті дамыған елдермен теңелмей мемлекеттілік қалыптасты деуге болмайды. Мұндайда көпұлтты, көптілді, көпдінді сипаттағы барша әлемге де, нақты мемлекетке де, егер болашақтан үміті үзілмесе, бейбітшілікті соғыстан, татулықты дұрдараздықтан, қауіпсіздікті тұрақсыздықтан, ақылды ашудан жоғары ұстаған саясат пен идеология ұтады мемлекеттілік сонда ақиқатқа айналады. Демек, мемлекеттен мемлекеттілікке жеткізетін өтпелі дәуір жалғасуда, әр елде әрқилы қалыптасатыны түсінікті ахуал. Бұл заңдылық мемлекет пайда болғаннан бері жұмыс істеп тұр.

Түйіп айтар болсақ, әрісі ортақ түркі тарихының, берісі Қазақстан тарихының кеңістігі мен ортасын, мазмұны мен ерекшеліктерін айқындаған тұғырлы факторларға аумақты, тілді, мемлекетті жатқызатын методологиялық пайым байтақ зерттеу объектісі мен пәніне бағыт-бағдар беріп, барлық тарихи шығармаларда басынан аяғына дейін басымдықпен алға шығуы керек. Кеше де, бүгін де, ертең де осының бәрінің берекесі алдымен елішілік ахуал екені, әсіресе тұрақтылық пен бірлікке келіп тірелетіні бірінші сыныптағы әліппеге де, күнде көрсетілетін жарнамаға да дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомадай енуі қажет.

Аннотация

В данной статье рассматривается роль института ханства в государственности казахов.

Хан – являлся высшим органом власти у казахов. В казахском обществе хан олицетворял государство, общество и был объединяющим фактором для народа. Хану доверяли, ему верили и уважали. Ханская власть играла огромную роль в общественно-политической жизни казахского общества.

Summary

This article discusses the role of the institution of the khanate in the statehood of the Kazakhs.

Khan - was the highest authority among the Kazakhs. In the Kazakh society, the khan personified the state, society and was a unifying factor for the people. Khan was trusted, trusted and respected. The khan's power played a huge role in the socio-political life of the Kazakh society.

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ МҰРАГЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАР ТАРАПЫНАН ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАРДЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Д. Әбділәшім

т.ғ.д., доцент

Орталық Ұлттар университеті

Пекин, ҚХР

1. Жошы ұлысының мұрагерлері

Басқа Еуразия көшпелі халықтары секілді, ұлан-байтақ монғол даласында судың тұнығы мен шөптің шүйгінін қуалай көшіп-қонып жүрген монғол текті тайпалар 12 ғасырдың соңын ала аса зор қоғамдық өзгеріске ұшырады. Яғни Бүржігін тайпасынан шыққан Темучин күшейіп, өзара қырқысқан монғол тайпаларының ішкі алауыздығын бір жолата жойып, халықты ымыраластырды. 1206 жылы біріккен монғол тайпалары Онон өзені бойында ұлы құрылтай ашып, Темучинді барлық монғолдардың ханы етіп сайлап, оған «Шыңғыс хан» деген мәртебе-есім силады. Шыңғыс ханның Бөртеден туған балалары мыналар: Жошы, Шағатай, Өгедай және Толұй.

Шыңғыс хан сыртқа қарата ірге кеңейту жорығын алдымен өз төңірегіндегі көрші халықтарды жаулаудан бастады. Тұтқиылдан шабуыл жасап керей ханы Тұғырылды (Оң хан) өлтірген соң, іле-шала найман хандығына шапқыншылық жасап, Таян ханды өлтірді. Осылай төңірегін жаулап, өзіне қарата бастады. Хорезм шахы Мұхаммед өз елшілерін жазықсыз өлтіргені үшін, 1218 жылы Орталық Азиядағы Отырар қаласына қарай қол бастап, жорыққа аттанады.

1227 жылы алдымен Жошы, онан соң Шыңғыс хан жорық үстінде қаза табады. Шыңғыс хан өлерден бұрын өзіне қарасты ұлан-байтақ территорияны төрт ұлына енші етіп бөліп береді. Соның ішінде үлкен ұлы Жошының еншісіне Ертіс өзенінен Орал тауына дейін, тіпті онан ары монғол әскерлерінің ат тұяғы жеткен шалғай аймақтар, Каспий, Арал теңізінің солтүстігі, солтүстік Хорезм, Сырдария қатарлы жерлер тиді. Бұл аймақтар тарихта «Жошы ұлысы» деп аталды.

Жошы қайтыс болған соң орнына екінші ұлы Бати (Бату) мұрагерлік жолмен хан сайланады. Ол бүкіл қыпшақ даласы мен оған көршілес аймақтарды бірлікке келтіріп, әйгілі «Қыпшақ хандығын» («Алтын Орда қандығы» деп те аталады) құрып, Сарай қаласын астана етіп белгілейді. Бати ханнан кейін інісі Берке хан тағына мұрагерлік етеді. 14 ғасырдың аяғына қарай ішкі қақтығыстар мен сыртқы соғыстар салдарынан, Алтын Орда хандығы бірте-бірте ыдырап, ең соңында бір жолата жойылады.

Бати хан қыпшақ хандығын құрғаннан кейін, арал теңізінің шығыс солтүстігіндегі кең-байтақ даланы, яғни дешті қыпшақ сахарасын ағасы Орда Еженге (Жошы ханның тұңғышы) береді, бұл тарихта «Ақ Орда» деп аталады. Аталмыш хандық екі ғасырға жуық өз алдына жеке билік болып құрғанымен, ішкі алауыздық салдарынан бірте-бірте ыдырауға бет алды. 1428 жылы Ақ Орданың соңғы ханы Барақ басқалар жағынан қаза

табады. Барақ хан өлген соң Ақ Орда ыдырады да, ел билігі Жошының кіші ұлы Шайбан тұқымынан шыққан Әбілхайыр сұлтанның қолына өтеді.

Әбілхайыр хан Ақ Орда билігін өз қолына алғанымен, толассыз қан төгіс соғыстар мен ішкі қырқыстар үдей түсті де қараша халық ауыр зардап шекті. Мұндай үстемдіктен құтылып, өз алдына еркін өмір сүруді армандаған халық ауанын шебер пайдаланған Барақтың балалары – Керей мен Жәнібек өзіне қараған ру-тайпалардың басын қосып, Жетісуға қоныс аударып, онда Қазақ хандығын құрды. 1468 жылғы Әбілхайыр ханның қайтыс болуы Қазақ хандығының ірге кеңейтіп, нығая түсуіне зор мүмкіндік әперді. Қазақ хандығы тұсында таққа отырған ұлы хандар мыналар (тарихи кітаптар негізінде):

- 1) Керей мен Жәнібек (1465-1480) (Ақ Орда соңғы ханы Барақтың балалары)
- 2) Мұрындық (1480-1511) (Керейдің баласы)
- 3) Қасым (1511-1518) (Жәнібектің баласы)
- 4) Мамаш (1518-1523) (Қасымның баласы)
- 5) Тақыр (1523-1533) (Қасымның немере інісі)
- 6) Бұйдаш (1533-1538)
- 7) Хақназар (1538-1580) (Қасымның баласы)
- 8) Шығай (1580-1582) (Жәнібектің немересі, Жәдіктің баласы)
- 9) Тәуекел (1582-1598) (Шығайдың баласы)
- 10) Есім (1598-1628) (Шығайдың баласы, Тәуекелдің інісі)
- 11) Жәңгір (1628-1652) (Есімнің баласы)
- 12) Тәуке (1652-1718) (Жәңгірдің баласы)
- 13) Болат (1718-1730) (Тәукенің баласы)
- 14) Әбілмәмбет (1730-1771) (Болаттың баласы)
- 15) Абылай (1771-1781) (Жәңгір → Уәлибақы → Қанішер Абылай → Көркем Уәли)
- 16) Уәли (1781-1821) (Абылайдың баласы)

2. Қазақ хан-сұлтандары жазған хаттар және олардың тарихи маңызы

Қазақ хандығы құрылғаннан бастап, ең соңында жойылғанға дейін төрт ғасырдан астам уақыт өмір сүрді. Осы барыста ең жоғары билеушілер – хандар әр түрлі мақсатта көрші елдерге хат жазып, елші аттандырып отырған. Осы хаттар шоғыры кейде «қазақша ресми іс қағаздар» деп те аталады. Мұндай ресми іс қағаздар – атынан белгілі болғандай қазақ жерінде жазылған құжаттар. Олардың ең басты ерекшелігі – көп сандысы көрші елдерге қарата жазылғандығы. Мысалы, қазақша хаттар Ресей, Чиң патшалығы қатарлы көрші патшалықтарға жіберіліп, сондағы қатысты органдар, мұрағат қорлары жағынан сақталып, бүгінге жеткен.

Қазақ хандығы құрылғаннан бастап XVIII ғасырға дейінгі аралықта жазылған хаттар жоқ дерлік, болған күннің өзінде көп сандысы түрлі себептермен жоғалған немесе жыртылып тозған. Қазақ хандығы кезіндегі хаттардың көп сандысы XVIII ғасырдан бастау алады, әсіресе XVIII ғасырдың алғашқы жартысынан XIX ғасырдың орталарына дейін жазылған хаттардың саны ең көп. Осы кезеңдерге тән қазақша ресми іс қағаздарды олардың қайда жөнелтілгеніне қарай екі үлкен топқа бөлуге болады. Оның бірі, Мәскеу, Санкт-Петербург, Орынбор, Қазан, Ташкент қатарлы бұрынғы Кенес Одағына қарасты үлкен қалалардағы кітапханалар мен мұрағаттар қорында сақталған құжаттар. Зерттеулерге қарағанда, мұның ішінде Кіші жүз ханы Әбілхайыр және оның ұрпақтары жағынан Ресей патшасына немесе оның жергілікті әкімшіліктеріне жолданған хаттардың саны ең көп. Енді бірі, қазақ сахарасының шығысы, орта бөлігі және шығыс оңтүстігі сияқты кең байтақ өңірлеріне бытырай қоныстанған Ұлы, Орта жүз қазақтарына билік жүргізген Абылай, Әбілпейіз сынды хан, сұлтандардың Чиң патшасына немесе оның жергілікті әкімшіліктеріне жіберген хат-қағаздары болып табылады. Олардың дені еліміздің (қытайдың) тарихи мұрағат қорларында сақтаулы (1, 29-30).

Автордың тексеріп зерттеуіне негізделгенде, олардың жалпы саны жиыны 151 парша. Қазірге дейін анықталған бұл сандық мәліметтер бағы заманнан бері Орталық Азиядағы көшпелі халықтардың бірі ретінде дамып бүгінге жеткен қазақ халқының бір ғасырға жуық төңірегіндегі көрші елдермен жасасқан достық қарым-қатынастарын қағаз бетіне түсірген құнды материалдардың жалпы дерегі есебінен алып қарағанда тым аз болғанымен, алайда олардың саятын тақырыбы сан қилы, қамтитын мазмұны да алуан түрлі. Яғни қазақ хан, сұлтандарының Чиң патшалығымен жасасқан саяси-экономикалық қарым-қатынастарының әр қырын бейнелейді (1, 35-36).

Чиң патшалығы о бастан Абылай және оның ұрпақтары билеген қазақтарды «сол қанат қазақтар», Әбілпейіз және оның ұрпақтары билеген қазақтарды «оң қанат қазақтар», ал бұлардан аз кейін тарихи деректерде жазыла бастаған Тұрсын хан әулеті мен олардың иелігіндегі қазақтарды «батыс қанат қазақтар» деп атаған. Осылай Чиң патшалығы өздерімен қарым-қатынас жасасқан қазақ хан, сұлтандарын бір-бірінен парықтап, ажыратып отырған (1, 37-38).

Автордың тексеріп зерттеуіне жүгінсек, сол қанат құжаттары жиыны 25 парша болып, олар түгелдей Абылай хан және оның ұрпақтары жағынан жазылған. Сонымен қатар тот-монғол жазуымен хатталған құжаттар да кездеседі. Бұдан Абылай әулетінің ертеден бастап жоңғарлармен етене қарым-қатынаста болғандығын межелеуге болады (1, 38). Оң қанат құжаттары Чиң дәуіріндегі қазақша ресми іс қағаздардың басым көп бөлегін ұстайды да жалпы саны жиыны 109 паршаға жетеді (1, 39). Батыс қанат құжаттары деп негізінен қазақ хан әулеттерінің бірі Тұрсын хан және оның ұрпақтарының Чиң патшалығына жолдаған қазақша ресми іс қағаздары айтылады. Сонымен қатар, бұған Чиң патшалығы жағынан батыс қанат қазақтарына жатқызылған Нұрәлі ханның ұлы Абылай сұлтан жазған 2 парша хат пен батыр ханның 1 парша хаты да енгізілді (1, 41). Төменде әр алуан тақырыпта жазылған осы қазақша хаттардың бір бөліміне тарихи деректану ғылымы тұрғысынан сараптау жүргізіп, олардың қазақ хандығын қайталай зерттеудегі тарихи маңызын айқындамақпыз.

1) Қазақ хандығы әлеуметтік өмірінің әр қырын бейнелейді

Қазақ хандығының төрт ғасырдан астам уақыт Орталық Еуразия даласында билік құрғанын білсек те, оның қыр-сырына әлі онша қанық емеспіз. Хан-сұлтандар аты-жөнін білгенімізбен олардың нақты өмір кешірімелерін біле беруіміз екіталай. Қазақ хандығы болмысын толық меңгеріп кете алғамыз жоқ. Қандықтың басқару түзімін, сірә, қалай болды, қайсы қан қай өңірде, қайсы ру-тайпаға билік жүргізді сияқты маңызды сұрақтарға дөп басып жауап бере қою оңай шаруа емес. Мысалы, қазіргі тілімізде «алты алаш» деген тіркес бар, осындағы «алты» саны нені меңзейді, тарихта шынында солай қолданған ба? Бұл жағы қазірге дейінгі зерттеулерде ашып айтылмаған. Алайда жақын жылдарда табылған құжаттарда мұндағы «алаш» сөзінің алдындағы сан есім «алты» емес, қайта «үш» болып хатталған. Бұған мысал ретінде Чялұнның 44-жылы 10-айда (1779 жылы 8 қарашадан 7 желтоқсанға дейін) Іле генералы мәлімдемесімен бірге патшаға жолданған Абылай ханның хатын айтуға болады. Онда былай делінеді:

قزاق نينك خانى ابولاي خان ايله نينك جنك جونك انبونغه خط اوشلادوق پس بز نينك ايسانلكى ميزنى سوراب سز بز مونده ايسان امان بارمز پس لارنى داغى الله تعالى كوب ييلغه ايسان قيلسون بز نينك توبت ديكان كشى مزدان خط يياريب پس اول خطنى اوقوتوب پسوزين ايشتب كوب كوب پسوندوك آغ نيمان قارمش يوز كشى بوغده خانعه الباتو بولامان اينه من ديدى ديب پس شول كشى لارينكى ييب آل ديب پس بز اول سوزينكيز غه راضى بولوب پسوندوك بولتور داغى پسكز كشى قاجب بارغانين تورتوى قيز تورتوى يكييت انينك تورت قيز بر يكتنى قايتاريب يياركانينكيز غه اوچ الاجته ايشتمكان كشى قالمادي ايشتمكانه پسونمکان كشى قالمادی بز نينك قزاق پسويالكى كشى قايتاريب بریدی ديب

Qazaqnñ ·±nñ Abulay ·±n IIññ janjuñ, anbun᳚a ·≈ ušladuq. Siz bizniñ esänlikimizni surapsiz, biz munda esän-am±n barmiz, sizläрни da᳚i all± ta'±± köp yil᳚a esän qilsun. Bizniñ T᳚bet deg᳚n kišimizd᳚n ·≈ yibäripsiz, ol ·≈nñ oqutup, sözin eştip köp-köp süyünd᳚k. A᳚ nayman(᳚a) qaramış yüz kiši bo᳚da ·±n᳚a albatu bolaman, en᳚min dedi depsiz, šol kišiläriñni yüyip al depsiz, biz ol söziñiz᳚a r±᳚i bolup süy᳚nd᳚k. Bultur da᳚i sekiz kiši qačip bar᳚anin

tört□wi qız, tört□wi yigit, anıñ tört qız, bir yigitni qaytarıp yibärgäniñiz.Şa üç alaçta eştim□gän kişi qalmadı, eştigändä süy□nmägän kişi qalmadı, bizniñ qazaq süy□kli kişi(ni) qaytarıp beripdi dep...

Қазақ ханы Абылай хан Іленің генарал, амбандарына хат жолдадық. Сіз біздің есендігімізді сұрапсыз, біз мұнда есен-аманбыз, Алла тағала сіздерді көп жылға есен қылсын. Біздің Төбет деген кісімізден хат жіберіпсіз, алдымен хатты оқытып, сөзін естіп, көп-көп сүйіндік. Ақ найманға қараған жүз кісі: «Боғда ханға албатұ боламын, енемін», - дейді, «сол кісілеріңді жиып ал!», - депсіз. Біз ол сөзіңізге разы болып сүйіндік. Былтыр тағы секіз кісі қашып барған, (олардың) төртеуі – қыз, төртеуі – жігіт. Солардың төрт қыз, бір жігітін қайтарып жібергеніңізге үш алашта естімеген кісі қалмады, естігенде: «Біздің қазақ сүйекті кісімізді қайтарып берді», - деп сүйінбеген кісі қалмады... (1, 88-92).

Хан ордасында жазылған бұл хаттан біз ең бері болғанда XVIII ғасырдың орталарында «алаш» ұғымының «алты алаш» тұлғасында емес, «үш алаш» тіркесінде айтылып хатқа түскенін байқаймыз. Ал «алты алаш» ұғымындағы «алты» сөзінің мағынасы күні бүгінге дейін күңгірт. Мұндай қолданыс кейінгі Абылай ханның немересі Ғұбайдолланың хатында да кездеседі. Хат Дауғуаңның 3-жылы 12-айдың 6-күні (1824 жылы 6 қаңтар) Іле генаралы Чиңшяңның мәлімдемесімен бірге патшаға жолданған. Онда былай делінеді:

پسز اولو غ اجن بوغده حان نينك يارلغنکز بار ايردى اوچ يلده بر باروب ايسانلکنکزنى بليب التون جمالکنزنى کوروب شيرين يارلغنکزنى ايشنوب کلورکا شول سببدين ايلچى لارى مرنى يبارا الماغانمزننى اول اتامز دنيا پسادى اغامز وانک عباپس سلطان بو يالغان دنيادين اخرت پسرين قلدى اول وانک عباپس سلطان نينک تعزتين قليب عزادار بولوب تورغانمزدا قزاق يورتنى ننک اوچ الاچ غه حان بولغان اتامز والى حان ينه اخرت سفرين قلدى مونچه اغير عزادار ايشلار بولغان پسونک اوز زنگى مزچه الارنينک هر تورلى ضيافتلارين قلب يانكى باشميز بوشاب اوشبو خط يازلدى

...Siz uluŞ ejen boŞda Ø±nn□η yarl□Ş□η□z bar erdi, □◇ y□lda bir barup esänlikiñizni bilip, altun jam±l□η□zn□ k□r□p, š□r□n yarl□Ş□η□zn□ eş□p kel□rgä. TMol sababd□n el□ilärimizni yibärä almaŞan□m□zn□ awwal atam□z duny± sald□, aŞam□z wañ TMAbb±s sul≈±n bu yalŞan duny±d□n ±rat saf±r□n q□ld□. Ol wañ TMAbb±s sul≈±nn□η taTMziyat□n q□l□p TMaz±Πd±r bolup turŞan□m□zda, qazaq yurt□n□η □◇ ala◇Şa Ø±n bolŞan atam□z Wal□ Ø±n yenä ±rat saf±r□n q□ld□. Mun□a aŞ□r TMaz±Πd±r işlär bolŞan soñ, □z zañ□m□z□a alarn□η har t□rli □y±fatlar□n q□l□p yäñi baş□m□z boşap, uşbu □a≈ yaz□ld□...

...Сіз ұлық Ежен Боғда ханның үш жылда бір барып есендігіңізді біліп, алтын жамалыңызды көріп, шырын жарлығыңызды естіп келуге (түсірген) жарлығыңыз бар еді. Елшілерімізді жібере алмағанымыздағы себеп – алдымен ағамыз Аббас сұлтан бұл жалған дүниеден ахирет сапарын шекті. Уаң Аббас сұлтанға қайғырып, азалы болып тұрғанымызда, қазақ жұртының үш алашына хан болған атамыз – Уәли хан ахирет сапарын шекті. Осындай ауыр азалы істер болған соң, өз заңымыз бойынша олардың әр түрлі зияпаттарын өткізіп, енді ғана қолымыз босап... (1, 84-86).

Бір қызығы, бұл тіркес Абылай және оның ұрпақтарының хаттарында кездеседі де олардан басқа хан-сұлтандардың хаттарында ұшырамайды. Міне, бұл Абылай хан және ұрпақтарының өздерін үш жүздің ханымыз деп есептегенінен туындаса керек.

Әлмисақтан бері қазақты құраған ру-тайпалардың көп сандысы көшпелі тұрмыс тәсілінен пайдаланғандықтан, бір жерде тұрақтап отырмай, маусымның ауысуына орай жұрт жаңалап, көшіп-қонып тіршілік еткен. Осыған байланысты қазақ даласында мал шаруашылығы қауырт дамығанмен, егін шаруашылығы ойдағыдай өркен жаймаған. Мұндай қоғамдық құбылыс әсіресе XVIII ғасырдағы хан-сұлтандардың хаттарынан сирек те болса кездесіп қалады. Мысалаы, Чяңлұңның 51-жылы 2-айдың 25-күнгі (1786 жылы 24 наурыз) Тарбағатай амбаны Хүйлиңның патшаға жіберген мәлімдемесімен бірге жолданған Әбілмәмбет ханның немересі – Жошы сұлтанның хатында осыған қатысты мағлұмат ұшырайды. Онда былай хатталған:

خان خوجه وانک بوڧى تاجى اغادى تاجى قيرغيز غه جريك قيبل اتلانب ايردى لار جوشى كونک قَدئى اويده ايردى لار قَدئى اينيم خوداى تعلی نيک بويروغين بويروب قالدی جووجک داکی خب امبان غه يخشى يمان سوزوم نيک

قدى نيك قالغانىنى نيك بيلدوره يباردوك قدى نيك قالغانى ربيع الاخر آينيك پسكز كوني ينجى كوني يكشنبه كوني يركا قبولغان كوني دوشنبه و ينه سوز بوكيم خدمت لارى كه پتك پاتور جولدى باى بوستان نيك بيلدوره يباردوك خب آمان كه ايكي آط بيلك يباردوك و ينه بر آط يباردوك انكه كورونج آلب قيران قليب يبارسونلار بيزنيك يريميزدا كورونج يوق قدى تاجى نيك يغيني كه بيزنيك جين ميز كورونج پسيز بولمايدور انيك اجون كورونج سورنتوك

...√±n √w±ja waŋ, Bofi taji, AṢaday taji qirṢizṢa čerik qilip atlanip erdilär. Joṣi guŋ, Qaday □ydä erdilär, Qaday inim ·ud±y ta‘älān□ŋ buyruṢin buyrup qaldı. Čowčakdaki ·□b ambanṢa ya-ṣi-yaman sözümnij, Qadayn□ŋ qalṢan□n□ŋ bildürä yibärdük. Qadayniŋ qalṢani rabı‘ al-ā-ir ayniŋ sekizinči küni yekšanbe küni, yergä qoyulṢan küni dušanbe. Wa yenä söz bu kim, ·izmatlar□ga Bitik batur, Joldıbay, Bostann□ŋ bildürä yibärdük. √□b ambanga eki a≈ biläk yibärdük, wa yenä bir a≈ yibärdük, aŋa kürünč alıp qayran qilip yibärs□nlär, bizniŋ yerimizdä kürünč yoq Qaday tajiniŋ yiṢiniŋa. Bizniŋ jiy□n□miz kürünčsiz bolmay dur, aniŋ uçün kürünč surat(t)uk...

...Ханқожа уаң, Бопы тайжы, Ағадай тайжы қырғызға қол бастап аттанып еді, Жошы, Қадай үйде едік. Қадай інім Құдай тағаланың бұйрығымен қайтыс болды. Шәуешектегі хыб амбанға жақсы-жаман сөзімізді – Қадайдың қайтыс болғанын білдіре (кісі) жібердік. Қадай раби алахр айының 8 күні жексенбі қайтыс болды, жерге қойылған күні дүйсенбі. Тағы да демекшіміз мынау: қызметтеріңізге Бітік батыр, Жолдыбай, Бостанды жібердік. Хыб амбанға екі ат тарту еттік. Тағы бір ат жетектеттік, оған күріш алып жіберіңдер, біздің жерімізден Қадай тайжының жиынына (қажетті) күріш табылмайды. Біздің жиынымыз күрішсіз болмайды, сол үшін күріш сұраттық... (1, 163-165).

Хат жолдарынан байқағанымыздай, қазақ жерінде Қадай сұлтанның нәзір-құзырына қажетті күріш жоқ екені баса дәріптелген. Соған байланысты арнаулы ат жетектетіп, оған күріш айырбастап келуді тапсырған. Міне, бұл – сол тұстағы қазақтардың күнделікті тұрмысының бір қиығы.

Тұрмысқа қажетті мұндай бұйымдардан сырт, қазақ хан-сұлтандары тағы дәрі-дәрмек сұрата хат жазған. Мұндай мәліметтерді Абылай, Уәли ханның хаттарымен қоса Әбілпейіз сұлтанның хатынан да оқи аламыз. Мысалы, Чяңлұңның 45-жылы 12-айдың 17-күнгі (1781 жылы 11 қаңтар) Тарбағатай амбаны мәлімдемесімен бірге жолданған Әбілпейіз сұлтанның хатынан дәл осы мазмұнды кезіктіруге болады. Онда былай делінеді: و ينه پسيزلارنيك كوتج بيلان بيزلاردين پوراتقان قاجغونيكزنى بيزدين هم قاجيب كيتى ديب ينه پسيزلاركه كوتج بيلان معلوم قىلپ يردوك ايمدى نجه كونلاردين پسونك ايزلاديب پوراتيپ ايرتيش ياغيغه اورويسغه قاجيب ايركان قازاق تيريپ تامغالى نايمان اوشلاغان ايكان شو اوشلاغانين ايشتيب اوزمدين كشى يياريب آلتوروب قولين و هم اياغين تيمور كيشان پساليپ بيكوتيب چاچوباي غه تابشوروب بيردوك پسيزلارنيك قولونيكزغه امان ايسان يتكوروب بيركيل ديب ينه الله تعالى نسيب <ار. نصيب> قىلپا كوب ييل لارغه ايسان خان نينك ينه خزمتين قىلپ توراربيز چالى ميز يتكونجه پسيزلارنيك يورتى نكز اولكان يوروت ديب پسيزدين پوراتغان بويو موميز بوكم بير بالاميزنينك كوزى كيزك آيب اغريب دور شونكا عيلاج قىل غالى بر دارو ييارا كورنك البته كوزكه آق توشكان نى كيتارا توغان دارونى پسيز بيلاپسيز

...Wa yenä sizlärnij Köt□č bilän bizlärdin soratqan qačṢunijizni bizdin ham qačip ketti dep yenä sizlärgä Köt□č bilän m‘al≠m qilip erdük. Emdi ne□č□ künlärdin soŋ izlädip, suratip Ertiṣ yaṢiṢa orusṢa qačip erg□n qazaq teristamṢali nayman uṣlaṢan ek□n. Ṣu uṣlaṢan□n eṣtip özimdin kiṣi yibärip alturup, qolın wa ham ayaṢin tem□r kiṣ□n salip bekütip ⊕±jubayṢa tapṣurup berdük, sizlärnij qolunij□zṢa am±n-esän yetkürüp bergil dep. Yenä all± ta‘±± nasib [sic.<na↑αb] qılsa köp yıllarṢa es□n ·±nnij yenä ·izmat□n qilip turarbiz Ø±lümüz yetkünč□.Sizlärnij yurtijiz ülkän yurut dep sizdin suratṢan buyumumuz bu kim, bir balamizniŋ közi kez□k alıp aṢrip dur, ṣoŋa ‘il±j qilṢali bir d±r≠ yibärä k□rün albatta. Köz□ aq t□škanni ket□r□ tuṢan d±rt≠ni siz biläsiz...

...Сіздердің Көтеш арқылы бізден сұратқан қашқындарыңыз қашып кетті деп және де Көтештен өздеріңізге мәлімдеген едік. Бір қанша күндерден соң іздетіп, сұраттық, Ертіс жаққа, орысқа қашып жүрген қазақ Терістаңбалы найман ұстаған екен. Сол тұтқындағанын естіп, өзімнен кісі жіберіп алдырып, қолын һәм аяғын темір кісен салып бекітіп, сіздердің қолға аман-есен жеткізіп беріп кел деп Хажыбайға тапсырып бердік және Алла тағала нәсіп қылса, ұзақ жылдар халымыз жеткенше Ежен ханға тағы да

қызмет қыламыз. Сіздердің жұрттарыңыз үлкен жұрт деп сұратқан бұйымымыз мынау: бір баламыздың көзі кезек алып ауырыпты, соған ем болатын бір дәрі, сөзсіз, жібере көр. Әрине көзге ақ түскенді кетіретін дәріні сіз білесіз... (1, 146-147).

Бұдан сол тұста қазақ жағы кейбір ауру-сырқауға қажетті дәрі-дәрмекті көрші елдерден алдырғанын білеміз. Сондай-ақ ол науқастың қазақша қалай аталатынын әрі оның бүгінге дейін қазақ шипагерлігінде медициналық термин ретінде жалғасты қолданылып келе жатқанын байқаймыз.

2) Қазақ хандарының шежірелік жүйесін айқындайды

Ұзақ уақыттан бері қазақ хандарының ғылыми шежірелік жүйесі жасалмай келеді. Мысалы, кей кітапқа Қожа Махмұт, Тоғымдарды хандар шежіресіне кіргізсе, кей еңбектерде бұлар ауызға алынбайды. Әсіресе алдыңғы екі ғасырдан астам уақытта мұрагерлік жолмен билік басына келген хандардың жалпы жағдайын жорамалдап айтқанымызбен, дереккөздердің тапшылығы салдарынан, олардың қоғамдық өмірдегі болмысын, тұлғалық мінездемесін аша алмай келеміз. Ал жақынғы жылдар архив қорынан табылған хаттарда XIV ғасырдан бергі хандардың шежірелік жүйесіне қатысты мәліметтер сирек те болса кездесіп қалады. Мысалы, 1757 жылы (сиыр жылы) күз айларында Абылай мен Әбілпейіз Чиян Лұң патшаға хат жазып (қазіргі табылған нұсқасы тот-монғол тілінде жазылған), елші аттандырып былай дейді:

D≥re yeke q±ntandu bariba. Mini □b□g□ e∕ege E□im qan Yanggir q±n±sa n±r±n tani zarliq mandu k□r≥d □d□I belie. Odo zarliq sonos≠d maniyiki ailaduqu □lbein□ tuzi bayarl±d. Abulai bi k□b□□teni qasay bukud≥r albatutani bolba. Odo maniyiki yam±ra qairalaquyigi d≥r≥se ailaduqu □lbein□. Dol•n tolgoi e∕i arban nigg□le..

[muhr] Hasak i abulai i temgetu

Abulai i deo abilbis temgetu

Мәртебелі ұлы ханға бұл хатты жолдадым. Ұлы аталарым Есім хан, Жәңгір ханнан бері жарлығыңыз бізге жетпеген еді. Міне, жарлығыңызды естіп, халымызды қалай сұрар екен деп ойлап қуанып тұрмыз. Мен Абылай балаларым, барлық қазақ болып өзіңізге албатұ (Ежен ханға әскерлік міндет өтеу, алман-салық төлеу сияқты борыштарды өз үстіне алған қара халық, құлдарды меңзейді) болдық. Енді біздің хал-ахуалымызды қалай ұғысасыз, (осы туралы) жарлық түсірсеңіз (нұр үстіне нұр болар еді). Жеті елші, (жиыны) он бір кісі (жібердім).

Абылайдың таңбасы

Абылайдың інісі Әбілпейіздің таңбасы (2, 45-50)

Бұл хатта Абылай мен Әбілпейіз ұлы аталарын Есім хан, Жәңгір ханнан бастайды да одан арғы ата-бабаларына соқпайды. Мұнда айтылып отырған «Есім» Шығайдың баласы да «Жәңгір» Есімнен тарайды, араларында өзге хан жоқ.

Ал Чянлұнның 40-жылы 10-айдың 15-күні (1775 жылы 7 желтоқсан) Іле генералы мәлімдемесімен бірге жолданған хатында Әбілпейіз сұлтан өз ата-бабаларын былай таратады:

يوقارى بوغدا اذین خان نیک ایسان لیکى نی تیلایمز کوب یلی لارغه اولکان اتامیز اولدی ایمدی که هر نه داد عرضمیز بولسه بوغدا اذین خانغه معلوم قیلامیز ایشم خان جهان کیر خان توکا خان فولات خان اتام ابوالمحمد خان اوتوبدور نجه اتا بپام که اوتوبدور ترکستانه دیکن یورتغه خان بولوب اوتوب دور بزلارنیک وقت میزده اونکه اعا اینمیز یورت نی اولشیب الامن دیب یوریدور بورون یورتقه دخلی یوق کشی لار ایمدی الامن دیب یوریدور بورون اتامیز برده بولسه یوروت ولایت بز لارنیک قولامیزده اپدی

Yoqarī boƣda a/en ±nniñ esänlikini tiläymiz köp yil□larƣa. Ülkän atamiz öldi, emdi ke har ne d±d ‘arzmiz bolsa boƣda e/en ±nƣa ma‘l±m qilamiz. Ešim ±n, Jah±nger ±n, Tawka ±n, Folat ±n, atam Ab≠ al-MuØammad ±n öt□p dur, nečä ata-bab±mga ötüp dur, Turkistan degän yurtƣa ±n bolup ötüp dur. Bizläрниñ waqtmizda öngä aƣa-inimiz yurtni öleşp alamän dep yuridur. Burun yurtqa da-li yoq kišilär emdi alamän dep yuridur. Burun atamiz barda bolsa yurt, wal±yat bizläрниñ qolamizda edi...

Жоғары Боғда Ежен ханның есендігін ұзақ жылдарға тілейміз. Үлкен атамыз өлді, енді қандайда бір дәт-арызымыз болса Боғда ежен ханға білдіреміз. Есім хан, Жәңгір хан, Тауке хан, Болат хан, атам Әбілмәмбет хан өтіпті, Түркістан жұртына хан болып неше ата-бабам өтіпті. Біздің уағымызда, өзге аға-ініміз ел-жұртты бөлісіп аламыз деп жүр, бұрын жұртпен қатысы жоқ кісілер енді аламын деп жүр. Бұрын атамыз барда жұрт, аймақ біздің қолымызда еді... (1, 108-110).

Бұл үзіндіден байқағанымыздай, Әбілпейіз сұлтан бұрынғы өткен ата-тегіне тоқталғанда Абылай хан сияқты Есім ханнан бастайды да әкесі Әбілмәмбетке дейін жеке-жеке атап өтеді әрі олардың Түркістан қаласына иелік етіп келгенін айтады. Жоғарыдағы дереккөздер арқылы Есім ханнан бергі қазақтың ұлы хандарының ретін тұрақтандыруға болады. Бір қызығы Абылай да Әбілпейіз де арғы аталарының санын алты атадан асырмайды. Ендеше, не үшін одан арғы аталарын ауызға алмаған? Қазірше бұған үзілді-кесілді жауап бере алмағанымызбен, мынадай екі жақтан жорамалдауға болады: біріншіден, қазақтың жеті ата ұғымына сай Есім ханнан арғы аталарын әдейі атамаған болуы ықтимал; екіншіден, бұл хаттар түгелдей Чиң патшалығына жіберілгендіктен, Чиң патшалығының құрылған уақытын ескеріп, сонымен тұспалдас дәуірде хан болған аталарынан бастаған болуы мүмкін.

3) Қазақ-ойрат байланысын зерттеуде тарихи деректермен қамдайды

Қазақтар мен ойраттар арасындағы түрлі қарым-қатынас әріден бастау алады. Мұндай байланыстар бірде өзара қырғи қабақ танытып, қол бастап жауласумен аяқталса, енді бірде екі жақ ара ымыраға келіп, тату-тәтті өмір кешіріп, қыз алысып, қыз берісудей құдандалы қарым-қатынас төңірегінде дамиды. Тарихи деректерге жүгінсек, екі жақ билеушілері арасындағы құдандалы қарым-қатынас өз жалғасын табумен қатар, мұндай қоғамдық барыс-келістер тіпті қарапайым бұқара арасында да жиі орын алған. Бұлардың дені қос тараптың өз қалауымен іске асқан болуы мүмкін деп жорамалдағанымен, торғауыттардың шығысқа оралу науқаны тұсында (1771 жылдары), бұл түрдегі қарым-қатынас үдерісі көбінесе барымталау жолымен жүзеге асқан сыңайлы. Осының салдарынан, кейін олардың ішінен орайы келгенде бала-шағасын ертіп немесе тастап шекара асып қашқандары да болған (3, 29).

Бұндай мәліметтер сол тұста жазылған манжурша мәлімдемелерден сырт, қазақ хан, сұлтандарының хаттарынан да кездесіп отырады. Мысалы, Чянлұң жылнамасының 42-жылы 12-айдың 21-күні (1777 жылы 19 қаңтар) Тарбағатай амбаны Киңгүйдің мәлімдемесімен бірге жолданған Әбілпейіз сұлтанның хатында осындай мәліметтер ұшырайды. Онда былай делінеді:

يوغارى بغدا ازین نیک خمت نی قلیب تربغاتای زارکین بلیب بلاب تورغان جانکجونک جوکاجاکدای امبانلارغه ابوالفیض وانک دعا سلام دیکجه پوز بو کم پیزلارنیک اپین لیک کیزنی بلیب کل دب خطا پتدوک تورت اغول نایمان نیک اورلات خاتونی برات آی نیک اون پسیزی ایکی بلاپنی الیب پیزکا کردی یمان بای نیک اوز بلاپی بر اغول نیک آتی قوی بغار اوزی اون بر یاشدا بری تورت آی لبق بو یل تغان عقیل نه یتمکان بلار اناپسی الیب کاتی شول بلارنی سیزدین تلایمیز اناپسی بلان قایران قلیبانکیز پسواب <ار. ثواب> بلور الجی قلیب ایکی کشی میز اکادی نی ییردیم ایکی کوتال بیلان بلاک ایکی آط ییردینم خط برسکیز بیزکا مسلمان جه خط برینک البته البته
[مهر] ابوالفیض بهادر سلطان

Yoṣarı boṣda ezenniṅ ·i(·)matn□ qilip, Tarbaṣatay z□rkin bilip, biyl□p turṣan janjuṅ, Ṣogačakdaki ambanlarṣa Ab≠ al-Fay← waṅ(d□n) du^{TM±} sal±m. Deg□č□ söz bu kim, sizlärniṅ esenlikkizni bilip kel dep ·a≈a pitdük. T□rt oṣul naymanniṅ orlat ·at≠ni bar±t ayniṅ on sekizi eki balsini alip sizgä kirdi. Yamanbayniṅ öz balasi, bir oṣulniṅ atı Qoybaṣar, özi on bir yaşda, biri t□rt ayliq, bu yıl tuwṣan, TMaql□na yetmägän, balar[n□] anasi alip k□t(t)i. Ṗol balarni sizdin tiläyimiz, anasi bilän qayran qilsañiz sawap (sic.<↓aw±b) bolur. Elci qilip eki kiṣimiz Agadayni yibärdim eki kutal bilän, biläk eki a≈ yibärdim. √a≈ bersañiz bizgä musulm±nča ·a≈ beriṅ albatta-albatta.

[muhr] Ab≠ al-Fayṣ Bah±dur Sul≈än

Жоғары Боғда Еженге қызмет етіп, Тарбағатай жерін билеп тұрған генерал, Шәуешектегі амбандарға Әбілпейіз уаңнан дұғай сәлем. Демекшім мынау: сіздердің есендіктеріңізді біліп кел деп хат бердік. Дөртуіл найманның ойрат әйелі барат айының 18 күні екі баласын алып сіздерге барды. Жаманбайдың өз баласы, бір ұлының аты – Қойбағар, он бір жаста, енді бірі – төрт айлық, биыл туған, ақыл тоқтатпаған. Балаларды анасы алып кетті, сол балаларды өзіңізден тілейміз, анасымен қайтарып берсеңіздер сауап болар еді. Елші етіп екі кісімізді, Ағадайды екі қосшысымен жібердім, екі ат тарту еттім. Бізге хат берсеңіз сөзсіз мұсылманша хат жазыңыз.

[мөр] Әбілпейіз баһадүр сұлтан (1, 138-140)

Жоғарыдағы құжат мазмұнынан біз бұл жолы қазақ жерінен шегара асқан қашқындардың жалпы саны мен аты-жөндерін, сондай-ақ Әбілпейіз сұлтанның олардың соңынан қуғыншы жібергенін әрі жергілікті әкімшіліктегілерге тартуға арғымақ ұсынғанын анық ұғына аламыз. Сонымен қатар, қарсы тараптан мұсылманша (қазақша) хат жазуын талап етеді. Мұны тот-монғол тілінде жазылған хаттарды ендігі жерде оқи алатын адамдардың қалмауымен байланыстыруға болады.

4) Қазақ-қырғыз байланысын зерттеуде тарихи дереккөздермен қамдайды

Қазақтар мен қырғыздар – ұзақ тарихтан бері көрші халықтар, ауылы аралас, қойы қоралас, бір-бірімен құдандалы барыс-келіс жасасып келген. Сөйте тұра кейде өзара мал барымталап, қол бастап қақтығысқан кездері де аз емес. Тарихи деректемелерге жүгінсек, қазақтар мен қырғыздар арасындағы әскери қақтығыстар әріректен бастау алады яғни 1765 жылдан кейін Абылай бастаған қазақ қолымен қырғыздар, қоқандықтар арасында үнемі соғыстар туылып отырған (3, 59). Қазақ-қырғыз арасындағы қақтығыстар дегенде көбінде шығыс қырғыздары мен жетісу өңірінің оңтүстік аймақтарындағы қазақ ру-тайпалары арасында болған қақтығыстар меңзеледі. Қазірге дейін табылған қазақша хат-қағаздар ішінде қазақ-қырғыз арасындағы түрлі қарым-қатынасты бейнелейтін хаттардың саны біршама мол. Мысалы, Чялұң жылнамасының 40-жылы 6-айдың 15-күні (1775 жылы 12 шілде) Іле генералы Ильтұның мәлімдемесімен бірге жолданған Әбілпейіз сұлтанның хатында қырғыз-қазақ арасындағы қақтығыстар сөз болған. Онда былай делінеді:

من اوزوم اتا يورتیغە بارغانمیدا قرغز جیت ایلدین یلقی الدی انکا خان خواجه طوره براق باتور تورت مینک کشی برلان بارغان ایکن قرغز ایل بولامن اق اوپلی بره من دیب قزاق نی اون یته کون قوندوروب قایتا بولاب الیب دور تخی قایتا کلیب جافراشلی دیکن ایل نی اولجا یسیر قلیب الیب کتیب دور اندین آبلای خان من برکه ایکی تمن کشی بولوب تورت منک کشی سی نی الدوق ایلجی کلکاندین سونکرا ایل بولامن اق اوپلی بره من دیب الجی کلدی ایدی بری میز قرغز قزاق اذین خان نیک البوت سی بز خوب بلور دیب بری توشکن کشی نی بر قرادین دیب ایباردوک قرغز بز نیک کشی نی بومغجه ابرمایدور کلکانی هم بار کلماکانی هم بار جانکجونک غه ابوالفیض وانکدین ایکی ات بلک خان خواجه دین بر ات بلک فوفی نیک یولداش شاه سیّد توبت منکای بابوق بایر تولوکا سرطان آی نیک یته پیسی کونی بتلدی

[مهر] ابوالفیض بهادر سلطان

...Men özüm ata yurt□ṣa barṣanımda qırṣız čet eldin yilqı aldı, aña √±n √w±ja töre, Baraq batur tört mñ kiši birlän barṣan ekän. Qırṣız el bolamin, aq □yli berämin dep qazaqni on yeti kün qondurup qayta bulap alıp dur. Ta-ı qayta kelip □af□rašlı degän elini olja-yesir qılıp alıp ketip dur. Andin Ablay ·±n, men birgä eki tümän kiši bolup tört mñ kišisini alduq. Elči kelgändin soñra el bolamin, aq □yli berämin dep elči keldi. Ay(t)dı, bärimiz qırṣız, qazaq e/en ·±nniñ albut□si. Biz ≠p bolur dep beri tüškän kišini ber qaradin dep ibärdük. Qırṣız bizniñ kišini bormaṣača ibärmäy dur, kelgän ham bar, kelmägän ham bar. Janjuṣa Ab≠ al-Fay⇐ wañdin eki a≈ biläk, √±n √w±jadin bir a≈ biläk. Fofiniñ yolda□□™±h Sayyed, T□bet, Mññbay, Babuq, Bayar, Töl□wkä. Sara≈±n ayniñ yetisi küni bitildi.

[muhr] Ab≠ al-Fayž Bah±dur Sul≈än

...Мен өзім атамның жұртына барғанымда, қырғыз ел шетінен жылқы барымталады. Оған Ханқожа төре, Барақ батыр төрт мың кісімен барған екен, қырғыз «ел боламын, ақ үйлі беремін» деп қазақтарды он жеті күн қондырып, қайтадан бұлап алыпты. Тағы қайта

келіп, Шапырашты деген елді олжа-жесір етіп алып кетіпті. Онан кейін Абылай ханмен бірге екі түмен кісі болып барып, төрт мың кісісін алдық. Ел боламын, ақ үйлі беремін деп елші келгеннен кейін, қырғыз-қазақ бәріміз Ежен ханның албатұсымыз, жөн көрдік деп, бері түскен кісілерді бері қарадың деп қайтардық. Қырғыз біздің кісілерімізді бармайынша жібермейді, келген де бар, келмеген де бар. Генералға Әбілпейіз уаңнан екі ат, Ханқожадан бір тарту. Бопының жолдастары – Шаһсейт, Төбет, Мыңбай, Бабық, Баяр, Төлеуке. (бұл хат) саратан айының 7-күні жазылды.

[мөр] Әбілпейіз баһадүр сұлтан (1, 130-132)

Жоғарыдағы хат мазмұнынан байқағанымыздай, XVIII ғасырларда қазақ-қырғыз арасында мал барымталап, ел жаулау әрекеттері жиі туылып отырған. Мұны тек қазақша құжаттардан ғана емес, басқа тілдерде жазылған тарихи деректерден айқын байқай аламыз. Дегенмен мұндай қақтығыстар көп жағдайда қырғыздар жағынан бастау алатын көрінеді.

Қортынды

Мақаламызда жошы ұлысының мұрагерлерін арқау ете отырып, қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі хандар мен сұлтандарға арнаулы тоқталып, олар тарапынан жазылған хаттардан ситат келтірдік. Бұл құжаттар хандық дәуірдегі қазақ қоғамының әр қырын, айталық ішкі саяси өмірі мен сыртқы қарым-қатынасының жай-жапсарын жете түсінуімізге түп негіз болатын тарихи дереккөздер болмақ. Әсіресе қазақ қоғамының ішкі жан-дүниесін танып білуде, оның ойрат, қырғыз сияқты көрші халықтармен болған әр түрлі барыс-келістерін (кейде араларында достық орнаса, кейде өзара жауласу да жүз береді) жан-жақтылы зерттеуде аса қажетті тарихи жазба материалдар болып есептеледі. Сонымен қатар, бұл құжаттардың қазақ тарихы мен мәдениетін зерттеуден сырт, қазақ хандығы тұсында жаппай қолданысқа түскен жазба тілдің ерекшеліктерін айқындауда, оның теориялық негіздерін қалыптастыруда ауадай қажет тарихи жазба деректер екенін аңғаруға болады.

Әдебиеттер

1. Әбділәшімұлы Д. Жұңго бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2016. – 278 б.
2. 小沼孝博「清朝とカザフ遊牧勢力との政治的関係に関する一考察——中央アジアにおける「エージェン—アルバト」関係の敷衍と展開——」『アジア・アフリカ言語文化研究』. – 2006. – №72. – 39-63 б. (Жапон тілінде)
3. Әбділәшімұлы Д. Ойраттарға қатысты жазылған қазақша мұрағат құжаттарынан бір нұсқа. Ойраттар туралы зерттеу. – 2018. – №4. – 28-41 б.

АҚТАМБЕРДІ САРЫҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Т.Ә. Әпендиев

PhD

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты
ҚР ҰҒА президентінің көмекшісі

Қазақ тарихында жыраулық мектептің ірі өкілі, дипломат, халық арасында батыр ретінде де танылған атақты Ақтамберді жырау 1675 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан өңірі, Қаратау маңында дүниеге келіп, өзінің бар ғұмырын елі мен жерінің тағдырына арнаған. Ақтамберді жырау 1768 жылы, кей деректерде 1869 жылы қайтыс болған деген

мәліметтер сақталған. Әрі жырау, әрі батыр Ақтамберді өзінің жалынды жырларымен жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі болды. Оның өмір сүрген кезі Абылай ханның заманына тұстас келіп, ол өзінің жыраулық, батырлық және елшілік қызметтерімен танылды.

Ақтамбердінің танымал болуына оның жыраулық қасиеттері мен қабілеттері ықпал етті. Өзінің өткір тілімен ол барлық қоғамдық ортада көзге түсіп, қазақ хандары мен сұлтандарының алдына шығып отырған. Ақтамбердінің жыраулық сөздері «Ақтабан шұбырындыдан кейін Ордабасыда өткен бүкілқазақ жиынында көрінді. Оның жоңғарға қарсы айтқан сөзі қазақ батырларының жауға қарсы аттануына үлкен дем беріп, қазақ әскерінің рухын көтерді [1, 189 б.].

Қазақ әдебиеті мен тарихында жыраулар поэзиясының орны өте ерекше екендігін айта отырып, Ақтамбердіні сол заманның және сол поэзияның ажырамас бөлігі болғанын ерекше көрсеткен жөн. Қазақ хандығы дәуірінде жыраулар өздерінің поэтикалық монолог-толғауларында маңызды мемлекеттік проблемалармен қатар, әдеп пен мораль, ар-намыс пен қадір-қасиет мәселелерін қорғады. Өмір мен өлім туралы, дүниенің құбылмалылығы мен жалғандығы туралы өз ойларын жыр-толғаулары арқылы жеткізді. Жыраулар поэзиясы ұлттық болмысымыздың қалыптасуында аса қуатты ықпалдылығымен ерекшеленді. Мемлекетті басқарған хандардан бастап, балаға тәлім-тәрбие беретін эстетикалық есті дүниелер қалдырды.

Соның ішінде атақты Ақтамберді жырау – қолбасы, қазақтың жыраулық мектебінің белді өкілі, мәмілегер. «Он екіде аттанып, қылыш ілдім білекке» - дегеніне қарағанда, күреске ерте араласқан жауынгер жырау санатына жатады. Тұрмыстың қыр-сырын, отбасы, елдік, ерлік, жер мәселелерін жырларында жақсы бейнелеген. Ақтамберді жырау – қысқа да нақыл, шешен сөздердің шебері [2, 15-16 бб.]. Көңіліне түйгенін, піскен ойын шашыратпай, шиыршық атқан күйінде айтып кете берген. Эпикалық кең тынысты туындылары да болуы мүмкін. Бірақ қолымызға әлі қомақты дүниелері түсе қойған жоқ. Ақтамберді жырау – эпикалық жанрдың да ақыны. Өзінің жырларында ол батырлардың ересен ерліктерін асқақтатып береді.

Ақтамберді шығармашылығы – жыраудың ауыз әдебиетінен бөлініп, жеке отау тіге бастағанына дәлел. Халық даналығын көркейтіп, одан әрі жетілдіруші, сөз өнерін жаңа өрге апарушы ретінде көрінеді. Соғыс алаңында, сөз майданында қатар көзге түсу – екінің бірінің қолынан келе бермейді. «Ел күйінгенде күйінген батыр, ел сүйінгенде сүйінген батыр – ерегісте мыңға татыр» демекші, Ақтамберділердің өзі де, сөзі де мыңға татитыны рас. Халқына қымбат жыр сыйлаған жүйріктердің қашанда бағасы өлшеусіз болмақ. Өз уақытының әркез озық ойлы кісісі болу жеңіл міндетке жатпайды. Жырау – көрген-білгеннің бәрін тізе бермейді, көкірегіне түйгенін салмақтап, саралап қана сыртқа шығарады. Жыраудың халық үшін қадірі – сонда жатса керек. Суырып салмаға да (импровизация) іштей дайындық қажет, ондай әзірлікті жырау ауыз әдебиетінен алады, халық шешендігінен үйренеді. Осындай жақсы үйренудің нышандарын Ақтамберді поэзиясынан көреміз [3, 267 б.].

Ақтамберді өз ғұмырнамасын толғауларына көркемдік қуаты зор, келісті нақыштармен түсірген. Шығармалары зиялы зергердің қолтаңбасын танытады. Әлі де қолға түспеген толғаулары ел аузында сақталуы ықтимал. Қазіргі уақытта бірқатар өлең-жырлары жарияланды. Ақтамбердінің «Балаларыма өсиет» деп аталатын толғауы соңғы туындылардың бірі болса керек. Жырау балаларын тірліктегі бірлікке, талап мұратқа, татулыққа үйретеді. Жас ұрпақтың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруы елді мақсатына жеткізерін ескертеді. Халықты алауыз мінезден сақтандырады. Ақтамберді сияқты жыраулар билеушілердің және халықтың жоқшылық дегенді білмей, молшылықта өмір сүрмек қоғамының мінсіз бейнелерін жасады.

Ақтамберді жыраудың өлең-жырларындағы негізгі сарын – ерлікке үндеу, жауға қарсы күреске жігерлендіру. Ол жау табанында қалған жерлерді азат етуді аңсайды, бүкіл қазақ болып бірігіп атқа қонуды, жоңғарларға күйрете соққы беруді армандайды. «Балпаң-

балпаң кім баспас», «Жауға шаптым», «От басар орны отаудай» секілді біраз жырларында жұртшылықты ата жаумен шайқасқа шақырады. Ел қорғау жолында өлген ерде арман жоқ деп біледі. Ол – суырыпсалма сөз өнерінің жетік өкілі. Шығармалары табан асты шығарылып, ауызекі таралып, ел есінде сақталу арқылы жеткен. Оның жауға шығу туралы өлеңдері қазақ әскерилерінің арасында таралған ұран сияқты болды [2, 16-17 бб.].

Ақтамберді жырау жоңғар басқыншыларына қарсы өліспей беріспейтін шайқасқа шақырған халық жаршысы, өз шығармаларында ол қазақ халқының бейбіт және еркін өмірі туралы, әлеуметтік қайшылықтар жойылып, халықтың ізгі мұраты мен үміті орындалатын заманды армандады. Халық оны жоңғарларға қарсы жорықтар кезінде қол бастап, ерлік көрсеткен батыр, өзінің өжет те өткір сөздерімен қауымға әсері күшті болған жалынды жырау деп санайды. Осының негізінде Ақтамберді өзінің жыраулық өнерінен тыс батырлық қабілетімен де көзге түсті. Бұған оның XVIII ғасырдың 20-жылдары жоңғарлармен болған шайқастарға және қазақ шекарасында туындаған қақтығыстарға қатысуы дәлел бола алады. Оның қазақтардың жоңғарлармен соғыста тек жырлармен ғана емес, сонымен бірге қол бастап соғысқа шығуына осы кездегі аймақтағы геосаяси жағдай себеп болды.

Ақтамберді Қазтуған, Шалгез, Доспамбет, т.б. ақындар сияқты өлең сөзде өздерінің көкірегін қаққан жоқ, сол өздері өмір сүрген ортаның мақсат-мүддесін поэзияға ала келді. Кейбір тарихи мәліметтерді, яғни біз көп байқай бермейтін жайды олар шешендік сөз маржандарымен жеткізді. Кейбір моральдық, эстетикалық мәселелерді де қамти жүрді. Ақын, жыраулардың сөзі қай заманда да жаңа қырынан ашыла береді. Әр ұрпақ, әр ғасыр әрқалай оқып, қабылдауы мүмкін. Терең афоризмдер туралы түсініктер түрліше болуы мүмкін, бірақ нағыз көркемдік маңызы ешқашан жоғалмақ емес. Сондықтан олар халық есінде мәңгі жасап келеді.

Жыраудың бірінші туындылары жас Ақтамбердінің жоқшылыққа ұшырап, адамгершілік-жан күйзелісін бастанкешірген кезеңде туған болса керек. Онда тағдырына налу, жалғыздығына, кедейлігі мен дәрменсіздігіне мұңаю басым. Лирикалық кейіпкер жападан-жалғыз және қорғансыз, көп қорлық көріп, өзін жапан жұртта жалғыз қалғандай сезінеді. Ол мұңайып, өзін бар күшін көрсетіп, өзін-өзі қорғай алатындай жасқа тезірек жеткісі келеді. Ол жақсылыққа деген үмітке бөленіп, өзі мен жұрт санасатын күнді армандайды. Оның екінші туындылары табандылық пен ерлік рухынан туған [4, 453 б.]. Ұлы жыраудың пайымдауынша, ел басына қиындық түскенде сыналар және елі үшін жанын отқа салуға даяр жігіт қана ер атанбақ. Ақын заманы мұқтаж етіп отырған ер-азаматты үлгі етіп, әр тұста елі үшін ерлік көрсете білуге үндейді.

Даңқты жыраудың артында қалған рухани қазынасының ең негізгілеріне кішкене тоқталып өтсек, оның «Күмбір-күмбір кісінетіп», «Уа, қарт Бөгенбай», «Менімен, ханым, ойнаспа», «Жауға шаптым ту байлап», «Заманым менің тар болды» және т.б. өлең-толғаулары батылдыққа, ізгілікке, отансүйгіштік күй-сезімдерге толы. Бүгінде Ақтамберді жыраудың 26 туындысы белгілі. Олар тақырыбы жағынан үш топтан тұрады және тиісінше жауынгер-ақын өмірінің үш кезеңін: жастық шағын, толысып, даңқы шыққан жылдарын және егде тартқан кезін бейнелейді [4, 554 б.]. Ақтамберді жырларында азаттық күрестің басты мақсаты өз алдына ел болу, төгілген қанның өтеуі бейбіт тіршілік, азат ел, мамыражай тіршілік дегенге саяды. Оны «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заманда тәуелсіз елдің тыныштығын ел арасындағы дау-жанжал бұзбаса, береке-бірліктің құтын қашырмаса деген тілек қатты толғандырады.

Ақтамберді жырлары сол уақыттағы қазақтардың саяси-әлеуметтік жай-күйінен, тұрмысынан, арман-мақсатынан, өмір сүру деңгейі мен қазақ ауылының күнкөріс жағдайынан мол мәлімет береді. Қазақ хандығының бытыраңқылыққа ұшырағанынан соң қазақ халқының жан-жақтан анталап келе жатқан сыртқы күштердің отарлық және жаулаушылық әрекеттеріне қатысты ұстанымдарын көрсетеді. Жыраудың ойынан туған толғауларын сол кездегі халықтың мінез-құлқы мен болмысы, өмірге деген көзқарасы мен жалпы философиясы суреттеледі.

Жалпы Ақтамберді толғауларының өн бойынан Отанға деген сүйіспеншілік, ерлікті әспеттеліп, ел тәуелсіздігін ардақтаған отты жырларды байқаймыз. Әсіресе жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» деген ұзақ толғауының екпіні ерекше. Осы жыры ұзақ толғаулардың бірі саналып, онда сонымен қатар сол замандағы қазақтардың қонақжайлығы мен көшпелі өмірге негізделген тіршілігінің ерекшеліктері айтылады [5, 23-32 бб.].

Ақтамбердінің қаламынан туған жырлар мен өлеңдерінде шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне, оның кейіпкерлеріне сипаттама беріледі. Оның жырларында белгілі бір рөл сомдаушы кейіпкердің іс-қимылы мен әрекеттері көрсетіліп, жырау сол арқылы өз ойын суреттейді. Осы тұста жыраудың еңбектерінде сол замандағы халықтың тұрмысы мен тіршілігі және күнкөріс мәдениеті – этнографиясы мен оның құндылықтары да сипатталады. Атап айтқанда, ұлттық наным-сенімдер, қазақтардың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, күнкөрісі мен мәдениеті шынайы негізде бейнеленген. Оның жырларының халық арасына тез таралуына ықпал ететін басты жағдай – оның жырлары мен толғауларының шынайылығы. Ақтамберді жырларының ең басты құндылығы – тарихи және деректік материал болуында. Оның жыр-толғауларында келтірілген фактілер сол замандағы қазақтардың тарихын зерттеу үшін құнды ауызша деректік материал болып, олар көптеген тарихи оқиғалардың бетін ашуға көмектеседі.

Ғылымда мұндай деректердің әр алуан түрлеріне талдау жасаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Тарих ғылымында тарихи деректерді талдау мен баяндаушы авторлардың мәліметтерін талдауға әртүрлі тәсілдер қолданылады. Деректердің түпнұсқамен дәлдігін анықтау мәтінді айқындауды, деректі түсіндіруді және оның пайда болуын зерттеуді қажет етеді. Деректерді талдау жұмыстарында ауызша мәтінді дұрыс оқу және түсіну, кейіннен енгізілген толықтырулар мен қосымшаларды анықтау, олардың түпнұсқаға қатынасын ашу, егер түпнұсқа болмаса, онда мәтіннің тарихын және бастапқы авторлық нұсқасын қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Сол сияқты Ақтамберді жыраудың да өлең-жырлары ауқымды мәлімет көздерін беріп, ол әлі де толықтырылу үстінде.

Ақтамберді жырларының келесі бір маңызды құндылығы – көркемдік, эстетикалық, танымдық, философиялық негіздерінің өте жоғары деңгейде болуында. Ақтамберді өз жырларында болып жатқан фактіні суреттеп, сонымен бірге айтылып отырған уақыттағы жалпы жағдайды түсіндіреді, табиғатты суреттейді, адамдардың түсінігі мен көзқарасын бейнелейді. Ақтамберді жырау өз ғұмырнамасын толғауларына көркемдік мәні өте терең, сөздерді әдемі нақыштармен келтірген. Оның шығармалары зиялы адамның қолтаңбасын танытады. Оның мұндай сарында жазылған осы күнге дейін қолға түспеген толғаулары ел аузында сақталуы ықтимал. Тағы бір ерекшелігі Ақтамберді жыраудың өлеңдері мен жалпы оның әдеби қазынасы афоризмдерге толы. Мұндай афоризмдер қоғам мен білімнің дауына ықпал ете алады.

Айта кетерлігі, Ақтамберді 10 жасынан бастап жыр шығарып, өз сөзін өлең шумақтарымен жеткізген. Сондай-ақ ол өзінің жаугершілік заманда туғанын түсініп, 13 жасынан қару асынып, жорыққа шыққан. Осылайша, оның бойында ақындық пен батырлық қасиеттері қатар дамыған. Ақтамбердінің бойындағы ерлік пен нағыз батырға тән қасиеттерді көріп, оның мұндай ерекшеліктерін жыраулық дарыннан бөлек нағыз батыр деп тануға болады. Ақтамберді соғыс қимылдарын өз назарынан қалдырмай, қазақ жауынгерлерін соғысқа бастап, өзі де оның арасында арпалыса қатысқандықтан халық арасында «Жорық жырау» деген атауды иеленді. Оның бойында ақындық пен батырлық қатыр жүріп, жыраулар арасында дара тұрды [6, 15-18 бб.].

Оның батырлық қасиеттерінің бірі – оның жас шағында абайсызда түркмендердің жорығына тап болуы. Бұл кезде қазақтар мен түркмендер арасынан барымташылық насырға шапқан, бір-бірінің ауылдарын шауып тұратын кез болған екен. Ел аралап жүріп, керуенге ілескен ол бір күні түркмендердің тұзағына түсіп қалады. Оның айналасындағы бірқатар адам да қиын жағдайға тап болады. Бірақ өз күшіне кәміл сенген Ақтамберді бірден айла тауып, өзін қоршауға алған адамдардың біразын садақпен атып түсіріп,

қоршаудан қашып шығады. Осыдан соң оның халық арасында қайсарлық және батырлық қасиеттері де таралады.

Көріп отырғанымыздай, Ақтамбердінің жыраулық шығармашылығы, негізінен, Отанын, елін, жерін жаудан қорғау, отбасы, ауыл-аймақ, ел намысын қорғауда жан аямау, т.б. ізгі қасиеттерге шақырады. Демек, мұндай қасиеттерді халық арасында дәріптей отырып, жастардың бойына ұлтжандылық пен гуманизмді сіңіру аса белсенді қоғамдық жұмыстардың бірі саналады. Қазақ хандығының саяси өміріне үлкен қауіп төндірген бұл дәуірдің жыраулар поэзиясындағы ерлік тақырыбын, мемлекеттің тәуелсіздігі мен оның даңқын арттыру жолында күрескен батырлардың ержүректігі мен қайтпас қайсарлығын жырлау ең өзекті мәселе болады [7, 395 б.].

Жаугершілік заманда өмір сүрген Ақтамберді жоңғарларды қазақ жерінен ығыстыру үшін қазақ жауынгерлерін өз жырлары арқылы соғысқа үгіттеген. Оның жырларынан сол соғыстың арасына өзі де батырлар сияқты кіріп кетуге дайын тұрғанын байқау қиын емес. Оның шығармаларының көбісінің жоңғарлармен соғысқа үндеуге арналғаны да осының бір айғағы бола алады. Оның батыр ретінде сезінгені өлең-жырларынан анық көрініп тұрады. Жастайынан қанды қырғынды көріп, соғыстың бел ортасында жүргені дала шайырының жігерін жани түскен. Майданда біраз қалмақтың басын қаққан Ақтамберді «Балпаң, балпаң кім баспас, Басарға балтыр шыдамас, Батырмын деп кім айтпас» - деп басталатын толғауында батырлыққа үндеп, дұшпаннан именбеуге ұран салады [8, 212 б.].

Аттан түспей соғыс қимылдарына араласуға аса ықпал еткен жағдай «Ақтабан шұбырынды» болды. Осы себепті ол жоңғарлармен соғыстың алдыңғы сапында жүрді. Ақтамбердінің жыраулық және ақындық өнерімен қатар батырлық, жауынгерлік қабілеттерінің артуына сол замандағы жаулаушылық зардаптары мен жоңғар шапқыншылығының әсері болған. Ол «Ақтабан шұбырынды» оқиғасының зұлмат қан кешуін бастан өткерген және есін білгеннен бастап 70 жыл бойы ат үстінен түспей, елі мен жерін қорғаған қас батыр, айтулы шешен, қабырғалы би, атақты жырау. Қазақ жауынгерлерінің азаттық, құлдық жөніндегі түсініктері, көшпелі халықтың тыныс-тіршілігі, болашаққа деген сенімі, адалдық-жауыздық, қиянат, әділетсіздік хақындағы таным-түсініктері Ақтамберді талғамынан өтіп, жыр-толғауға айналған [9, 29 б.].

Бір сөзбен айтқанда Ақтамберді жырау қазақ жеріне үлкен қауіп төндіріп, қазақтарға үлкен қысым жасаған жоңғарларға деген өшпенділігі аса жоғары болды. Ол өзінің қайсар мінезі мен батырлық қабілеттерін осы қалмақтарға қарсы соғысуға үнемі дайындап отыратын болған. Ол қазақтар мен жоңғарлар арасында 1738 – 1752 жылдары болған ірілі-ұсақты шайқастар мен қанды соғыстардың барлығына дерлік қатысқан. Ақтамберді, әуелде жоңғарлармен және оңтүстіктегі көршілермен болған қанды соғыстардың талауына қатысып, өміріне өте қауіпті сәттерді бастан өткізген. Бұл кезең өзі сондай аласапыран кезеңдердің бірі еді. Соғыста Ақтамбердінің сәтсіздіктерге ұшырап, соғыс майдандарында ауыр халге душар болған кездері де аз болмаған.

Жоңғарлармен соғысу оның өмірі мен шығармашылығына тікелей әсер еткенін де аңғару қиын емес. Қазақ батырларын жауға қарсы қоюда ол тез танылып, беделі артты. Ол, сондай-ақ, Абылай бастаған қазақтардың орталықтанған қазақ мемлекетінің тізгінін қайта ұстауына да ықпал етті. Қазақ жырауларынан тарихшылар Абылай ханның жанына көбінесе Бұқар жырауды қояды. Рас, Баба Бұқар Абылайдың ең жақын кеңесшісі, ой-пікірін бөлісер, ақылдасар адамы болды. Дегенмен, Бұқарды көбіне Абылайдың айналасынан іздей бермеу керек, себебі оның жанынан басқа да жыраулар табылған және солардың бірі Ақтамберді болды. Ақтамберді, Тәттіқара, Жанкісі жыраулар да Абылайдың замандастары болып, ханның жанынан табылған. Олар хан, сұлтандардың көлеңкесінде қалып қоймай, халықты қолтығынан демеді. Батырлық пен ақындық бойларына қабат дарыған XVIII ғасырдағы әдебиет өкілдерінің өзіндік оттылығы мол болғаны осыдан анық байқалады [3, 190 б.].

Ең маңызды факторлардың бірі – Ақтамбердінің заманындағы Қазақ хандығында орын алған саяси жағдайдың құлдырау процесі. Тәуке хан 1715 жылы қайтыс болған соң оның мұрагерлері хандықты басқаруға дәрменсіз болды. Мыс., Тәуке ханның мұрагері Қайып хан бытырау жағдайында тұрған мемлекетті бұрынғы қалпында берік ұстап тұра алмады. Мұрагерлер арасында таққа талас күшейіп, билікке ынтасы бар хан тұқымдарының, сұлтандардың топтары тарапынан билікке наразылық үдеді. Үш жүздің билеушілерінің өз алдына жеке билік құра бастауы ұлы хандықты қайта қалпына келтіруге кедергі болды. Кіші жүзде беделді хан ұрпақтарынан саналған Әбілқайыр хан хандыққа таласып, алайда хан тұқымдары арасында үлкен кедергілерге тап болды. Мұның салдарынан қазақ даласында жоғары билік жолындағы күрес шиеленісе берді. Мұның өзі Қазақ хандығында ғасырларға жалғасқан дәстүрлі билікті дағдарысқа ұшыратты. Жүздер, тайпалар мен рулар арасындағы өзара жақын байланыс әлсіреді, бұл жағдай ішкі бірліктің шиеленісуіне алып келді. Жүздерді басқарып отырған сұлтандардың аймақтарда сеператистік және автократиялық ықпалы күшейді. Қазақтың барлық жүзінің өз ішінде келте хандары пайда болды. Орталықтанған хандық биліктің әлсіреп, Ұлы жүзде – Жолбарыс, Иман; Орта жүзде – Болат, Сәмеке, Күшік; Кіші жүзде Әбілқайыр сұлтандар билігі орнап, елде ішкі бірлік бұзылып, бытыраңқылық басталды [10, 135 б.].

Мұндай ішкі саяси факторлар Қазақ хандығының тәуелсіздігіне нұқсан келтіріп, қазақ жеріне Ресей империясының отаршылдық әрекеттері мен жоңғарлардың жаулаушылық қимылдары басталды. Осы процестерді өз көзімен көрген Ақтамберді жырау елі мен жерінің болашағына алаңдаған жандардың бірі болды. Ол ұлт жанашыры ретінде қазақ жерін бір тудың астына біріктіретін көшбасшының болуын қалады. Сондай саяси лидер ретінде ол алғашқы сәттен Абылай ханды таныды және оның бүкіл қазаққа хан болуын қалады. Қазақ хандығына Абылай ханның араласа бастауымен аймақта ішкі және сыртқы жағдайдың өзгере бастағаны тарихтан белгілі. Абылай хан Ресей империясымен, Жоңғариямен, Қытаймен жақсы байланыстар орнатып, табысты саясат жүргізді. Қазақтың барлық элита өкілдері Абылайды қолдады, олардың арасында Ақтамберді де болды.

Бүкіл қазақ жерін Жоңғариядан толығымен азат етіп, 200 жылға жуық созылған Жоңғар басқыншылығына нүкте қойған Абылай ханның қазақ тарихындағы ерлігі өте зор. XVIII ғасырдың 50-жылдары өзінің қолбасшы қайраткерлігімен танылған Абылай сұлтан қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатындағы басты тұлғалардың біріне айналған еді. Бұл кезеңде Абылай сұлтан қазақ хандығындағы ең беделді тұлға ретінде танылып, оның билігін шет мемлекеттер де мойындады. Қытай мемлекетімен қарым-қатынасты жақсартып, сауда-саттықты жолға қоюды мақсат еткен ол Бөгенбай батыр және Қабанбай батыр бастаған елшіліктерді Қытайға жіберді [11, 115 б.]. Жоңғар хандығы тағының мұрагерлерінің бірі Әмірсананың Абылайға келіп пана сұрауы бұл кезде қазақтардың беделінің арта бастағанының үлкен белгісі еді. Әрине, Абылай ханның мұндай жетістігіне ықпал еткен оның айналасында жүрген қол бастаған қазақ батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай және қазақтың өзге де батырлары мен билерінің қызметі еді. Ақтамберді сол уақытта Абылайханның жанынан табылған беделді адамдардың бірі болды. Ол өз кезегінде Абылай ханның жанында жүріп, жоңғарларға қарсы соғыс қимылдарында батырлармен, билермен хан кеңесшілермен бірге ханның жақын адамдарының бірі саналды.

Ақтамберді жыраудың тек жыраулық ғана емес, сонымен бірге жоғарыда аталғандай оның елшілік және дипломатиялық қабілеттерінің болғаны да өз алдына бір тақырып. 1742 жылы Орта жүз ру басшыларының Орынборда ант беру жиналысында өкіл болып, Абылай ханның бастамасымен бірнеше дипломатиялық істерге араласты. Ақтамберді Қазақ хандығының сырт елдермен жасасқан көршілік істеріне де араласып, онда бірнеше даулы мәселелерді шешуде түрлі нәтижелерге қол жеткізген. Солардың ішінде Қытаймен арада орын алған түрлі мәселелер [12, 198 б.], ең негізгілеріне шекара асқан қазақтарды қытайлықтардың тұтқындап, малын тартып алуы, т.б. шешуі жатады.

XVIII ғасырда Ақтамбердімен қарайлас өмір сүрген Үмбетей жыраудың «Ей, Ақтамберді, Қабанбай!» деп басталатын шағын толғауына назар аударсақ, бұл толғау мазмұнынан Ақтамберді жыраудың өр мінезді батырлығымен қоса, ел арасында туындап жататын әркілі дауларға да араласып, бітімгер би болғанын аңғаруға болады. Үмбетейдің «Ей, Ақтамберді» деп басталатын он үш жол өлеңінің де тарихы бар. Құн дауы ма, жесір дауы ма, аржағында бір дау бары анық. Ақтамберді қанық жауап алмаса, көңілі көншімейді екен және елдің айтуынша кез келген дауға ақырып келіп, қатты серпінмен кірісетін болған [3, 250 б.].

Бұл туралы Қытай архивтерінде сақталған материалдар негізінде мысалдар келтіруге болады. 1755 жылы Жоңғар хандығы құлаған соң Цин империясы мен қазақ жері, дәлірек айтқанда қазіргі Қытай мен Қазақстан аумағы бір-бірімен шекаралас болып қалды. Бұл жағдай шекарада көптеген мәселелердің тууына алып келді. 1769 жылы Циндік Қытайдың шекарасына бірде 40, бірде 20 бас өтіп кеткен қазақтардың малдарын қайтару үшін Ақтамберді бастаған билер барып, өзара келіссөз жүргізіп, алып қайтады екен. Сонымен қатар шекарадан байқамай өтіп кетіп, тұтқынға түскен адамдарды да елге қайтаруға көмектесіпті. Ақтамбердінің мұндай әрекеттері оның тек ақын, жырау, батыр ғана емес, сонымен бірге дипломат екендігін де көрсетеді [12, 198 б.].

Осы тұста циндік мәліметтерде Ақтамбердінің 1769 жылы Қытаймен келіссөздер жүргізгені айтылады. Ал, біздегі мәліметтер оның 1768 жылы қайтыс болғанын көрсетеді. Демек, бірқатар түсінбеушіліктер туындайды. Бірақ бұл Қытайдың дәстүрлі жыл санауымен осылай көрсетіліп тұрған болуы мүмкін. Сондықтан Ақтамбердінің туған жылы жайлы тұжырымдарды талдау қажет болады. Дегенмен, бұл кезде ортада елшілік-дипломатиялық жұмыстар жасаған осы біз айтып отырған Ақтамберді екеніне көз жеткізуіміз керек.

Ақтамберді жыраудың арманына айналған Жоңғар мемлекеті талқандалып, Қазақстанның шығыс өңірі жау қолынан босатылып, жырау ендігі кезекте аймақтағы бұрын көшіп кеткен қазақтарды ежелгі ата-бабаларының қоныстарына орналастыруға белсене атсалысады. Ақтамберді өз қарамағындағы қазақ руларын отырықшылыққа үйретіп, бұл бағытта арық қазуды, бөген салуды ұйымдастырып, қазақтарды егін шаруашылығына бағыттайды.

Яғни Ақтамберді Сарыұлы өз заманының жыр толғап өткен әрі жырауы, әрі батыры. Оның шығармаларынан елі, халқы үшін еңіреп өткен ер тұлғасын, жақсылыққа бастап, адамгершілік ой түйген терең ойлы ақыл иесін, абзал азаматты танимыз. Өзінің өрелі ойларын жыр кестесіне тізе білген жүйрік тілді шешен ақынды көреміз. Даңқты жырау шығармалары гуманистік, адамгершілік идеяларды көтеріп, елдегі күйкентай пендешілікті, өзімшілдікті сынағанын байқаймыз [5, 30 б.].

Қорыта айтқанда, Ақтамберді – қоғамның, мемлекеттің қыр-сырын жетік меңгерген, өз заманының дүлдүлі. Ол өзінің жыраулық өнерінің арқасында қазақ мәдениеті мен әдебиетінің дамуына зор үлес қосып, сонымен бірге өз шығармалары арқылы қоғамның өмірін бейнеледі, замана жаршысы атанды. Жырауларға тән ол өз шығармаларын ақыл-нақыл, өсиет түрінде айтып, артына үлкен мұра қалдырды. Оның толғауларының негізгі тақырыптары – туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насихаттау. Ақтамбердінің мұрасын оқып-үйрену барысында халқымыздың атадан балаға мирас болып қалған сөз өнерінің шебер туындыларымен, еліміздің бастан өткен тарихымен таныс болатынымыз анық. Ең маңыздысы, Ақтамбердінің жырлары, яғни ауызекі және әдеби туындылар мен шығармалар арқылы жеткен тарихпен танысудың үлкен мүмкіндігі туындайды. Сонымен қатар Ақтамбердінің ел арасындағы батырлық, елшілік және мәмілегерлік қабілеттері оның халық арасында тез танылуға мүмкіндік бергені айтпаса да көрініп тұр. Осының арқасында ол қазақ тарихында тек ақын, жырау ғана емес, сондай-ақ шебер дипломат, елші сипатында да қалды. Бір адамның басынан мұндай қасиеттердің молынан табылуы сол замандағы өмір талабы мен қажеттіліктері екені айқын көрініп тұр.

Қазақ халқының жадында осындай ерекшеліктерімен сақталған Ақтамбердіні ұрпақ мақтан тұтады және ұмытылмас үшін оның есімі мектеп аттары мен көше атауларына берілген. Мысалы ШҚО-да мектеп атаулары, Алматы және басқа да қалала көшелеріне Ақтамбердінің есімі берілген. Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласында атақты Ақтамберді жырауға бюст қойылған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3 том. – Алматы: Атамұра. – 2010. – 766 б.
- 2 Еңсенов Қ. Қазақ хандығында патриотизм рухын қалыптастырудағы жыраулардың рөлі // Қоғам және Дәуір. – 2015. – №3 (47). – 13-17 бб.
- 3 Күмісбаев Ө. Шығыс шайырлары. Бес томдық / Өтеген Күмісбаев. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2015. – 3-том: Терең тамырлар. – 452 б.
- 4 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. 2-том. – Алматы: Атамұра, 1998. – 640 б.
- 5 Каренов Р.С. Ақтамберді жырау – қазақтың ежелгі жыраулық мектебінің белді өкілі. Қарағанды университетінің Хабаршысы. «Филология» сериясы. – 2016. – № 2(82). – 23-32 бб.
- 6 Ердембеков Б. Дулат Бабатайұлы және Өріп ақын арасындағы поэзия тамырластығы. ҚР ҰҒА ХАБАРЛАРЫ. Филология сериясы. – 2006. – №4. –15-18 бб.
- 7 Байпелова Г.С., Абилкасов Ғ.М., Абылкасова Г.М. Жыраулар поэзиясының тәлімдік ойлары мен өнегесі «Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Бұқар жырау Қалқаманұлының 350 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы дала жырауы» Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 27 сәуір 2018 ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті. – Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2018. – 395 б.
- 8 Бес ғасыр жырлайды [оқу құралы]: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1: 15 ғасыр қазақ ақын-жыраулары / құраст. М. Мағауин. – 384 б.
- 9 Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Лтд» 2006. – 768 б.
- 10 Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков. (Извлечения из перс. и тюрк. сочинений) / Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин; АН Каз. ССР. Ин-т истории, археологии и этнографии им. Ч. Ч. Валиханова. –Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с.
- 11 Қасымбаев Ж. Абылай хан: Тарих, тұлға, уақыт / Ж. Қасымбаев. – Алматы: Аруна, 2003. – 92 б.
- 12 Восточная дипломатия на стыке цивилизаций конец XIV–70-годы XIX века. Сборник документов и материалов. Ред.колл. – Астана: «Ғылым» баспасы. 2015 ж. – 400 с.

САРАЙШЫҚ – ХИУА ҚАЛАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ КЕРУЕН САУДА ЖОЛДАРЫ

Ж.Р. Байғалиев

«Сарайшық мемлекеттік
тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК

Ұлы Жібек Жолы дүниежүзілік өркениеттің ғажайып жетістігі болғанына адамзат тарихы куә. Еуразия даласында орналасқан халықтар мен мемлекеттердің ғылыми жетістіктері, әдебиет және өнердің озық туындылары, құнды мәдени мұралар, жаңа ұтымды технологиялар, мәдениет және діннің белгілі бір аймақ шегіне қалып қоймай, дүниежүзілік өркениетпен тығыз араласуы сол арқылы бір-бірін байытуы үшін, қазақ даласында отырықшылық пен қала мәдениетінің жедел қарқында дамуында Жібек

Жолының ықпалы зор болған. Тарихтан мәлім, көптеген мемлекеттер сауда жолы тармақтарында иелік ету мақсатында әр түрлі әрекеттерге барған. Тіпте соғыс жолымен өз мақсаттарына жеткен. Жібек Жолы бойында орналасқан қалалардың экономикалық және мәдени даму көрсеткіші жоғары деңгейде болды. Осындай қалалардың бірі Жошы ұлысының үш орталығының бірі (Сарай-Бату, Сарай-Берке, Сарайшық), кейін Ноғай Ордасының астанасы және Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының алғашқы астаналарының бірі болды.

Сарайшық – орта ғасырларда шығыс пен батысты байланыстыратын Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қолөнері мен саудасы дамыған және қала құрылыс саласының өркендеуі, халықтың тұрмысы, мәдениеттер алмасуы орын алған жазба деректерде Ұлысу деп аталатын ағысы күшті өзеннің оң жағалауында орналасқан өркениетті қалалардың бірі.

Ұлы Жібек Жолы бастауын Қытай даласынан бастап Европаға дейін бірнеше тармақтарға бөлінеді. Сауда жолы осы Такла-Макан шөлінен өте берген үш тармаққа ажырайды. Олар: оңтүстік, орталық және солтүстік тармақтары. Бұл тармақтардың негізгі тармағы тікелей Сарайшық қаласынан өтеді. IX ғасырларда маңыздылығын жоғалтқан сауда жолының Солтүстік Каспий тармағы XIII–XIV ғасырларда қайта жанданды. Оған басты себеп, Дешті Қыпшақ және Мауреннахр секілді ірі екі аймақты моңғол басқыншылары басып алғандықтан, олардың арасында сауда қатынастары жақсы дамыды. Одан өзге Сарай Бату және Сарай Берке сынды Алтын Орда қалалары арқылы жүріп отырған саудагерлер Жайық өзені арқылы Сарайшық қаласы үстімен өз жолдарын жалғастырған. Оған басты себеп Сарайшық қаласының географиялық-стратегиялық маңызды орында орналасуы болды. Сарайшық қаласы арқылы құрлықпен де және су жолымен де сауда жасау мүмкіндігіне ие. Сарайшық арқылы Жібек Жолы бойындағы басқа да дамыған қалаларға сауда тармағы болды [1].

Сарайшық Алтын Орданың негізгі орталықтары болған Сарай Бату мен Сарай Берке қаласы және сол секілді 17 қалаға алып баратын сауда жолының тоғысып ажырайтын бас торабы еді. Әнес Сарай өзінің «Ноғайлы» атты шығармасында Сарайшықтан шығысқа қарай жол тартатын үш сауда жолдарын бөліп көрсетеді. Олар: Сарайшық – Хиуа, Сарайшық – Отырар және Сарайшық – Искер тармақтары. Ал батысында болса Сарай Бату қаласынан бастап Европаға дейін созылып жатты [2].

Осы тармақтардың бірі Сарайшық – Хиуа сауда жолы көптеген деректерде «Ноғай жолы» аталып келеді. Ескі Ноғай жолы деп аталған Жібек жолының бір тармағы Сарайшық пен Көне үргеніш қаласын байланыстырған сауда жолы болды. Бұл жол XI–XVIII ғасырларда қызмет етті. Ал А.И. Левшиннің деректерінде бұл жол XVII–XIX ғасырларға дейін керуендер үшін сауда-саттық қатынастары жүргізілген деп келтіріледі. Ноғай жолын зерттеп алғаш картаға түсірген А.И.Левшин болды. 1824 жылы қаланың қирандыларын өз көзімен көрген тарихшы, Сарайшық туралы құнды деректер қалдырды. Мысалы, «Известия о древнем татарском городе Сарайчик» атты еңбегінде Сарайшық туралы: «...Впрочем, как бы то ни было, но в XIV столетии Сарайчик уже существовал, и был известен и Генуэзцам. Их купеческие караваны ходили через него из Азова в Ургенч, Отрар, и даже в Пекин. Флорентинец Пеголетти, бывший очевидным свидетелем тех торговых путешествий в 1335 году, и описавший подробно их направление, не только упоминает о Сарайчике, но определяет его расстояние от Астрахани, Сарая и Ургенча» деді [3]. Ал зерттеуші, орыс әскерінің офицері Л. Мейер «Ноғай жолы» сауда тармағы арасында орналасқан керуен сарайлар туралы: «*На этом пути особенно замечательна крепость Таскечу на р. Сагызе, построенная, очевидно, с целью обеспечения переправы караванов через речку... По времени существования и материалам построек ближе к упомянутой крепости подходит часть развалин на Сыр-Дарье. Здесь мы встречаем одинаково хорошо сохранившийся квадратный кирпич*» -деген пікір білдірді.

Археолог М.Касенов «Сарайшық тарихы» атты кітабында Сарайшық пен Үргеніш қалалары арасында бірнеше тармағы болғанын жазады. Бірінші тармақ – Сарайшық –

Тасқұдық – Таскешу керуен сарайы арқылы Қайнар бұлағы – Бақашы әулие – Ұшқан қаласы – Маңсуалмас бағытында жүрген болса, екіншісі – Қосқұдықтан (Маңсуалмас) оңтүстік-батысқа қарай бағыт алып, Көптам – Сам – Чурук – Белеулі керуен сарайы арқылы жүрген. Чурук, Белеулі, Ұшқұдық, Пулжай керуен сарайлары Қарақалпақ жерінде орналасқан [4].

XVIII ғасырда Ресей империясы Хиуа хандығына алып баратын қолайлы жолдардың бағыттарын зерттеу мақсатында бірнеше әскери экспедициялар жіберіп отырды. Бұл экспедициялардың бастапқы тірек нүстесі Сарайшық қаласы және Ноғай жолы болды. Экспедиция географиялық аймақтардың табиғаты, жануарлар әлемі, жер бедері, тарихы, мәдениеті туралы ақпараттар жинады. Осындай ғалым-саяхатшылардан И.Г. Гербер, И.П. Фальк, А.И. Левшин, Ф.Ф. Берг, В. Григорьев, А.Е. Алексеев, А. Лоскутов т.с.с зерттеушілер өз еңбектерінде біз үшін құнды деректерді жазып қалдырған.

А.И. Левшин «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацских, степей» атты еңбегінде Сарайшық және Хиуа қалалары ортасында сауда керуен жолының төмендегі үш тармағын бөліп көрсетеді. Олар:

1. Сарайшықтан Тентек Сорға келіп, одан Білеулі аймағы арқылы, көне бекіністердің бірі болған Ұзынтамның жанына Сағыз өзенінен өтеді. Кейін Қайнар тауын жағалап отырып, Жем өзеніне жетеді, одан кейін Боқаш әулие қорымы жанынан өтіп, Ұшқанға келеді. Жолдарын Желді тауының оң жағасымен жалғастырып, Үстіртке барады. Үстірттен Сам құмы арқылы Айбоғұр алқабымен Айдабол құдығына жетіп одан Ақтөбе Күркіреуге жетеді.

2. Жем өзенінен Үстірт арқылы Желді тауының жанымен жүріп өтіп, көптам арқылы Қосбұлақ құдығына жетеді, одан Есекқырған даласымен керуен Үстірттен түсіп ежелгі Үргенішке келеді.

3. Сарайшық бекінісінен Хиуаға қарай баратын жол Қайнар тауының жанынан шығысқа қарай бұрылып, Сарықасқа құдығымен бір күндік алқабы арқылы Аққадан бұлағына жетеді. Үстіртке Арсай мен Қарсай жырлары арқалы көтеріліп, Аралға жетеді. Аралды жағалап, Дуаналы құлама мен Құлмағыр шығанақтары арқылы Амудария жағасындағы Қоңырат қаласына жетеді [5, 97–98-бб.] Ол өзінің саяхаты барысында барған қалалары, керуен сарайлар мен басқа да жер-су атауларына қысқаша мәліметтер келтіреді. Сонымен қатар жоғарыда келтірілген Сарайшық – Хиуа қалалары арасындағы, Ноғай жолы аталатын сауда керуен тармағы көптеген қала мен керуен сарайлардың ішінде көпшілігі қиратылғанын жазған. А.И. Левшин өз еңбегінде Ұзынтам, Боқаш әулие, Ұшқан, Чинке және Көптам керуен сарайларының қиратылғаны туралы мәліметтер қалдырған [5. 109-б].

Сарайшық – Хиуа қалалары арасындағы сауда жолы туралы А.И. Левшиннен басқа да зерттеушілер деректер қалдырды. Солардың бірі полковник Ф.Ф. Берг 1825 жыл 2-желтоқсан – 1826 жыл 17-ақпан аралығында Каспий мен Арал теңізі аралығында зерттеу жұмысын ұйымдастырды. Экспедиция Сарайшық қаласынан басталады. Сапардың негізгі мақсаты Сарайшық пен Хиуа қалалары арасындағы жолды физикалық-географиялық жағынан толықтай зерттеу болды және жол картаға түсірілді. (1-сурет).

Ф.Ф. Берг бұл қалалар арасындағы жол туралы: *«Колодец Белеули – 4 кочевки; Тас-Кудук – 2 кочевки; урочище Бакаши на Эмбе 2 кочевки; до Учкана, родник, трав (джусан и буиргуна) бывало мало, а дров почти и вовсе нет. 5 кочевки до Мансуалмаса видно вправо на расстоянии 1 кочевки гора Исет-Тау, где воды много в роднике. На горах также находится корм, влево вдали чуть видно гора Джелты-Тау. 4 кочевки до колодца Чурука. Корм и дрова есть. Направо остается в виду колодец Кушчи, один из колодцев песков Сам. Вообще лучше взять вправо к пескам Сам, где везде находится вода. 4 дни Кушбулака, ключ изобильный. Лошадям будет корм, есть также мелкий кустарник. От Кушбулака в Кунград 3 ½ дни езды. 5 дней до горы Карагумбет (черного купола), травы и дров довольно. Вправе останется в виду лощина Каскаджул, а до горы Айбугура будет*

всего две кочевки. Спустившись с сих гор, дорога падает на прежнюю дорогу, идущую с Айбугура в Хиву» дерек қалдырды [6].

Ф.Ф. Бергтің бір ерекшелігі ол өзінің жазбаларында Сарайшық пен Хиуа қалалары арасындағы жер-су атамаларын ғана емес, олардың қашықтықтары туралы да айтылады. Мысалы, «*Колодец Белеули – 4 кочевки; Тас-Кудук – 2 кочевки; урочище Бакаши на Эмбе 2 кочевки...*» делінген. Мұнда «2 кочевки» бір күнге тең. Осы бағытта олар өздері барған жерлердің арасындағы аралықты есептеп барған. Сонымен қатар олар аймақтың географиялық ерекшеліктеріне де назар аударған.

А.И. Левшин Сарайшық пен Хиуа (Көне Үргенш) қалалары арасындағы сауда жолының үш тармағын бөліп көрсетсе, кейбір деректерде тек қана екі тармағы көрсетіледі. Мысалы, Сарайшықтан бастау алған сауда-керуен жолдары Жайық өзенінен екі бағытқа бөлінген. Бірі солтүстік тармақ – ол Сарайшықтан бастап Үстірт (Қос-құдық) жазықтығының солтүстік-батыс бөліктеріне дейін болса, оңтүстік тармағы – Қосқұдықтан бастап Көне Үргенішке (Хиуа) дейін барған. Жоғарыдағы бірінші тармақта 1803 жылдары Оренбург зерттеушілері ізденістер алып барған. Зерттеулер нәтижесінде Сағыз өзені бойындағы Таскешу су асты көпірі Үстірттің солтүстік-батыс шыңында орналасқан Ұшқан ата, Қосқұдық, Көптам, Сам секілді керуенсарайлардың қирандыға айналғандығын келтіреді [7].

Әдебиеттер тізімі

1. Ғизатов Ж. «Сарайшық – астана қала» – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004. – 192 бет.
2. Әнес Сарай. «Ноғайлы» (зерттеу) – Алматы: «Арыс» баспасы. 2009, – 41-б.
3. Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер/ Құр. Ж.К.Жұмабаев, М.Қ.Кипиев //Ғыл.ред. Ж.К.Жұмабаев. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 42–43-бб.
4. Касенов М.С. «Сарайшық қаласы». – Атырау: «Ағатай» баспасы. 2011 – 48-б.
5. Левшин А.И. «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей». – С. 97–109.
6. История и культура Атырау в русских источниках (XVIII–XIX вв.). Том.1 / Сост М.К.Кипиев // Науч. ред. Ж. Шалғынбай. – Атырау: ИП «Сисенғалиев ЖМ», 2014. – С. 142.
7. Мендикулов М. «Памятники народного зодчества Западного Казахстана». – Алма-Ата: Онер, 1987.

Түйін

Мақалада Ортағасырлық Сарайшық қаласы туралы деректер беріледі. Сонымен қатар Сарайшық қаласының Ұлы Жібек жолы бойында орналасуы және стратегиялық маңызы талқыланып, Сарайшық пен Хиуа (Көне Үргенш) қалалары арасында қалыптасқан ескі сауда жолы туралы деректер келтіріледі.

Резюме

В статье приводятся данные о средневековом городе Сарайшык. Кроме того, обсуждается стратегическое значение и расположение города сарайчик вдоль Великого Шелкового пути, приводятся данные о старом торговом пути, сложившемся между городами сарайчик и Хиву (древний Ургениш).

Summary

The article presents data on the medieval town of saraishyk. It also discusses the strategic importance and location of the city shed along the Great silk road, shows the old trade routes established between cities in the shed and Khiva (ancient Urgench).

ОТРАЖЕНИЕ ИСТОРИИ КОЧЕВЫХ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В «ТРУДАХ» ОБЩЕСТВА ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСТАНА

Ж.С. Бегимбаева, к.и.н.,
АРГУ им. К.Жубанова

Общество изучения Казахстана – научный центр изучения истории, культуры и этнографии кочевых народов Центральной Азии.

Научное общество «Общество изучения Казахстана» было зарегистрировано 1-го ноября 1920 года [1, л.2]. Торжественное открытие научного общества состоялось в зале городского совета города Оренбурга 1-го декабря 1920 года. С докладом на тему «Вопрос о происхождении киргиз-казахской народности в исторической науке и народные казахские предания, как источники дальнейшего его освещения» выступил А.П. Чулошников [2, с. 102].

Один из главных вопросов, обсуждавшихся на заседании Правления «Общества изучения Казахстана» был вопрос об издании «Трудов» Общества изучения Казахстана. Вначале предполагалось печатать научные материалы Общества в журнале, который намеревался издавать Казнаркомпрос. Осуществление издания этого журнала затянулось, а потому Правление решило издавать «Труды» Общества самостоятельно. За 1921–1929 годы вышло десять томов «Трудов» Общества изучения Казахстана [3, с. 37–40].

Первый выпуск «Трудов» Общества изучения Казахстана

В 1921 году в Оренбурге увидел свет первый выпуск «Трудов Оренбургского Общества изучения Киргизского края». Этот выпуск был начат статьей секретаря Общества И. Расторгуева «В добрый час!» [2, с. 3–4]. Цель первого номера «Трудов» Общества – дать Казахскому краю серьезный печатный орган научной мысли, работающий в целях развития и процветания края. В первых выпусках «Трудов» в основном преобладали публикации по истории (10), этнографии (6), естественным наукам (9) [4, лл.9-9об.].

7 мая 1922 года на общем годовичном собрании Общества, согласно Уставу, были произведены пере выборы членов Правления. На этом собрании Ахмет Байтурсынов за научный вклад в развитии казахского языкознания был избран Почетным Председателем Общества [5, л.6].

Председателем Правления был избран К.К. Саковский, заведующим естественно-географической секции – М.И. Рожанец, руководителем этнографической секции – С.М. Петров, а историко-археологической секции – А.П. Гра. Членами Правления были избраны: А.Л. Мелков, В.В. Тележников, А.К. Беремжанов (1871–1927) и П.А. Воронцовский.

Деятельность выдающегося поэта, публициста, ученого-тюрколога и общественного деятеля с широчайшим кругозором и видением путей национального развития – Ахмета Байтурсынова была тесно связана с Обществом изучения Казахского края. Как образованный человек А. Байтурсынов с первых дней основания Общества стал одним из его членов-учредителей.

За время работы в Обществе изучения Казахского края А. Байтурсынов активно занимался научной деятельностью. Он создал алфавит на основе арабской графики. Начатая в 1912 году, эта работа была официально принята в 1924 году как «Жаңа емле» («Новое правило»). Таким образом, А. Байтурсынов выступил реформатором казахского языка. Им были написаны совместно с Т. Шонановым учебники «Оқу құралы». Учебники А. Байтурсынова являлись новшеством не только для казахов, но и для всего тюркоязычного мира. Учебник «Тіл құралы» состоял из трех частей: фонетика, морфология, синтаксис. Позднее он выпустил книги методического характера «Баяншы»,

«Тіл жұмсар» [6, с. 711]. Первая работа по литературоведению «Әдебиет танытқыш» принадлежала Ахмету Байтурсынову [7, с. 390].

В честь 50-летия со дня рождения Ахмета Байтурсынова в «Трудах» были опубликованы работы Ильдеса Омарова «Ученая деятельность А.Б. Байтурсынова» и библиографический очерк Миржакипа Дулатова «Ахмет Байтурсынович Байтурсынов» [8, с. 7–16]. Ильдес Омаров писал: «Ахмета Байтурсыновича знает вся киргизская степь; его все уважают, любят и как будто высоко ценят его талант. Но его недооценивают. Его мы знаем и ценим как поэта, публициста, общественного деятеля, педагога; но он почему-то не укладывается в нашем мозгу как ученый, сделавший весьма ценные открытия в области киргизской грамматики». Открытые А. Байтурсыновым законы казахской фонетики помогли ему выявить все звуки казахского языка и создать новую азбуку, не менее ценны заслуги А. Байтурсынова и в области этимологии казахского языка. И. Омаров отмечал, что в настоящее время (28 января 1923 года) Ахмет Байтурсынов занимается вопросами синтаксиса и теории словесности казахского языка.

В биографическом очерке, посвященном А.Б. Байтурсынову, М. Дулатов подробно описал жизненный путь Ахмета Байтурсыновича, годы образования в Тургайском училище, в Оренбурге, начало педагогической и литературной деятельности. Автор отмечал, что А. Байтурсынов – публицист и творец школы казахской художественной словесности. В начале 1913 года А. Байтурсынов, не имея почти никаких материальных средств, основал в Оренбурге первую национальную газету «Казах». После февральской революции Ахмет Байтурсынов втянулся в водоворот общественно-политической жизни: был избран в члены Всероссийского Учредительного Собрания – от Тургайской области по списку национальной партии «Алаш». А.Байтурсынов работал председателем Научно-литературной комиссии при Наркомпросе республики [8, с. 17–25].

Исследования истории, культуры и этнографии кочевых народов Центральной Азии на страницах «Трудов» Общества изучения Казахстана

В сложное и переломное время в истории Казахстана внес свою лепту юрист по образованию Ахмет Коргамбекович Беремжанов. С мая 1922 года Ахмет Беремжанов, являясь сотрудником этнографического отделения Общества, принимал активное участие в его работе [9, л.6]. С его именем связано начало юридического образования в крае. А.Беремжанов отдавал приоритет изучению проблем, связанных с историей и этнографией казахского народа, изданию работ и пособий для школьников на казахском языке. А.К. Беремжанов в 1925 году был избран председателем историко-этнографического отделения Общества [10, л.2].

Активным членом Общества изучения Казахстана с 1920 года был башкирский ученый-этнограф Абубакир Ахметжанович Диваев [1, л.4]. В своей основе научно-краеведческий поиск ученого был направлен на сбор этнографических материалов. В 1922 году в третьем выпуске «Трудов» Общества были опубликованы казахские приметы, сказки и басни: «Олень и осел», «Сорок небылиц» и другие, собранные ученым [11, л.9об.]. А.Диваев в своих работах не касался вопросов теоретического плана, фактически он описывал обряды, приметы, обычаи, сказки, не проводя конкретных исследований по устному народному творчеству казахского народа.

Первоочередной задачей в деятельности историко-этнографической секции, начиная с 1923 года, было изучение вопросов истории национально-освободительного движения казахского народа во второй половине XIX века. 20 мая 1923 года на заседании Общества был заслушан доклад сотрудника В.Ф. Пищулина на тему «Народовольческое движение в Оренбургском крае в 70-х годах». Эта работа продолжала проблему изучения освободительного движения в крае, как и первая – «Дело Нечаева и его отражение в Оренбургском крае» [1, л.8]. Автор рассмотрел характер народовольческого движения 70-х годов XIX века, историю создания партии «Земля и Воля» и методах их пропаганды. Во второй части доклада В.Ф.Пищулин остановился на деятельности в Оренбургском крае кружка народовольцев, отношения крестьян к «ходившему в народ» члену кружка

Митрофану Муравскому. В заключении автор проанализировал отношение населения региона к политике правительства [12, л.1].

Одним из примеров научных дискуссий было обсуждение доклада, в котором принимали участие А.К. Беремжанов, М. Дулатов, И. Омаров, А. Мелков, Т.Ш. Шонанов (1894–1938), Б.Б. Каратаев, М. Джулдубаев, С.С. Садвакасов (1900–1933) и другие. Докладчику были заданы вопросы относительно связи кружка народовольцев с Центральным Комитетом партии, об отношении к нерусскому населению. Сотрудник М. Джулдубаев интересовался тем, как члены кружка смотрели на решение национального вопроса. Были затронуты причины безучастности крестьян к кружку, вопрос о связи членов Оренбургского кружка с членами Уфимского кружка народовольцев и другие вопросы. Сотрудники Общества после обсуждения доклада не могли прийти к единому мнению. М.Джулдубаев предложил дополнить доклад архивным материалом, сведениями о положении крестьян. Б. Каратаев высказался за расширение хронологических рамок исследования до 80-х годов XIX века, так как убийство Александра II давало новый материал. Прения вызвало определение категории доклада по содержанию: исторический материал либо принять доклад к сведению как социальное исследование. В результате голосования было принято решение «признать доклад историческим материалом по изучению революционного движения в крае и напечатать его в «Известиях» Общества» [12, л.1].

В итоге в третьем выпуске «Трудов» Общества были опубликованы две работы В.Ф.Пищулина «Дело Нечаева и его отражение в Оренбургском крае» и «Народовольческое движение 70-х годов в Оренбургском крае» [8, с. 75–89; с. 90–116]. В.Ф. Пищулин был первым исследователем, обратившим внимание на изучение народнического движения 1870-х годов в Оренбургском регионе [13, с. 216]. Отмечая ряд недостатков работы, таких как отсутствие ссылок на архивные источники, неполные сведения, мы не можем оспорить факт новизны поставленных проблем. Следующая работа В.Ф. Пищулина «Киргизия как место ссылки царского правительства» была также первой работой советского периода, затрагивающей проблемы ссылки и влияния ссыльных революционеров [14, с. 114–121].

Изучение проблем национально-освободительного движения казахского народа в дореволюционное время в «Трудах» Общества изучения Казахстана

Одним из первых исследователей, который попытался осветить важнейшие моменты национально-освободительного движения казахского народа в дореволюционное время, был А.Ф. Рязанов (1879–1929). С июля 1924 года А.Ф. Рязанов стал работать научным сотрудником Центрального архива Казахстана, а с переносом столицы Казахстана из Оренбурга в Кзыл-Орду, сотрудником Оренбургского губернского архивного бюро. Новая работа открывала доступ к богатейшим документальным историческим материалам [15, с. 71–75]. Именно с этого момента начинается активная исследовательская деятельность Рязанова-историка, который с 1923 года был членом Общества изучения Казахского края [16, л. 11].

В 1923–1924 годах на заседаниях историко-этнографической секции Общества были заслушаны доклады А.Ф. Рязанова: «Хивинские набеги 1848 года и действия против них русских отрядов» [17, л. 25]. «Отголоски Пугачевского восстания», состоящих из двух частей «Султан Досали» и «Пугачев в Бердах» [18, л. 66]. Доклады «Общий очерк восстания Е. Пугачева» и «Казак Ханин» [18, л. 68].

В освещении политических событий 1848 года для А.Ф. Рязанова было характерно подробное описание военных приемов и тактики борьбы царских войск против восточных народов. А. Байтурсынов заметил, что в докладе речь идет о хивинцах и туркменах, а не о казахах. Было рекомендовано дополнить доклад новыми сведениями относительно участия Есета Котибарова (1807–1888) в освободительной борьбе против агрессивной деятельности хивинских ханов и колониальной политики России [17, лл. 25–25об.].

В очерке «Султан Досали» А.Ф. Рязанов рассматривал участие казахского народа в крестьянской войне 1773–1775 годов под предводительством Е.И. Пугачева [19, с. 197]. Крестьянская война стала первой совместной борьбой казахского, башкирского, татарского народов против колониальной политики царизма. Проблеме изучения участия башкирского народа в крестьянской войне 1773–1775 годов А.Ф. Рязанов посвятил отдельный очерк «Салават Юлаев» [20, л. 68об.].

В сравнении с дореволюционной историко-краеведческой литературой в центре внимания исследований – вопросы классовой борьбы и национально-освободительного движения, причем А.Ф. Рязанов рассматривал их в тесной взаимосвязи. Над этой темой историк работал с большим увлечением необычайно интенсивно и плодотворно. В короткий срок он создал ряд солидных работ, среди которых монография «Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797–1838)» [21]. Работы о восстаниях Срыма Датова, Исатая Тайманова и оставшаяся неопубликованной обширная рукопись о движении Кенесары Касымова [22]. И сегодня работы А.Ф. Рязанова представляют значительный интерес для изучения истории национального движения казахского народа, свидетельством тому является переиздание его трудов [23].

В трудах А.Ф. Рязанова прослеживается тенденция показать стремление каждого народа полиэтничного региона Южного Урала к развитию своей государственности и культуры. Историк подчеркивал важность таких факторов как совместное участие казахского, башкирского и татарского народов в освободительном движении, что показывало взаимодействие народов в борьбе за независимость. Обсуждение научных работ А.Ф. Рязанова на заседаниях историко-этнографической секции Общества, являлось можно сказать, апробацией научного труда. Сотрудники Общества путем обмена информацией, ее обсуждения, реализовывали социально-организационную и коммуникативную функцию научного сообщества [24, с. 15].

Заключение

30 декабря 1925 года под руководством председателя историко-этнографической секции А.К. Беремжанова, а также заместителя председателя Т.Ш. Шонанова, членов Правления Общества, был рассмотрен план работ историко-этнографической секции Общества на 1926 год. Было принято решение издания одного выпуска «Трудов» Общества на казахском языке, содержащем в себе произведения народного творчества. В 1926 году планировалось привлечение членов Общества к активному участию в краеведческом отделе журнала Академического Центра КазНКПроса «Жана Мектеб» и в других периодических изданиях [10, л. 2]. Значительное место в «Трудах» занимали тематические статьи, планы работ, раскрывающие основные направления деятельности общества, структуру и состав членов общества.

Таким образом, научный вес печатного органа «Трудов» Общества изучения Казахстана, являющимся составной частью целого комплекса исторических источников по изучению истории, культуры и этнографии кочевых народов Центральной Азии, постепенно возрастал.

Список литературы

- 1 ЦГА РК Ф.693, Оп.1, Д.1
- 2 Труды Оренбургского Общества изучения Киргизского края. – Выпуск – № 1. – Оренбург, Типография М.Н. Махова, 1921. – 111 с.
- 3 Козыбаев И.М. Становление советской исторической науки в Казахстане (октябрь 1917-середина 30-х гг) // Историческая наука Советского Казахстана (1917–1960 гг.). Очерки становления и развития. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 272 с.
- 4 ЦГА РК Ф.693, Оп.1, Д.118
- 5 ЦГА РК Ф.693, Оп.1, Д.8
- 6 История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. – Т. 3. – Алматы: «Атамұра», 2000. – 768с.

- 7 Сегизбаев О.А. Казахская философия XV - начала XX вв. – Алматы: «Ғылым», 1996. – 472 с.
- 8 Труды Общества изучения Киргизского края. – Вып. – № 3. – Оренбург, 1922. – 213 с.
- 9 ЦГА РК Ф.693, Оп.1, Д.8
- 10 ЦГА РК Ф.693, Оп.1, Д.68
- 11 ЦГА РК Ф.693, Оп.1, Д.34
- 12 ЦГА РК Ф.693, Оп.1, Д.12
- 13 Султангалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII – начало XXвв.). Монография. – Уфа: РИО РУНМЦ Госкомнауки РБ, 2002. – 262 с.
- 14 Пишулин В.Ф. Киргизия как место ссылки царского правительства // Советская Киргизия. – 1924. – № 1–2 (4–5).
- 15 Зобов Ю.С. Историк А.Ф. Рязанов и его работы по истории национально-освободительного движения казахов // Народно-освободительное движение в Казахстане в XVII–XX вв. единый исторический процесс: проблемы, поиски, решения. (Материалы научно-теоретической конференции, посвященной 325-летию Есет-батыра). – Ақтөбе-Ақтүбинск, 1992. – 104 с.
- 16 ЦГА РК Ф.693, Оп.1, Д.17
- 17 ЦГА РК Ф.693, Оп.1, Д.12
- 18 Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Мақалалар. – Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС, 2003. – 296 бет.
- 19 Рязанов А.Ф. Отголоски Пугачевского восстания на Урале, в Киргиз-кайсацкой Малой орде и в Поволжье // Труды Общества изучения Казахстана. – Т. VI. – Кзыл-Орда, 1925. – С. 195–241
- 20 ЦГА РК Ф.693, Оп.1, Д.34
- 21 Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797–1838): очерки по истории национального движения Казахстана. В 2-х частях. – Кзыл-Орда, 1926. – 296 с.
- 22 Рязанов А.Ф. Батыр Срым Датов (исторический очерк) // Советская Киргизия. – 1924. – № 10. – С. 94–112; Восстание Исатая Тайманова в 1836–1838 гг.: очерк по истории национального движения в Казахстане. – Кзыл-Орда, 1927.
- 23 Рязанов А.Ф. Восстание Кенисары Касымова (1837–1847 гг.): исторический очерк. – Алма-Ата: «Айкап», 1993. – 32 с.; Его же, Восстание Исатая Тайманова (1836–1838гг.). Очерки по истории национального движения казахского народа. – Алма-Ата: Алтын Орда, 1991. – 102 с.
- 24 Есенгараев Е.Ж. Научные общества и их роль в исторической науке России конца XIX – начала XX вв. (на материалах деятельности исторических обществ при Московском и Петербургском университетах): автореф. ...канд.ист.наук: 07.00.09. – М., 1991. – 20 с.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР: ТАРИХИ-ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Л.Б. Бердіғожин, т.ғ.д.

Ж.А. Мендігереева,

тарих мамандығының магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау мемлекеттік университеті

Қазақстандық тарих ғылымында терең тамырлы мемлекеттілік мәселесі тың деректер арқылы зерттеліп, қазіргі күні бірнеше пікірлер қалыптасқанын айтқан орынды. Қазақ мемлекеттілігі тарихының терең саяси және тәрбиелік мәні бар. Қазақстан

Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында «Біз еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске жақындап келеміз. Отыз жылға жуық уақыт бұрын халқымыз өзінің Тәуелсіздігін жариялап, бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын орындады. Баянды бірлігіміздің арқасында тәуелсіздігімізді нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық. Бұл жасампаздық пен ілгерілеу, бейбітшілік пен келісім кезеңі болды» деп атай отырып, елімізде Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеудің тарихи-экономикалық мәніне ерекше назар аударды [1].

Тәуелсіздік алғаннан кейін ерекше бір қызығушылық туғызған мәселе, ол Қазақ хандығының құрылуы мен күшеюінің мәселелері болды. Бұл мәселелер бойынша М. Әбусейітова, Т. Сұлтанов, Ә. Хасенов, З. Қинаятұлы, С. Жолдасбайұлы, Б. Кәрібаев, Ә.Қ. Мұқтар сияқты тарихшыларымыз өз пікірлері мен тұжырымдарын жарыққа шығарды. Жүсіпова Лаура Қуандыққызы: «Қазақтың ауызша тарихи дәстүріндегі XV–XVII ғғ. Қазақ хандығы тарихы» атты докторлық, Гулмира Сәбденова Қазақ хандығының тарихнамасын арнайы зерттеп осы мәселеге байланысты кандидаттық диссертация қорғады. Зерттеушілер арасында Қазақ хандығының қашан құрылғандығы туралы мәселеде қарама-қайшылықты пікірлер бар. 16 ғасыр тарихшысы Мухамед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінде [2] қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 1465–1466 жж. басталды деген дерегіне көптеген тарихшылар күмәнмен қарайды. Бұл мәселе бойынша Т. Сұлтанов Қазақ хандығы 1470–1471 жж. құрылды деген пікірді ұсынды [3]. Сонымен қатар, Қазақ хандығының құрылу мерзімін Н.Масанов көрсеткен мерзімнен де арыға апарушылық. Мысалы, Н.Мыңжан хандықтың құрылған жылын қазақтардың Жетісуға қоныс аударған жылымен сәйкестендіріп 1456 жыл деп көрсетеді [4]. Ә. Хасенов болса бұл мерзімді 1445 жылдан, яғни Алтын Орда ханы Ұлық Мұхаммедтің қайтыс болуынан бастаған жөн дейді [5]. Қазақ хандығы Шу бойында 1458 жылдан бастап құрылды деген пікірді Б.Кәрібаев ұсынды. Берекет Бақытжанұлы «Қазақ хандығының құрылу тарихы» атты докторлық диссертациясында (Алматы, 2010), Қазақ хандығының қалыптасуын екі онжылдыққа созылған және бірнеше кезеңдерден тұратын едәуір созылмалы процесс ретінде қарастырды және алғашқы қазақ хандары Керей мен Жәнібек туралы келелі пікірлер білдірді [6]. С. Жолдасбайұлы өзінің зерттеуінде 1465–1466 жылдарды Қазақ хандығының күшейе бастаған мерзімі ретінде қабылдауды ұсынды. Қазақ хандығының құрылған мерзімін анықтауда осы мәселемен көп жылдан бері тұрақты айналысып келе жатқан қазақстандық зерттеуші К.Пищулина еңбектерінің орны бөлек. Ол ғылыми негізі берік тұжырымдар жасай отырып, Қазақ хандығының құрылуына байланысты Мұхаммед Хайдар Дулати көрсеткен 1465–1466 жылдарды толық мақұлдайды [7]. Қазақ хандығының құрылу тарихына байланысты жазылған тарихи зерттеулер мен әдебиеттердің бәрінде хандықтың негізін салушылар - Керей мен Жәнібек хандар деп айтылатыны белгілі. Дерек мәліметтерінде көрсетілгендей, «олардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Жетісудағы Моғолстан атты хандыққа келуімен Қазақ хандығы құрылды» деген пікірді зерттеушілердің бәрі мойындайды. 19 ғасырдың ортасында айтылған бұл пікір қазіргі күндерге дейін тек даму үстінде болды. Бірақ та осы саяси үрдісте жетекші рөл атқарған тұлғалар - Керей мен Жәнібек хандар туралы зерттеулер толық жүргізілмей, олар туралы біліміміз тек дерек мәліметі деңгейінде қала берді. Тарих ғылымында 19 ғасырдың 60-шы жылдарынан бері Қазақ хандығының негізін қалаған екі тұлғаның - Керей мен Жәнібектің есімдері анықталып, белгілі болған. Орыс ғалымы В.В. Вельяминов-Зернов алғаш рет орыс мемлекетінде 16-ғасыр аяғы мен 17-ғасыр басында «Қасым хандығының» негізін қалаған Оразмұхаммед сұлтанның шығу тегін анықтау барысында «Тарих-и Рашидидің» мәліметтерін айналымға енгізе отыра, былай деп жазған болатын: «Тарих-и Рашидиде» Мұхаммед Хайдар айтқан мәліметтер хижра бойынша 860 жылдан 944 жылға дейінгі, яғни 1456 жылдан 1537–1538 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Осы 80 жыл ішінде Мұхаммед Хайдар бойынша қазақтардың ең басты тұлғалары: жошылық Керей мен Жәнібек,

Керейдің ұлы Бұрындық, Жәнібектің ұлдары Әдік пен Қасым және Әдіктің ұлы Тахир болды». Міне, осы кезден бастап Керей мен Жәнібек хандардың Қазақ хандығының құрылуындағы тарихи рөлі анықталып, қазіргі күндерге дейін оны ешбір зерттеуші теріске шығармайды. Жазба деректер мен тарихи зерттеулерде алғашқы қазақ ханының есімі - Гирей, Герей, Кирай, Керей түрінде кездеседі. Қазақ тілінде жазылған әдебиеттер мен зерттеулерде соңғы есім жиі және тұрақты пайдаланылатындықтан, біз де осы есімді өз зерттеуімізде қолданамыз. Бұл сөздің түп-төркіні мен мағынасына келсек, В.В. Бартольд ол жөнінде былай деп жазады: «Өзінің деректерін көрсетпей, Ахмед Вефик-паша өз сөздігінде «гирей» - моңғол сөзі, моңғолша «гарай» делініп, «еңбегі сіңген», «лайықты», «құқылы» деген мағынада қолданылады». Керей ханның шығу тегі, бұған дейін айтылғандай, Жошы ханның үлкен ұлы - Орда Еженнен бастау алады. Орда Ежен, оның ұлы Сасы бұқа, оның ұлы Ерзен, оның ұлы Шымтай және оның ұлы Орыс хан болып жалғасады. Орыс ханнан Керейге дейінгі шежіре ортағасырлық деректерде жақсы сақталған. Т.И. Сұлтанов аударған «Муизз ал-ансабтың» мәліметінде «Орыс ханның 15 баласы: 8 ұл және 7 қызы болған делінеді де: «Бірінші ұл - Тоқтақия, ол хандық билікте болған. Оның үш қызы және үш ұлы болған: 1) Анике-Булад, 2) Бугучак, 3) Тенгриберди» деп айтылады. Ал «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» Тоқтақияның ұлдары «Тенгри-Берди, Йагуджак-анеке, Пулад» деп беріледі. Анике-Булад немесе Болатта бір ғана ұл болған, оның есімі - Керей. Сөйтіп, Орыс ханнан бері қарай таратсақ, Орыс-хан, оның ұлы Тоқтақия, оның ұлы Анике Болат және оның ұлы Керей хан болып жалғасады. Зерттеулердің бәрінде де Орда Еженнен бастап Орыс ханға дейін Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен әулеті билігінің үзілмегендігі айтылады. 1377 жылы Ақ Орда билеушісі Орыс хан қайтыс болғаннан кейін таққа оның үлкен ұлы Тоқтақия, яғни Керейдің атасы келеді де, 2 ай ғана билік құрады. Т.И. Сұлтановтың жазуы бойынша, Керей ханның атасы Тоқтақия «жұмсақ мінезді және әділетті» адам болып, Әмір Темір мен Тоқтамысқа қарсы күресте қайтыс болған. Ал Керейдің әкесі Анике-Болат немесе Болатқа келсек, ол - Тоқтақияның үш ұлының бірі. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-нама» бойынша Керей хан - Болаттың (Анике Болаттың) жалғыз ұлы. Тоқтақияның Болаттан басқа Тәңірберді және Бұғышақ атты екі ұлы болып, Бұғышақтың Мұхаммед, Ахмет және Әли атты үш ұлы және Имен би атты қызы болғандығы белгілі.

Керейдің қай жылы дүниеге келгендігін деректер айтпайды, бірақ оны салыстыру әдісі арқылы болжап, шамамен айтуға болады. Орыс ханның үлкен ұлы Тоқтақия да, кіші ұлы Қойыршақ, олардың жас арасын шамамен 15–20 жыл деуге болады. Тоқтақия ұлы Болат болса, Қойыршақтың ұлы - Барақ. Барақтың 1428 жылы қайтыс болғаны белгілі. Барақтың үш ұлының үлкені - Жәнібек хан. Ал Жәнібек хан мен Болаттың ұлы Керейдің бір тарихи кезеңде өмір сүргені және белгілі. Олардың да арасындағы жас айырмашылықтары 10–20 жыл деп санауға болады. Керейдің есімі 15 ғасырдың 60-шы жылдарының соңынан, ал Жәнібектің есімі 15 ғасырдың 70-ші жылдарының ортасынан бастап жазба дерек мәліметтерінде кездеспейді. Соған қарап оларды 60–70 жыл өмір сүрген деп есептесек, онда олар 15 ғасырдың басында дүниеге келген болып шығады. 15 ғасырдың 50-ші жылдарында, яғни Қазақ хандығының құрылар қарсаңында Орыс ханнан тараған Керей мен Жәнібек секілді шөберелерді санағанымызда, Темір Мәліктің ұрпақтарының олардың саны 20-ға жуықтаған. Олардың ішінде жасы жағынан ең үлкені Керей болған. Сондай-ақ Орыс ханның үлкен ұлы - Тоқтақия, ал оның үлкен ұлы - Анике Болат, ал оның жалғыз ұлы Керей болғандықтан, 15 ғасыр ортасында Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен әулетінің, Орыс хан ұрпақтарының арасында ата жолы жағынан Керейдің мәртебесі жоғары болған. Сол себепті Керей Махмуд бен Уәли айтқандай, Әбілқайыр хандығы бөлініп кеткенде жасы мен жолына қарай хан болып сайланды. Ол оншақты жылдай хан болып, Қазақ хандығының іргетасын қалаған хандардың қатарына жатады. Жазба деректер оның нақты қай жылы қайтыс болғанын айтпаса да, жанама мәліметтер арқылы оны анықтауға болады. Әбілқайыр хан қайтыс болып, оның орнына отырған Шайх Хайдар ханға қарсы күрескен қарсыластарды шайбанилық деректер

нақтылай атайды. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» Шайх Хайдардың жауларына: «Қажы Мұхаммед ханның ұлы Сейтек, Қажы Мұхаммед ханның немересі, Махмудектің ұлы Ибак, Барақ ханның ұлдары Жәнібек пен Керей, Арабшахтың ұрпағы Буреке сұлтан, маңғыттан Аббас, Мұса, Жаңбыршы билер жатқызылады». Ал «Фатх-наме» мен «Шайбани-наме» деректерінде Керейдің есімі аталмай, тек Барақтың ұлы Жәнібек ханның есімі басқалармен бірге айтылады. Соңғы екі дерек мәліметін негізге ала отыра, біз Керей хан есімінің оларда кездеспеуін, сол тұста, яғни 1469–1471 жылдары Керей хан өмірде болмаған. Жәнібек ханға келсек, оның тарихи рөлін алғаш анықтап берген В.В. Вельяминов-Зернов болды. Ол Ораз Мұхаммед сұлтанның шығу тегі мен ата-бабаларын анықтау барысында көптеген мұсылман деректерінің мәліметтерін ғылыми айналымға енгізе отыра, Жәнібекті Кереймен бірге Қазақ хандығының алғашқы 80 жылдық тарихындағы ірі тұлғалар дей келе, Жәнібекті Әбілқайыр хан дәуірінде Орта Азия тарихында өзіндік маңыз атқарған және одан кейін қазақтардың билеушісі болған дейді де, «одан басқа біз бұл екі тұлғаның қазақ халқын құрушылар екендігін білеміз» деп нақты көрсетеді.

Жәнібек ханның шығу тегі мен ата-бабаларына келсек, ол Керей ханның шөберелес туысы болғандықтан, олардың Орда Еженнен Орыс ханға дейінгі бабалары ортақ болып келеді. Т.И. Сұлтановтың аудармасымен және түсінігімен ғылыми айналымға енген 1426 жылы жазылған «Муизз ал-ансабтың» Париждегі ұлттық кітапханада тұрған қолжазбасынан алынып, «Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды» атты жинақтың екінші томына енгізілген Шыңғыс хан ұрпақтарына қатысты мәліметтерде Жәнібек ханның ата-бабалары жайлы былайша беріледі: «Орыс ханның бірінші ұлы - Тоқтақия. Ол билік құрған. Орыс ханның сегізінші ұлы - Құйыршық. Оның Пайанде-сұлтан, Рукйиа деген екі қызы және Барақ атты бір ұлы болды. Барақ билік құрған. Барақта төрт бала: Саадат-бек деген қызы және Әбу Сайд, Мир Қасым, Мир Сайд деген үш ұлы болған». «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» Әбу Сайд Барақ ханның үш ұлының кішісі және Жәнібек хан деген қосымша есіммен берілсе, Оразмұхамедтің кеңесшісі болған, жылнамашы Қадырғали Жалайыр ол туралы Барақтың ұлы «кіші Жәнібек хан» деп дәлірек түсіндіреді. Осылайша деректердегі Жәнібек хан туралы айтылатын шежірелік мәліметтерде оның шын есімі - Әбу Сайд, ал лақаб есімі – Жәнібек. Мұхаммед Хайдар Дулати мен Махмұд ибн Уәли екі сұлтанның Моғолстанға келуін, Есен Бұға ханның оларға Шу мен Қозыбасы жайлауы арасында орналасқан жерді бергенін жазады. Не себепті Есен Бұғаның бұл өңірді екі сұлтанға бергенін «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар» авторы былай түсіндіреді: «Бұл кезде Моғолстанда Шыңғыс ханның ұлы, Шағатай хан ұрпақтарының бірі Уәйіс хан ұлы Есен Бұға хан билік етіп тұрды. Дәл осы тұста Әмір Темір курэканның ұлы Мираншахтың, оның ұлы Сұлтан Мұхаммед-мырзаның, оның ұлы Әбу Сайд мырза жоғарыда аталған ханның ағасы Жүніс ханды Ирактан алдыртып, көмек береді және қолдау көрсетеді, сөйтіп, оның бөлігіне қауіп төнеді. Екі сұлтанға ол Моғолстанның батысынан жер берді, ол Есен Бұға ханның иелігі мен Жүніс ханның қол астындағы жердің арасында орналасқан еді. Бұл жер - Шу мен Қозыбасы деген жерлер болатын». Қазірде бүкіл әлем мойындап, алдағы дамуын қуатты 30-іргелі елдің қатарында болжап отырған еліміздің мемлекет болып қалыптасуы мен алғашқы хандарымыз туралы тарихи мерекені атап өту туралы шешімі өте маңызды. Бұл тәуелсіздігіміздің іргесінің беріктігінің ғана емес, ата-бабалар аманатына деген адалдық пен құрметтің белгісі. Ұлттық тарихты жаңаша зерделеуде Қазақ хандығы проблемасымен өте тығыз келесі мәселелерді де ұмытпауымыз керек. Олар: қазақ этнонимі, яғни қазақ сөзінің қалыптасу мәселесі және қазақ хандығының жүздерге бөліну процесі мәселесі. Белгілі зерттеуші Винамин Юдин [8] қазақ этнонимі туралы зерттеушілер Марғұлан, Ақынжанов, Аманжолов, Сабырханов т.б еңбектерін зерделей отырып қазақ сөзі « ерікті», «еркін» адамдар мағнасын береді деп пікір білдіреді. Қазақ тарих ғылымында көне әдеби дәстүр мен көшпелі өмір салтын ұстанған көршілес халықтар тарихының да мәліметтері бар. Қазақ хандығының жүздерге бөлінуін Шәкәрім Құдайбердіұлы 18 ғасырдың 20-шы

жылдарынан бастайды [9]. Жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі «Ақтабан шұбырынды» жылдары қазақтар үшке бөлінді. Ұлы жүзде Болат ханның ұлы Әбу Мұхаммед, яғни Әбілмәмбет, орта жүзде Болаттың ұлы Сәмеке, кіші жүзде Жәнібектің Үсектен тарайтын немересі Әбілқайыр хан болды. Мемлекеттілік тарихында қазақ хандығының негізін салып, алғаш хан болған Керейдің ұрпақтарынан тек Бұрындық ғана хан болды. Бұрындық хандығы кезінде қазақ хандығы астанасы Сарайшық қаласы болып, өзінің гүлдену кезін бастан кешті. Бұрындық өмірінің соңында Самарқандта қыздарының қолында бақилық болған.

Әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев Қ-Ж.К. Сындрлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2019 жыл. 02 қыркүйек
2. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы. – 2003. – 616 с.
3. Султанов Т.И. О первом казахском государстве (К 525-летию Казахского ханства) // Кунсткамера. Этнографические тетради. – СПб. 1995. – Вып. 8–9. – С. 31–388.
4. Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.
5. Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны. – Алматы: Мектеп, 1996. – 296 б).
6. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы, 2014. – 520 б.
7. Пищулина К.А. Образование Казахского ханства во времена Мухаммеда Хайдара Дулати // Материалы международной научно-теоретической конференции, посвященной известному ученому-историку М.Х. Дулати. – Тараз, 1997. – С. 54–52.
8. Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая Золотая // Казахстан, Средняя Азия в 16-18 вв. – Алма-Ата, 1983. – С. 192.
9. Тынышбаев Ш. История казахского народа. – Алма-Ата, 1993. – С. 224; Шакарим Кудайберди-ұлы. Родословная. – Алма-Ата, 1990. – 120 с.

Андатпа

Мақалада қазақ хандығы туралы зерттеулерге тарихи-тарихнамалық талдау жасалады. Рухани жаңғыру мемлекеттік бағдарламасы аясындағы соны зерттеулер көрсетіледі.

Аннотация

В статье сделан историко-историографический анализ Казахского ханства. Последние исследования по государственной программе «духовного возрождения».

Abstract

The article makes a historical and historiographic analysis of the Kazakh Khanate. Recent research on the state program of "spiritual rebirth."

АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ БИЛІК ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫМЕН ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.Т. Бижанова, PhD докторант
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
аға оқытушысы

XIII–XV ғасырларда Еуразия аумағының кең көлемінде өмір сүрген Алтын Орда империясы дүниежүзілік тарихтағы мемлекеттермен қатар, өзінің аумағында қалыптасып, кейінгі ортағасырларда алтынордалық аумақта құрылған бірнеше мемлекеттердің саяси,

әлеуметтік, экономикалық, рухани, мемлекеттік-құқықтық тарихында ерекше маңыз атқарды. Алтын Орда саяси құрылым ретінде пайда болып, бірнеше ғасыр өмір сүріп жайдан-жай жойылып кеткен жоқ. Ол өзіне дейінгі мемлекеттердегі ең тиімді саяси, әкімшілік, әскери басқару құрылымдарын жергілікті ерекшеліктерге сай икемдеп ұштастырды, өзі өмір сүрген дәуірде оны дамытты. Ал ыдырағаннан кейін оның мемлекеттілік құрылымдары, атап айтсақ, мемлекеттік идеологиясы, хан билігі мен басқару жүйесі, билікті мұралану дәстүрі, тақты иелену, тағы сол сияқты басқару жүйесіне қатысты мәселелер оның аумағында құрылған мемлекеттерде жаңаша түрде көріністер тапты. Ол мемлекеттер қатарына - Әбілқайыр хандығы, Қазан, Қырым, Сібір, Астрахан хандықтары, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығы жатады. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымда бұл тарихи қайталау мен тарихи байланысты тарихи сабақтастық деп аталатыны белгілі. Алтын Орда мен Қазақ хандығы арасындағы тарихи сабақтастық мәселесі жоғарыда атап өткеніміздей, қоғам мен этностың, мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани, мемлекеттік-құқықтық салаларын қамтиды.

Алтын Орда мен Қазақ хандығы арасындағы тарихи сабақтастық мәселесін қарастыру арқылы біз, аталған екі мемлекет арасындағы тікелей байланысты, бірі екіншісінің жалғасы екендігін көре аламыз. Біз бұдан тарихи мұрагерлікті де көреміз. Қазақ хандығының өзіне ғана тән ерекшеліктері болғаны белгілі. Ол ерекшелікті Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында « Қазақ хандығы Орталық Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет» деп ерекше атап өткен болатын [1, 211-б.]. Бұл арада Алтын Орда империялық мемлекет болып, бір этностың мемлекеті болмағанын, ал Қазақ хандығы империялық мемлекет емес, керісінше ұлттық сипаттағы жеке этностың мемлекеті болғанын ескерсек жетіп жатыр.

Алтын Орда мен Қазақ хандығы арасындағы тарихи сабақтастық ел басқару жүйесінен қатты байқалады. Ел басқару жүйесінің тарихы біздің тарихымызда сонау скиф-сақ дәуірінен бастау алып, түркі дәуіріне дейін дамиды. Түрік этностарының мемлекеттері тарихында олардың кейінгі даму бағытын анықтаған факторлардың алдыңғы қатарына, әрине, байырғы түркі өркениетінің ел басқару жүйесі жатады. Қазақ хандығының саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани, мемлекеттік-құқықтық дамуында өзінен ертеде өмір сүрген қандай да бір мемлекеттік құрылымдардың тарихи сабақтастығы, жалғастығы көрінісін қалдырып отырғандығын байқаймыз. Сондай-ақ мемлекеттің пайда болуымен бірге оның басқару жүйесі қалыптасады. Ал басқару жүйесінің мәнді буыны билік өкілеттігі мен құқық пәрменділігі болып табылады. Ертеден қазақ даласын мекен еткен мемлекеттік құрылымдардағы белгілі бір принциптерге сүйенген басқару ерекшеліктері көбіне-көп сақталып келді. Бір ғана мысал Қарахандар мемлекетінің билік жүйесі мен мемлекеттік басқару принциптері оларды жаулап, орнына өз мемлекеттік туын көтерген қидандықтарда да еш қалыбын өзгертпей сақталып қалған еді. Бұл көріністі кейінгі Қазақстанның бүкіл территориясын өзіне қаратқан алып империя Шыңғыс хан басшылығындағы моңғолдар билігі тұсынан да аңғаруға болады. Бұл жерде айта кететін жағдай, көшпелі империялардағы басқару жүйесінің күрделілігі мен көпқырлылығы бір ғана сөзбен сипаттап беруге мүмкіндік бермейді. Себебі, біздің қарастырып отырған тақырыбымыз жағдайында екі мемлекеттің арасындағы саяси билік жүйесіндегі сабақтастықты зерттеу барысында оларға дейінгі саяси мәдениет қабаттарының әртүрлі болғандығына көз жеткіземіз. Алтын Орда тұсындағы саяси билік жүйесі кейбір қырларының Қазақ хандығындағы саяси билік жүйесі мен басқару институттарымен сабақтастығы мәселесі мақаланың басты мақсаты болып табылады.

Алтын Ордадағы және оның аумағында пайда болған мемлекеттердегі саяси билік, басқару жүйесі, құқық саласындағы тарихи сабақтастық мәселесін тарихнамада В.В. Трепавлов, Р.Ю. Почекаев, З.Қинаятұлы, Б. Карибаев, Қ. Өскенбай, Н. Атығаев, Ж. Сәбитов және т.б. ғалымдар көтеріп, өз еңбектерінде тарихнамалық тұжырымдамалар береді.

В.В. Трепавловтың «Государственный строй Монгольской империи XIII в.: проблема исторической преемственности» атты еңбегі XIII ғасырдағы моңғол мемлекеттілігінің дәстүрлі элементтерінің, яғни ерте ортағасырлық әкімшілік құрылымдардан моңғолдық мемлекеттік құрылымға өткен саяси-әлеуметтік құрылымының компоненттерін зерттеуге арналған. Аталмыш зерттеудің пәні Моңғол империясының мемлекеттік құрылымы болып табылады, жұмыста тарихи сабақтастық мәселесі басты назарда болған. Кең көлемдегі алуан түрлі деректерді зерттеу мен талдау жасау нәтижесінде автор Шыңғысхан империясының басқару жүйесінің VI–IX ғғ. ежелгі түріктік және Ұйғыр қағанатының басқару жүйесі арасында сабақтастық болған деген қорытындыға келді. Зерттеу жұмысының қорытынды бөлімінде Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде пайда болған көшпелі қоғамдардағы басқару саласындағы сабақтастық мәселелерін зерттеу өзектілігін атап кетеді [2].

Р.Ю. Почекаевтың еңбектері Жошы ұлысындағы (Алтын Орда) құқықтың қалыптасуы мен дамуының мәселелерімен қатар, оның Алтын Орда ыдырауының нәтижесінде пайда болған мемлекеттік құрылымдардағы, соның ішінде Қазақ хандығындағы эволюциясына арналған. Автор Жошы ұлысы территориясындағы чингизидтік құқықтың қайнар көзі деп ежелгі төре құқығы, Шыңғыс ханның Ұлы Яссы заңдар жинағы және тәуелсіз жоғарғы билеуші ретіндегі хандардың жарлықтарын көрсетеді. Ол оның кейбір қазақ жүздеріндегі элементтерінің Алтын Ордамен сабақтастығын негіздеп берді [3].

Сонымен қатар қазақстандық ғалымдар тарапынан да мемлекеттер арасындағы тарихи сабақтастық мәселесіне байланысты зерттеулер жүргізілді. З.Қинаятұлы өз еңбектерінде Алтын Орданы Жошы-Қыпшақ мемлекеті деп көрсетіп сонау сақ, ғұн, ежелгі түркі қағанаттары, моңғол империясы, Жошы-Қыпшақ мемлекеті мен Қазақ хандығының мемлекеттілік үрдіс жалғастығы мәселесін қарастырды. Қазақ хандығының саяси билік және басқару жүйесінің өзіне дейінгі мемлекеттермен тарихи сабақтастығының кейбір тұстарын, яғни ұлыстық жүйенің қазақтарға әкелген саяси үлкен жетістігінің бірі – Шыңғыс әулетінен, дәлірек айтқанда Жошы ұрпағынан шыққан Қазақ хандары династиясының қалыптасуын атап өтеді [4].

Алтын Орданың басқару жүйесі тармақталған және күрделі болатын. Ол аталмыш мемлекеттің өмір сүрген үш ғасыр бойы дерлік қалыптасып және өзгеріп отырды. Жаулап алынған Дешті-Қыпшақ даласына дәстүрлі, яғни барлық Моңғол империясына ортақ қабылданған институттарды енгізуден бастап, уақыт өте Жошы ұрпағы жаулап алынған халықтың және көрші мемлекеттердің басқару дәстүрлерін рационалды түрде пайдалана бастады. Осылайша астаналық және аймақтық иерархиялық ұйымдардың, орталық және жергілікті ведомстволардың, басқару органдарының кешені қалыптасты.

Қазіргі таңда тарихшылар арасында алтын ордалық басқару жүйесіне қызығушылық жоғары. Мұның өзіндік бірнеше себептері бар. Біріншіден, оның тұрақтылығы өзін қалыптастырған мемлекеттен де ұзақ өміршеңдігінен байқауға болады. Себебі ол Алтын Орданың ыдырау нәтижесінде пайда болған мұрагер хандықтар мен ордаларда жұмыс істеуін (негізгі қырлары) жалғастырды. Моңғол империясының басқа ұлыстары, яғни Қытай мен Иранда басқару жүйесінің жалғастығы болмағаны баршамызға аян. Екіншіден, түрлі дінді ұстанған, түрлі тілде сөйлейтін, түрлі экономикалық салаға (көшпелі мал шаруашылығымен және отырықшы егін шаруашылығымен айналысушылар) жататын бағынышты халықтың үлкен территориясында ұзақ уақыт бойы бейбіт ғұмыр кешкен Жошы ұлысының мемлекеттілігі сирек кездесетін тарихи жағдай.

Алтын Орда тарихында басқару жүйесінің трансформациясына әсер еткен бірнеше оқиғалар болды. 1269 ж. ортасында Моңғол империясынан іс жүзінде тәуелсіздігін алуы сарайлық хандардың мемлекеттің жаңа статусына сай іс жүргізуі болды. Кейіннен Өзбек хан тұсында ислам дінінің мемлекеттік дін ретінде қабылдануы басқару жүйесінде өзгерістерге алып келді.

Алтын Орданың басқару институттарындағы кейбір белгілері әжептеуір тұрақты және өміршең болып шықты. Олар Алтын Орданың ыдырау процессі кезінде сол аумақта

пайда болған мемлекеттерде көрініс тапты. Ол көріністер Қазан, Сібір, Қырым хандықтарында және Қазақ хандығында табылды. Біз төменде Қазақ хандығындағы хан билігінің Алтын Ордадағы хандық билікпен тарихи сабақтастығына талдау жасап көреміз.

Хан билігі моңғол империясында Шыңғыс ханның ұрпақтарына, ал Жошы ұлысында Жошы ұрпақтарына ғана тиесілі болды. Моңғол империясының құрылу барысында-ақ Шыңғыс хан өзінің және ұрпақтарының билігін заңдастыруды көздеді. Бұған қол жеткізуге соғыс барысында жеткен жетістіктері мен ерліктері, тапқан байлығы жеткіліксіз болды. Өйткені, басым көпшілігі көшпелі халықтан тұрғандықтан, оларды басқарып, қол астында ұстау үшін жаңа билікке жаңа идеологиялық негізі қажет болды. «Моңғолдың құпия шежіресінде» Шыңғыс ханның шығу тегі туралы деректері бойынша оның атасы Борте-Чино Көктің құдіретімен дүниеге келген, яғни оның ерекше жаратылғандығын, жер бетіндегі адамдардан жоғары тұратындығын, Көктің оны адамдар арасына белгілі бір мақсаттар үшін жібергендігі туралы баяндалады. [5, 63–69-бб.] Бұл сол замандағы адамдар үшін Шыңғыс ханның өзінің ата-бабаларының және оның кіндігінен тараған және билікте отыратын болашақ ұрпақтарының ерекше қасиетке ие болғандығын, киелі адам екендігін көрсетеді. Рашид-ад-Диннің «Жами-ат-тауарих» еңбегінде Шыңғыс ханның ұрпақтарының билігін идеологиялық жағынан негіздейтін белгілерді көруге болады [6, 56–72-бб.]. Б.Б. Кәрібаев өз еңбегінде бұл мәселені қарастырып өткен болатын. Ол осы аталған деректер негізінде Шыңғыс хан әулетінің билігін идеологиялық жағынан негіздейтін белгілерді былайша нақтылап көрсетеді:

1) Шыңғыс ханның 27 атасы Борте-Чино Көктің құдіретімен дүниеге келген, яғни оның ерекше жаратылғандығын, жер бетіндегі адамдардан жоғары тұратындығын, Көктің оны адамдар арасына белгілі бір мақсаттар үшін жібергендігін көрсетеді;

2) Моңғолдар үшін киелі боып саналатын Бұрхан тауын алғаш қоныстанған адам – Шыңғыс ханның осы түп атасы. Бұл – Шыңғыс хан әулетінің Моңғолияның иесі екендігін көрсетеді;

3) Шыңғыс ханның 11 атасы да ерекше жағдайда, дүниенің тылсым күшінің арқасында дүниеге келеді. Бұл да осы әулеттің ерекше жаратылысын, киелілігін көрсетеді.

4) Шыңғыс ханның 27-атасына дейінгі шығу тегі нақты көрсетіледі. Бұл осы әулеттің тектілігін білдіреді.

5) Шыңғыс ханның 11 атасынан бастап өзіне дейінгі шығу тегінде оның аталары ең үлкен ұлдар ретінде көрсетіледі. Бұл осы әулеттің бүкіл моңғол тайпалары арасында жолы үлкендігін білдіреді.

6) Шыңғыс ханның аталарында батыр да, мерген де, қаған да болған. Ол – әулеттің ел басқаруға, қол бастауға, билік айтуға толық құқылы екендігін білдірді [7, 285-б.].

Осылайша ортағасырлық адамдар үшін шығу тегінде ерекше қасиеттер мен киелілік белгілері толы болған адамның болмысы да ерекше жаратылған деген қоғамдық сананы қалыптастырады. Сол дәуірдің адамдарының санасында Шыңғыс ханның тұлғасы шынында да Көктің әмірімен жаралған дара тұлға деп бейнеленеді. Ал оның әулеті қоғамдық санада дәл солай бейнеленеді деп қорытындылайды.

В. Трепавлов чингизидтердің хан билігін киелілендірудің ерте түрік мемлекеттерімен тарихи сабақтастығын ашып көрсетеді [2, 72-б.]. Өз монографиясында Шыңғыс-хан әулетіне дейін Ғұн империясындағы яғни б.д.д. II ғ. Ғұндар билеушісі «аспаннан жіберілген ұлы шаньюй» деген лауазымға ие болды. Қидан, Түрік қағанаты, Найман және Керейт мемлекеттерінде хандар, қағандар өздерін аспаннан түскен қаған немесе көк аспан мен күннен туған қаған деп көрсеткен. Яғни Шыңғыс-хан хан әулетін киелендіру мәселесінде ерте түрік мемлекеттерінің тәжірибесін пайдаланғаны анық. Осының нәтижесінде моңғол империясы ыдырағанан кейін де, жеке дара империяға айналған ұлыстарда (Жошы ұлысы, Төле ұлысы, Шағатай ұлысы, Үгедей ұлысы), бұл ұлыстар ыдырап, құрылған хандықтарда да Шыңғыс-хан ұрпақтарының билігі заңды деп, таққа тек Шыңғыс-хан ұрпақтары отырды. Қазақ хандығында да осы дәстүр сақталып, Шыңғыс хан әулетінің ұрпақтары, оның ішінде Жошы ұрпақтарының қазақ қоғамында

төре атанып, қазіргі таңға дейін олардың қазақ қоғамында сый-құрметке ие болуы, қазақ қоғамының билікке деген құрметін көрсетеді.

Алтын Ордадағы Шыңғыс хан әулетінің ұрпақтарының билікке келу құқықтарын қарастыра отырып Р. Почекаев: «Империялық типтегі мемлекеттің (Алтын Орда) құлдырауының екі салдары болды. Біріншіден, Шыңғыс ханның тұлғасына қатысты дәстүрлі құқық бұрынғы империяның ұшқындары болып табылатын жаңа мемлекеттерде сұранысын жоғалтты, оның орнына жаңа жағдайларда қолданылуы тиімді құқық көзі келді. Екіншіден, Шыңғыс ханның мұрасын сақтап қала алмаған ұрпақтарының түркі-моңғол көшпелілерінің алдында абыройларын жоғалта бастады. Осылайша XVI ғ. өзінде билікке келудің жалғыз құқықығы Шыңғыстық ұрпаққа тиесілі болуын тоқтатты, басқа көшпелі ақсүйек рулардың өкілдері Ұлы даланың аймағындағы мемлекеттерде билікке келе бастады. XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басында Шыңғыс ханның ұрпақтары Орталық Азия түгелдей дерлік кеңістігінде (Қазақстан мен Монғолияның кей бөлігін есептемегенде) билігін жоғалтты» [8, с. 71.] деген тұжырымға келеді. Алайда жоғарғы биліктен айырылса да Шыңғыс ұрпақтарының иерархиялық үлкендігін, асылдығын мойындау барлық жерде сақталды. Мәселен В.В. Трепавловтың еңбегінде: «Осман әулеті де Шыңғыстықтарға қатысты өздерінің статусын номиналды түрде мойындады, бірақ күнделікті саяси тәжірибеде бұл ешқандай рөл ойнаған жоқ» [9, с. 16.] деп көрсетілген.

Моңғол империясында, Алтын Орда, Қазақ хандығында Шыңғыс хан құрған империяны басқару «чингизизм» идеологиясына негізделгенін айтады. Мұны ғылыми айналымға қазақстандық ғалым, шығыстанушы В. П. Юдин ортағасырлық түркі-моңғол мемлекеттерінің, атап айтқанда Алтын Орданың саяси генезисінің ерекшеліктерін талдай отырып енгізген болатын. Өзінің концепциясы аясында ол «чингизизмді» «дүниетанымдық және идеологиялық түсініктердің жаңа кешені» ретінде анықтайды, ал тар мағынада «жаңа сенім» [10, 16–17-бб.] ретінде анықтама береді.

Ұсынылған термин бұл халықтардың саяси дамуының ерекшеліктерін сипаттауда пайдалануға болады, алайда жаңа дін ретіндегі анықтамасымен келісе алмаймыз. Еуразияның түркі-моңғол халықтарының саяси дамуын талдауда «чингизизмнің» діни емес, саяси идеология болғанын байқаймыз. Біздің оймызша «чингизизм» термині аясында, осы саяси идеологияның негізгі принциптеріне сүйене отырып Алтын Орданың әлеуметтік, саяси және құқықтық институттары іске асырылып отырған деген көзқарас дұрыс деп ойлаймыз. Чингизизм жүйесіне сай Алтын Ордада билік тек шыңғыстықтар, оның ішінде жошылықтарға ғана тиесілі болды. Тек осы әулеттің билігі заңды болып саналды. Чингизизм идеологиясы Қазақ хандығы дәуірінде де өз күшін жоймаған болатын. Жоғарыда атап өткеніміздей Қазақ хандығында жоғарғы билік тек жошы ұрпақтарына тиесілі болды.

Шыңғыстық идеологиясы Еуразия аумағында алғашқы мемлекеттік идеология емес. Оған дейін болған түркі қағанаттарының мемлекеттік идеологиясына «ашинизм» идеологиясы жатады. Ашинизм идеологиясының негіздейтін деректер руналық жазбаларды айтылады: «Тәңір жер мен аспанды жаратты, және жер бетінде адамдарды жаратты, адамдарды басқару үшін қаған әулетін жаратты» делінеді. Түрік қағанатындағы билеуші әулет ашина руының өкілдері болып, олар өздерінің мемлекет басқару үшін тәңірдің бұйрығымен ерекше жаралғандығын негіздейді. Осылайша бірнеше ғасыр бойы түрік мемлекеттерінде билік жүргізген ашина әулетінің билігі «ашинизм» идеологиясымен негізделеді. Моңғол империясында, оның жалғасы болған Алтын Ордадағы мемлекеттік идеология Шыңғыс ханның ерекше жаратылғандығы жөнінде деректерде баяндалып, чингизизм идеологиясына негіз қалайды. Шыңғыстық идеология XV–XVIII ғасырларда қазақ қоғамында да көрініс табады. Ол қазақ қоғамында шыңғыс ұрпақтарына деген ерекше құрметтен байқалады.

Алтын Ордада жоғарғы билік ханға тиесілі болды. Хан лауазымды тұлғаларды қызметке тағайындап отырды, шетелдік билеушілермен келіссөздер жүргізді, ірі әскери жорықтарда әскерді басқарды және ақша шығару мәселесін шешіп отырды. Қазақ

хандарының да күзіретіне осы мәселелер кірді. Жоғарыда атап өткеніміздей «алтын ұрыққа» (Шыңғысханның ұрпақтары) жату хан билігіне ие болу құқығы болып табылады. Алайда билік тағының берілуі нақты заңнамалық тұрғыда рәсімделмеген болатын, дәстүрмен реттеліп отырды. Иоанн де Плано Карпинидің хабары бойынша «между сыном от наложницы и от жены нет никакой разницы, но отец дает каждому из них, что хочет, и если он из рода князей, то сын от наложницы является князем постольку же, как и сын законной супруги» [11, 1997, 42 б;]. Шыңғысхан ұрпақтарының әулетінде заңды некеде туылған бала мен кәзинактан туылған баланың құқықтарының айырмашылығы болғанын байқаймыз. Бір жағынан хандар мен сұлтандардың әйелдерінен немесе кәзинактарынан туылған ұлдары «Алтын тектілердің» мүшесі деп саналды, ал екінші жағынан өзінің әкесінің заңды әйелінен туылған ұлдары тірі тұрғанда, кәзинактан туылған ұлдың хандық таққа келуге үміті болмады [12, 3-б.]. Мысалы ретінде Ноғайды айтуға болады. Өзі және әкесі Татар да заңды некеде туылғанымен, алайда Татардың әкесі Бувал (Жошының ұлы) кәзинактан туылғандықтан [6, 122-б.] хандық билікке келуге мүмкін болмады.

Хан билігіне мұрагерліктің түрлері және нысандарын қарастыралық: Біріншіден, Моңғол империясының негізін салушы Шыңғыс ханның өзі хан билігінің әулеттік-мұрагерлік жолмен берілгенін қолдады. Бұл дегеніміз хан билігіне келетін адамның жеке қасиеттеріне, яғни жеткен жетістіктеріне, мінез-құлқына, Шыңғыс ұрпақтары арасында абыройлығына қарап таңдалатынын көрсеткен. Бұл дәстүр империяның ұлыстарында (мәселен Алтын Ордада) хан билігіне келудің жалғыз немесе негізгі саяси тәртіп болған жоқ, алайда Шыңғыс әулетінің соңына дейін көп жағдайда жүзеге асырылып отырды. Мысалы XVIII ғасырдың екінші жартысында Кіші және Орта жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін, орыс үкіметі Қазақ даласында хан атағының хандық желісі бойынша ең жақын немесе үлкеніне берілмей, тек лайықты адамды таңдау ұсынысынан көруге болады [13, с. 158.].

Екіншіден, көзі тірісінде Шыңғыс хан өзінің тақ мұрагері ретінде Үгедейді тағайындауы хандық билікке өзінің мұрагерін таңдау дәстүрін қалыптастырды. Мәселен Алтын Орда ханы Өзбектің тірі кезінде-ақ алғашында үлкен ұлы Тыныбекті, кейінірек бұл ойын өзгертіп Жәнібекті мұрагері ретінде көрсетіп, болашақ тақ мұрагері ретінде жиналыстарға қатыстырып жүрген [14, 108-б.].

Үшіншіден, Ұлы хан Гуюктың билігі тұсында шыңғыстықтардың билікке келуінің жаңа формасы, яғни жоғарғы биліктің нақты бір отбасының өкілдеріне ғана тиесілі болатынын енгізілді. Рашид-ад-Диннің «Жылнамалар жинағында» 1246 жылығы құрылтайда Гуюк ханның таққа бір келісіммен ғана келетінін білдірді. Ол өзінен кейін билік тағының тек өзінің ұрпақтарына ғана тиесілі болуының мақұлданыуы еді. Осы сәттен бастап Моңғол империясының тарихында алғаш рет тақ әкеден балаға берілу дәстүрі енді. Ол бойынша билік баласы тірісінде немересіне берілмейтінін нақты көрсетті. Алайда мұндай биліктің отбасылық-әулеттік берілуі принципі жалпы шыңғыстықтар арасында қабылданған жоқ. Бұл дәстүр империяның ұлыстарында көп көрініс тапқан жоқ.

Төртіншіден, шыңғыстық ұлыстарда қалыптасқан билік басына келудің үлкендік принципі. Бұл принципке сәйкес хан ұрпағындағы ең үлкені хандық билікке құқығы басымырақ болды. Мысалы, ханның бауыры барлық туыстардан, яғни ағайын-бауырлардан және ханның балаларынан үлкен болып есептелді. Алайда кей жағдайларда осы тәртіп бойынша да тақ мұрагерлігіне ханның інісі емес, ханның ұлы өзінің жолы бойынша әкесінің інісінен үлкендігін алға тартып билікті алуға тырысты. Мұндай жағдайларда «үлкендік баспалдақта» (лествица старшинства) кім үлкен деген дау туындайды. Яғни жасы үлкенін немесе жолы үлкенін таққа мұрагер ету дауы. Бұл мәселе Алтын Ордадағы 1256 жылы Батый ханның өлімінен кейін, оның ұлы Сартақ пен інісі Беркенің арасындағы немесе 1283 жылы Туканның өлімінен кейінгі ұлы Туда-Менгу мен ханның інісі Менги-Тимур арасындағы таққа таластан айқын көрінеді.

Бесіншіден, биліктің берілуінің бір ұрпақтың ішінде болуы, яғни ағадан ініге берілуі. Бұл тәртіптің жүзеге асырылуын Г.А. Федоров-Давыдов зертеуінде «таққа мұрагерліктің архайкалық тәртібі» деп көрсетеді.

Көріп отырғанымыздай хан билігін тікелей мұрагерлік жолмен, яғни билік әкеден балаға (баласы өлген жағдайда немерсіне) берілу тәртібі жиі қолданылды. Бұл тәртіп Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде пайда болған хандықтарда көп жылдар бойы сақталды.

Ортағасырдағы хандардың билігінің құқықтары мен міндеттерін анықтап берді. Ханда мұндай құқықтар мен міндеттер кем дегенде бесеу болды. Олар:

1. Билік етуші әулеттің басшысы және жоғарғы сюзерені ретінде ханның бүкіл хандық аумағына, ұлысқа қарасты барлық жерге жоғары дәрежеде билік ету құқығы, оның негізгі қызметі мен басты міндеті - елді сыртқы жаулардан қарумен қорғауынан туындайтын құқығы болды.

2. Соғыс жариялау және бітім жасау құқығы тек ханға ғана берілді, мұның өзі әскерлердің қолбасшысы міндетінен туындайтын еді.

3. Ханның шет мемлекеттермен келіссөздер жүргізуге жоғарғы дәрежеде құқығы болды, мұның өзі мемлекеттің сыртқы саяси бағытын белгілеу міндетінен туындайтын.

4. Ханда өзіне бағынышты адамды өлтіру немесе тірі қалдыру құқығы - оның жоғарғы билік міндетінен туындайтын құқығы болды.

5. Сондай-ақ ханда заңдар және қоғамның барлық мүшелері үшін міндетті бұйрықтар шығару құқығы - оның сол кездегі қоғамдық құрылыс пен тәртіпті сақтау міндетінен туындайтын құқығы болды [15, 89–90-бб.].

Шыңғыс хан ұрпақтарының таққа отырғызу дәстүрін Моңғол империясының ұлы хандарынан бастап Алтын Орда хандары, Қазақ хандары да ұстанғаны баршамызға мәлім. Тағдырдың жазуымен XV ғасырда Алтын Ордада біраз уақыт тұрған неміс Иоганн Шильтбергер жаңа ханды сайлау салтанатының куәгері болды. Оның Алтын Ордаға арнаған тарауында мынадай әңгімені кездестіреміз: «ақ киізге отырғызады және үш рет көтереді. Содан кейін шатырды айнала көтеріп жүреді, таққа отырғызады да қолына алтын қылыш ұстатады. Осыдан кейін ол өз ғұрыптары бойынша ант береді» [16, 44-б.]. Арада төрт ғасыр өткеннен кейін жазылған А. Левшиннің кітабынан да осы суреттемені көреміз. «Сайлауға келгендердің саны ұлғайғанда, жалпы жиналыс тағайындалады және кілем мен киіз төселіп, оларға сұлтандар, ақсақалдар, билер, рубасылары танымалдығы немесе биліктегі мәртебесіне қарай жайғасады, ал кара халық солардың артында тұрады. Мұндай мәжілістің басталуы әдетте тыныш, ал аяғы шулы. Оны жасы үлкен немесе тәжірибесі мол құрметті адам ашады, батылдары жандандырады, ірілері бағыт береді, ең соңында бәрі қосылып екі, үш, тіпті одан да көп күнге созылатын пікірталасқа кіріседі. Хан сайланған соң бірнеше беделді сұлтан мен ақсақал оған хабар жеткізеді, жұқа ақ киізге отырғызып, төбелеріне көтереді, қайта жерге түсіреді. Іле-шала оларды алмастыратын қалың көпшілік жаңа билеушіні көтеруге лап береді. Әрі орасан зор дауыспен және айғаймен әдленеше уақыт көтеріп, түсіреді. Ақырында тақ орнына пайдаланылған киіз, кейде тіпті ханның үстіндегі киімі талапайға түсіп, сайлауға қатысқанның айғақ-дәлелі ретінде әркімнің қолында кетеді» [17, 126–127-бб.]. Міне, бұдан байқағанымыз, Шыңғыс хан заманындағы хан сайлау дәстүрінің жалғастығы үзілмей, Алтын Орда дәуірі тұсында және Қазақ хандығында да қайталанып тұрды.

Мемлекеттілік және билік мәселесінің тағы бір қыры, ол тақ пен тәж мәселесі. Қазақстандағы ортағасырлық мемлекеттердің мемлекеттілік атрибуттары мен билік символдарын зерттеу өте маңызды болып есептелінеді, дегенменде ғылыми мәселенің зерттелуі өте әлсіз. Оның үстіне мұндай тақырыптарға арналған еңбектер өте аз. Осы мәселелерге өз еңбегін арнаған зерттеушілердің бірі А.Г. Юрченко көшпелі империялардың билік атрибуттарына алтын шатыр, тәж, мемлекеттік өзіндік ерекшелігі саналатын ту, мемлекеттік мөр, сақина тәрізді т.б. жатқызады [18, 72-б.]. Бұл аталған атрибуттардың кейбірі ортағасырлық қазақ мемлекеттерінде де болған. Жазба

деректермен қатар халық ауыз әдебиеттері де Қазақ хандығында биліктің тақ пен тәж тәрізді символдарының болғандығы жөнінде мәліметтер береді.

Әрине, тақ пен тәж тек Қазақ хандығында ғана емес, сондай-ақ Орта Азияның ортағасырлық мемлекеттерінің көпшілігінде-ақ, соның ішінде біздің тақырыбымызға арқау болып отырған Моңғол империясында да болған. Міне, біздің қарастырғалы отырған мәселеміздің екінші міндеті де осы жерден шығады. Өйткені, Алтын Орда мемлекетіндегі тақ пен тәждің Қазақ хандығындағы билеушілердің дәрежесіндегі көрінісін аша отырып, ондағы қандай да бір ұқсастықтарды қарастырып, яғни сабақтастықтың болғандығын анықтау қажет.

Дешті Қыпшақты мекен еткен жошылықтардың жоғарғы билігінде мұндай атрибуттардың болғандығы жөнінде мәліметтер бар. Вильгельм де Рубруктың айтуына қарағанда, Батыйдың тағы «ұзын әрі кең алтын жалатылған; тақтың үш мінбері болды; билеуші өзінің әйелімен бірге тақта отырды» [18, 90–91-бб.], яғни тақ өлшемі едәуір үлкен болғандықтан онда бірнеше кісі сыйып кететіндей еді. «Батудың қабылдауындағы Ярослав князьдың» аты аталатын орыс жылнамаларында (на Лицевом летописном своде) Алтын Орданың негізін салушысы басына тәж киіп, «билік жастығында» (тақта) отырғандығы суреттелген. XIV ғасырдағы араб саяхатшысы Ибн Баттутаның мәліметінде алтынордалық Өзбек ханның тағы келесідей суреттеледі: «...деревянный престол, обложенный серебряными позолоченными листиками; ножки его из чистого серебра, а верх усыпан драгоценными камнями. Султан садится на (этот) престол; с правой его стороны хатун Тайтуглы, и рядом с нею хатун Кабак, а с левой стороны - хатун Баяну и возле нее хатун Урдуджи» [19, 290-б.].

Ендігі кезекте биліктің аталмыш атрибуттарының Алтын Орда өмір сүруін тоқтатқаннан кейін пайда болған мемлекеттерде де сақталып қалғандығына тоқталсақ. Д.М. Исхаков XV–XVII ғғ. өмір сүрген түркі-татар мемлекеттерінде белгілі бір мемлекеттік символдардың болғандығы туралы өзіндік болжамдарын жасаған болатын. Зерттеуші олардың қатарында тақ, тәж, мөр тәрізді мемлекеттік биліктің элементтерінің болғандығы туралы дерек мәліметтерін келтіреді [20, 143-б.].

Бұл жерде біздің айтқымыз келіп отырғаны Қазақ хандығының да Алтын Орда мемлекеттінің дәстүрлі мұрагерлерінің постжошылық саяси бірлестіктерімен бірдей деңгейде екенін ескерер болсақ, олардың арасындағы мемлекеттік билік символдары арасындағы сабақтастықтың болуы тарихи заңдылық деп есептеуге болады.

Деректер мен зерттеу еңбектерінен көріп отырғанымыздай тақ пен тәж Қазақ хандығында жоғарғы билік және мемлекеттілік символдарының бірі ретінде пайдаланылған. Өз кезегінде бұл символдар моңғол мемлекеттік атрибуттарымен тікелей байланысты деп айтуға болады. Әрине, моңғолдар да бұл атрибуттарды өздерінен ерте кезеңде өмір сүрген мемлекеттерден алған.

Сонымен қатар Қазақ хандығының билеушілері XVII ғасырдың аяғына дейін мұсылман падишаларымен алтынордалық хаттама дәстүрінде ресми хат жазысып тұрған, мұның өзі олардың орда рәміздерін жат бір нәрсе деп қабылдамай, етене дағдылы түрде пайдаланғанын дәлелдейді [21, 88-б.].

Алтын Ордада хан формальды түрде өз билігін карашы-бектермен бөлісті. Олардың ішінде біреуі үлкені болып *беклербек* немесе *улу бек* атағына ие болған. Алтын Орданың моңғол-түріктерден шыққан атақты адамдарын алғашында нояндар деп аталған (моңғол термині), ал кейінірек бектер (түрік термині) деп аталды. Академик В.В. Бартольд «бег» сөзінің түрлі мағынасының (және оның туынды құрамы «бек», «бей» «би») үш негізгі түсініктемесін берді: 1) билеуші әулеттің сұлтандарына жатпайтын, қарапайым халықтан айырмашылығы бар абыройлы (асыл) адам; 2) хан басқаратын үлкен мемлекетпен салыстырғанда кішігірім тайпа немесе рудың басшысы; 3) өз билігін ханнан алуына немесе сайлану арқылы, не болмаса бүлік жасау арқылы иеленгеніне қарамастан басшылықтың барлық түрін жатқызуға болады. [22, с 502].

Кейбір тарихшылардың ең мықты түркі-моңғол әулеттерінің өкілі ретінде осы төрт карашы-бектер хан жанында кеңесті құрды деп болжайды. Алтын Орданың басқару жүйесінде түріктер мен моңғолдардың дәстүрлі органы *құрылтай* туралы мәлімет кездеспейді. Бұл жөнінде В.В. Трепавлов Алтын Ордада құрылтай болуы мүмкін, бірақ тек ерекше жағдай туындағанда және жаңа билеушіні тағайындар кезде шақырылып отыруы мүмкін [23, 200–203-бб.]. Шын мәнінде карашы-бектер бұл аксүйектер кеңесін алмастырған секілді.

Көшпелілер құрған әрбір мемлекетте әскери сала мемлекет өмірінде маңызды орын алды. Сонымен қатар оның халқы мен әскерінің басым бөлігі көшпелілерден тұрды. Сондықтан бірінші кезекте тәуелді (подданные) көшпелілерді басқару үшін Алтын Ордада әкімшілік институттар құрылды. Алайда отырықшы халық, яғни егіншілер, колөнершілер және саудагерлер де салық төлеуші ретінде тәуелді халықтың маңызды категориясына кірді. Уақыт өте XIV ғасырдың бірінші жартысында ислам дінінің қабылдануы мен қалалардың гүлденуі экономикада қала тұрғындарының рөлінің өсіп, олардың әлеуметтік маңыздылығын арттырады. Сондықтан орталық басқару жүйесі халықтың маңызды екі бөлігіне икемделді. Шартты түрде әскери іс және онымен байланысты ұлыстық жүйе беклербектің қолында болды, ал қаржы мәселесімен *уәзір* айналысты. Диван уәзірге бағынышты болды. Қарапайым тілмен айтқанда Алтын Орданың көшпелі халқы беклербектің, ал отырықшы халық уәзірдің қарамағында болды.

Егер беклербек институты түркі-моңғол мемлекеттік үрдісінің туындысы болса, уәзір мен диван – мұсылмандық мемлекеттік институттардың ықпалының нәтижесі. Жалпы Алтын Ордада беклербектердің болғандығы туралы алғаш мәлімет XIV ғасырдың бірінші ширегінде Тоқта мен Өзбек хандардың кезеңінде кездеседі деп көрсетеді В.В. Трепавлов [24, 22 б.]. Беклербек бектер сословиесінің (нояндар, әмірлер) номиналды басшысы болды. Яғни ол әскер қолбасшы болды. Сонымен қатар беклербек мемлекеттегі екінші тұлға ретінде шет мемлекеттермен қатынасты қалыптастыру, жоғарғы сот инстанциясы ретінде сот істерін қарастырды.

Тоқта хан және Өзбек хан тұсында алтынордалық басқару жүйесінде беклербек қызметінің пайда болуын бірнеше факторлармен түсіндіруге болады. Тайпалық қауымдастықтардың (ел) көшбасшылары бектердің күшеюі. Ол бірінші кезекте көшпелі халықтың оңтайлы экономикалық және демографиялық жағдайына байланысты болды; екіншіден, Тоқты мен Өзбек хандардың басқару кезеңіндегі билеуші әулеттегі дағдарыс, яғни билік үшін таласта Жошылықтар өздерінің туыстары арасында қолдау таба алмаған жағдайда, белді әулеттердің өкілдері бектерден қолдау тапты. Осыған сай бұл категория басқару элитасына кіре бастады. Бұл уақытқа дейін беклербекпен сай қызметті жошылық сұлтандардың бірі жүргізді [24, 23-б.].

Алтын Орданың басқару жүйесінде беклербек немесе бас уәзір міндеті XV ғасырдан бастап Қазақ хандығында болғаны айқын. Қазақ хандары жоғары билікті иелене отырып атқарушы биліктің күнделікті істерімен айналыса алмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Олай болса қазақ хандығындағы беклербектің міндетін кімдер атқарды және ол қалай аталды деген заңды сұрақ туындайды. Қазақ хандығы дәуіріндегі «беклербек» лауазымын біз Қадырғали Жалайырдың дерегінен табамыз. Қадырғали Жалайри өзінің ата-бабаларының Ақ Ордадағы Орыс хан тұсында ұлы әмір лауазымын иеленгенін, ал Алаш мыңында (қазақ қоғамында) Алаш мыңының ағасы, яғни ел ағасы лауазымын иеленгенін баяндайды [25, 171–172-бб.]

Қорыта келгенде Алтын Ордада билікте болып, өздерінің мемлекеттік идеологиясын Шыңғыс ханның ата-бабалары мен өзінің жеке басындағы ерекше қасиеттер арқылы негіздеген шыңғыстық ұрпақтар түркі дәуіріндегі «ашинизм» мемлекеттік идеологиясының жалғасы болса, Қазақ хандығындағы хандар мен сұлтандардың билігі мен қоғамдағы алатын статусы шыңғыстық идеологияның заңды жалғасы болып саналды. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі мемлекетті идеологияның үздіксіз жалғасы тарихи сабақтастықты көрсетеді. Алтын Ордадағы хандық билік, ханның құқықтары мен

міндеттері Қазақ хандығында да жалғасын табады. Хандық билік пен мемлекеттік идеологияның бір-бірімен біте қайнасып Қазақ хандығында көрініс беруі Қазақ мемлекеттілігін ХІХ ғасырдың бірінші ширегіне дейін алып келді. ХХ ғасырдың басына дейін қазақ қоғамында төре тұқымдарына деген ерекше құрмет, сыйдың болуы оның көрінісі болып табылады. Моңғол империясында бүкіл мемлекет Шыңғыс әулетінің меншігі болып саналды. Бұл жағдай Алтын Орда мен Қазақ хандығында да қайталанды. Дегенмен де Қазақ хандығында хандық билік Алтын Ордадағыдай емес, біршама шектеулі болды. Алтын Ордада тақты мұралану дәстүрі Шыңғыс хан негізін қалағандай әкеден балаға беріледі. Алтын Ордадағы ыдыраушылық үдеріс кезінде билікті мұралануда екі дәстүр қалыптасады. Алғашқысы моңғолдық, екіншісі қыпшақтық. Қыпшақтық дәстүр – ол биліктің әкеден ініге ауысуы. Қазақ хандығының құрылуы мен осы дәстүр толық жеңіске жетеді. Алтын Ордадағы хан көтеру рәсімі толығыменен Қазақ хандығында сақталады. Алтын Ордадағы атқарушы билікті жүргізген қарашы-бектер және уәзір, диуан институттары Қазақ хандығында толық қайталанбаса да оның жекелеген институттары орын алады. Ол Алаш мыңының ағасы деген лауазымы. Бұл лауазым Қазақ хандығында хан билігі секілді мұрагерлік жолмен беріліп отырған.

Жалпы қорыта айтқанда Алтын Орда мен Қазақ хандығындағы арасындағы саяси билік жүйесінің тарихи сабақтастық мәселесі әлі зерттелмеген күрделі тақырыптың біріне жатады. Біз тек негізгі мәселелерін ғана қарастырдық. Бұл ауқымды тақырып болашақта талай зерттеушілердің зерттеу объектісі болары анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет.
2. Трепавлов В. В. Государственный строй Монгольской империи XIII в.: проблема исторической преемственности. – М., 1993.
3. Почекаев Р.Ю. Особенности формирования и эволюции правовой системы Улуса Джучи // Тюркологический сборник. 2005: Осы автор Основные этапы эволюции казахского суда биев (XV - начало XX вв.) // Зангер. – 2008. – №4 (81). – С. 51–58; Осы автор. Право Золотой Орды. – Казань, 2009.
4. Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. – Алматы, «Тарих тағылымы», 2010. – 665–666-бб.; Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана. 2004. 344 с. История казахской государственности (древность и средневековье): Монографическое исследование – Алматы: изд. «Адамдар», 2007. - 416 с.
5. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т.2. – 364 б.
6. Рашид ад-дин. Сборник летописей / Пер. с персидского О.И. Смирновой, ред. А.А. Семенова. – М.-Л., 1952. – Т. I. – Кн. 2. –316 с.
7. Карибаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: Сардар. 2015.
8. Почекаев Р.Ю. Степные империи Евразии: власть-народ-право (очерки по политической и правовой антропологии). – Алматы: «АБДИ Компани», 2018. –218 с.
9. Трепавлов В.В. Тюркские народы средневековой Евразии. Избранные труды / Отв. Ред. И.М. Миргалеев. – Казань: ООО «Фолиант», 2011. – 252 с.
10. Юдин В. П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... // Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. – Алма-Ата, 1992. – С. 16.
11. Плано Карпини, Марко Поло, Гильом де Рубрук. История Монгалов. Путешествие в восточные страны. – Москва. 1997.
12. Вевеловский Н.И. Хан из темников Золотой Орды Ногай и его время. М. 1922
13. Сабырханов А. Исторические предпосылки ликвидации ханской власти в Казахстане. (На материалах Младшего и Среднего жузов). – Казахстан в эпоху феодализма. – Алма-Ата, 1981. – 158 с.
14. Почекаев Р. Цари Ордынские. Биография ханов и правителей Золотой Орды. М. 2010

15. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Ханы казахских степей.- ТОО «Астана Даму-21». – Астана: 2006. – 182-б. Осы автор. Кочевые племена приаралья XV–XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). – Москва. «Наука», 1982. 86-90 бб
16. Шильтбергер И. Путешествие по Европе, Азии и Африке с 1394 года по 1427 год. – Баку. Издательство «Элм». 1984. – С. 44.
17. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казацких орд и степей. Часть 3. – СПб., 1832. – С. 126–127.
18. Юрченко А.Г. Элита Монгольской империи: время праздников, время казней. – СПб.: Евразия, 2012. – С. 72.
19. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды В Тизенгаузена. Т. 1. Извлечение из сочинения арабских. – СПб., 1884. - 564 с.
20. Исхаков Д.М. Тюрко-татарские государства XV–XVI вв. – Казань: Татарское книжное издательство, 2009. – 143 с.
21. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 2-том. –Алматы: «Атамұра», 2010.
22. Бартольд В.В. Сочинения. Т. 5. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов/ Сост. С.Г. Кляшторный. – Москва., 1968.
23. Трепавлов В.В. Степные империи Евразии: монголы и татары. – Москва.: Квадрига, 2015. - 368 с.
24. Трепавлов В.В. Беклербек в структуре монгольской и тюркской государственности.// Золотоордынское обозрение. – 2014. – №2 (4).
25. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері XV–XIX ғасырлар шығармаларынан үзінділер. Том 5. – Алматы. Дайк-Пресс. 2006. – 440 б.

Түйін

Мақалада Алтын Орда мен Қазақ хандығы арасындағы тарихи сабақтастық мәселелерінің бірі саяси билік жүйесіндегі сабақтастық қарастырылды. Автор билік жүйесіндегі әулеттік, идеологиялық және билік атрибуттарының жалғастығын ашуға тырысады.

Резюме

Одним из проблем исторической преемственности между Золотой Ордой и Казахским ханством является преемственность системы политической власти. В статье автор стремится раскрыть в системе власти преемственность династических, идеологических и властных атрибутов.

Abstract

One of the problems of historical continuity between the Golden Horde and the Kazakh Khanate is the continuity of the system of political power. In the article, the author seeks to reveal the continuity of dynastic, ideological and power attributes in the system of power.

К ВОПРОСУ О ТОПОГРАФИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ У САРАЙЧИКОВСКОГО ГОРОДИЩА

Бирюков П.В. - преподаватель ГБПОУ АО
«Астраханское художественное училище
им. П.А. Власова» г. Астрахань,
Российская Федерация

Сарайчик имеет важное значение для изучения исторического наследия региона. Возникнув как транзитный пункт на участке Великого шелкового пути, в отличие от других золотоордынских городов продолжал функционировать на протяжении XV–XVI веков. Для полноценного изучения Сарайчика необходимо знать какую территорию занимал город в этот период. Как уже неоднократно упоминалось в различных источниках, Сарайчик потерял часть занимаемой территории в результате весенних паводков и изменений окружающих его русел рек Жаика (Яик, Урал) и Сарачинки (Сорочик, Сорочинка). Городище Сарайчик на сегодняшний день окаймляется с севера рекой Жаик и с южной стороны пересохшим руслом реки Сорочинки. Река Жаик как и ее протока Сарачинка относятся в типу меандрирующих рек, русла которых имеют отчетливо извилистый характер. Как правило, такие русла на протяжении времени порой меняют свои положения. Исходя из этого в данном исследовании был поставлен вопрос - менялась ли топографическая ситуация у городища на протяжении с момента возникновения города? Для решения этого вопроса были изучены картографические материалы фиксирующие положение рек у Сарайчиковского городища в различные исторические периоды.

Жаик стал фиксироваться на географических картах уже с XV века. На карте, созданной в 1459 году итальянским картографом Фра Мауро изображены Жаик и Волга впадающие в Каспийское море. На их побережьях обозначены существующие в то время города [1],



Рис.1 (Фрагмент карты Фра Мауро - 1459 г.)

Город Сарайчик со своим названием стал изображаться на европейских картах XVI века. Расположение часто было условным, картографы размещали его как на восточной стороне Яика (Э. Дженкинсон 1562, 1578.) [2], так и на западной стороне (Гастальди 1548.) [3]. На некоторых картах того времени Сарайчик изображен между Яиком и Волгой [4] или на восточном берегу Волги (А. Ортелиус 1570) [5].



Рис.2 Фрагмент карты Э. Дженкинсона - составленной в 1562 г. Город изображен с восточной стороны Яика.




Рис. 3. Фрагмент карты венецианского картографа и инженера Д. Гастальди (ок. 1500-ок.1566) из издания «Руководства по географии» Клавдия Птолемея, выпущенного Гастальди на итальянском языке в 1548 г. Сарайчик изображен с западной стороны Яика



Рис. 4 Фрагмент карты Московии австрийского дипломата и историка С. Герберштейна (1567?)
Сарайчик размещен между Волгой и Яиком.



Рис. 5 Фрагмент карты А. Ортелия «Tartariae Sive Magni Chami Regni» 1570 г.

В XVII веке город прекращает свое существование, но информация о нем не исчезает из письменных и картографических источников. На европейских картах упоминание города следует рассматривать как анахронизм (картографы часто использовали старые сведения при изготовлении новых карт). На картах встречаются изображения Сарайчика, как с западной стороны Яика (Н. Сансон 1674 [6], Ю. Данкерте 1680? [7], А. Жайо 1695[8]), так и с восточной (Н. Витсен 1687) [9].




Рис. 6 Фрагмент карты французского географа и картографа Н. Сансона «La Russie Blanche ou Moscovie.....» 1674 г.



Рис.7. Фрагмент карты Н. Витсена «Новая географическая карта Северной и Восточной части Азии и Европы, простирающейся от Новой Земли до Китая» (1687 г.)

В русских картографических источниках XVII века топографическая ситуация вокруг Сарайчиковского городища освещается более подробно. Русское государство после Смутного времени стало активно осваивать низовья Волги и Яика. В Книге Большому чертежу составленной к 1627 году при описании нижней части Яика упоминается остров Сарачик – «да из Яика же реки, с левые же стороны, выше Сорочика острова 25 верст потек проток Саванлы.» [10 с. 95]. Хотя само название реки отходящей от Яика не упоминается, но название острова - Сарачик, который образуется в междуречье

Яика и безымянной протоки, вероятно, получил от городища расположенного здесь. В середине 1630-х годов в целях исследования низовьев Яика для строительства в дальнейшем русских крепостей, астраханским подьячим А. Путиловым был составлены чертежи, в том числе «чертеж Сарайчиковского городища» [11, с. 61]. В апреле 1646 г. по челобитию купца Михаила Гурьева для реконструкции городка в низовьях Яика ему разрешается брать «кирпич ... на Сарайчике, где бывали татарские мечети и палатишка» (11, с. 198).

В «Хорографической книге Сибири» (1697–1711 гг.) составленной С.У. Ремезовым есть два чертежа на которых можно рассмотреть ситуацию на Яике в конце XVII века. На листе № 163 изображен Яик, впадающий в Каспийское море [12, с. 163]. К востоку от Яика выше Гурьева упоминается урочище Сарайчик.



Рис. 8. С. Ремезов. (1697-1711 гг.) Фрагмент листа «Яикъ» из «Хорографическая книга Сибири»

Л. 163 «Глава ЛС. Яикъ»

На листе № 114 «Глава ЛС. Яикъ» [12, с. 114]. топографическая ситуация более подробная, в тоже время в некоторой степени запутанная. Упоминается следующие топонимы: остров Сорочинской, У (рочище) Сарайчик и г(ород) Сарайчик. Некоторую запутанность ситации вносит помещенный выше Сорочиковского острова г. Гурьев через который проходит дорога из Бухары в Астрахань. Город Сарайчик показан не острове, а выше по течению. На карте отмечена дорога из Бухары до Сарайчика, далее дорога направляется на северо-запад в сторону Узеней и доходит до Саратова. Запутанность топографической ситуации можно объяснить недостаточностью знаний или ошибкой картографа. Например, гора Индер изображена на западной стороне Яика.



Рис. 9. С. Ремезов. (1697–1711 гг.) Фрагмент листа «Яикъ» из «Хорографическая книга Сибири» Л. 114 «Глава 15. Яикъ»

В XVIII веке с развитием российской картографии появляются подробные карты нижнего течения Яика. На картах и планах наряду с русском Сарачиковском форпостом обозначается и бывшее городище, начинает изображаться протока Сорочик. На картах исток реки Сорочика начинается из Яика (после 1770-х годов - Урала) выше городища, затем протока огибала его с западной стороны, подходя близко к городищу с южной его стороны, делала поворот к юго-западу, пройдя некоторое расстояние вновь впадала в русло Яика.

На Ланкарте 1745 года, которую «описывал и сочинял» геодезист Степан Чичагов [13, с. 162–163] нанесена речка Сарачик которая с Яиком образывает остров, на котором расположены «Сарачиковской форпост (у) Сарачиковского города». На «Плане Гурьеву городку и протокам которая вышли из реки Яика и впали в морской розлив» которая также была составлена в 1745 г. этим же картографом на острове между Яиком и Сорочиком нанесено «Сорочиковское городисче» [13, с. 336]. Городище на плане имеет округлую форму. Оно расположено в северной части острова прижимаясь к берегу Яика. Сложно сказать о точности расположения городища относительно Яика. И. Гербер побывавший здесь в 1732 г. указал расстояние от городища до Яика: «прибыли в старый разрушенный город под названием Сарайчик, дальше на восток еще 4 версты до реки Яик». Он же составил первое описание городища, деля его на части: «Этот разрушенный Сарайчик, должно быть, был очень большим местом, разделенным на 3 части, которые еще показывают свои развалины; от зданий уже ничего не осталось, кроме нагроможденных камней и нескольких все еще изогнутых подвалов из обожженных камней» [14, с. 35].




Рис. 10. Ф. Чичагов. (1745 г.) Фрагмент карты «План Гурьеву городку и протокам которые вышли из реки Яика и впали в морской розлив»



Рис.11. И. Красильников. (1755 г.) Фрагмент карты «...нижняицкой дистанции до Гурьева городка и до Каспийского моря...» (переиздание 1880 г.)

Такую же ситуацию показывает И. Красильников. Форпост изображен в северной части острова, образуемого реками Яиком и Сарачинкой. Слева идет надпись – «Сарайчиковский тут же розвалины старинного городка Сарачика» [15].

На более детальном плане 1757 г. видно, что русло Сарачинки находится на значительном расстоянии от городища и Сарачиковского форпоста (Рис. 12). Сам форпост изображен в северо-восточной части острова на берегу Яика.



Рис 12. Фрагмент плана 1757 г. с изображением Сараичиковского форпоста и дороги проходящей по территории городища (Предоставлен В. К. Афанасьевым)

П.С. Паллас в своих записях упоминает что «Форпост Сарайчик или Сарайковка стоит близ Яика на восточной стороне рва оставшегося от прежде бывшего на сем месте многолюдного татарского города Сарайчика» [16, с. 610].

Таким образом, исходя из рассмотренного материала можно предположить, что в XVII и XVIII вв. городище располагалось в северо-восточной части острова. Протока Сорочинка на картах значительно меньше Яика (Урала), исток ее находится на значительном расстоянии от городища. В описаниях путешественников того времени нет упоминаний о разрушении городища окружающими его водными руслами.

В XIX веке появился более качественный картографический материал местности. А.Е. Алексеевым был составлен инструментальный план Сараичиковского городища. Были также опубликованы отчеты о посещении городища путешественниками и исследователями [14, 50–52].

С 1801 по 1804 гг. была составлена, а в 1805 г. была издана подробная карта Российской империи и близлежащих владений. На 74 листе показана ситуация у Сараичиковской крепости. С восточной стороны на карте нанесена надпись: «Знаменитые развалины бывшего татарского Города». На карте показаны две луки, отходящие к северу и северо-востоку от крепости. Между этих лук проходит дорога, подписанная как «След бывшей дороги, называемой ныне Нагайской». С западной стороны городища нарисована Сорочинка («Ерик Сорочек») [17, л. 74]. Она, как и на плане 1757 г. истекает из Урала на значительном расстоянии от крепости.



Рис. 13. Фрагмент листа № 74 Подробной карты Российской империи и близлежащих владений (Издание 1815 г.)




Рис. 14. 1826(?) г. Отредактированный фрагмент плана с изображением маршрута экспедиции Ф.Берга. из книги «Сарайшик – наследия предков». Атырау 2015 г.

На плане 1826(?) г. Арало-Каспийской экспедиции под руководством Ф.Ф. Берга (Рис. 14) довольно подробно изображены Урал и Сарачинка в районе городища. Русло Урала у Сарайчиковской крепости проходит с севера на юг. К северу от городища и крепости расположена большая безымянная лука, которую в северной части частично разделяет на две части остаток бывшего русла. К югу от крепости влево выдвигается «Голушкина» (Гаушкина) лука. На противоположной стороне реки просматривается высохшая старица Урала, вокруг которой образовались объездные дороги. Исток реки Сарачинки по сравнению с картой 1757 г. (Рис. 12.) и картой 1805 г. (Рис. 13) изменил свое положение. Он, сдвинувшись ниже, стал вытекать у начала луки огибающей городище с северной стороны. Городище на карте не изображено, но судя по его

описаниям, оставленным П.С. Палласом и К.Ф. Гебелем, оно располагалось к западу от крепости и не затрагивалась речными руслами Сарачинки и Урала.



Рис. 15. А.Е. Алексеев. 1861 г. «План развалин древней мусульманской крепости Сарай-Ал-Джедит и части нынешних построек Сарайчиковской крепости снятый инструментально в 1861 г.».

В 1861 г. Алексеевым был составлен инструментальный план «городища Сарай-Ал-Джедит» (Рис. 15). На плане в восточной стороне показана казачья крепость, определены границы древнего городища, отмечены реки Урал и Сарачинка. Протока Сарачинка показана только частично (по отношению к юго-западной части городища). А.Е. Алексеев указывает, что Сарачинка смыла часть «древнего кладбища с мавзолеями» [14, с. 55] (т.е. ранее ее русло проходило в другом месте и не затрагивало границ этого кладбища). Урал показан фрагментарно, по небольшому отрезку реки сложно судить о его направлении. На плане хорошо видно, что Урал разрушил большую часть казачьего укрепления (просматривается только западная часть крепости. Алексеев расстояние от крепости до городища определил в 150 сажень. К. Гебель побывавший здесь ранее, (в 1836 г.) писал, что крепость «плотно прилегает к берегу Урала», а городище находится «в половине версты от нынешнего Сарайчика» [14, с. 50–52]. Разницу в расстояниях может возникнуть, при перемещении домов с восточной подмываемой Уралом стороны крепости на запад, в сторону городища. Кроме упомянутых выше водных протоков, на плане Алексеева в южной части городища выявляются остатки более старого русла, которое на момент составления карты превратились в пересохшие ильмени («Ханские ильмени»). Ширина ильменей значительно превышают ширину действующей в то время речки Сарачинки, что говорит о

том, что ранее в этом месте проходило обширное водное русло, которое впоследствии превратилось в старицу, а затем распалось на отдельные водные фрагменты – ильмени.




Рис 7. 1872 г. Фрагмент карты И. Стрельбицкого (Специальная карта Европейской России). Лист 132.

На карте И.А. Стрельбицкого (Рис. 7) дорога проходит между Уралом и Сарайчиковской крепостью. К северу от поселения имеется вытянутая к северу лука. Сарачинка выходит из Урала на значительном расстоянии от казачьего поселения. В письменных источниках нет упоминаний о следах обрушения городища.

В XX веке ситуация на местности продолжает изменяться. На карте 1930-х годов (Рис. 9) рукава Урала у основания северной «Жилой?» луки вплотную приблизились друг к другу. На карте хорошо видно, что старое уходящее к востоку русло Урала распалось на ряд озер и ильменей. Православное кладбище (изображенное на карте А.Е. Алексеева), которое располагалось на территории городища в северной части поселка, уже находится на краю Урала. Исток русла Сарачинки, в сравнении с картой И.А. Стрельбицкого стал располагаться опять южнее, рядом с городищем (??).




Рис. 8. Сарайчик на фотографии 1930 годов

В 1937 г. Н. Арзютов в своем отчете записал, что «Поселку Сарайчик все время приходится отступать вглубь от берега, в настоящее время от старого казачьего поселения, обозначенного на указанной карте (Плане Алексева) почти ничего не осталось, он все время отступал, выстраиваясь новыми улицами на самих развалинах.» [14, с. 89].

Определяя площадь разрушения городища Арзютов пишет: «в том месте, где речка Сорочинка впадает (???) в Урал, берег реки на северо-восток, север и запад также беспрестанно разрушается. Это разрушение берегов с двух сторон привело к тому, что так называемая «Жилая лука» превратилась в остров. Лука «Медведица» у основания прорвана новым руслом Урала, а старое, огибавшее луку, теперь сухое. Таким образом, за 70 лет утеряна площадь, длиной около 1100 м и шириной 300 м. В целом погибла площадь около 320 гектаров [14, с. 89–90].

В начале 40-х годов наблюдались очень высокие половодья, которые также способствовали разрушению северной части городища. Изменение русла у Сарайчиковского городища можно увидеть, сравнив топографические карты 1930 и 1980-х годов.

На карте 1980-х годов Урал соприкасается с северной часть поселка и городища. Основное русло реки, которое разрушало восточную часть казачьего поселения на протяжении XIX–XX веков ушло дальше к востоку.




Рис 9. 1930-е г. (?) Фрагмент топографической карты

Рис 10. 1987–88 г. Фрагмент топографической карты

Анализируя картографическую ситуацию можно сделать некоторые предварительные выводы: Русла Сарачинки и Жаика с XVIII века неоднократно меняли свои положения и отличаются от сегодняшнего их расположения.

– в XVIII веке русла Яика (Урала) и Сарачинки, вероятно не соприкасались с территорией городища. Каких-либо упоминаний о разрушениях водой городища не имеется.

– в XIX веке происходило срезание берега с восточной стороны Уралом (смыта восточная часть Сарайчиковской крепости (форпоста). Исток Сарачинки, сдвинувшись ниже, своим усиленным течением стал смывать «древнее» кладбище в 200-х саженях к югу от городища (А.И. Алексеев).

– в первой половине XX века кроме подмыва берега с восточной стороны, стала смываться непосредственно северная часть городища (Арзютов). К сороковым годам в результате сильных наводнений северная «Жилая» лука была перерезана, русло Урала стало протекать по северной части территории городища в направлении запад-восток. В отчете Г.И. Пацевича упоминается что «по словам местных жителей, только в последние годы передвижкой русла вправо, т.е к северу, снесена водой примерно третья часть современного поселка и значительная часть территории развалин древнего Сарайчика [14, с. 107].

На сегодняшний день Жаик примыкает к северной части городища Русло Сорочинки расположенное рядом с городищем в настоящее время обезвожено. Нынешние остатки протоки Сарачинки только частично огибает с западной стороны поселок Опытное и здесь же заканчивается. (рис. 11).



Рис. 11. 2017 г. Реконструкция размещения городища по плану 1861 г. на современный снимок, выполненный с дрона.

Для определения площади утерянной территории, на котором располагалось Сарайчиковское городище, был использован план 1861 г. составленный Алексеевым и современные снимки, сделанные с космических и других летательных аппаратов. По подсчетам общая площадь утерянной территории окруженной земляными валами (Н. Арзютов расчет вел по этим площадям) составляет около 500 гектаров. Эта полоса шириной около 400 метров идущая от нынешней береговой линии Жаика к северу от кладбища и более 500 метров на восточной окраине поселка также идущая в северном направлении. Длина потерянной территории с запада от современного кладбища по направлению к востоку выходящая за окраины п. Старый Сарайчик совпадает с данными Арзютова и составляет чуть больше 1 километра. Эта территория накладывается на современное русло Жаика у городища и часть береговой зоны на противоположной стороне реки. При сравнении этих цифр с археологическим отчетом Н. Арзютова выявляется, что ширина полосы увеличилась на 100 метров с западной и более чем на 150 с восточной стороны.

К разрушению городища приводили и весенние паводки, которые приводили в негодность глинобитные постройки. Так остается спорным вопрос о наличии крепостных сооружений Сарайчика. В источниках, относящихся к XIX веку, имеются сведения об укреплениях в виде земляных валов (Левшин, Алексеев и др.). Г.И. Пацевич отсутствие «остатков старых крепостных стен» объяснял тем, что «они также были снесены вместе с остальной погибшей частью города», которую в последние годы смыла река [14, с. 107]. Сопоставление плана А.Е. Алексеева с современной топографической ситуацией городища, показывает, что в юго-западной части городища еще сохранилась значительная часть территории средневековой крепости и полностью «цитадель». Территория крепости на сегодня наполовину смыта Жаиком. Можно предположить, что первоначально город стал формироваться в западной части городища и примыкал к руслу Сарачинки (может быть в то время основному водному руслу). (На плане 1861 г. – наиболее значительные бугры (возвышения) отмечены в также в западной части). Н. Арзютов в своем отчете упоминает, что «по обрыву Урала видны весьма скромные остатки разрушенных строений.». А «наиболее сохранившейся частью жилых кварталов, является к настоящему времени, по-видимому, береговой участок, расположенный между речкой Сарачинкой и современным поселком. По крайней мере в этом районе в обрыве сохранились следы жилых домов, да к тому же остатки их обнаружены в процессе раскопок» [14, с. 91]. Г.И. Пацевич также относил присутствие культурного слоя «к Западу и Сев.Западу от современного поселка и почти полному отсутствию таковых не только на поверхности территории поселка, но и в выбросе земли из ям поселка.».

Основной причиной разрушения сырцовых крепостных стен и земляных валов цитадели и построек городища стали частые наводнения в период половодий от разливов окружающих рек. Имеются упоминания о наводнениях у Сарайчика еще в XVI веке. Так ногайский бий Исмаил в письме Ивану Грозному летом 1557 года упоминал: «А пашню сарайчиковскую вода взяла» [17, с. 253]. Сохранились сведения о более поздних крупных паводках: в 1854 г. Урал поднимался на 11 метров, в 1922 г. на 12 метров, в 1932 и 1941 гг. – 7,7 м., в 1942 г. – 9,8 м. Возможно после таких весенних паводков и менялась кардинально топографическая ситуация около Сарайчиковского городища – русла рек меняли свои направления. На рисунке 12 показаны изменения русел Жаика и Сарачинки, по картографическим сведениям, в различные исторические периоды.




Рис. 12. Изменение русел Жаика(Урала) и Сорочинки за период с 1828 г. по 2010-е гг.

Красным цветом обозначено современное кладбище (цитадель).

Таким образом в отличии от многих среднеазиатских крепостей сохранивших свои очертания из-за отсутствия угроз затоплений и подмочек сырцовых стен (многие русла ушли или пересохли), Сарайчиковское городище все это время было окружено активными речными руслами.

Открытым остается вопрос нахождения русел Жаика и Сарачинки в период жизнедеятельности Сарайчика (с момента возникновения и до конца XVI века). П.С. Паллас упоминает, что казачий форпост поставлен на восточной стороне рва, что на самом деле могло быть бывшим руслом реки. В какой-то период еще одно водное русло проходило и с западной стороны городища. Л.Л. Галкин в отчете 1975 г. записал что «в верхней части /вверх по течению Урала/ исследованного участка культурный слой верхняя граница которого датируется начало XIV в. судя по керамике найденной здесь перекрыт аллювиальными отложениями мощностью до 1,5 – 2 м., что может указывать на довольно высокое стояние вод Урала в этот период» [14, с. 161]. Ханские ильмени, изображенные на плане 1861 г. в западной части городища, также в свое время были активным речным руслом.

Вопрос о топографической ситуации у Сарайчиковского городища требует более тщательного изучения, что поможет в дальнейшем точнее определить топографию города и окружающего его ландшафта.

Список литературы

1. https://ru.wikipedia.org/wiki/Файл:Fra_Mauro_map_sector_XXXIV.jpg
2. *Russiae, Moscoviae et Tartariae descriptio* / Auctore Antonio Ienkensono Anglo: edita Londini Anno 1562 et dedicata illustriss. D. Henrico Sydneo Walliae presidi. – [Antverpiae [Antwerpen], 1579].
3. *Nova Descriptione de la Moscovia* / per l'ecce M. Giacomo Gastaldo piemontese cosmographo. – Venetia: Giov[anni] Fran[ces]co Cam[ocio], Anno MDLXII [1562].
4. *Andere Landtaffel: in welcher der Moscoviten gebüet, mit sampt den Welden [Wälden] und Bergen auch etlichen gebreüchen und allen umligenden Landschaften begriffen* / [S. Herberstein]. – [Basel, 1567?].
5. *Tartariae sive Magni Chami regni typus* / [A. Ortelius. – Antverpen: C. Plantijn, 1570]. // *Theatrum orbis terrarum*. Л. [98].
6. *La Russie Blanche ou Moscovie divisée suivant l'Estendue des Royaumes, Duchés, Principautés, Provinces et peuples qui sont presentement soubz la domination du Czar de la Russie cogneu soubz le nom de Grand Duc de Moscovie* / Dressé sur plusieurs memoires et relations les plus recentes par le S-r Sanson Geographe ordre du Roy: Presentée à Monseigneur le Dauphin par son tres humble, tres obeissant et tres fidele serviteur H. Jaillot – A Paris: chez H. Jaillot, 1674.
7. *Novissima et Accuratissima Totius Russiae vulgo Muscoviae Tabula* / a Justo Danckerts. – Amstelodami [Amsterdam, 1680?].
8. *La Russie Blanche ou Moscovie Divisée suivant l'Etendue des Royaumes, Duchés, Principautés etc. = Nova Russiae Albae sive Moscoviae tabula, ad usum Serenissimi Burgundiae Ducis* / Presenté à Monseigneur le Duc de Bourgogne par son très humble et très obeissant serviteur H. Jaillot. – à Paris, 1695.
9. *Nieuwe Lantkaarte van het Noorder en Ooster deel van Asia en Europa. Strekkende van Nova Zemla tot China: Aldus Getekent, Beschreven, in Kaart gebragt en uytgegeen. Sedert een Nauwkeurig ondersoek van meer asl twintig Iaaren door Nicolaes Witsen.* – [Amsterdam], Anno 1687.
10. Книга Большому Чертежу. под ред. К.Н. Сербиной // Издательство АН СССР. – 1950.
11. Дубман Э. Промысловое предпринимательство и освоение Понизового Поволжья в конце XVI–XVII вв. – Самара, 1999.
12. Remezov Semën Ul'ianovich. *Khorograficheskaya kniga 1696–1711* [cartographical sketch-book of Siberia] MS Russ 72 (6) . Houghton Library, Harvard University , Cambridge, Mass.

13. Гусарова Е. В. Астраханские находки. История, архитектура, градостроительство Астрахани XVI–XVIII вв. по документам из собраний Петербурга. 2009.
14. Сарайшик – наследие предков. Атырау. Источники по истории городища Сарайчик. 2015.
15. Подробная карта Российской империи и близлежащих граничных владений. 1805.
15. Оренбургская губерния с прилегающими к ней местами по «Ландкартам» Красильникова и «Топографии» П.И. Рычкова 1755 г. Оренбург 1888 г.
16. П.С. Паллас Путешествие по разным провинциям Российского Государства. – Ч. 1. – СПб. 1773.
17. Посольские книги по связям России с Ногайской Ордой. 1551–1553 гг. – Казань, 2006 г.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ЗЕРТТЕУШІСІ – З. САМАШЕВ

Ж.К. Диярова

«Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени
музей қорығы» РМҚК ғалым хатшысы

Ортағасырлық Сарайшық қаласы, оның тарихы қай заманда да қалың көпшіліктің назарында болды. Оның Жошы ұлысының, Ноғайлы мен Қазақ хандығының астанасы болуы, Еуразия аймағында Жібек жолының алтын көпірі болғаны әлемге аян. Мұның өзі қаланың болашық зерттелуіне және ертең үшін сақталуына айтарлықтай әсер етті.

Сонау XX ғасырдың 60-шы жылдары қоғамдық негізде ашылған өлкетанушылар бұрышы, кейінгі музей де соның әсерімен 1999 жылы 3 қыркүйекте «Хан Ордалы – Сарайшық музей-қорығы» құрылуына әкелді.

Сарайшық қаласы тарихына жаңаша көзқарас ел тәуелсіздігімен қаланды. Сарайшық қалашығына қатысты негізгі кешенді зерттеу жұмысы 1996–2000 жж. аралығында И. Тасмағамбетовтың ұйымдастырып, тікелей қатысуымен З. Самашев бастаған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізілді. Зерттеулер нәтижесінде Сарайшықтың қалыптасып дамуының үш кезеңін анықталды. Археологиялық зерттеулер барысында қалашықтың әр бөлігінен оның өмір сүруінің әртүрлі кезеңіне жататын ауқымды жерлер ашылып, зерттелді [1, 16-б.].

Сарайшық қалашығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының қысқаша есебін З. Самашев 1999 жылдың 14 қыркүйегінде Атырау облысы мәдениет және туризм басқарамасының басшысы Б.С. Иманғалиевке хат жолдаған. Хатта ортағасырлық Сарайшық қаласындағы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған жәдігерлер Атырау облыстық музейге және жаңадан ашылған Сарайшық музей-қорығына тапсырылғандығын атап көрсеткен.

Сонымен қатар З. Самашев 1999 жылғы қысқаша есебінде 2000 м² асатын «керуен сарайының» орны ерекше екенін көрсетіп, көктемгі су шаюдан қорғап қалуға алдын ала іс-шаралар ұйымдастыру керектігін жазған.

Ол Сарайшықтың рухани орталықтардың бірі болғандығын атап өтеді. Өз есебінде «... Продолжались исследовательские работы и на раскопке включающем в себя мазар с подземным склепом. Площадью раскопа были задеты и остатки других видимо аналогичных комплексов. Необходимо их раскрытие которое требует предельной осторожности и тактичности, ибо эти древние мемориальные сооружения находятся в центре казахского кладбища. Однако эти исследования необходимы, ибо различные источники показывают, что в Сарайчуке было захоронено несколько золотоордынских ханов, и судя по ряду источников, один из самых деятельных Казахского государства хан Касим. В надежде восстановление и реконструкцию этих комплексов в будущем в

качестве исторического материала был проведен начальный этап работ по консервации и частичному восстановлению уже открытого мазара с подземным склепом.

Важность продолжения археологических исследований на этом участке заключается и в том, что на примере этого памятника сделан значительных шаг вперед в выяснении топографической ситуации города. Если дальнейшими раскопками будут раскрыты аналогичные комплексы, то реальность восстановления этого духовного-исторического мемориала вполне осуществима...» деп болжам көрсеткен [2].

Келесі бір хатында тағы да Сарайшық археологиялық қазба орындарын қорғау қажеттігін көтереді. 1999 жылы 1 қарашада З. Самашев М. Бердімұратовқа хат жолдайды. Ғалым хатында: «В связи завершением исследования на городище Сарайчик в сезоне 1999 г. обращаюсь к Вам с просьбой не направлять группы организованных посетителей и частных граждан на огражденные участки археологических раскопок. Они пока являются объектами научных исследований, не музеефицирована, официально не являются объектами туристическо-экскурсионных посещений. Поле создания соответствующих технических и материальных условий – проведения дорожек, смотревых площадок, укрепления специальными составами стен и интерьеров помещений, полной консервации и реставрации эти раскопки будут доступны всем. В настоящее время, до полной сдачи объектов органам госохраны историко-культурного наследия, запрещается производство не согласованных фото-видеосъемок. Материалы экспедиции Вам будут переданы в апреле 2000 года» деп қазба орындарындағы күрделі мәселелерді көтереді [2]. З. Самашевтің ұсынысы орынды талап болатын.

2004 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануымен Сарайшық қалашығына зерттеу жұмысын 2004–2008 жж. Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі болып З. Самашев жалғастырады. Жүргізілген қазба жұмыстары бірқатар жаңалықтар әкеледі. Қалашықтың төменгі мәдени қабатынан шақпақ тас жаңқалары, қола дәуірінің тас келсабы, ерте темір дәуірінің қола жебе ұштары табылған. Бұған қоса XI–XII ғасырлардағы тұрғын үй іздері мен қыпшақ дәуіріне (?) жататын шала күйдірілген қара түсті қыш ыдыстың бөлшегі табылған және Жайық төменгі ағысында Сарайшықтан басқа жерлерде XII ғасырдың қыш ыдысы кездеспеген. Осыған орай, зерттеушілер қалашықтың өмірін төрт кезеңге бөліп, алғашқысын XIII ғасырдың ортасына дейін қамтитынын көрсеткен [3, 11–12-бб.].

Осы кезең Сарайшық қалашығы орнында археологиялық жұмыстардың жандануымен ерекшеленеді. 2003 жылғы археологиялық қазбалар нәтижесінде З. Самашев Сарайшық музей қорығын 1341 жәдігермен толықтырады [2].

З. Самашевтің археологиялық қазбалары, оның қорытындылары бойынша облыс басшылары мен министрліктерге Сарайшық мәселесін көтере жолдаған ақпараттары мен ұсыныстары қолдау таба бастады.

Сарайшық қалашығындағы өзгерістер, ғалымның ұсыныс пікірлері көп ұзамай ел үкіметінің назарын аударды. Нәтижесінде 2008 жылы 21 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметі № 279 қаулысымен Сарайшық қалашығын Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне қосады. Осы жылы З. Самашев 300 м² жерді қазып XIII–XIV ғасырларға қатысты мәліметтерді жинақтайды.

2013 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Атырау облысы әкімдігі Сарайшық қалашығын сақтап қалу мақсатында жаңа істерге бастамашы болады. Оған белгілі дәрежеде археолог ғалым З. Самашев өз үлесін қосқан болатын. Мәселен архивте оның Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі М.А. Құл-Мұхаммедке жолдаған хаты сақталған. Ғалым хатынан: «Қадірлі Мұхтар Абрарұлы! Биылғы жылдың 13-маусымында «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында өткен Қоғамдық кеңестің отырысындағы Елбасының баяндамасында ерекше аталып, үкіметке арнаулы тапсырма ретінде қарастырылған мәселенің бірі – Сарайшық қалашығын сақтап қалу жөнінде болғаны өзіңізге аян. Осыған сәйкес, мен, 1989 жылдан бері сол қаланы зерттеумен шұғылданып жүрген маман ретінде,

алдағы, 2009–2011 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасына Сарайшық қалашығының орнында арнаулы археологиялық құтқару қазба жұмыстарын кең көлемде одан әрі жалғастырудың жоспарын енгізуді сұраймын. Ал, негізгі шара – Жайық өзенінің жағалауын бекіту, немесе, оны ескі арнасына қайта бұру болғандықтан, бұл мәселеменен Атырау облысының Әкімдігі шұғылдануға тиісті деп есептеймін. Кезінде осы жоба бойынша әртүрлі жергілікті ұйымдар шұғылданған болатын. Соның ішінде, 2006 жылы «Толқын» ЖШС-і екі-үш жоба ұсынған. Бірақ-та, олар да мәселені түбегейлі шеше алмады. Сондықтан, бұл істі Министрлікпен жергілікті әкімшіліктің бірлескен комиссиясын құру арқылы шешкен жөн деп есептейміз» деген жолдарды оқуға болады. Осындай мәтіндегі хат Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігінің Ішкі істер бөлімінің меңгерушісі Е. Қаринге де жолданады.

2013 жылы 11 қыркүйекте министр М. Құл-Мұхаммед Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б. Сағынтаевқа арнайы хат жолдайды. Хатта: «Құрметті Бақытжан Әбдірұлы! Мәдениет және ақпарат министрлігі Сіздің республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – Сарайшық қалашығын сақтап қалу мәселесіне қатысты тапсырмаңызды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе қарап, төмендегіні хабарлайды. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің мамандарынан арнайы жұмыс тобын құрып, мәселені Сарайшық қалашығының басында қарады. Нәтижесінде екі нұсқада ұсыныс жасады. Атап айтқанда:

1. Жайық өзенінің ағысын апатсыз өткізу үшін жер жұмыстарын жүргізу арқылы өзеннің қазіргі арнасын Сарайшық ауылының жоғарғы және төменгі бөліктерін бөгей отырып, ағысты ескі арнаға өзгерту;

2. Жайық өзенінің қазіргі арнасын өзгертпей Сарайшық қалашығының орналасқан жерінде ұзындығы 1500 текше метр құрайтын жағалауға бекіту жұмыстарын жүргізу.

Ал, Атырау облысының әкімдігі ортағасырлық Сарайшық қалашығын сақтап қалу бойынша жүргізілетін жұмыстардың бағытын анықтау үшін республикалық деңгейдегі комиссия құруды ұсынады. Мәдениет және ақпарат, Өңірлік даму және Ауыл шаруашылығы министрліктері Атырау облысының ұсынысына қолдау білдіреді. Ал, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі өз құзыретіндегі мәселелерді қарауға дайын екенін жеткізеді. Осы ұсыныстарды саралай келе түпкілікті шешім қабылдау мақсатында ведомствоаралық арнайы комиссия құрып, оның отырысын объектіде ұйымдастыруды жөн деп санаймыз. Тапсырманы орындау тәртібінде енгізіледі» делінеді [2]. Көп ұзамай министрлік облыспен бірлесе арнайы жұмыс тобын құрады.

2013 жылы 5 желтоқсанда «Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – «Сарайшық» қалашығын сақтап қалу мәселесін талқылау жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы отырысы Атырау қаласында ұйымдастырылады. Отырысқа комиссия төрағасы, Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті төрағасы Т. Қышқашбаев, комиссия мүшелері Шәкімов, Ш. Мұқан, Ә. Әбілдинова, Әбілда, Қияшев, Төлеков, Қуанов, Ағытаев, Сарин, Кенжеғалиев және Самашевта қатысады. Отырыс барысында Сарайшық мәселесін жете зерттеп жүрген З. Самашев мәжіліске қатысушылар назарына өзінің 1989 жылдан бері жинаған деректерінің нәтижесінде көне қаланы құтқарып қалу шараларына арналған екі жобасын атап өтеді. Оның алғашқысы – Жайық өзенінің жағасын бекіту, екіншісі – 1942 жылы болған су тасқыны салдарынан су астында қалған қала орнын ашып алу. Ғалымның бұл сөзіне Жайық-Каспий бассейндік су инспекциясының басшысы Бисен Қуанов: «Екінші нұсқа шығыны көп және нәтижесі неғайбылдеу, сондықтан тек бірінші нұсқаны ғана бағытқа алған жөн. Сарайшықтың негізгі бөлігі Жайық өзенінің сол жақ бетінде орналасқан. Қазір жағаны бекіту жұмыстарын қолға алмасак, ертең кеш болады. Біз көп қаржы кетеді екен деп бұл жұмысты кейінге ысыра бермеуіміз керек. Егер қазірден бастап қолға алсақ, бір жылдың ішінде Сарайшықтың орнын аман сақтап қалар едік. Атырауға алыс-жақын шетелдерден, еліміздің әр аймағынан келетін туристер саны артып келеді. Сарайшықтың қазіргі орнын сақтап, жаңа технологиямен жағалауды бекітіп, жарықтандырсақ, ұялмай көрсететін

орынға айналар еді» деген пікірін білдіреді. Яғни ел азаматтары Сарайшық үшін арнайы екі жобаның дайындалғанын алға тартады. Отырыс соңында толтырылған хаттамада төмендегідей шешімдер қабылданады.

1. Атырау облысы әкімінің орынбасары Ш. Мұқанның, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Ә. Әбілдинованың, археолог З. Самашевтің республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – ортағасырлық Сарайшық қалашығының қазіргі жай-күйі және оны сақтап қалу мәселесі туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Су ресурстары комитетінің «Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық –Каспий бассейндік инспекциясы» РММ-нің бастығы Б. Қуановтың ұсынымдары назарға алынсын;

1) Сарайшық қалашығы аумағынан айналып өту үшін Жайық өзенінің ағысын түзету;

2) Жайық өзенінің Сарайшық қалашығының аймағы жағалауын бекіту.

Ведомствоаралық комиссияның көшпелі мәжілісінің қорытындысы бойынша Ұсыным беріледі:

1. Атырау облысының әкімдігі заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес Жайық өзенінің жағалауын бекіту үшін ТЭН және ЖСҚ әзірлеуге қажетті қаржылық шығыстарды қарастырсын.

2. ҚР ҚОСРМ Су ресурстары комитеті жағалауды бекіту жұмыстары бойынша ұсынылған нұсқаларға қорытынды берсін.

3. Атырау облысының әкімдігі Сарайшық қалашығының іргелес аумағынан жер тілімін бөлуге мораторий жарияласын.

4. ҚР БҒМ, Атырау облысының әкімдігі, ҚР МАМ көне Сарайшық қалашығының тарихи-мәдени маңыздылығы және шекарасын анықтау үшін археологиялық іздестіруді жүргізу мүмкіндіктерін қарастырсын [2]. Осылайша жылда Жайық өзені шайып жатқан ортағасырлық қалашықты қорғауға алғаш рет тиянақты ұсыныстар жүзеге аса бастайды [2].

Жыл сайын көтеріліп келе жатқан Жайықтағы өр суының зиянын тоқтату мәселесі, көптің көмегімен 2017 жылы қолға алынып, Атырау облысының әкімі Н. Ноғаевтың қаражат бөлуімен 2018 жылы толық аяқталды.

2017 жылы Сарайшықта жанданған қазба жұмыстарын жүргізген тарих ғылымдарының докторы З. Самашев: «1999 жылы басталып, 2008 жылы тоқтаған қазба жұмыстарының қайта жандануын тарихи бір кезең деп атауға тұрарлық» деп мәлімдегенді [4].

3. Самашев 2017 жылғы Сарайшықтағы қазба жұмыстары Есебінде 2004–2007 жылдардағы қазба жұмыстарын тағы бір сын көзбен саралайды. Ғалым: «Мощный толчок в проведении мероприятий по исследованию, сохранению и популяризации исторического прошлого края дала Государственная программа «Культурное наследие», в ходе реализации которой в 2004–2007 гг. исследовалось и городище Сарайчик. Именно в этот период проводились полномасштабные работы по изучению древнего города. В этот период исследовался комплекс погребальных сооружений (корхана), остатки бани, печь для обжига поливной керамики, городские жилые постройки, архитектурный комплекс общественной постройки «хана». Применение тогда методик комплексного исследования памятника позволило получить интересные материалы по питанию и жизнеобеспечению средневекового населения города, выявить особенность технологии гончарного производства, денежного обращения, архитектурные особенности формирования древнего города» деп жасалған жұмыстарға бағасын береді.

Қазіргі таңда, Әлкей Марғұлан атындағы археология институты Астана бөлімшесінің бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы Зейнолла Самашев Сарайшыққа қатысты жер телімдерін заңдастыру мәселесіне назар аудару керектігін

айтты. «Қаланың нақты аумағын белгілеу қажет. 1997 жылы орталық бөлігін анықтадық, одан бері де біраз уақыт өтті, көп нәрсені су шайды. 1989 жылдан бері қарай 60 метр жер Жайыққа жұтылып кетті. Қанша тарихи жәдігерлерімізді жоғалтып алдық. «Хан ордалы Сарайшық» кешеніндегі музейді кеңейту мәселесі де ұмыт қалмағаны жөн. Туристік-музейлік инфрақұрылымды дамыту керек» - деп, Сарайшыққа айрықша маңыз беріп отыр [5]. Оның ойлаған мақсаты көп ұзамай жүзеге асып, облыстық деңгейдегі музей-қорық Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімімен республикалық мекемеге айналып, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ны болып қайта құрылды. Ендігі таңда музей-қорық жұмысының жаңа тарихы қалыптасуда.

Әдебиеттер тізімі

1. Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайшық. Saraichik. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с.
2. Сарайшық музей-қорығы архивінен.
3. Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / құр. Ж.Қ.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев // Ғыл. Ред. Ж.К.Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 224 б.
4. Сарайшықты жандандыру қажет // Aiqyn. – 2017. – 14 қараша.
5. Сарайшықты сақтай аламыз ба? // Ult.kz. – 2017. – 27 ақпан.

Түйін

Бұл мақалада ортағасырлық Сарайшықты зерттеген ғалым З.Самашевтың көне ескерткішті сақтау, зерттеп-зерделеу және пайдалануға қатысты сіңірген еңбектері айтылады.

Резюме

В этой статье рассказывается про З.Самашева который исследовал средневековый Сарайшык, также в этой статье собраны все его труды по сохранению и исследованию этого городища.

Resume

This article deals with the research of the medieval Saraishyk scholar Z.Samashev about the preservation, study and use of the ancient monument.

АЛТЫН ОРДАНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ ЖОШЫ ЖӨНІНДЕ КЕҢІРЕК НАСИХАТТАУ

А.Г. Жарылқапова

«Ежелгі Тараз ескерткіштері»

тарихи-мәдени қорық-музейің тарихшысы

Кез келген ұлт, мемлекет мәңгі болуы үшін оның іргетасы мықты болуы шарт, «Іргетас» деп отырғанымыз – ұлт пен ұлысты ұйыстыратын һәм ілгері жетелейтін идеология. Сол іргетастың бір бөлігі – пір тұтатын, ұлттың қатпар-қатпар тарихында аттары алтын әріппен жазылып қалған ұлы тұлғалары. Өйткені олардың ұлт үшін еткен қызметі, елін-жерін қорғаудағы жанқиярлық ерлігі, тұйықтардан алып шыққан даналығы бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болуы тиіс. Демек, ұлттық идеямен қатар, ұлттың ұлт болып қалыптасуына, тар жол, тайғақ кешу кездерінде толағай еңбек еткен ұлы тұлғалары да мынау алмағайып, жаһандану заманында, өзге өркениетке жұтылып кетпес үшін темірқазық іспетті рөл атқаруы тиіс. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әрдайым «Біз сақ пен ғұндардың, сайын даланың сайыпқырандары түркілердің, кешегі алып империя Алтын

Орданың мұрагеріміз» дегенді жиі айтып отырады. Ақиқаты сол, біз ұлы далада өз заманында күнше күркіреп өткен, «бастыны идірген, тізеліні бүктірген» ұлы көшпенділердің ұрпағымыз. қазақ үшін «біздің батыр бабаларымыз» деген мақтанышқа айналғанымен, рухты көтеруге келгенде нақты тұлғаларға айнала қоюы екіталай. Өйткені олар өмір сүрген кезең тым әріде жатыр, һәм түркі халықтары үшін олар ортақ тұлғалар, ортақ тамыр. Сүйектері қайда қалғаны да белгісіз. Исі қазақ даласында ұлы империяның негізін қалаған, моласы осы қазақ жерінде тұрған Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы алаш жұртының ұлы рухына, ар-намысына айнала алар еді.

Алайда есімі ұлы даладан асып, әлемге кеткен Жошының орны ерекше болмақ. Мәселен, моңғолдар «бабамыз» деп отырған Шыңғыс хан, өзбектер иленіп отырған Ақсақ Темір, орыс жұртын біріктіруші Петр-I – бұлардың бәрі ұлы империя құра білген алып тұлғалар. Солар сияқты Жошы да әлем тархында 250 жылдық тарихы бар Алтын Орда (әу баста Жошы ұлысы деген атпен белгілі болған) атты ұлы империяның негізін қалаушы. 1223 жылы әкесі Шыңғыс хан бөліп берген аймақ – бүгінгі Қазақстан территориясы. Демек, біз Жошыны ұлы бабамыз деп танып, әлемге жар салуға, оны ұлы рухты оятушы тұлға ретінде атап, мақтануға хақылымыз. Жазушы һәм белгілі алаштанушы, ғалым Тұрсын Жұртбай: «Исі қазақ Жошымен, ол артына қалдырып кеткен Алтын Ордамен мақтануына болады. Жошы әлем тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі» дейді. 1223 жылы әкесі Шыңғыстың ұйымдастыруымен өткен Құланбасы жазығында өткен құрылтайға Жошы да қатысады. Осы құрылтайда Шыңғыс хан көзінің тірісінде жаулап алған ұлан-ғайыр өлкені бәйбішесі Бөртеден туған төрт ұлына бөліп береді. Жошының еншісіне Ертістен батысқа қарай, Жетісудың теріскей бөлігін қамти отырып, «атының тұяғы жеткен» төменгі Еділ бойына дейінгі жерді қоса, бүкіл Дешті Қыпшақ аймағы тиеді. Парсы тарихшысы Жужани 1260 жылы жазылған «Табанат-и-Насири» тарихнамасында былай дейді: «Жошы қыпшақтарды жақсы көріп кеткені сонша, ол Хорезмде моңғолдарға қандай да бір қыпшақ баласының маңдайынан шерткізбейді» [1].

Осыдан-ақ Жошының қыпшақ-қазаққа тым жақындығын байқауға болады. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Зардыхан Қинаятұлы: «Жошы қыпшақ-қазақ жеріне келіп өз ұлысын құрады. Осы жерге келген соң оның ұрпағы жергілікті халықтың салт-дәстүрі мен тұрмысына қарай икемделіп, сіңіп кеткен. Ғалымдардың пайымына сенсек, олар үшінші ұрпағынан бастап қазаққа айналған. Яғни, сол кезде мұсылмандықты қабылдап, қыпшақ тілінде сөйлеуге көшкен» деп жазған болатын. Алтын Орданың іргетасын қалап кеткен Жошы 46 жасында дүниеден өткен. Мазары Жезқазған қаласынан 45 шақырым жердегі Кеңгір өзенінің сол жағалауында орналасқан. Демек, Жошы қазаққа жат емес. Жошы хан оның ұрпақтары Қазақ мемлекетін құрып, қазақты ұлт ретінде, Қазақ елін ел ретінде қалыптастырып, қабырғасын қатайтуға ерекше үлес қосты. Қазақтың хан ұрпақтарының барлығы да Жошы әулетінен тарайды. Демек, мынадай алмағайып заманда әлемге аты мәшһүр, ұлы тұлғаны жанға тартып, ұлт мақтанышына айналдыруға әбден болады. Ақпарат құралдары Алтын Орданың негізін салушы Жошы жөнінде кеңірек насихаттауы тиіс. Дерек пен дәйекке негіздеген фильмдер түсіріп, жұртшылыққа Жошының кім болғанын танытса, Астанадағы басты көшелердің бірін атап, тұғыры биік, айбарлы ескерткіш орнатылса жөн-ақ. Қажет болса, туристерді өзімізге тарту үшін моңғол туристік компанияларымен келісіп, Шыңғыс ханның жүрген жерін көру үшін келген туристерге оның үлкен ұлы Жошының жатқан жерін көрсетеміз деп елімізге жетелеуге болар еді.

Ендігі мәселе, Жошы ханның тарихи рөлі жайлы. Жошы хан - әуелі артына текті де, өскелең ұрпақ қалдырған адам. Ол алғаш 1197 жылы 17–18 жас шамасында Керейт Жақамбының қызы Никтимиш-фуджинмен (моңғол жазбаларында - Бедешөміш) бас қосып, өз шаңырағын көтереді. Араға екі жыл салып Орда еженнің анасы, Қоңырат қызы Сартақты, және екі жылдан соң нағашысы Алшы ноянның қызы Үкі-фуджинді айттырады. Тарихшы шежірешілер Баты хан осы Үкі-фуджиннен туды деп жазады. Қадырғали Жалайыр Сартақ-хатунды бас бәйбіше деп көрсеткен. Менімше, соңғы екі деректің қай-қайсысы да сенімсіздеу. Юань әулетінің алғашқы қағаны әйгілі Қубылай қаған ата -

бабасының атақ даңқын мәңгіге қалдыру үшін, Бэйжиндегі (Пекин) қаған ордасы жанынан сегіз Үй-Музей тұрғызып, оның төртіншісін ағасы Жошы, оның бәйбішесі Бедешөміштің ескерткішіне арнаған. Егер Үкі-фуджин Жошының бас бәйбішесі, Баты ханның анасы екені рас болса, әуелі сол аталуы тиіс еді. Өйтпеді. Тулуйдың бәйбішесі Соркуктан-хатун және Жошының бас бәйбішесі Бедешөміш-хатун бір туысады, Керейт Жақамбының қыздары. Баты хан Тулуйдың бәйбішесі Соркуктан-хатунды ерекше сыйлап, одан туған Мөңке қағанмен етене жақын болғанына қарағанда, Баты хан Үкі-фуджиннен емес, Бедешөміштен туылуы мүмкін бе деп ойлаймыз. Өйткені Шыңғысхан әулетінде қаған, хан ұл туған бәйбішелердің ықпалы күшті болған. Ал, Баты хан туылды делінетін Үкіфуджиннің ықпалын еш жерден көре алмаймыз. Қалай дегенмен Жошының хан, бек, ноян ұлдары Сартақ және Бедешөміш хатуннан тарайды. Рашид ад-дин Жошыда 40 ұл болғанын айта келіп, олардың ішінен аты әйгілі он төртін ат-атауы, ұрық ұрпағымен саралап таратып жазған. Олар: 1) Орда (монғ. Ордана), 2) Баты (монғ. Бат), 3) Береке (монғ. Бэрх), 4) Беркечар (монғ. Бэрхшар), 5) Шибан (монғ. Сыбан), 6) Тангкут (монғ. Тангад), 7) Бувал, 8) Чилаукун (монғ. Чулуун), 9) Шингкур (монғ. Шонхор), 10) Чимпай, 11) Мухаммед, 12) Удур, 13) Тука-Тимур (монғ. Тогоон-Төмөр), 14) Сингкум (монғ. Сэнгум) [2].

Қалай болғанда да, ол осы империяның басында тұрған Шыңғысханға өле-өлгенше адал ұл болып қалды. Ол әкесінің барлық тапсырмаларын белсенді орындап, оның барлық жорықтарына қатысты. Қазіргі қазақ жеріне моңғол әскерлері тұңғыш рет Жошы ханзаданың бастауымен 1216 жылы басып кірді. Олар өздерінің ата жауларына айналған түркітілдес Меркіттерді Ырғыз өзеніне дейін қуып келіп, түгін қалдырмай жамсатып қырып салды. Осыдан соң болашақ Алаш қауымдастығына белсенді мүше болуға әбден лайықты атақты Меркіт ұлысы тарих сахнасынан мүлде кетіп, ақырында кейінгі қазақ Керейлері құрамында шағын ру түрінде жан бағып қалды. Мұхаммед Хорезм шах Жошыны осында қуып жетіп, соғысуға мәжбүрледі. Қырғын соғыста Жошының өзі асқан ерліктің үлгісін көрсетті. Ол жаудың ту көтерушісіне бұза-жарып өтіп, талайдың басын алған қайқы қылышымен Мұхаммедтің өзінің қорғана көтерген қалқанына үш қайтара қуатты соққылар берді. Осы үрейлі көрініс шахтың мәңгі есінде қалып, оны өмір бойы қалтыратты және ақыры қатардағы қашқынға айналдырды. Шыңғысхан болса баласының ерлігіне аса сүйсініп, оны марапаттап қолпаштады. Осылайша Жошы «Қыпшақ даласын» билеуге өзінің әбден лайық екендігін әкесіне алғаш рет іс жүзінде аңғартты.

Жошының басқыншылық келбеті оның Сыр бойындағы қалаларды бағындыру жорықтарында айқын көрініс берді. 1218 жылы бағындырылған Отырар жері арқылы ол Қаңлылар мен Қыпшақтар аралас қоныстанған Сығанақ қаласына келіп жетті. Өзінің нөкерлері арасынан мұсылман Хасан қажыны «маған келіп бағынсын» деген тапсырмамен қала тұрғындарына жіберді. «Ерлікпен қорғансақ, жан қалады» деп ойлаған тұрғындар Хасан қажының берілу туралы ақылын тыңдамай, оның өзін өлтіріп тастады. Мұны естіп қаһарына мінген Жошы қалаға шабуылды бастады. Тәжірибелі моңғолдар қалаға бір сағатта-ақ басып кірді. Елшісінің кегін алған Жошы он мың мұсылманды баудай түсіріп, қырып салды және қалаға билеуші етіп, Хасан қажының баласын қойды. Келесі қала Үзкентте жағдай басқаша болды. Қала тұрғындары Жошы ханзаданы үлкен құрметпен, мол сый-сыяпатпен қошаметтеп қарсы алды. Ол тұрғындарға да, олардың меншіктеріне де мүлде тиген жоқ. Осыдан соң Жошы әскерлерімен әкесінің тапсырмасымен Қыпшақ даласына кетті. Мұнда ол жаңа ұлысты негіздеуді қолға алды. Жошы ұлысы «Бағынбағанның басы алынады, бағынғанның арманы орындалады» деген ұстанымды басшылыққа алды. Бұл жаңа ұлыста да бұрынғы Қыпшақ конфедерациясы тұсында шағын қауымдастықтарға біріккен ру-тайпалар этносаяси дербестіктерін сақтап қала берді. Дін, тіл, әдет-ғұрып бостандығы салтанат құрды. Шыңғысханның «Жасағын» (Яссасын) және «Білігін» мойындаған, қажет кезде даруғаларға бағынып, Жошыға әскер жинап беретін және белгіленген салықты уақтылы төлейтін кез келген рубасы өзінің тайпалық аймағында еркін үстемдік жасады. Мұның өзі бұрынғы автохтонды тайпалар мен

шығыстан келген түркілер қауымдастығын Қыпшақ даласына тығыз топтастыра түсті. Географиялық тұрғыдан бұл ұлысқа Батыс Сібірдің оңтүстігі, Төменгі Еділ аймағы, бүкіл шығыс Дешті Қыпшақ жері қарады. Мұнда Қыпшақтар, Алтындар, Жапастар, Байбақтылар, Алашалар, Кердерілер, Табындар мен Тамалар, Адайлар, Беріштер, Адайлар, Хазарлар мен Бұлғарлар, Саксиндар мен Аландар, Астар мен Аорыстар қатар мекендеп жатты. Бұлардың біразы Батыс Қазақстан аймағында біржолата орнықты және болашақ Алаш қауымдастығының қалыптасуына этноәлеуметтік негіздер жасады. Осы ұлы далада, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, моңғолдардың еркінен тыс, әсіресе, болашақ Алты Алаш бірлестігінің бір бөлігін құрайтын тайпалардың Алшын бірлестігі мен Қыпшақ қауымдастығын біріктіретін тайпалар одағы этносаяси тұрғыдан жақындаса түсті және өздерінің түпкі тамырлары тереңнен бастау алатын қандас туыстар екендіктерін саналы түрде түйсіне бастады. Әрине, Алты Алаштың біржолата біртұтас этноқауым ретінде қалыптасуы Жошы ұлысының шығыс бөлігінде оның үлкен ұлы Еженнің Ақ Орданы этносаяси тұрғыдан нығайта түсуі барысында кейінірек, XIV–XV ғасырларда орын алды. Алты Алашты құруға атсалысқан Жалайыр, Найман, Қаракесек (Арғын), Қонырат алғаш Шағатай ұлысы құрамында болып, кейінірек Батуханның батысқа жорығы барысында Түркістаннан Қыпшақ даласына қарай жылжыды. Қазақ тарихы үшін Жошы ұлысының біріктіруші күдіретінің және оның жапандағы Қыпшақ даласында өмір сүруінің басты тарихи маңызы осында. Оны негіздеуші тарихи тұлға қанішер немесе қатыгез басқыншы болған болар? Онда біздің жұмысымыз жоқ. Мәселенің құндылығы осы тарихи тұлға ұйымдастырған мемлекеттің болашақ қазақ деген халықтың тағдырында жағымды рөл атқарғанында болып отыр.

Жошыға әкесінің «моңғол атының тұяғы жеткенге дейінгі» шалғай жерлерді ұсынуын моңғолдарда қалыптасқан дәстүрмен түсіндіреді. Ол бойынша әке үлкен ұлдарына қамқорлықты көзі тірі кезінде жасауы тиіс болды. Үлкен ұлға неғұрлым алысырақ, «үлкен үйден» қашықтау аймақ бөлініп берілді. Әдетте әке шаңырағы кіші ұлға тиесілі еді. Десек те, Шыңғысханның өзінің тұңғыш баласының иелігіне «Қыпшақ даласын» қашан бергені туралы зерттеушілер әртүрлі әңгімелейді. Оларды сараптай келгенде мынаны айтуға болады: Жошыны әкесі 1221 жылы-ақ осы аймақты билеуге жіберді. Алайда оның еншісі (ұлысы) 1223 жылдың басында біржолата нақтыланды. Сонымен бірге Жошыны Шыңғысханға қарсы қоюға әрекеттеніп жүргендердің «зерттеулерінің» де негізсіз екенін айтпауға болмас. Қамшының сабындай қысқа өмірінде Жошы әке құзырына мүлтіксіз бас иіп қана қоймай, өзінің Ежен, Бату, Шайбан тәрізді даңқты ұлдарын да Шыңғыс аманатын бұлжытпай орындау рухында тәрбиелеп кетті. «Чингизнамеде» жазылғандай, өзінен жарты жылдай бұрын дүниеден өткен Жошының бәйбішеден туған екі ұлының (Ежен мен Батудың) өзінің көз алдында әкеден қалған таққа таласудың орнына, оны бір-біріне итеріп ұсынған адамгершілік қасиеттеріне босаған Шыңғысханның өзі Жошыны алғыс сезіммен есіне алып, егілген еді. Әке рухына адал олар аталары Шыңғысханның көшпелілердің бір орталыққа бағынатын мемлекет құру идеясына да беріле қызмет жасады.

Негізінен, өзінің нағашылары болып есептелетін көшпелі түркілерге арқа сүйеген Жошы өзінің ордасын да солардың қалың ортасына, Ұлытау маңына орналастырды. Оның Ежен мен Батудың күшімен тұрғызылған қабірі де осы аймақта орналасқан. Арқа төсін сүйікті атамекенге айналдырған Жошы осы өңірде өсіп-өнді, бұрын жауласқан тайпалар арасында бейбіт те мамыражай өмірді орнықтырды. Ал оның қаталдығы сол замандағы көшпелілердің жауды аямайтын жауынгерлігінен туындады. Қалай десек те, Жошы ұлысы қазақ мемлекеттілігінің тарихындағы үлкен бетбұрыс болғанын есте ұстауға тиіспіз. Осындай мемлекеттік құрылымдар бүгінгі тәуелсіз де айшықты Қазақстанға берік саяси бастау, алғашқы арайлы алтын соқпақболады. Қорытындылай келе тарихы терең Ұлытауға Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Президенті ретінде тұңғыш сапар жасап, зиярат етіп қайтты. Босқа барған жоқ, түгел түркі әлеміне түрткі болар ордалы ой айтты: «Тарихы терең Ұлытаудың қадір-қасиетін бағалай білу – баршамызға ортақ парыз.

Еліміздің осындай баға жетпес бай мұрасын өзге жұртқа танытудың жаңаша жолдарын ойластыруымыз керек. Мысалы, Монғолия Шыңғыс хан тұлғасын халықаралық туризмді дамыту үшін өте тиімді пайдаланып отыр. Ал, Шыңғыс ханның үлкен ұлы – Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Оның тарихи тұлғасына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру – өте маңызды міндет»-деп атап өтті Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Иә, Еуразия кеңістігіндегі ерекше зор, алып империя Алтын Орданың атасы Жошы ханның тұлғасын асқақтату – түгел түркіге ортақ игілікті іс. Ал Алтын Орданың алғашқы астанасы Сарайшық та, Алтын Орданың тізгінін баласы Бату ханға тапсырып кеткен әкесі ұлы хан Жошы да Қазақ жерінде жатыр... Жошы – Шыңғыс ханның бірінші әйелі, қазақ қызы, қоңырат Бөртеден туған тұңғыш ұлы. Әрі Жошы ханның Ұлытауда таққа отырғанына 2023 жылы 800 жыл толады. Міне, Қазақстан Президенті айтқандай, Жошы ханға әлем назарын нағыз аударар кезең басталды деуге болады. [3].

Ал осындай әлем тарихындағы салмағы орасан саңлақ тұлғалар мен маңызы зор қалалар өзге бір елдің еншісінде болса не болар еді... Әріге бармай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, кішкентай Моңғолияның өзі Жошы ханның әкесі, әлемді билеген Шыңғыс хан арқылы дүниеге дүбірін танытып жатыр... Мүмкін біз де Шыңғыс ханның алып ескерткішіндей Жошы ханға да одан кем емес кемел ескерткіш кешен тұрғызармыз. Ол кешенде Шыңғыс ханның да, Бату ханның да, Бөртенің де ескерткіші тұрса, тіпті керемет болар еді. 2017 жылы Ұлықбек Есдәулет ағамыз бастап, Моңғолияда өткен Дүниежүзілік Поэзия фестивалына барғанымызда Шыңғыс ханның аспанмен таласқан алып ескерткішіне таң қалып қарағанда, тақиямызды таппай қалғанбыз! Иә, біз ескерткішке жету үшін лифт арқылы алтыншы қабатқа көтерілгенде, Шыңғыс ханның тұлпарының тұяғының тұсынан ғана шықтық... Міне, құдіретті тұлғадан қуат алудың жарқын үлгісі! Шыңғыс ханмен қатар қарама қарсы жақта Шыңғыс ханның анасы, қазақ қызы, қоңырат Өелүн анаға тұрғызылған дәл сондай зор ескерткішін де тамашалағанбыз. Шыңғыс хан ескерткішін қазіргі Моңғолия президенті Халтмаагийн Баттулга тұрғызғанын ескерсек, Ұлытауда мазары жатқан Жошы ханның ескерткішін Қазақстанның қазіргі президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғызып жатса, ұлт рухы дүр сілкінер дүбірлі дүние болар еді. Жошы ханның киелі кесенесі мен келешек керемет кешені әлем саяхатшыларын тартып тұрар тарихи да, тартымды да, тамаша орынға айналар еді.

Ал біз ше? Мемлекет басшысы Алтын орданың 750 жылдығын мерекелеу туралы елдік маңызы ерекше ұтымды ұсыныс, бағалы бастама жасады. Бұған ұлт зиялылары не дейді? Қазақтың тарихынан, аңызы мен күйлерінен берік орын алған Алтын Орда мен Жошы хан тұлғасы әдебиетіміз бен мәдениетімізде, ғылым мен кино және бейнелеу өнерінде қалай көрініс таппақ! Рухымызды көтерер алып империя Алтын Ордамыздың тарихын күнделікті нәр берер рухани айналымға қалай қосамыз? Иә, мектеп пен жоғары оқу орындары оқулықтарында бұл бағалы да, баянды тақырыпқа басты назар аудару керек. Мәдениет қайраткері Мәскеу Ноқрабеков Алтын Орданың мерейтойынан соң Жошы ханның таққа отырғанына 800 жылдығы да есік қағып тұрғанын еске салуда. Кейбір тарихшылар Керей хан деп, Мәшхүр Жүсіп пен Қаныш Сәтпаевтар Шыңғыс ханның өзі болуы керек деп жорамалдап жүрген Алаша хан ақиқаты қашан ашылады?

Алтын Ордадай ауқымы алып, терең тақырыпқа бүкіл халық, барлық қоғамдық-саяси қозғалыстар өз үлестерін қосуы тиіс!

Әдебиеттер тізімі

1. Айқын. – 2017. – 4-б.
2. Зәріпханұлы Қ. Абай ақпараттық порталы. – 2016. – 3 мамыр.
3. Иса Қ. Қазақ үні. -2018. – 2 б.

Аннотация

Еуразия кеңістігіндегі ерекше зор, алып империя Алтын Орданың атасы Жошы ханның тұлғасын асқақтату – түгел түркіге ортақ игілікті іс. Ал Алтын Орданың алғашқы астанасы Сарайшық та, Алтын Орданың тізгінін баласы Бату ханға тапсырып кеткен әкесі ұлы хан Жошы да Қазақ жерінде жатыр... Жошы – Шыңғыс ханның бірінші әйелі, қазақ қызы, қоңырат Бөртеден туған тұңғыш ұлы. Әрі Жошы ханның Ұлытауда таққа отырғанына 2023 жылы 800 жыл толады. Міне, Қазақстан Президенті айтқандай, Жошы ханға әлем назарын нағыз аударар кезең басталды деуге болады.

Аннотация

Великая империя на евразийском пространстве - великое благословение тюркского народа - слава отца Золотой Орды Жоши-хана. Хан Жоши, сын отца Золотой Орды, который скончался в первой столице Золотой Орды Сарайчик и сын Золотой Орды, родился на казахской земле ... Джучи - первый сын Чингисхана, дочери казахской девочки по имени Боран. В 2023 году 800-летие правления хана Джучи в Улытау. Как сказал президент Казахстана, эпоха хана Жоши стала настоящим поворотным моментом в мире.

Annotation

The great empire in the Eurasian space is a great blessing to the Turkic people - the glories of the father of the Golden Horde Zhoshi Khan. Khan Zhoshi, the son of the father of the Golden Horde, who passed away in the first capital of the Golden Horde Saraichik and the son of the Golden Horde, was born on the Kazakh land ... Jochi is the first son of Genghis Khan, the daughter of a Kazakh girl called Boran. In 2023, the 800th anniversary of Jochi's Khan's reign in Ulytau. As the President of Kazakhstan said, the era of Zhoshi's khan's real attention to the world has started.

ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРДАН XIV Ғ. ДЕЙІНГІ АҚША АЙНАЛЫМЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

Т.М. Жолдасов, магистр,
«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің
қор сақтаушысы

Қазақ жазирасы көне замандардан бері батыс пен шығысты жалғастырап «көпір» болғандығы белгілі. Адамзат арасындағы сауда қарым-қатынасын қалыптастырушы ең алғашқы дәнекердің бірі - Ұлы жібек жолының шығыс пен батысты байланыстырушы маңызды бағыттарының барлығы да қазақ жазирасын кешіп өтуі, бұл жерлерде ірі-ірі сауда орталықтарының орын алуына жол ашты. Қазіргі дәуір ғалымдарының көпшілігінің пікірінше ең алғашқы металл ақшалар біздің дәуірімізге дейінгі VI–V ғасырда пайда болған. Қазақстан территориясында табылған, біздің күнімізге жеткен ең көне, (В.М. Массонның анықтауы бойынша Грек-Бактрия билеушісі Эвкратидтің) кангюйлер таңбаларымен соқтырған күміс ақшаларды Қазақ жерін мекен еткен тайпалардың жеке немесе Грек-Бактрия билеушілерімен бірлесе соқтырған ақшалары деп қарастыруға болатындай [1, 167–169-бб.]. Бұл ақшалар б.д.д. II ғасырмен мерзімделеді.

Қазіргі таңда Қазақстан археологтарының қазба жұмыстары кезінде табылған ерте ортағасырлық нумизматикалық табыстар мен жеке коллекционерлер жинақтары бұл территориядағы сауда-саттықты зерттеуге мүмкіндік бере алатын едәуір көлемдегі материалдар ұсына алады. Нумизматикалық материалдар, Кангюйлерге тиесілі болған

Ташкент аумағы III ғасырдан бастап Шаш иелігі деп аталып, бұл аймақтың өзіне тән жеке ақша өндірісі болғандығын дәлелдейді.

Біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында өлке нумизматикасы көршілес аумақтарды мекен еткен Эфталиттердің, Грек-Бактриялықтардың т.б. ақша үлгілерімен немесе сол ақшаларға ұқсас, баламалы ақша түрлерімен қамтылып отырса, б.д. III–IV ғғ. өлкенің жеке ақша айналым қарымының аумағы кеңейіп, жаңа ақша сарайлары пайда бола бастады. Бұған дейін ақша соғу ісімен айналыспаған ірілі-ұсақты Соғды, Хорезм сияқты иеліктер де бұл аумақты өз ақшалармен қамтамасыз ете бастады [2, 37-б.]. Аумаққа VI ғасырдан бастап Түркі тайпаларының қоныстана бастауы өлке нумизматикасына да әсерін тигізді. Тиындар беттерінде түркілік түрлі символикалар мен тайпалар таңбалары орын ала бастады [2, 38-б.].

Соғды ақшаларынан бөлек, В.М. Массон 1953 жылы жариялаған сирек кездесетін тиын бетінде орын алған ерекше таңбаның Сырдария бойын мекен еткен Кангюй тайпасында кездесетіндігін айтып кеткен болатын. Алайда кезінде бұл пікірмен Б.И. Вайнберг, С.П. Толстов сынды ғалымдар келіспейтіндігін де атап өткен болатын. Ол ғалымдар бұл ақшаның Хорезмнің ақша өнімі екендігіне, және таңбаның Кангюй тайпасына тиесілі екендігіне күмән келтіретіндіктерін білдірген болатын [3, 11-б.]. Дегенмен, тиын беттеріндегі таңбалардың түркі тайпаларына тиесілі таңбаларға ұқсастығы аңғарылады.

Сырдарияның орта және төменгі ағыстарында орын алған қалалар мен қоныстардың ақша айналымы ерте кезеңдерден бастап, кейінгі ортағасырларға дейін ортақ болып, аумақтың ең ірі орталығы-Ташкент-Шаш атымен аталып отырғандығы белгілі. Бұл ақшалардың ортақ белгілері-бір бетінде Шаш аймағының таңбасы (көптеген ғалымдардың пікірінше) және келесі бетінде бір қырымен түсірілген (профильдік бейне) билеуші портреті, түрлі аңдар мен жануарлардың бейнелері болып табылады.

Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік территориясындағы қалалардың ақша жүйесі күміс және мыс ақшаларға, ал Жетісу қалалары тек мысқа негізделген болатын. Ал, аумақтағы алтын ақшамен жүргізілген сауда Византия алтын солидтеріне негізделсе керек.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалардан V–VII ғасырларға тән Сасан билеушілері соқтырып отырған күміс тетрадрахмдарының едәуір көлемде табылып жатуы бұл аумақта жергілікті ақша түрлерімен қатар, аталмыш ақшалардың да айналымда болғандығын көрсетіп отыр [4, 20–24-бб.].

Сонымен бірге бұл аумақта Бұхарада V-ші ғасырдың ортасынан бастап соғыла бастаған, тарихта Бұхархұдаттар ақшалары аталып кеткен драхмдар өте ұзақ уақыт бойы айналымда жүрген. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік шығыс аумақтарында VII–VIII ғғ. тән Түргеш билеушілерінің ақшаларының да көптеп табылып жатуы олардың өлкедегі сауда-саттықта айтарлықтай маңызы болғандығын көрсетеді. VI–VIII ғғ. Отырар алқабында садақ, ритуалды рәміздер, таңбалар түсірілген ақша түрлері соғылып отырды [5, 85–93-бб.]. В.Н. Настич бұл ақшаларды Кангу Тарбан деген түрік бірлестігінің билеушілері соқтырса керек деген болжам айтады [6, 96–115-бб.].

VII ғасырдың екінші жартысынан бастап араб әскерлері Мауареннахрды жаулау әрекеттерін бастады. Бір ғасыр ішінде бүкіл Орта Азияны бағындырған арабтар Мауареннахрға ислам идеологиясы мен араб мәдениетін ендірумен қатар өлкенің ақша жүйесіне де өзгерістер ендірді. Арабтар билігінің алғашқы кезеңдерінде ақша беттерінде исламға дейінгі зооморфты, антропоморфты бейнелер мен таңбалар түсіріп отыру сияқты үрдістер сақталып отырса, кейінірек толықтай, бейнелерсіз, каллиграфиялық жазба түрлерінің куфалық үлгіде мәтіндер жазылған халифаттық ақша түрін соғу үрдісіне көшіріледі [5, 41-б.].

IX ғасырдың екінші жартысынан бастап өңірдің ақша айналымында Орта Азияның басым бөлігін, Иран мен Ауғанстанның бірқатар жерлерін иелене бастаған Саман

әулетінің билеушілері соқтырған ақшалардың орны басым бола түсті. Бұл ақшалар өлкедегі өзіне дейінгі ақша соғу үрдісінен ерекшеленіп, ақша соғудың бірыңғай халифаттық үлгісіне көшті. Ақшалар беттерінде ешқандай бейнелер мен таңбалар түсірілмей, тек, түрлі геометриялық пішіндегі картуштар ішіне орналастырылған куфи үлгісіндегі жазбалармен толтырылып отырды. Тиын жиектерін бойлай ақша сарайы атауы, соғылған жылдық жазбалары, эмитент аттары мен лақаптары т.б. түсірілсе, тиын шеңберінің ортасындағы алаңда Ислам дінінің негізі-калима жазбасы орын алып отырды. Е.А. Давидович Саманилер билігі тұсында Фараб өлкесінде ақша соғылғандығы және ақша сарайының жұмысы хорезмшахтар тұсына дейін ара-тұра үзілістермен жалғасын тауып отырғандығы жайлы айтады [9, 113-б.].

X ғасырдың басында өңірдегі билікті қолға алған Қарахандар мемлекеті де өзіне тән ақша жүйесін ендірді. Қарахандар мемлекетінің алғашқы жеке ақша үлгілері Саман билеушілерінің ақшаларына ұқсас болғанымен уақыт өте келе өзіндік ерекшеліктері қалыптасты [2, 41-б.]. Қарахандар нумизматикасын зерттеуші белгілі ғалым Б.Д. Кочнев әулет нумизматикасының даму тарихын үш кезеңге бөліп қарастырады. Үш кезең бойында мемлекеттің ақша соғу ісі эволюциялық даму процесін өткеріп, Ислам нумизматикасындағы ең күрделі де әсем бөліктерінің біріне айналды. Осы кезеңде орын алған «күміс тоқырауы» Қарахандар мемлекетінің ақша жүйесіне де әсер етті. Бұған дейін жоғары сынамды күмістен соғылып отырған дирхемдердің орнын бастапқыда төмен сынамды күміс дирхемдер басса (қара дирхемдер), келе-келе олардың орнын металында күміс құрамы мүлдем жоқ, тек беттеріне жұқалап қана күміс жалатылған дирхемдер толықтай басты. Егер логикаға сүйенетін болсақ, ақша саясатындағы «күміс тоқырауы» кезеңінде мемлекеттің ақша айналымындағы күміс ақшалар орнын басқадай бір баламалы құнды металдан соғылған ақшалар басуы керек. Мәселен, сол кезеңдердегі басқа елдердегідей күмістің орнын алтын басуы қажет болатын. Алайда, Қарахандар мемлекетінде алтыннан ақша соғу ісі тек XII ғасырдың екінші жартысында ғана іске асырыла бастады. Е.А. Давидович Қарахандар мемлекетінде күміс тапшылығы кезеңінде алтын ақшаны айналымға ендірудің кешеуілдеуін, бұған дейінгі IX–X ғғ. айналымда жүрген «бұхархұдат» дирхемдерінің «мусаййаби», «мухаммади» және «гитрифи» деп аталған түрлерінің мемлекеттегі ақша айналымындағы белсенділігін төмендетпеуінен деген ой айтады. «Бұхархұдат» ақша түрлерінің сынамдары да түрлі болған. Мусаййаби дирхемдерінде 70 % күміс болса, мухаммадиде 40 %, ал, гитрифи дирхемдерінің құрамында күміс мүлдем болмаған. Осыған қарамастан гитрифи дирхемдері күміс ақшалармен тең келетін жоғары құндылықта айналымда жүрген болатын. Қарахан билеушілерінің Орта Азияда өздеріне дейін қалыптасып үлгерген, өңірдің күміс ақша айналымындағы ерекшелігін сақтап қалуы, XII-ші ғасырдың екінші жартысына дейін алтын ақшаларды айналымға жіберудің қажеттілігін біршама уақытқа тоқтатты [7, 113-б.]. Алтын динарлар Қарахандар мемлекетінің сауда айналымында да алдыңғы кезеңдердегідей данамен емес, тек салмақ көрсеткіштері бойынша ғана жүрген.

XIII ғасырдың басында Отырар алқабы Қарахандар қарамағынан Ануштегиндер билігіне көшкен болатын. 607/1210 жылы Елемес (Иламиш) шайқасынан соң хорезмшах Мұхаммед Отырарды (Параб) өз билігіне өткізіп, сол жылы оның атынан ақша соғылып шығарылды [8, 20-б.]. Ясы ақша сарайында Мұхаммед бин Текеш атымен соғылған, бүгінде, Эрмитажда сақтауға алынған екі дана күміс тангалар ол ақша сарайының XIII ғасырдың басында-ақ шекіме ісін атқарғандығын көрсетіп отыр. Бұл ақшалар қатарына 1972 жылы Отырарда жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған, типі бойынша алдыңғы екеуіне ұқсас танғаны да қосуға болады. Үшеуінде де соғылған жылдық көрсеткіштері түспеген. Дегенмен хорезмшах Мұхаммед бин Текештің 1210 жылы Параб аймағын өз билігінің астына өткізгендігін және онда осы себеппен өз атымен күмістелген мыс дирхемдерді соқтырғандығын есепке алып, Ясы шекімесі де осы мерзімге жақын жылдарда іске асырылған деген болжам жасауға болады [9, 64-б.].

Хорезмшах Мұхаммед бин Текеш өлкедегі бұған дейін қалыптасқан алтын, бетіне күміс жалатылған мыс дирхемдер мен мыс фольстерден тұратын үш тірлі ақша шекімесін жалғастырды. Бұл кезеңде күміс жалатылған мыс дирхемдер екі номиналда соғылып отырған. Екі номиналды дирхемдерді бір-бірінен олардың типтері мен салмақтары бойынша оңай ажыратуға болатын еді. Сауда айналымында күміс ақшалар қызметін күміс жалатылған мыс дирхемдер атқарған. Хорезмшахтар көбіне ақша шекімесі ісінің саяси мазмұнына ғана көңіл аударып, ақша айналымының құрылымында сол елдерде қалыптасқан ерекшеліктерді сақтап отырғандығы аңғарылады [10, 102-б.]. Алтын ақша айналымында да динарлардың сыртқы келбетіне өзгешеліктер ендірілгенімен жалпы мазмұны Қарахандар билігі тұсындағыдай болды [11, 73-б.].

XIII ғасырдың басында Жетісу, Сырдарияның бойында орналасқан қалалар мен Мауареннахрды басып алған Моңғол мемлекеті бұған дейін өз ақша жүйесі болмауы себепті, ақша соғу ісін өзі жаулап алған, ертеден ақша соғу ісі дамыған елдердегі ақша жүйесі бойынша жалғастырды. Моңғолдар өздері жаулап алып отырған жерлердегі ақша сарайларының өнімдеріне алдыңғы кезеңдердегі ақшалардан аздаған өзгешеліктер ғана ендіріп, көпшілігінде билеушілердің аттары мен лауазым-атақтарын алып тастап, анонимді түрде ғана соғып отырды. Тиындар беттеріне адам аттарынан тек Халиф Наср лид-Дин Аллахтың аты ғана түсірілді. Бұл халифтің есімі оның өлімінен кейін де біршама уақыт түсіріліп тұрған. Дегенмен, бұл кезеңде аз көлемде болса да Шыңғыс хан, Үгедей, Мөңку қағандардың аттарымен алтын динарлар, күміс дирхемдер және күміс жалатылған мыс дирхемдердің соғылып отырғандығы белгілі [12, 73-б.].

Моңғолдың алғашқы хандары Шыңғыс хан, Үгедей мен Мөңке қағандардың билігі тұсындағы ақша айналымы тек 3 ақша металы негізінде жүрді (күміс ақшалар бұл кезеңде тек империяның шығыс аумақтарындағы бірнеше ақша сарайларында ғана соғылып, негізінен сол аймақтың нарығын ғана қамтып отырды.): 1 - төмен сынамды (580 сынамдық) алтын ақшалар, 2 - күмістелген мыс дирхемдер және 3 - мыс фольстер. Екі ғасырдай бүкіл Орта және Орталық Азияның ақша айналымында үстемдік еткен күміс тоқырауының әсері күміс ақшалардың алғашқы моңғол билеушілері тұсында бүкіл империя аумағында негізгі ақша түрінде айналымға енуіне мүмкіндік бермеді. Үгедей ханның билігі тұсында күміс ақша соғумен айналысатын бірнеше жаңа ақша сарайлары пайда болды. Бұл жаңа ақша сарайларының көпшілігі моңғолдар атажұрт атаған жерлерде ғана жұмыс істеді. Моңғолдар атажұрт жері деп тек Моңғолия ғана емес, сонымен қатар, Шығыс Түркістан мен Жетісу жерін де қарастыратын [9, 64-б.]. Аталмыш жерлерде соғылған күміс ақшалар тек жергілікті нарықты ғана қамтамасыз етіп отырған секілді. Себебі, бұл ақша сарайларының күміс ақшалары тек ақша сарайлары орын алған аумақтардан ғана табылуда. Бұл кезеңде Шағатай ұлысы құрамына енген Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларда сауданың басым бөлігі негізінен күмістелген мыс дирхемдермен жүргізілді. Мөңке қаған тұсында, 1251 жылы өткен құрылтайда, адам басына салынған күпшүр салығы товар түрінде емес, алтынмен жиналсын деген шешім шығарылған соң, көпес-билеуші Масуд-Бектің алтын ақшалар соғып шығарып отыратын бірнеше жаңа ақша сарайларын ұйымдастыруына тура келді. Алтын динарлардың сынамы күнделікті саудада қолданылуға ыңғайлы болуы үшін әдейі төмен етіп белгіленді (500–580 сынамды) [13, 131-б.]. Бұл кезеңде де алтын динарлар салмақ көрсеткіштері бойынша ғана айналымда жүрген. Күнделікті саудада да алтын ақшалар белгілі көлемде рөл атқарған. Алтын ақшалардан қажет салмақтағы бөлігі сындырылып алынып, төлемдер жасалып отырған. Оны осы кезеңге тән алтын ақшалар мен бұйымдардан тұратын көмбелер құрамында динарлардың түрлі көлемдегі сынықтарының көптеп кездесіп отыруы растайды.

Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан қалаларда толыққанды күміс ақшалар тек 670 хижра жылынан (1271–1272 жж.) бастау алған, тарихта Масудбек реформасы аталып кеткен ақша реформасынан басталады. Әрине, реформаның қысқа мерзім ішінде іске асырыла алмайтындығы белгілі. Күміс ақшалардың сауда айналымына толыққанды енуі

үшін бірнеше жылдар қажет болды. Реформа басталған алғашқы жылы, бұған дейін де күміс ақшалар соғып отырған Алмалықтан бөлек күміс ақша соғу ісіне жаңадан кіріскен Отырар ақша сарайы қосылды. Одан кейінгі жылы Отырардан бөлек Тараз, Кенжде ақша сарайлары да атсалысқан. Осылайша, хижраның 686 жылына дейін (1287–1288 жж.) бірі ерте, бірі кешірек 18-ден аса ақша сарайларында күміс ақша соғылып отырғандығы белгілі болып отыр [13, 132-б.]. Ақша реформасының алғашқы жылдары күміс ақшалармен қатар, күмістелген мыс дирхемдер соғу да бірнеше ақша сарайларда жалғасын тапты. Бұл күмістелген дирхемдердің алдыңғы кезең дирхемдерінен ерекшелігі беттеріне таңба түскен (алдыңғы кезеңде күміс жалатылған мыс дирхемдер беттеріне тек калима жазбасы мен Халиф наср лид-Диннің аты ғана түсіріліп отырған). П.Н. Петров, С.В. Акиндиновтың 2008 жылы жарық көрген мақаласында аталмыш кезеңде, бұрын ақша соғу ісімен айналысқандығы белгісіз болып келген Сайрамның [6] 70 х. ж. соғылған күмістелген дирхемінің бетінде Қайду ханның (П.Н. Петровтың анықтамасы бойынша) таңбасы түсірілгендігі айтылған. Бұған дейін осы таңба түсірілген күмістелген мыс дирхемдер тек бір рет Самарқан ақшасында ғана кездескен. Алайда, Самарқан ақшасының беттерінде соғылған жылдық көрсеткіштері түсірілмеген болатын. П.Н. Петров Самарқан археология институтының нумизматикалық материалдарымен танысу барысында оның көңілін аударған бір ерекшелікке тоқталады. Ол Сайрам ақша сарайының дирхемімен типтес Бұхараның күмістелеген мыс дирхемдерінің арасындағы айырмашылық тек ақша сарайлары атауларында ғана екендігін айтады [9, 65-б.]. Сонымен, реформаның алғашқы жылдары толыққанды күміс ақшалармен бірге күмістелген мыс дирхемдер де соғылып, бірте-бірте мемлекеттің сауда айналымында күміс ақшалардың айналым ауқымын тек нағыз күміс ақшалар ғана басады.

Бұл күміс ақшалардың ең бірінші ерекшелігі олардың толыққанды, жоғары сынамды күмістен соғылып отыруы болды. Бұл ерекшелік өлкедегі ақша соғу ісінде екі ғасырдай үстемдік еткен «күміс кризисін» тоқтатты. Е.А. Давидович Масуб-Бек жүргізген ақша реформасы тұсында соғылған күміс ақшалардың орталықтан белгіленген бір салмақ көрсеткіші бойынша ғана соғылып отырғандығын анықтады. Бұл салмақ көрсеткіші аумақта бұған дейінгі кезеңдерде қалыптасып, Моңғол ақша жүйесінде ең алғашқылардың бірі болып (630-шы хижра жылдарынан) күміс ақша соғу ісін бастаған Алмалық дирхемдерінен алынғандығы анықталды [14, 97–114-бб.]. Бұл кезеңнің күміс ақшаларының тағы бір үлкен ерекшеліктерінің бірі, барлық жағдайда тиындар беттерінің бірінде бүкіл шеңберді ала, бір немесе бірнеше таңбаның түсіріліп отыруы. Е.А. Давидович тиындар беттерінде орын алып отырған таңбаларды 7 түрге бөліп, дирхемдер беттерінде кездесу жиілігі мен территориялық ауқымына қарай 1 және 2-ші нөмірмен берген таңбаларды жалпы мемлекеттік, ал 3–7 нөмірмен белгіленгендерін жергілікті ауқымдағы таңбалар қатарына қосқан [15, 33-б.]. Моңғол билеушілері тұсындағы тиындар беттерінде орын алған таңбаларды зерттей келе, таңбалардың орналастырылу ерекшеліктері мен ақша сарайларының топографиясы, сол дәуірдегі саяси оқиғалар мен жалпы ахуалды есепке ала отырып, әрбір таңбаның белгілі бір тарихи тұлға немесе тұлғаларға тиесілі болғандығы жайлы П.Н. Петров дәлелдер келтірген [14, 84–95-бб.].

Аталмыш ақша реформасының тұсында, реформа жарияланған 670 х. жылдан бастап (1271–1272 жж.) Қазақстан территориясында орналасқан қалалардың арасынан ең алғаш болып Отырарда, одан кейінгі жылдары біртіндеп Тараз, Йанги, Кенжде ақша сарайлары күміс ақшалар соғып отырды. П.Н. Петровтың зерттеу жұмыстары Масуд-Бек жүргізген ақша реформасы тұсында күміс ақшалар тек бір ғана емес, кем дегенде үш салмақ көрсеткішінде, яғни номиналдарда соғылып отырғандарын көрсетті [14, 62-б.]. Масуд-Бек реформасынан кейін өлкенің экономикалық өмірінің барлық саласына басты төлем құралы ретінде күміс ақшалардың енуі, реформаға дейін соғылып отырған алтын ақшалардың мәнін төмендетіп, айналымнан ығыстырып шығарды [16].

Масуд-Бек реформасы тұсында соғылған ақшалар аумақта 50 жыл шамасында, XIV ғасырдың 20-шы жылдарының аяғына қарай Кебек хан тұсында басталып, Тармашырын

хан тұсында жалғасын тапқан ақша реформасына дейін айналымда болғанға ұқсайды. Дегенмен, Кебек Хан реформасы Масуд-Бек реформасында соғылған күміс ақшаларды айналымнан бір мезетте мүлдем шығарып тастауды мақсат етпесе керек. Мұндай тұжырым жасауға Кебек хан реформасы тұсында соғылған ақшалар көмбелерінде Масуд-Бек реформасының ақшаларының қатар кездесіп отыруы себеп болып отыр. Кебек хан реформасы Персия мен Алтын Орданың күміс ақшалар соғу жүйесіне негізделіп, тиындар беттеріне билеушілер аттарын түсіре бастады. Тарихи деректер бойынша Кебек хан, Тармашырын хандардың арасында Елшігідай мен Дұрра Темір хандар билік жүргізгендері белгілі. Алайда, бұл хандар тұсында соғылған ақшалар қайтадан анонимді түрде, беттеріне Будда дінінің символикалары-ваджра мен мандала бедерлері түсіріліп отыруымен ерекшеленді [17, 201–213-бб.].

XIII–XV ғғ. қазіргі Қазақстан территориясының көп бөлігі Алтын Орда мемлекетінің құрамына кіргендігі белгілі. Алтын Орданың ең алғашқы ақшаларының беттеріне Наср лид-Дин Аллахтың аты түсірілген болса (XIII ғ. 40–50 жж.), 1251 жылдан 1259 жылға дейін Мөңке қағанның, 1259–1264 жылдар аралығында Арығ Бұғаның атымен Бұлғарда соғылған. XIII ғ. аяғы XIV ғ. басында Алтын Орданың Қазақстан территориясындағы қалалар Сығанақ, Сарайшық пен Қазақстанның оңтүстік аумақтарын ақша өнімдерімен қамтыған Хорезмнің өнімдері Қырым және Еділ бойы қалаларының ақша өнімдеріне қарағанда азырақ болған [9, 64-б.]. Дегенмен археологиялық және кездейсоқ нумизматикалық табыстардың көлемі, аталмыш кезеңде Қазақстанның оңтүстік және орталық аймақтарында Хорезм мен Сығанақтың ақша өнімдері көбірек қолданыста болғандығын көрсетеді.

XIII ғ. 60-шы жылдарынан бастап Алтын Орда ақшалары тек күмістен соғылған болса керек. Өйткені, бұл кезеңде соғылғандығы тиын беттерінде көрсетілген мыс ақшалар кездеспейді. Кей ғалымдар (Сингатуллина, 1998. Френ 1832, № 381; Янина 1954, №14) соғылған жылдары түсірілмеген, беттерінде сол дәуірге тән таңбалар түсіріліп отырған мыс ақшаларды осы кезеңмен байланыстырады [18, 301–305-бб.].

Қазақ жазирасының Алтын Ордаға қарасты жерлерінде орданың XIV–XV ғғ. тән ақшалары жиі кездесіп отыруы, бұл ақшалардың аумақтың ақша айналымында маңызды орын алғандығын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Массон В.М. Денежное хозяйство Средней Азии по нумизматическим данным. – ВДИ, 1955. – №2.
- 2 Ртвеладзе Э. Древние монеты Средней Азии. – Ташкент, 1987.
- 3 Вайнберг Б.И. Монеты древнего Хорезма. – М: «Наука» 1977. – С.11
- 4 Ртвеладзе Э. Древние монеты Средней Азии. – Ташкент, 1987.
- 5 Бурнашева Р.З. Монеты с городища Отрар-Тобе и Отрарского оазиса. // Археологические исследования в Казахстане. – А., 1975. – С. 85–93.
- 6 Настич В.Н. Монетные находки с городища Красная Речка. // Красная речка и Бурана. – Фрунзе, 1989. – С. 96–115.
- 7 Давидович Е.А. Новые данные по истории Саманидов (клад медных монет IX–X вв. из Самарканда) / Средняя Азия в древности и средневековье. – М., 1977. – С. 113.
- 8 Кочнев Б.Д. Нумизматическая история Караханидского каганата (991–1209). – Ч. I. – М: «София», 2006. – С. 20.
- 9 Давидович Е.А. Золото в денежном хозяйстве Средней Азии IX–XVIII вв. / Ближний и средний восток. Товарно денежные отношения при феодализме. – С.64
- 10 Кочнев Б.Д. Нумизматическая история Караханидского каганата (991-1209) Ч. I. – М: «София», 2006.
- 11 Бурнашева Р.З. Денежное обращение в городах южного Казахстана в XV–XVIII вв.

- 12 Буниятов З.М. Монетный чекан и денежное обращение в Государстве Хорезмшахов в XII - начале XIII в. / Государство Хорезмшахов-Ануштегинидов 1097–1231 гг. – Т.3. – Баку. 1999.
- 13 Петров П.Н., Белтенов Ж.М. Некоторые вопросы денежной реформы в великой Мопгольской империи в правление Хана Угедея. – А. 2015.; Жолдасов Т.М. «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының қорындағы бір алтын тиын жайында. – Туркестан, 2010. – 131-б.
- 14 Давидович Е.А. Денежное хозяйство Средней Азии после монгольского завоевания и реформа Масуб-Бека (XIII в.)
- 15 Петров П.Н., Акиндинов С.В. Об одной медной монете 670 г.х. города Сайрама. / Нумизматика, медали, фалеристика, бонистика.– 2008. – №18. – С. 33.
- 16 Петров П.Н. Тамги на монетах монгольских государствах в XIII–XIV вв. как знаки собственности. / Труды II международной нумизматической конференции
- 17 Петров П.Н. Еще раз о монетной реформе Масуд-Бека 670/1271–1272 гг. В государстве Чагатаидов / Вестник Санкт-Петербургского университета. Сер. 2. – Вып.1. – 2008. – С. 201–213.
- 18 Петров П.Н. Хронология праления ханов в Чагатаидском государстве в 1271–1368 гг. / Тюркологический сборник. – 2007–2008. – С. 301–305

Түйін

Мақалада бүгінгі Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі Ертеортағасырдан XV ғ. басына дейінгі ақша айналымының тарихы қарастырылады. Зерттеу жұмыстары негізінен Қазақстанның оңтүстік территорияларынан табылған жекелеген және көмбелік ақшалармен жүргізілуіне байланысты, аталмыш аумақтың ақша айналымына тереңірек тоқталдық. Болашақта, Қазақстанның басқа да өлкелерінен табылған нумизматикалық материалдар көпшілік қауымға ұсынылып, қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндіктер туындайды деген үміттеміз. Сол зерттеулер нәтижелері бойынша жаңа, тың мәліметтер табылып жатса, Қазақстанның нумизматикалық тарихын толықтыруға зор мүмкіндік туар еді.

Резюме

В статье рассматривается нумизматическая история Казахстана с раннего средневековья до XV века. Изучения проводились единичными и кладовыми монетами найденными на территории южного Казахстана. По этому нумизматическая история данного региона рассмотрена более детально. Надеемся в будущем все нумизматические находки из других регионов Казахстана тоже будут доступны для изучения и дополнят историю денежного хозяйства Казахстана новыми данными.

Resume

The article considers the numismatic history of Kazakhstan from the early Middle Ages to the 15th century. The studies were carried out by single and panty coins treasure in southern Kazakhstan. There for, the numismatic history of this region is considered in more detail. We hope in the future all numismatic finds from other regions of Kazakhstan will also be available for study and will supplement the history of the monetary circulation of Kazakhstan with new data.

ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ ЖӘНЕ ХАЗАРИЯ

Ж.К. Жұмабаева, т.ғ.к.
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университеті

Орта ғасырларда әлемдік қуатты түркілік империялар ошағы болған Еуразияның далалық аймақтарының шеті саналатын Қазақстанның батысы, мен Каспий – Қара теңіздері аралығы өркениеттер мен этностардың қалыптасу, өзара ықпалдасу аймағы болып, ежелгі дәуірлерден бері халықаралық байланыс пен саудада маңызды роль атқарғаны белгілі.

Каспий өңірі көптеген Еуразия халықтарының этникалық және мәдени бастауының маңызды бір ошағы. Каспий атауының тарихына тоқталсақ, ежелгі өркениеттердің теңізсу жағалауында қалыптасқанына сәйкес, бұл аймақта көне тарих іздері жатыр. Каспий б.э.д. дәуірлерден бастап, ғұн, авар, мажар/мадьяр/, бұлғар/дулу/,оғыз, қыпшақ сияқты түркі тайпаларының батысқа қарай жылжыған дәстүрлі көші жолында болғандықтан, транзиттік қақпа мен бағыттарға негіз салды.

Ғұн, авар, мажар, бұлғар, қыпшақтар Каспийдің солтүстігі арқылы Европаға қоныс аударып, онда Венгрия, Болгария, Албания мемлекеттерінің этникалық құрылымын қалыптастырды.

Оғыз тайпаларының экспансиясы Каспийдің оңтүстігі арқылы өтіп, қазіргі Түркменстан, Әзербайжан, Түркия сияқты мемлекеттердің негізін қалады.

Каспий – бағзы замандардан бері транзиттік сауда жолының қақпасы ретінде Ұлы Жібек маршруттарында маңызды тірек пункті болды, тек XV ғасырда ғана керуен жолдары күйреп, европалық теңіз сауда жолы ашылғаннан кейін, Каспий аймағы Еуразияның қиыр-түкпіріне айналды.

Мақалада осы аймақта қалыптасып, көшпелі және отырықшы өркениеттердің симбозы ретінде далалық түркілік өркениеттің маңызды орталықтарының бірі, Батыс пен Шығыстың саяси –мәдени, сауда экономикалық байланысына ықпал еткен, ерте орта ғасырлардағы Еуропа құрылығының қуатты мемлекеті, Хазар қағанатының тарихи рөліне маңыз беріліп, оның қазақ тарихына, өлке тарихына қатыстылығы тұжырымдалады.

Хазария- түрік қағандығының мұрагері, VII ғасырдың ортасында Каспий мен Қара теңіз аралығындағы далалық аймақта Түрік қағандығының ыдырау кезеңінде қалыптасты. Хазар қағандығының астанасы VII–VIII ғғ. *Семендер (Дағыстанда)* қаласы, VIII ғасырдың ортасынан бастап Еділ өзенінің Каспийге құяр сағасындағы *Итиль* қаласы болды. Оны түрік Ашина әулетінен шыққан қаған басқарды. VII ғасырда хазарлар Каспийдің батыс жағалауында Кубрат хан құрған Ұлы Бұлғарияны ыдыратып, оның Ботбаян, Қотрақ деген ұлдары басқарған Дағыстанды, Еділ, Кама өзендерін жайлаған бұлғарларды (құтырғыр және ұтырғыр тайпаларын) бағындырды. Бұлғарлардың қалған бөлігі Кубраттың Алсек, Кубер атты ұлдарымен батысқа кетіп, германдардың варварлық корольдіктерінің(Паннония, Италия) саяси өміріне арласты. Ал, Аспарух бастаған ұтырғырлар (бұлғарлар) көші Дунайдың Қара теңізге құяр сағасына жетіп, 681 жылы қазіргі Дунай Бұлғариясының(Болгария) мемлекетінің негізін салды. Мұның өзі Хазар қағандығының қуаттылығының дәлелі.

VII–VIII ғғ., тоғысында Хазар қағандығы Солтүстік Қара теңіз жағалауын, далалық Қырым мен оның оңтүстік жағалауын, Таман түбегін, ондағы халықтарды: бұлғарлар, савирлер, славяндар, аландарды бағындырып, Араб (Багдад) халифатының Закавказьедегі экспансиясын тоқтатып, арабтардың батыс елдеріне; славяндар мен европалықтарға ислам дінін жаюына тосқауыл қойды. Европалықтар кейіннен Хазарияның осы маңызды тарихи миссиясына зор баға берді. Хазарлар, сонымен қатар, саяси бытыраңқылықтағы орыс княздіктеріне де шабуыл жасады. Сондықтан сол замандардағы ең ірі Византия

империясы Хазар қағандығымен одақтастық қатынастар орнатып, оны арабтарға қарсы күресте пайдаланды.

VIII–IX ғғ. Хазар қағандығында феодалдық қатынастардың дамып, мемлекеттің территорияларының ұлғаюына байланысты хазар билеушілері иудаизм дінін қабылдап, оны мемлекеттік дінге айналдырды.

Тарихнамада Хазар мәселесіне қызығушылық, оның пайда болуы, гүлденуі және күйреуі туралы пікірталастар толастаған емес.

Тарихқа жүгінсек, Түрік қағанатының Шығыс мен батыс боп, ұзақ және қиян-кескі күресі (581–603) ақыры қағанаттың Батыс және Шығыс түрік қағанаттары (603–604) боп бөлінуімен аяқталғаны белгілі. С.Г. Кляшторныйдың айтуынша, Шығыс қағанаты – орталықазиялық, Батыс – ортаазиялық болды [1].

Батыс түрік қағанатын тек ортаазиялық деп шектеу қисынға келмейді, себебі бұл мемлекеттің құрамына Еділ бойы, Солтүстік Кавказ, Азау теңізінің өңірі де кіретін. Бұлғарлар, әсіресе хазарлар, Батыс қағанатындағы оқиғаларға белсене қатысты. Аталған жерлер Істемі жабғудың баласы Қара-Чурин, немесе Тардуш хан «қытайша – Дяньгу Дату хан, грекше- Тарду) биледі.

Батыс қағанатқа Алтайдан Азау теңізіне дейінгі жерлер қарады. Нигю Чуло ханның ордасы «бұрынғы Үсін жеріне», яғни Іле бойына орналасты. Осы жерде Батыс қағанаттың болашақ қазақ тарихымен тікелей байланыстылығына көңіл аударған жөн. Түріктердің Қазақстан жеріне Орталық Азиядан, негізінен Монғолиядан (ол кезде онда монғолдар болған емес) келгені мәлім.

Жоңғария, Жетісу, Батыс Тянь-Шань, Еділ, Жайық, Азау, Қара теңізге дейін түркі халықтары мекендеген, сондықтан да түріктер бұл жерлерде табанды қарсылық кездестірмеді. Егер Қазақстанның батысында хұн (ғұн) тайпаларының қалдығы немесе ғұндар мен жергілікті халықтардың араласуынан тараған тайпалар мекендесе, Жетісуда V–VI ғасырларда теле (оғыз) тайпалары, Жоңғарияда хұндардың тұқымдары өмір сүрді.

Француз тарихшысы Э. Шаванның зерттеулеріне сүйене отырып, Л. Гумилев Жетісудағы дулу және нушиби тайпаларының әдет-ғұрыптары жағынан түріктерден айырмашылығы жоқ, тілдері де ұқсас деген тұжырым жасайды [2].

Түріктердің өзара ұрыс-таласы, тақ үшін қиян-кескі күресі Түрік қағанатын әлсіретіп, жалпы түріктердің күш-қуатын төмендетті. Керісінше, дулу және нушиби тайпаларының рөлі күшейді. Олар енді Батыс түрік қағанатында басшылық жасауды талап етті. Бұдан былай Батыс қағанаттың тағдыры дулу мен нушибилердің өзара қатысына, олардың ұстаған бағытына тәуелді болды.

604 жылы Батыс түрік қағаны болып Нигю Чуло хан Таман сайланды. 612 жылы Шаштың әмірі Шеғұй нушибилерге сүйеніп, Таманның әскерін талқандап, өзін шығысқа, Қытайға қуып жібереді. Шеғұй Тон жабғу хан деп аталды. Сөйтіп, ол қағанатта Қара-Чурин кезіндегі жағдайды қалпына келтірді.

Шеғұй хан да, Тон жабғу хан да нушибилердің қол шоқпары болды, олар Қытаймен одақтасып Иранға қарсы соғыс жүргізді. Тон жабғу ханның шығыс түріктерімен соғысы сәтсіз болды. Елде наразылық туды, қарлықтар, дулу тайпалары көтеріліс шығарды. Бүлік одан әрі өріс алмау үшін ханның ағасы Моходу хоу (Батыр хан) Тон жабғуды (630) өлтіріп, Күлік Сібір хан (Кюлюг Сибир хан) деген атақпен таққа отырады. Бір жылдан кейін оның өзі де опат болады.

Тон жабғу ханның өлімі тек нушибидің билігін әлсіретіп қана қайған жоқ, жалпы түрік билігіне қатты соққы болып тиді. 635 жылы Сібір ханның жиені, Азау, Қара теңіз бойындағы бұлғарлардың әміршісі Құбрат Батыс Түрік қағанатынан бөлініп шығып, дербес Бұлғар қағанатын, оны басқарушы Дуло (Дулу) династиясының негізін қалады [2, с. 4].

Бұдан біз Кама бұлғарлары, Дағыстан балқарлары және Европадағы Болгарияның негізін қалаған бұлғарлардың шығыстан батысқа көшкеніне тағы куә боламыз.

635 жылы дулу және нушиби тайпалары өзін-өзі басқару дәрежесіне жетті. Егер осыған дейін ұлы шораларды, ұлы еркіндерді түріктерден, Ашина тұқымынан тағайындаса, енді олар дулу, нушибидің ақсүйек билерінен сайланатын болды.

Батыс қағанатында бұрынғыша Ашина руынан сайланды. Сөйтіп, жоғарыда аталғандай, Хазар қағанаты, хазарлар мемлекеті өз тарихын 651 жылдан бастайды. Хазар қағанатының «туған жылы», яғни мемлекет болып қалыптасып, тарихи аренаға шығуы күмән тудырмайды. Алайда оның құлауы датасы, себептері, тарихи жағдайы осы күнге дейін даулы мәселе.

Кеңес тарихнамасында Хазар қағанатының ақырын Киев князі Святославтың 965 жылғы жорығымен байланыстырады, бұл патшалық Ресей тарихшылары қабылдаған дәстүр еді. Себебі, орыс тарихшылары да, кеңес тарихшылары да ортағасырлық араб ғалымы Ибн Хаукалдың: «Қазіргі кезде бұлғарлардан да, бұртастардан да, хазарларлардан да ештеңе қалған жоқ, өйткені оларға рустар шабуыл жасап, жерлерін тартып алды» деген мәліметіне сын көзбен қарамай, оны шындық деп қабылдады.

Святославтың жорығы туралы хабарды Ибн Хаукал үш жылдан кейін, яғни 968 жылы ғана естіген. В.В. Бартольдтың айтуынша, Ибн Хаукал рустардың қайтып кеткенін, Хазар қағанатының қайта қалпына келгенін тіпті білмеген. Орыс жылнамасындағы (1095) «Хазар қағанаты Святославтың жорығының нәтижесінде құлаған жоқ» деген хабар да олардың жаңсақ пікірін өзгерте алмады [3].

Кеңес тарихнамасында осындай қате пікірдің сақталуын (академик В.В. Бартольдтың қарсылығына қарамастан), қазақстандық белгілі тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Б. Ермұқанов, бұл – орыс жеңісіне деген «мақтаныш» сезімінің айқын көрінісі – деп, бағалады [4].

Орыс князі Святослав Хазарияны біржолата жоя алмады, оның оған құдіреті де жетпеді. Святослав жорығының өзгешелігі мен нәтижесі туралы кеңес тарихшыларының арасында да бірыңғай көзқарас жоқ. Оны В.В. Мавродин оны соқыр Хазарияны орыстар құлаты деп есептейді. Мұнымен қазақстандық тарихшы Б. Ермұқанов келіспейді. Себебі орталықтанбаған, саяси бытыраңқы Русьтың Хазарияны жеңуі мүмкін емес еді. Византия императоры Константин Багрянородный Дунайдан хазарлардың Дондағы Саркел қаласына дейін бесенелер үстемдік етті, «пачинакиттерден (печенегтерден) зиян көреміз бе деп, ростар өте қынжылады, себебі бұл халық өте күшті. Ростар пачинакиттермен одақтасып, олардан көмек алмақшы болды», деп жазды [4, 86-б.]. Өз күшімен Хазар қағанатына шабуыл жасауға Русьтің дәрмені жоқ, сондықтан ол оғыздармен келісіп, хазарларға тұтқиылдан тиісті. Сөйтіп, 965 жылы хазарлар екі майданға қарсы соғысуға мәжбүр болды.

Ал, шындығында, оларға қарсы үшінші майдан ашылуы да әбден ықтимал еді. Бұл жолы хазарларға бесенелер де шабуыл жасауы мүмкін болатын. Келісу арқылы 3 жақтан: батыстан – бесенелер, шығыстан – оғыздар, солтүстіктен – ростар хазарларға қарсы шыққаны күмәнсіз. Хазар әскерінің қауіпті жауға – оғыздар мен бесенелерге қарсы тұруы ақылға қонады.

Сондықтан да хазарлардың астанасы Итиль қорғаусыз қалып, рустарға жеңіл олжаға болды. Русьте атты әскер болмаған, олардың күші жаяу әскер еді. Олар көбіне қайық арқылы су бойымен жүзіп отырып, тұтқиылдан шабуыл жасаған. Артамоновтың пікірінше, қазіргі Астраханнан солтүстікке қарай 120 шақырымдай жердегі қорғаусыз қалған Итильді Гумилевтің пайымдауынша орыстар басып алған, соған қарамастан. Хазар қағанаты өзінің мемлекеттік қабілетінен айрылмады. Итильді қиратқаннан кейін рустерге хазарлардың қиыр шеттегі шағын қаласы - Таматарха (Тмутаракань) ғана тигені Святославтың стратегиялық жоспарының сәтсіздікке ұшырағанын дәлелдей түседі. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, XII ғасырда Итильдің орнына Саксин деген атпен жаңа қала пайда болады. X ғасырдың аяғында өмір сүрген араб тарихшысы әл-Мукадассидің мәлімдеуі бойынша, Итиль халқы көбейіп, «тұрғындары иудейлер (еврейлер) емес, мұсылмандар болды» [5].

Хазар қағанатының күш-қуатын әлсіреткен бесенелер мен оғыздар деуге болады. Бұл пікірді С.А. Плетнева да қолдайды. Шынында да, X ғасырдың аяғында ұлан-байтақ жерді алып жатқан Хазар қағанатынан шағын ғана территория қалды. Плетнева пікірінше, Хазар мемлекетінің территориясы қағанның жеке билігіндегі жер көлеміне дейін азайды, ол қазіргі Калмыкия жерін қамтиды.

Ал, басқаларының пайымдауынша (Л. Гумилев), хазарлар Еділдің төменгі ағысындағы, Терек пен Сулақтың арасындағы жерге ие болды [6].

Ресми түрде Хазар қағандығы X ғасырдың 965 жылы құлады делінгенмен, бұл пікірге сенім аз. Тарихшы А.П. Новосельцев XI ғасырдың 50–60-жылдарын атайды. Данлоптың пікірінше, Хазар мемлекеті XIII ғасырда монғол шабуылының нәтижесінде біржола талқандалды [7].

Ал, проф. Б. Ермұқановтың пайымдауынша, хазарлар дербес ел ретінде XIII ғасырға дейін өмір сүрген. Алайда, ол кезде хазар атауынан гөрі Саксин деген атау жиі қолданылған. А.Л. Монгайттың ой-пікірі бойынша, Саксин – хазарлардың ескі астанасы Итильдің жаңа атауы. Итиль оғыздардың, Хорезмнің, Русьтің шабуылынан қирап, тек XII ғасырда ғана қайтадан қалпына келеді. Оны оғыздар иеленді.

Археологтар болса, әзірге Саксиннің де, Итильдің де орнын тапқан жоқ. Тоған (белгілі түрік тарихшысы Зеки Велиди) Саксин Сарай-Батудың орнында болған деп болжайды. XV ғасыр авторы әл-Бакувидің айтуы бойынша, оның кезінде Саксиннің орнында Сарай-Берке тұрғызылды Ибн Исфандиар (XIII ғ.) Саксиннің сауда орталығы болғанын, оған Сириядан, Ирактан, Хорасаннан, тіпті Үндістаннан да мұсылман саудагерлері келіп, жылына 400-ден астам үлкен теңіз кемелері тауар әкелгенін айтады.

Нақты дерек көздері Саксиннің Еділдің бойында болғанына күмән келтірмейді. Осындай дерек көзі әл-Гарнатидің еңбектері болып табылады. 1130 жылды Гарнати Дағыстанға келеді. Келесі жылы Дербенттен кемемен «Хазар еліне бағыт алдым, - деп жазды ол. Тигр өзенінен бірнеше есе үлкен, орасан зор өзенге келдік, одан тарам-тарам үлкен өзендер ағады. Сол өзенде Саджсин (Саксин) деген қала орналасқан. Қаланы оғыздардың 40 тайпасы мекендейді, әр тайпаның өз әмірі бар. Жер-жерден, Магрибтен де келген сан алуан, әртүрлі халықтың саудагерлері қалада құмырсқадай қаптап жүр. Хазарлар да бірнеше тайпа, олардың жұма намазын оқитын үлкен мешіттері бар (Путешествие Абу Хамида ал-Гарнати. – С. 27).

Гарнатидің суреттеуінде тарам-тарам болып теңізге құятын өзеннің аты Итиль деп шегелеп айтады. Итилдің 70 тармағы бар, соның өзінде де Саджсин тұсында әлі де зор өзен болып қалады дейді [4, 91-б.].

Хазар қағанаты құрылуы араб шапқыншылығымен қатарлас болғандықтан, 652 жылы араб қолбасшысы - Салман ибн Раба хазарлардың жеріне басып кірді, бірақ Баланджар қаласының маңында қағанның атты әскері арабтарды ойсырата жеңді, Салман шайқаста опат болды. 661–662, 684, 689 жылдары хазарлар арабтардың қол астындағы Закавказье елдеріне шабуылдар жасайды. Әзірбайжан мен Арменияға хазарлар 717–718, 721–722, 723–725 жылдары да шабуылдады.

730 жылы хазарлар арабтардың орасан зор әскерін (150–200 мыңдай) талқандап, қолбасшысын өлтіреді. Бұл оқиға Оңтүстік Әзірбайжанда, Ардебил қаласының маңында болған. Хазарлар 789–799 жылдары Грузияға шабуыл жасады. Бұл – олардың соңғы үлкен шабуылы еді. Орасан зор олжа мен 200 мыңдай тұтқын қолға түсті, хазарлар еліне оралды [5].

Хазарлардың иудей дінін қабылдауы негізінен Ғарұн ар-Рашидтің (786–809) кезінде болса керек. Византия императоры Роман I Лескопиннің (919–944) патшалығы кезінде иудей діні Хазарияда өзінің үстемдігін орнатуы әбден ықтимал. Алайда, Хазар патшасы Иосифтің (920–960) хатында (960 жылдың шамасында) хазарлардың иудей дінін қабылдау даталары әжептәуір ерте, яғни VIII ғасырдың 30–40-жылдары ретінде көрсетілген және бұл оқиға Бұлан патша кезінде болған. Еврейлердің XII ғасырдағы белгілі жазушысы Иехуду Галеви өзінің «Хазар кітабында» Бұланның жаңа дінді ешкімге білдірмей

жасырын қабылдағанын, өте сақтықпен әуелі тек ең жақын деген адамдарына айтып, біртіндеп халықты өз жағына тартқанын, ақыры жақтаушылары көбейген соң ғана, ашық іс-қимылға көшіп, басқа хазарларды жаңа дінді қабылдауға мәжбүр еткенін жазады.

Иудей дінінің Ашина руынан шыққан түріктердің қағанының билігі ІХ, тіпті Х ғасырларда әлсіреп, өкімет «патшаға» ауысқан кезде үстемдік құруы әбден ықтимал. Ал, еврейлердің 3 ғасырдай патшалық атқаруы, біздің ойымызша, асырып айту.

Хазар мемлекеті Түрік қағанатының мұрагері болғандықтан, қағанаттың негізгі саяси, әскери және басқа да дәстүрін сақтап, өзіндік жаңалықтар да қосты, солардың негізгісі - өкіметтің «патшаға» ауысуы, қағанның тек киелі, қасиетті ел бастығы ретінде қалуы. Патша деген атаққа еврейлер ие болды.

Сөйтіп, түріктердің Ашина тұқымынан сайланған айбарлы қағаны барлық биліктен айырылып, патшаның құрметті тұтқыны, шын мәнінде халық табынатын киелі тұлғаға айналды. Ибн Фадлан да, Масуди де қағанның жай қол шоқпар емес екенін, бірақ оның патшаға мүлде тәуелді, бағынышты екенін анық көрсетеді. Қағанның киелілігі де оған зиянын тигізеді. Айталық, әскер сәтсіздікке ұшырап, елге жау басып енсе, немесе ашаршылық болса, мұндай апат, бақытсыздықтың бәріне де қаған жауапты деп, халық патшадан оның өлімін талап етеді. Ол қырық жылдан артық қаған болмауға тиіс, сайланған мерзімнен артық қаған болса, оны өлім жазасына тартатын.

Хазарлардың иудей дінін қабылдауы туралы, оның халыққа, Хазар қағанатына ықпалы, маңызы, салдары жайында зерттеушілердің пікірі, ой-толғамдары бірыңғай емес, қарама-қайшы көзқарастар да кездеседі. Ғылыми тұрғыны былай қойғанда, ондай тұжырымдардың пайда болуына авторлардың саяси, идеологиялық, ұлттық, ал кейде нәсілдік позициялары ықпал етеді. Айталық, М.И. Артамонов иудаизмді мемлекеттік дін етіп көтерудің маңызы - өзін саяси тұрғыдан таныту мақсатында жасалғанына назар аударады. Ол – тек қана тәуелсіздікті көрсету емес, сонымен қатар Хазар қағанатының Византия империясы және Араб халифатымен бірдей, тең екенін дәлелдеу.

«Иудаизмді – ұлттық дін деген Артамонов «иудей дінін қабылдау хазарларға қатерлі қадам болды» [8]. Бұл дін түрлі тайпадан құралған тұрғындарды біріктірмейді, керісінше, оларды ажыратады, иудаизм жолын ұстаушы үкіметті халықтан бөлектегенін көрсетті. Л.Н. Гумилевтің пікірінше, ХІ ғасырда, иудей Обадия билікті алып, Ашина тұқымынан шыққан (әке жағынан) ханды қуыршаққа айналдырып, раввинистік иудаизмді Хазарияның мемлекеттік дініне айналдырып, мемлекеттік төңкеріс жасады деп санайды. Ол Обадияны ол жергілікті еврей емес, караим да емес, транзиттік керуен саудасымен айналысатын, сырттан келген еврей қауымының өкілі санады. Өкімет басына келген еврейлер өз билігін бекіту үшін қағанаттағы ру-тайпа ақсүйектеріне қарсы күрес бастады.

Бұл соғыста еврейлер қанына сіңген қатігездік көрсетті. Хазарлардың біраз бөлегі қашып, венгерлердің арасынан пана тапты. Олар кабар деген атпен (мадьяр) этносының құрамына кірді. Қазіргі кезде Кавказдағы кабардалар солардың ұрпақтары болуы мүмкін.

Хазар қағанатында, деп қорытады Гумилев, хазарлар ең езілген азшылық болды, иудейлерден тұратын басқарушы тап көпэтникалық елдің нағыз қожайындарына айналды. «Бұл дүниеде иудилер тек өздерін, өз істерін, өз тұқымдарын ғана жақсы көреді. Өз этносының табысы үшін иудейлер құпия мен өтірікті пайдаланады», - деп жазды Л.Гумилев .

Л. Гумилев иудаизмнің Хазар қағанатына тигізген әсері соншалықты, тіпті хазар тарихын екі кезеңге бөлуге тиістіміз және оларды былай деп атаған жөн дейді: «иудей-хазарлар», «түрік-хазарлар» [9].

Ибн Рустенің пікірін Бартольдтың ой-тұжырымы да растайды. Оның пайымдауынша, хакан, ишад, ақсүйектердің бәрі де иудаизмге табынады, қалғандары, яғни бұқара халық оғыз-түріктердің дініне сенеді (Бартольд, 8-т., 57–58-бб.).

Б.Н. Заходер Хазарияның діни тарихы туралы мәліметтер мен зерттеулердің көбіне біржақтылық сипат беретінін айтады. Оның, әрине, шын ғылыми мақсаттарға қатысы шамалы дей келіп, Заходер Хазарияда иудаизмнің қалыптасу тарихын екі кезеңге бөледі:

1) Ғарұн ар-Рашидтің заманы (786–809), бұл кезде иудаизмді патша ғана қабылдады; 2) Византия императоры Роман I Лекопиннің заманы (919–944), бұл кезде ол жалпы мемлекеттік дін болып қалыптасты (Заходер, аталған еңбек, 152-б.).

Жоғарыда келтірілген тарихи мәліметтерді сараласақ, иудаизм діні, оның Хазарияда өріс алып, мемлекеттік дәрежеге жетуі, иудейлердің Хазар қағанатында билік жүргізуі, бұл діннің халыққа, қағанаттың тағдырына, жалпы хазар халқының тағдырына тигізген әсері жөнінде белгілі ғалым-зерттеушілердің ой-пікірлері бірыңғай еместігін байқалады.

Олай болуы заңды да. Иудаизмді орта ғасырда мемлекеттік дәрежеге жеткізіп, Хазар қағанатындай құдіретті елді еврейлердің басқаруы, әрине, таңғаларлық және өте күрделі оқиға. Сондықтан да бұл мәселені шешуде субъективтік көзқарас ғылыми зерттеулерге өз әсерін тигізді. Алайда, ғылым субъективизмнің, яки біржақтылықтың ырқына көнбеуге тиіс. Сондықтан да біз Б.Н. Заходердің пайымдауы орынды деп санап, соған қосыламыз.

Тамаша шығыстанушы В.В. Григорьев өзінің студент кезіндегі ғылыми зерттеуінде хазарлардың, Хазар қағанатының тарихтағы рөлін көрегенділікпен бағалап, «Хазар державасы Еуропаның қараңғы көкжиегінде жарық метеордай жарқырап, өзінің тіршілігінен ешбір із қалдырмай сөніп кетті», - деп жазды. Хазар халқының ыдырап, бөлшектеніп кеткені туралы М.И. Артамоновтың еңбегінде де сөз болады. «Олардың көпшілігі басқа туысқан халықтармен араласып, оларға сіңіп кетті, ал қалған азшылығы Итильде тұрақтанып, ұлттылығынан айырылып, иудейлік түрлі арамтамақ топқа айналды», - деп жазды ол.

Хазар тарихын жан-жақты, терең зерттеген Гумилев Хазарияның тарихтан ғайып болу себебінің бірі ретінде Каспий теңізі суының көтерілуін атайды. Бұл – жаңа түсініктеме. Ғалымның пікірінше, VI ғасырда Каспийдің деңгейі қазіргі кездегі түгіл, X ғасыр деңгейінен де төмен болған.

XIII–XIV ғасырларда Каспийдің суы тасып, бұрынғы Хазарлардың мекендеген жері – Еділдің атырауы судың астында қалады. Еділдің атырауы да қазіргі кездегідей болмаған, ол Нарын құмындағы қазіргі Ганюшкино селосына дейін созылып жатқан. VI ғасырдың аяғында Каспийдің деңгейі Гумилевтің айтуы бойынша, 32 метрге төмендеп, X ғасырдың ортасында 19,5 метр болған. X ғасырда ол 2–3 метрге, XIII–XIV ғасырларда 10 метрге дейін көтеріледі. Сөйтіп, XIII ғасырдың аяғында хазарлар мекендеген жерді түгел су басып, тұрғындары кейін Алтын Орданың халқымен араласып кетеді. Хазарлар Астрахань татарларына айналып, осымен хазар тарихы аяқталды, дейді Гумилев [9, с. 93.]. Климаттық өзгерістердің адамзат қоғамына ықпалын ғылыми негіздеп, «Этногенез и биосфера земли», «Тысячелетие вокруг Каспия» атты еңбектер жазған ғалымның жаңаша пікірлері Хазар қағанаты территориясын Ресей, Кавказ аймағымен ғана шектемей, Қазақстанның батыс облыстары, соның ішінде Атырау аймағы ареалына енгізеді. Бұл пікірді дамытып қолдағандардың қатарында қазақстандық тарихшы замандасымыз Бейімбет Ермұқанов та бар. Ендеше, хазарлардың қазақ этногенезіне қатысуы туралы тұжырым жасауға болады. Ресейлік тарихшылар хазарлардың ұрпағы саналған Алтын Орда татарлары арасында біздің ата- бабаларымыз да бар.

Осылайша, Маңқыстау мен Атырау аймағы да ерте орта ғасырлардағы қуатты держава - Хазар қағандығына қатысы болуы мүмкін деген гипотеза пәнаралық зерттеулер жүргізу қажеттігіне назар аударамыз

Әдебиеттер тізімі

1. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – С.86.
2. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – А. «Білім» 1994. – 480-б.
3. Бартольд В.В. Соченения. – Т. 2. – Ч. 1. – С. 689, 849; – Т. 5. – С. 65, 600.
4. Ермұқанов Б. Қазақстан: тарихи-публицистикалық көзқарас. – А., 2000. – 268-б.
5. Плетнева С.А. Хазары. – М., 1986. – С.48.
6. Плетнева С.А. Половцы. – М., 1990. – С.15.

7. Путешествие Абу Хамида ал-Гарнати в Восточную и Центральную Европу (1131–1153). – М., 1971 / Пер. С арабского, вступ. Ст. и примеч. О.Г. Большакова. Исторический коммент. А.Л.Монгайта. – С. 95–97.
8. Артамонов М.И. Очерки древнейшей истории хазар. – Л., 1936. – С. 265, 458.
9. Гумилев Л.Н. Открытие Хазарии. – М., 1966. – С. 147.

Аңдатпа

Мақалада көшпелі және отырықшы өркениеттердің симбиозы болған Хазар қағандығының әлемдік қатынастардағы тарихи орны, этносаияси, экономикалық рөлі жаңаша зерттеулер негізінде тұжырымдалады. Хазарияның Қазақстан және өлке тарихына қатыстылығы туралы болжамдар ұсынылады.

Резюме

В данной статье на основе различных исследований и мнений обосновываются место и особая роль Хазарского каганата, как симбиоза кочевых и оседлых культур в мировой истории, этнополитических и экономических процессах. Обсуждается предположение об общности истории хазар и предков казахов.

Summary

Based on various studies and opinions, this article substantiates the place and special role of the Khazar Khaganate as a symbiosis of nomadic and sedentary cultures in world history, ethno-political and economic processes. The assumption of a common history of the Khazars and the ancestors of the Kazakhs is discussed.

ЕВРОПАДАҒЫ АВАР ҚАҒАНАТЫ МЕН ВИЗАНТИЯ: САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫ

Ж.К. Жұмабаева, т.ғ.к

А.С. Батырханова

тарих мамандығының магистранты

Х. Досмұхамедов атындағы

Атырау мемлекеттік университеті

Ғұндардан кейін Европаға қоныс аударып, онда күшті мемлекет құрған, 200 жылдан аса уақыт Европа тарихына үлес қосқан, қазіргі уақытта өз атын жоғалтқан елдердің бірі – Авар қағанаты. Аварлардың түркілік тегі кеңес заманында айтылмай келді. Оны орыс тарихшылары *обр* деп атайды. Бірақ кейін белгілі түркітанушы, атақты кеңес тарихшысы Лев Гумилев өзінің «Көне түріктер» еңбегінде аварлардың – *жуан-жуан* немесе *жуужан* атты түрік тайпасы екендігін, олардың түрік қағанатынан жеңіліске ұшырап, батысқа кеткендігін жазады.

Аварлардың түркі немесе ғұндармен ұқсас екендігін VI–VIII ғғ. Византия тарихшылары – Евсевий Панфил, Приск Панийский, Агафий Миренейский, Константин Багрянородный, Менандр Протектор, Прокопий Кессарийский, Феофан Византийский, Феофилакта Симокатта да атап көрсетті [1].

Авар қағанатының VI–IX ғғ. тарихына қатысты мәліметтер герман тайпалары арасынан шыққан тарихшылар - Эйнхард, Григорий Турский, Исидор Севильский, Павел Диакон, Видукинд Корвейский т.б. еңбектерінде сақталған. Сонымен қатар, орыс жылнамасында «Повесть временных лет» авар-славян қатынастары сөз болады [2]. Авар тарихының тарихнамасы өте ауқымды. Шетелдік тарихшылар оны хұн-ғұн проблемасы аясында XIX ғ. аяғынан бастап нақты зерттей бастады. Алғашқы зерттеулер тек сипаттау

бағытында, этнографиялық материалды баяндау, қорытындылауға мән берді. Қазіргі кезде кешенді зерттеуге назар аударылып, Авар мемлекетінің генезисіне, оның ішкі және сыртқы байланыстарын терең талдауға тырысады. Сондықтан аварлардың европалық тарихтың дамуына ықпалын зерттеудің өзектілігі жоғары.

Шетелдік тарихнама ХІХ ғ. бастап, Дунай бойына келген халықтардың (авар, бұлғар, мажарлардың) этникалық бастауларын іздестіруге мән берді. Авар тақырыбын ХІХ ғ. – мақсатты, әрі кешенді зерттегендер қатарында орыс ғалымдары саналады. Орыс ғалымы В. Вернадский де аварлар тақырыбына қалам тартады. В. Радлов және Ж. Маркварто Шығыс Европа мен Византияның халықаралық қатынастарының дамуына аварлардың шапқыншылығы ықпал еткенін жазады [3]. М. Артамонов жужандар мен аварлардың этникалық туыстығына күмән келтірсе, А.Н. Бернштам «Ғұн тарихының очерктерін» [4] аварларды – ғұндардың жалғасы ретінде қарастырып, Авар қағанаты мен ғұн империясының әлеуметтік-саяси дамуындағы ұқсастыққа назар аударып, осы фактор (ұқсастық) екі мемлекеттің де құлауына әсер еткенін жазады. Ол «авар қағанатының қипыптасуы – ғұн империясын қалпына келтіру әрекеті болды» деген гипотеза ұсынады.

XX ғ. 60 жж. Лев Гумилевтің «Көне түріктер», Хұндар» еңбектерінде аварлар – жужандардың мұрагерлері ретінде көрсетіледі. Олардың түрік қағанатынан жеңіліп, бас сауғалауы нәтижесінде, жужандар енді авар деген атпен Европаға өткен, авар сөзін этимологиялық тұрғыдан қарастырсақ, қазақтың(түркінің) «ауар»- қоныс аудару мағынасында түсінуге болады. Шындығында, бұл халықтың Орталық Азиядан тұтас халық боп батысқа қоныс аударғанын көруге болады.

Қазіргі кезде Авар қағанаты туралы жаңа зерттеулер шығып жатыр. Оны Ресейлік, Венгриялық тарихшылар еңбектерінен көруге болады. Бұл зерттеулер авар қағанатының европалық тарихқа тигізген әсерін ғана қарастырып қоймайды. Авар қағанатының қалыптасу, даму және құлау тарихын ортағасырлық Европадағы сыртқы саяси жағдайлармен байланыста қарастырады.

Византия мен Ұлы даланың көшпелі халықтары арасындағы қарым-қатынастары туралы кеңестік тарихшы Ф.И. Успенскийдің «История Византийской империи» атты 5 томдық еңбегі бар. Алғашқы томында Византия империясының құрылу қарсаңы, Юстиниан І-ден Ираклийге дейін (518–610 жж.) және 610–716 жыл аралығындағы Ираклий мен мұрагерлері тұсындағы тарихы баяндалады. Екінші томда мақала тақырыбына арқау болып отырған Авар қағанаты мен Византия империясы байланыстар толықтай көрсетілген. Александр Васильевтің «Византийская империя. До крестовых походов» зерттеу еңбегінде көшпелі ғұн тайпаларынан бастап, түрік, аварлар, бұлғар, оғыз, печенег халықтарының Византия мемлекетімен байланыстары қарастырылған [3]. Серб византиятанушысы Георгий Александрович Острогорскийдің «История Византийского государств» еңбегінде Византия мен түркі халықтары арасындағы байланыс туралы баяндалады[4]. Қазақстандық тарихшылар арасынан авар тақырыбын зерттеген ҚазҰУ профессоры Қ.Т. Жұмағұлов [5].

Зерттеу нысаны боп отырған аварлар деген кімдер еді? Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында Авар қағандығы - Орталық Азияда (IV ғ-дың соңы) және Шығыс Еуропада өмір сүрген түркі тілдес тайпалар мемлекеті делінеді. V ғасырда қағандық екі бірлестікке бөлінді. Батыс қағандықтың билеушісі Шэлунның ордасы Монғолиядағы Халха өзенінің бойына орналасты. Әскери-әкімшілік реформалар, сәтті жорықтар арқылы ол мемлекет жерін едәуір ұлғайтты. Авар қағандығы Орталық Азия мемлекеттері қатарынан берік орын алып, аймақта көшпелі мемлекеттер жүйесінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды [6, с. 76].

Аварлардың батысқа қарай көшуінің себептері Түрік қағанатындағы саяси-экономикалық процестерге байланысты болды. Орыс ғалымы Г. Вернадскийдің пікірінше, аварлардың тарихи отаны Қытаймен шекаралас аймақтар (Монғолия). Ғұн империясы ыдырап, белсенді ғұндар II ғасырда Еділ-Жайық аралығына қоныс аударып, одан IV–V ғғ. Рим шекарасында Ғұн Ордасын құрып, Римді шабуылдаған кезде Маньчжурия мен

Шығыс Түркістанда жужандар мемлекет құрған еді. Олардың құрамында болған ғұн ұрпақтарының бір тобы – түріктер 551–552 жылдары Түрік қағанатын құрып, жужандарға соққы берді.

Түрік ханы Бумын 558 жылы қаған лауазымын иеленіп, Жужан ордасы ыдырап кетті. Оның бір бөлігі түріктерге бағынса, келесі тобы Корея мен Солтүстік Қытайға, бір бөлігі батысқа ығысты. Батысқа ауған авар тайпалары қазіргі Қазақстан, Еділ бойы, Солтүстік Кавказды мекендеген ғұн тайпаларымен қосылып, Кавказ арқылы Византия шекарасына қарай жылжыды. 558 жылы олардың Кандих бастаған алғашқы елшілігі Византияға келіп, әскери одақтас болуды ұсынды және қоныстануға жер сұрады. Менандер Протектор Византиялықтарға келген аварлардың елшілігін сипаттады, олардың мақсаты империяға қоныстануға жер сұрады [1, с. 53].

Ал тағы бір бөлігі өз көлемін батысқа қарай бұрып, авар деген атпен белгілі болды. 558 жылы Аварлар VI ғасырдың 50-жж. Каспийдің батыс жағалауындағы далаларға (қазіргі Атырау, Орал, Батыс Қазақстан жерлері) жетіп, одан Жайық-Еділ арасына қоныс аударды. Кейін Еділден өтіп Қара теңіз жағалауларына жетті.

Аварлардың шыққан тегі - жужандар екендігі ғылымда ұзақ уақыт талас тудырғанмен, кейін мойындалды. Сондықтан аварлар тарихының Жужандық (жуан-жуан) және аварлық (европалық) кезеңдерін бөліп көрсету қажет.

Жужандардың (авар) батысқа қашуына түркіттер кедергі жасай алмады. Өйткені бұл кезде Орта Азияда ақ ғұндар – эфталиттермен соғысып жатқан Естеми (Бұмынның інісі) аварларды қайтара алмады. Бірақ Естемидің «Аварлар әуеге ұшып кететін құс емес, теңіздің тұңғығына сүңгітін балық емес, түріктің шоқпарынан құтыла алмайды» деген сөзін византиялық авар Менандр Протектор келтіреді. Менандрдың бұл еңбегі 558–582 жж. оқиғаларды қамтиды.

Аварлар жаңа қоныс іздеп, 557 жылы Днепр өзені маңындағы славяндар – анттармен соғысты. Одан кейін оларды қосып алып, Византияға бет бұрды. Сондықтан Византия шекараларына аварлар 558 жылы жетті деуге болады. 558–560 жж. аварлар Қара теңіз маңындағы Византияның жаулары – савир және ант тайпалық одағын талқандап, Дунайдың төменгі құйылысындағы славянның хорват тайпаларына және Карпат тауы етегіндегі *дулеб славяндар* одағын шабуылдады.

Бұл кезде Солтүстік Кавказдағы аландар Византиямен достық қатынаста болғандықтан аварлардың келе жатқанын Закавказьедағы византиялық қолбасшы Юстинға хабарлап, ол Константинопольді хабардар етеді. Бұл кезде Византияны бұлғар тайпалары шабуылдап жатқан болаты. Бұлғарлар аварлардың жақындағанын естіп, кері қайтуға мәжбүр болды. Бұдан авар әскерінің бұлғарлардан күшті болғаны байқалады. Бұлғарлардың құтырғыр тайпасының ханы – Заберған 558 жылы аварларды шабуылдағанмен, кейін авар ханы Баянның билігін мойындап оның вассалы болды. Осыдан кейін Баян хан қаған (император) лауазымын мелеңді. Аварлардың одан арғы шабуылы Днестр өзеніне бағытталды. 561 жылы Днестрден өтіп, Бессарабиядағы анттарға тиісті.

Византиялық автор – Менандрдың мәліметінше, анттар қарсылық көрсеткенмен 562 жылы аварлар Добруджаға (Дунайдың Қара теңізге құяр жері) кіріп, соған қоныстануды ойлады. Бірақ бұл Византияға ұнамады. 558 жылғы келісім бойынша, аварлар Византияның шекарасын бұлғарлардан қорғауы тиіс болатын. Ал бұлғарлардың аварлардың қол астына өтуі Аварларды күшейтіп, Византияға қауіп тудырды.

Сондықтан Византия Дунайдың оңтүстік жағалауындағы әскерді күшейтті, екінші жағынан, анттар аварларға қарсы шабуылдарын тоқтатпады. Осыған байланысты аварлар Фракияға тұрақтай алмай, Паннонияға, Дунайдың орта жағалауына бет алды. Онда 568 жылы лангобардтарды ығыстырып, германдардың генид тайпаларын бағындырып, Паннонияда хандық мемлекет құрды. Авар ханы Баян Дунай өзенінің төменгі сағасындағы жерлерді бағындыру арқылы сауда жолдарын бақылауға алды.

Бұлғарлардың құтырғыр тайпалары және ант-славяндар 50 жылдан аса авар қағанының билігіне бағынды. Осы пайдаланған хан Баян Византияға қауіп төндірді. Вернадский Баян ханның өз саясатында Аттиляның стратегиялық жоспарын қайталағанын атап көрсетеді[2].

558 жылы Авар қағандығының шекарасы Еділ өзенінен Дунай өзеніне дейінгі аралық қамтыса, 578 жылдан бастап Баян хан Византияның Солтүстік империя (Адриат теңізі жағалауы) аймағына қауіп төндірді. 581 жылы аварлар Сава өзенінің төменгі құйылысындағы Сирлий бекінісін алып, Византияның қорғаныс шебін бұзды. Аварлардың шабуылын тоқтату үшін Византия императоры –Тиберий аварлармен келісімге келіп, жылына 80 мың алтын ақша салық төлеуге уәде берді. 1 жылға жетпей, Тиберий өліп, орнына келген Маврикий (582–602) салықтың көлемін 100 мың ақшаға өсірді. Бірақ Баян қаған бұған келіспей, одан да көп ақша талап етті. Маврикийдің аварлардың талаптарын орындамауы соғысқа әкеп соқты.

583 жылы аварлар Иллирияға (қазіргі Сербия, Хорватия) басып кіріп, Балқан тауларынан асып, Бургас маңында Қара теңіз жағалауына жетті. Баянның шабуылы Византия мен аварлар арасындағы ұзаққа созылған соғыстардың бастамасы болды. Маврикий император тұсында аварлардың қолдауына сүйенген славяндар да Византияға шабуыл жасады. Соғыстың алғашқы 10 жылында византиялық әскерлер қорғану соғысын жүргізіп, 590 жылы Маврикий теңсіз, әділетсіз келісімге қол қойды. Өйткені Византия бұл кезде өзінің басты қарсыласы Сасанидтік Персиямен (Иран) соғысып жатты. Персиямен соғыс аяқталғаннан кейін 591 жылы Маврикий славяндар шабуылын тойтарып, оларды Дунайдың арғы жағалауына ығыстырды.

597 жылы аварлардың бір тобы Синдунг бекінісін (қазіргі Белград) алып, қалғандары Фракия мен Македонияға басып кірді. 598 жылы Далмация, Дунайдың оңтүстік жағалауы, төменгі Мезия, Скифия (Добруджа), яғни Балқан түбегінің біразы алынды. 599 жылы славян және византиялықтар аварларға қарсы тұрды, алайда жеңіліс тапты. Аварлар Константинопольды шабуылдады, алайда қабырғадан өте алмай, 600 жылы бейбіт келісімге келді. Оның шарттары бойынша Дунайдың төменгі сағасы аварлар мен Византияның шекарасы боп мойындалды. Византия аварларға 20 мың алтын монета салық төлеуге келісті. Өйткені бұл келісім Византия күш жинау, әскерін қалпына келтіру үшін қажет болды. Кейін Византия славяндармен бірігіп, аварларға қарсы шабуылға шықты. Дунайдың арғы жағына шығып, Тиса өзеніне дейін шегіндірді.

VI ғ. басында Византияда әскердің күшімен император Маврикий тақтан тайдырылып, орнына әскербасы Фока отырды. Император Фока Персиямен (Иран) соғысу үшін аварлармен бейбіт қатынасты сақтап, оларға төленетін салықты көбейтті. Персияны (Иран) жеңе алмаған Фока тақтан тайдырылып, орнына тағы бір әскербасы Ираклий отырды. Бұл кезде Персия (Иран) Византияның Сирия, Палестина, Египет жерлерін жаулап алғанмен, император Ираклий бұл жерлерді кері қайтарды.

VI ғасыр Византияда құлиеленушілік римдік басқару дағдарысқа ұшырап, Балқан түбегіне славяндардың жаппай қоныстануы (экспансия) үрдісі жедел қарқынмен 2 бағытта жүрді: Солоники мен Эгей теңізі бағытында және Истрия, Далмация - Адриат теңізі бағытында. VII ғ. ортасында славяндар Балқан түбегінің Фракия,Иллирия тұрғындарының басым көпшілігін құрады және Грекияның кейбір аймақтарына жетті. Ал славяндар Авар қағанатының ықпалында болғандықтан, авар ханы Баян оларды тоқтатпады, славян экспансиясын қолдады, өйткені Византиямен болатын болашақ соғыста ол славяндарға сүйенді [3, с. 220].

602 жылы авар ханы Баян Италиядағы герман тайпаларының бірі -лангобард королі Агилульфпен келісіп, итальяндық кеме жасаушыларды алдыртты. Сөйтіп Дубровник қаласында (Рагуза) кеме жасау орталығы қалыптасты. 617 жылы Баян II қаған қайтыс болғаннан кейін, Авар қағанаты мен Византия арасындағы келісім қайта жасалуы тиіс болды. Мұны авар қағаны Византияға шабуыл жасау үшін пайдаланды. Ол Мрамор теңізі жағалауындағы Гераклея (қазіргі Эрегли) қаласында келіссөздер жүргізуге ұсыныс беріп,

сонда император Ираклийді тұтқынға түсіргісі келді. Бірақ Ираклий мұны соңғы мезетте сезініп, қашып құтылды. Авар қағаны Константинопольді шабуылдағанмен, қаланы ала алмады [6, с. 172].

Византия Иранмен соғысып жатқандықтан аварлармен соғысты тоқтатты бірақ Византияның дәстүрлі дипломатиясына сәйкес көшпелі ордаларды бір-біріне айдап салды. Кезінде Юстиниан I құтырғылар мен ұтырғыларды бір-біріне қарсы қойса, енді Ираклий аварларға қарсы құтырғыларды пайдаланды. Құтырғылар аварлардың қол астында болатын. 631 жылы құтырғылардың көтерілісін уақытша тоқтатқан аварлар 632 жылы Кубрат құрған Ұлы Бұлғариямен санасуға мәжбүр болып, солтүстік Қара теңіз жағалауларынан және Дунайдың Қара теңізге құйылысынан бас тартуға мәжбүр болды. Авар – византиялық қатынастар қайшылықты, тұрақсыз сипатта болып, әскери күш пен бір-бірінің потенциалын пайдалану әрекеттерінен тұрды. Дегенмен, Византия көшпелілердің әскери потенциалын мойындауға мәжбүр болды. Авар қағанаты жаңа жердегі өз орнын табу үшін әртүрлі халықтармен байланысқа түсті. Аварлардың отырықшы халықтармен байланысы оның Европада орнығып, жартылай отырықшылыққа көшуіне ықпал етті.

Аварлардың VII ғ. соңы мен VIII ғасырдағы және жойылған уақыты IX ғасырдың басына дейінгі тарихы Паннонияда германдық варвар корольдіктері мен Франк мемлекетімен қатынастары шеңберінде өтті.

Халықтардың Ұлы қоныс аудары кезінде тарихи сахнаға шыққан көшпелі түркі халықтарының бірі аварлар өзінің мемлекеттігін қалыптастыру үшін соқпақ жолдардан өтіп, Европаға бас тіреді. Осы Ұзақ сапарда олар әртүрлі халықтар мен мемлекеттермен араласып, әлемдік тарихи процеске араласты. Византиямен, ортағасырлық европалық мемлекеттердің қалыптасуына өз ықпалын тигізді. VII ғасыр ортасында сонау Рим заманында, IV–V ғғ. Аттила ғұндарының орталығы болған Паннонияда Авар қағанатын, құрып, тарихи миссиясын орындады. Германдардың варварлық корольдіктерінің үрейін ұшырған, Авар қағанаты 200 жылдан аса Европадағы көшпелі империя статусын сақтап, Европа мемлекеттерінің бірігуіне ықпал етті. Тарихи сахнадан кеткенімен этногенетикалық, экономикалық, саяси ықпалдасу миссияларын орындап, тарихи үдерісте өз орын қалдырды.

Әдебиеттер тізімі

1. Успенский Ф.И. История Византийской империи. В 5 томах. – М.: ООО «Издательство Астрель», 2001. – 624 с.
2. Вернадский Г.В. История России. – Т.1. Древняя Русь. – М.-Тверь, 2000.// <https://ru.wikipedia.org/wiki>
3. Васильев А.А. Византийская империя. – М.: Алгоритм, 2012. – 432 с.
4. Острогорский Г.А. «История Византийского государств» / Пер. с нем.: М.В. Грацианский; ред.: П.В. Кузенков. – М.: Сибирская Благозвонница, 2011. – 895 с.
5. Жұмағұлов Қ.Т. Аварский, каганат в истории Евразии <https://ru.wikipedia.org/wiki>. 01.10. 2007
6. Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. – Ленинград, 1951. – 262 с.
7. Кычанов Е.И. Кочевые государства от гуннов до маньчжуров. – М. Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1997. – 319 с.

Аңдатпа

Мақалада әлемдік тарихта орны бар, бүгінде жоғалып кеткен халықтардың бірі – Авар қағанатының Византиямен саяси қатынастары талданады. Олардың тарихи отаны- Орталық Азиядан ауа көшіп, этникалық атауын авар етіп ауыстыруы, жаңа жер іздеп, Европалық тарихқа араласуы Византия қатынастары негізінде сарапталады.

Резюме

В настоящей статье рассматривается история исчезнувшего, но оставившего глубокий след в мировой истории, Аварского каганата, его пути вынужденной миграции и обретения новой родины в Европе через освещения аваро – византийских отношений во времена великого переселения народов.

Summary

This article discusses the history of the Avar Kaganate, which disappeared but left a deep mark in world history, its path of forced migration and the acquisition of a new homeland in Europe through the coverage of Avaro-Byzantine relations during the time of the great migration of peoples.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ КЕРУЕН САРАЙЫ: ОНЫҒ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

А.Ж. Жұмабаев

«Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени
музей қорығы» РМҚК
аға ғылыми қызметкері, магистр

Б.М. Абдешев

«Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени
музей қорығы» РМҚК
аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

XIII ғасырда Еуропа мен Азия арасындағы керуен саудасы кең құлашын жайды. Қытайға теңіз жолы ашылғанға дейін керуен жолдарының мәдени маңызы зор болды, ол екі континентті байланыстыратын көпір болды.

XIII–XIV ғасырлардағы Қазақстан жеріндегі Жібек жолы картасына көз жіберсек, Қытайдан Көктал-Сүмбе арқылы Қашғария еліне асатын бір тармақ болғанын байқаймыз. Келесі тармақ Алакөлдің түстігін айналып өтіп, Көктума-Дүнгене-Жаркент-Талғар-Баласағұн-Суяб қалалары арқылы оңтүстікке ойысатын. Үшінші тармақ – бұл Қазақстан жерін шығыс-оңтүстіктен сонау батысына дейін аралап өтетін Жібек жолы бөлігі – Каспийдің солтүстігін айналып өтіп, Алтын Орда астанасы Бату сарайы, Сарайшық арқылы Сыр бойы қалаларын аралап, Жетісу жолымен Таразда жалғасады [1].

Керуен өтетін жолдарда қалалар мен сауда орталықтары пайда болды. Керуен жолдары өткен жерлерде ауқымды некропольдар, демалатын және тоқтайтын орындары болып қана қоймай, өркениеттің тасушылары болған көпірлердің қалдықтары, керуен-сарайлардың іздері сақталған. Осы керуен жолдарында ең басты сауда тораптарының бірі – Сарайшық. Екі континенттің шекараларында орналасқан Сарайшық арқылы Еуропа мен Азиядан тауарлары тиелген көптеген керуендер, көпестер және саяхатшылар өткен.

Сарайшық, Ескі Сарай және Жаңа Сарай – бір-біріне жақын орналасқан үш алтын ордан қалалары. Сарайшықтың атауы оның сарайлары, мешіттері бар бай феодалдық қаланың мәртебесін білдіреді. Ескі Сарай Волганың шығыс жағасында, бүгінгі Астрахань қаласына жақын орналасқан. Жаңа Сарайдың қалдықтары Волгоград қаласының жанында орналасқан. Осы қалалардың егжей-тегжейлі суреттемесін XIV ғасырдың 30-шы жылдары Ибн-Батута қалдырып кеткен. «Из Сарая мы ехали 10 дней и прибыли в город Сарайджук (Сарайчик). Он лежит на берегу большой и быстрой реки, которая называется «Улусу». На

ней мост из судов, как мост Багдадский. У этого города кончалась наша езда на лошадях, везущих арбы»- деп жазады Ибн-Батута [2, 404-б.].

Сарайшықта қол өнері дамыды, қыштан құмыра түрлерін, су жүретін құбыр жасау шебер игерілді, олар қала тұрғындарының игілігіне пайдаланылды. Одан өзге зергерлік, әшекей, әсемдік бұйымдарды қымбат металдан, асыл тастардан, сүйектен жасайтын шеберханалар, сондай-ақ тиын ақшалар соғу игерілді. Сарайшық шеберлері қолынан шыққан өнімдердің қай-қайсысы болса да, шетелдік базарларда ұялмай ұсынарлық деңгейде болған. Жібек Жолы керуенімен бұнда Сирияның көздің жауын алатын түрлі-түсті эмальдармен әсемделіп, жиектеріне алтын жалатылған шыны ыдыстары, Қытайдың құлпырған жібегі, айнасы мен лакталған ыдыстары, Иранның әсемдік бұйымдары, Парсының теңдессіз кілемдері, Ферғананың асыл тұқымды аттары, Араб арғымақтары келетін. Византия мен Римнен, Үндістан мен Иранның, Араб елі мен Еуропадан сирек кездесетін жоғары сапалы қымбат бұйымдар: жасмин суы, мұсқат жаңғағы, женьшен, айдаһардың өті, алмас, янтарь, маржан, піл сүйегі, құйма күміс пен сом алтын, бағалы аң терілері мен соғыс құралдары әкелінетін. Сарайшық шеберлері өзге елден әкелінген тауарларды зерттеу арқылы сапалы өнім жасаудың әлемдік озық әдіс-тәсілдерін меңгеру жолында ізденеді, нәтижесінде Жібек Жолы саудасы талғамына сәйкес деңгейде тауар өндіруге қол жеткізеді. Оған қала асты қазбасынан табылған 5-6 ғасыр бойы топырақ астында жатса да, сыры да, сыны да кетпеген түрлі бедерлі, әшекейлі керамикалық ыдыс сынықтары, әдемі өрнектермен жасалған қыш құмыралар түрлері, шебер безендірілген тиын ақшалар, т.б. әшекей бұйымдарының сынықтары дәлел. Тарихшы ғалым А.Ю. Якубовскийдің деректеріне сүйенсек, Орта Азия XIII және XIV ғасырлардағыдай Шығыс Европамен бүкіл феодализм дәуірінде қарқынды да, жүйелі сауда жасап көрген жоқ. Бату Сарайы мен Берке Сарайы қалалары ірі қолөнер өндірісі мен сауда орталығы бола отырып, XIV ғасырда Қытай, Орта Азия, Кавказ және Персиямен сауда жасауда орасан зор шешуші рөл атқарған [3].

Сарайшық ірі сауда орталығы болғаны туралы Ә.Х. Марғұлан былай дейді: «Феодализм туып, көркею заманында және осыған байланысты халықаралық сауда мен айырбастық жандануына сәйкес, сауда жолдарының бойынан елді мекендер пайда болып отырған. Бұлар тіпті географиялық қолайлы орналасу жағдайларына байланысты экономикалық жағынан іріленіп, көрікті қалаларға да айналып, тарихи дамуымызда елеулі із қалдырған. Сондай жолмен Қазақстан территориясында пайда болған «Ортағасырлық қалалардың бірі – Сарайшық».

Ә.Х. Марғұлан 1951 жылы Бүкіл Одақтық археологтардың кеңесінде жасаған «Сарайшық қазбалары» атты баяндамасында: «Сарайшық қаласы XIII ғасырдың II-жартысынан бастап XV ғасырдың басына дейін Алтын Орданың ең басты қалаларының бірі болды және Шығыс Европа мен Орта Азияны, Қытайды өзара байланыстыратын керуен жолының өте маңызды түйініне айналды» - деп баяндады [4].

Сарайшық қаласынан Хиуа бағытына шығатын, Каспий мен Арал теңіздері арасынан өтетін үш жол болғанын жазады. А.И. Левшин: «По древней, так называемой Ногайской дороге, ведущей из Сарайчиковской крепости к остаткам древнего Ургенджа, есть много развалин, а именно:

а) Узунтам. На левой стороне реки Сагыз, чрез которую в сем же месте был построен каменный мост или плотина. Оставшиеся от нее плиты тесаного камня еще видны. Говорят, что она была сделана по повелению одного из сыновей Чингисхана.

б) Бокашаулия на Эмбе

в) При колодце Учукан

г) На Чинке (крае Устюрта), по словам киргизов были три крепости

д) Куптам, где находятся два колодца, обложенные кирпичом, и около их до 30 разрушившихся каменных зданий.

е) Беляулиатай, посреди Устюрта. На сем месте, по словам киргизов, один из святых построил мечеть и медресе. Строения сии еще не совсем развалились донныне. Они были

сделаны из каменных плит с кирпичными сводами. При них находится колодезь, глубиною сажень в 30. Стена, окружающая сии строения, составляла род замка и имела четверо ворот, покрытых сводами. Урочище сие составляет довольно приметное возвышение [5, с. 109].

Екінші жол Жем өзеніне Үстірт арқылы Желді тауының жанымен жүріп, Көптам арқылы Қосбұлақ құдығына жетеді, одан Есекқырған даласымен керуен Үстірттен түсіп ежелгі Үргенішке келеді.

Сарайшықтан Хиуаға баратын үшінші жол – Қайнар тауының жанынан жоғарыдағы баяндалған жолдардан бөлініп, шығысқа бұрылып, Сарықасқа құдығы мен Біркүндік алқабы арқылы Аққудан бұлағына жетеді. Үстіртке Арсай мен Қарсай жыралары арқылы көтеріліп, Аралға жетеді. Аралды жағалап, Дуаналы – құлама мен Құлмағыр шығанақтары арқылы Әмудария жағасындағы Қоңырат қаласына келеді».

Сарайшық пен Үргеніш аралығындағы сауда жолы мен осы екі ірі сауда орталығының арасындағы керуен-сарайлар мен бекеттер туралы Ә.Х. Марғұлан былай деп жазады: «XIII–XV ғасырларда Сарайшық пен Үргеніш арасындағы керуен жолының бойында көптөзеген керуен-сарайлар өмір сүрген. Бұл керуен-сарайлар Сағыз, Қайнар және Жем өзендерінің бойында. Бұл керуен-сарайлардың бірі – Астана қалашығы. Осы Астана қалашығы туралы 1750 жылы П.И. Рычков қалашықтың орнынан үйлердің үйінділері мен су арықтарының ізін байқап, бұл жөнінде «Топография Оренбургской губернии» деген еңбегінде жазған. Сонымен қатар П.И. Рычков аты аталған еңбегінде Ойыл өзенінің жағалауында орналасқан Мәулемберді керуен сарайы туралы: «XVII ғасырдың ортасына дейін 40–70 шақты үй орындары және суару арықтарының іздері көзге айқын көрінетін» - деп жазады [2, 405-б.].

А. Тұрарұлы «Керуендер ізімен» мақаласында 2009 жылы қараша-желтоқсан айларында бұрынғы «Атырау облыстық тарих және археология орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны қызметкерлері құрамында, Ұлы Жібек жолының Атырау облысының аумағынан өткен жерлеріне ұйымдастырылған экспедицияға қатысқанын, міндеттері Сарайшықтан Үргенішке бағыт алатын жолды зерттеу болғанын келтіреді.

Экспедиция өз жұмысын оңтүстіктен, Жылыой ауданындағы Ұшқан қонысынан бастап, көне керуен жолымен Мақат, Махамбет аудандары аумағымен өтіп Сарайшық қазбасына дейінгі жерді жүріп өтті. Осының нәтижесінде керуен жолы бойындағы қоныстар, құдықтар, қорымдар, т.б. ескерткіштер зерттелді. Сонда анықталғаны, керуен жолдары негізгі тұщы су көздеріне, өзен өткелдеріне қарай бағытталып отырған. Осындай жерлерге керуен-сарайлар мен қоныстар салынып, үздіксіз ағылып, жол азабын тартып келе жатқан керуендерге қызмет көрсеткен. А.И. Левшин жазғандай, бүгінгі күні облыс аумағында екі керуен-сарайдың құландысы белгілі. Оның бірі Ұшқан қорымы орнындағы қоныста болған. Қоныстың солтүстік-батысында жер астынан шыққан бұлақ суы ағып жатыр. Бұл қоныстың үстінде ірі қорым орналасуына байланысты ескерткіштің негізі бұзылған. Мұны кейбір бертінгі бейіттердің ортағасырлық ескерткіштерге тән қыш ыдыс сынықтары, ірі және ұсақ мал сүйектері кездеседі. 1367 жылы ағайынды Пициганилердің картасында, осы аудан шамасында ірі қала Трестаго белгіленген. Одан басқа, XIV ғасырдағы итальяндық карталарда Каспий теңізінің солтүстік, солтүстік-шығысында Лайте (Ақтөбе-Лаэти), Конниликари қалалары көрсетілген [6].

Сарайшық шаһарынан шығысқа бағытталған «Ұлы Жібек жолы» туралы көптеген авторлар орта ғасырдан бермен қарай сан алуан деректерге бай зерттеулер жүргізіп келеді. Олардың ішінде В. Григорьевтің мәліметтері ерекшеліуі мысалы, «Сарайшық бекінісінен (форпост) Жайықтан (Урал) өтіп, жол 80 шақырымға жуық созылып, Сағыз (верст) өзенісіне жетеді. Өзенде табиғи ақтастан Шыңғыс хан ұрпақтарының бірі салдырған өткелден өткен. Өткел тереңдігі – 3–4 вершков. Левшиннің мәліметі бойынша бұл жер «Ұзын там» деп аталады. Ал, Л. Мейердің пайымдауынша «Тас кешу» деп аталады. «На

этом пути особенно замечательна крепость Таскешу на р. Сагызе, построенная, очевидно, с целью обеспечения переправы караванов через речку.

По времени существования и материалам построек ближе к упомянутой крепости подходит часть развалин на Сыр-Дарье. Здесь мы встречаем одинаково хорошо сохранившийся квадратный кирпич».

Вероятно, Л. Мейер имел в виду обожженные квадратные кирпичи из развалин башен цитадели и древних мавзолеев некрополя г. Джанкента, отмеченные и другими исследователями прошлого века.

В 1950 г. Уральско-Устюртский отряд Хорезмской археолого-этнографической экспедиции около Таскешу обнаружил и обследовал остатки караван-сарая, построенного из крупного квадратного кирпича (28 x 28 x 6 см) [7].

«Тас кешу» Атырау қаласының түстік-шығысында шамамен Доссор-Мақат-Кенбай кенттерімен жүргенде 230–240 шақырымдай қашықтықта Сағыз өзенінің бойына орналасқан тарихи ауқымды ескерткіш. Себебі, тарихи мұра «Тас кешу» өткелі, «Керуен Сарайы», «Шыңырау құдықтар» және «Жетібай» атты ескі қорымдардан құралады. Жалпы тарихи кешеннің көлемі – 10800 м². Мысалы, «Керуен Сарай» Сағыз өзенінің терістігінде 250–300 метрдей жерде орналасқан жалпы 50x50 метрлік көлемді құрылыс. Құрылыстың батыс-түстігінде ерекше, яғни, жартылай шеңберлі формада күйдірілген кірпіштер өрілген биік қарауыл-мұнара, шығыс түстігінде ені 4 метр қақпасы, түстігінде бірнеше шағын бөліктерден тұратын монша және жиырмаға жуық жатын, асхана, намазхана, қойма тағы басқа бөлемелер болған сияқты.

«Керуен Сарайдың» қақпасының болуы – ауқымды құрылыстың қорғанмен қоршалғандығы 50x50 метр алаң қоршалып, төрт бұрышында жоғарыда атап көрсетілгендей биік қарауыл мұнаралар болған. Сондықтан да тарихи ескерткішті зерттеушілер әртүрлі, яғни «бекініс», «бекет» тағы басқа сипаттаған және көлік қоралары мен жем-шөп, құрал-жабдықтар, дәретхана басқа да шаруашылық тұрмыстық қажеттіліктерді өтейтін құрылыстар болғандығына ой жетелейді.

Өлкеміздің өткен дәуірлерінде сан ғасырлар бойы Шығыс пен Батыс өркениеттерінің бірін-бірі байытып, жалпы адамзат дамуына өлшеусіз үлес қосқан «Дала жолы», «Ұлы Жібек жолы» немесе «Ноғай жолы» деген атаулармен Еуразия тарихын қалыптастырған қасиетті күре тамырдың рухани санамызға берері мол, нәрлі түйіндердің бар екендігі даусыз.

Қазақ археологиясының негізін ғылыми түрде қалаушы Ә.Х. Марғұлан: «Сарайшық пен Үргеніш арасындағы керуен жолдарында көптеген «Керуен Сарайлар» қалыптасқан. Бұл «Керуен Сарайлар» Сағыз, Қайнар және Жем өзендерінің бойларында өмір сүрген» десе, орыстың белгілі өлкетанушысы П.И. Рычков «Керуен Сарайлар» мен бекеттерде шағын көлемдерде де болса тұрақты, яғни, отырықшы өмір салттары қалыптаса бастаған», - дейді [2, 406-б.].

Тарихшы ғалым А.Ю. Якубовский: «XIII және XIV ғасырлардағыдай Орта Азия ешуақытта да Шығыс Европамен бүкіл феодализм дәуірлерінде қарқынды да, жүйелі сауда жасап көрген жоқ. Сарай Бату мен Сарай Берке қалалары ірі қол өнер өндірісі мен сауда орталығы бола отыра XIV ғасырда Қытай, Орта Азия, Кавказ және Персиямен сауда жасауда орасан зор шешуші рөл атқарады- деп, тұжырым жасайды.

Әрине, бұл тұжырымдардан біз Сарайшық қаласының Европа мен Азияны жалғастырудағы мәні жоғарыда аты аталған қалалардан ешқандай кем емес маңызды рөліне күмән келтіре алмаймыз. Себебі, Сарай Бату мен Сарай Берке қалаларынан Орта Азия қатынайтын керуен жолы – тек қана Сарайшық арқылы өткен. Олай болса, Сарайшықтың XIII–XV ғасырлардағы халықаралық және құрылық аралық саудадағы орны барынша нығайған кезеңі. Сондықтан да бұл мәселені айрықша зерттеп, арнайы әңгіме жасауға тұрарлық жай, өйткені «Ұлы Жібек жолын» зерттеген көптеген тарихшы-зиялылар В.К. Бартольд, А.Н. Зеленский, С.П. Толстов тағы басқалар оның тарихы біздің жыл санауымыздан бұрын басталғанын дәйектеумен қатар, X ғасырлар сауда ұлғайып,

Хазар мен Хорезм саудасы Сарайшық, Ақтөбе, Тас кешу, Ақмешіт, Ұшқан, Қарашүңгіл, Бейнеу, Құсшы, Білеулі және Қоңырат арқылы Үргенішке жететінін жазады.

Сарайшық орта ғасырдағы Европа мен Азияны жалғастырудағы бірден-бір екі құрлықты бөліп жатқан Ақ Жайықтың үстіндегі – алтын көпір іспеттес. Осылай деп, тұжырымдауымызға табиғи жағдайлар мен мол тарихи деректер мәжбүр етеді. Яғни, біріншіден, Сарайшық қаласының Европа мен Азияны бөліп жатқан Жайық өзенінің дәл жағалауында орналасуы болса, екіншіден, белгілі жиһанкез Ибн-Баттутаның басқа жерді емес, нақ Сарайшық қаласындағы жүзбелі көпірді «Бағдаттағыдай» деп, сүйсіне жазуы дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. I-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 544 б.
- 2 Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Құраст. Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, 2011. – Т.9. – 472 б.
- 3 Ғизатов Ж. Сарайшық – астана қала. – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004. – 192 б.
- 4 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата, 1950.
- 5 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общ. ред. акад. М.К. Козыбаева). – Алматы, «Санат», 2009. – 656 с.
- 6 Тұрарұлы А. Керуендер ізімен // «Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы. – Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2017. – 202 б.
- 7 Мендикулов М. Развалины Ногайской дороги // Памятники народного зодчества Западного Казахстана. – Алма-Ата, «Өнер», 1987.

Түйін

Мақалада Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ортағасырлық Сарайшық керуен сарайының қызметі және оның тарихи маңызы баяндалады.

Резюме

В статье рассказывается об историческом значении средневекового караван-сарая Сарайчика, расположенного вдоль Великого шелкового пути.

Summary

The article tells about the historical significance of the medieval caravanserai of Saraishyk located along the Great Silk Road.

ПОЛИТИЧЕСКИЙ КРИЗИС В УЛУСЕ ДЖУЧИ 1362–1380 ГГ.

Т.С. Жұмағанбетов, д.и.н.,
профессор АРГУ им. К.Жубанова

Данное событие самый малоизученный период в истории улуса Джучи. Оно известно, как «золотоордынская смута», «великая замятня» и т.д. Чаще всего пишут, что «за 20 лет на престоле Золотой Орды было 25 ханов». По мнению автора данной статьи это поворотный период в истории как государства, так и цивилизации созданного джучидами.

В конце успешного похода на Азербайджан и Персию хан Джанибек сильно заболел, а его сын – султан Бердибек, покинул экспедиционную армию, возвратился в г. Сарай аль-Джедид, стремясь захватить трон, убил отца, младших братьев, ближайших сородичей и сел на престол при поддержке немногочисленных придворных.

Официальный, объявленный ханом Джанибеком, наследник престола калга–султан Кульпа бежал и сохранил жизнь.

Хан Бердибек (1357–1359 гг.) не сумел долго удержать власть в своих руках. Он не был официальным наследником хана, поэтому захватив престол, развернул репрессии в отношении тех, кто мог быть его потенциальным врагом. Небольшая часть знати рода кият во главе с сыном бывшего беклярибека Исатая – Тенгиз-Бугой, по сведениям Утемиш-хаджи, при правлении хана Бердибека откочевала в низовья Сырдарьи [1, с. 85]. Вероятно, были и другие откочевки. Такие миграции были признаком ослабления центральной власти.

Чинимые ханом Бердибеком репрессии вынудили отдельных членов правительства к заговору. Правительство Золотой Орды, возглавляемое беклярибеком Могулбукой из рода «конграт» решило остановить творимые бесчинства и вернуть законного на тот момент правителя.

В результате последовавших трагических событий в 1359 г. хан Бердибек был убит заговорщиками [2, с. 276]. Власть была передана калга-султану Кульпа. По сведениям, которыми располагает А.П. А.В. Григорьевы Кульпа единокровный брат хана Джанибека и приходился дядей Бердибеку (при кузенной системе исчисления родства). О нем известно то, что когда хан Джанибек отправляясь вместе со своим сыном Бердибеком в поход на Персию он именно его оставил замещающим хана [3]. После того как через год (в 1357 г.) Джанибек вернулся в Сарай аль-Джедид больным, султан Кульпа фактически стал полновластным правителем. Однако, он не составлял заговоры и не приближал, искусственно, время прихода к власти.

Хан Кульпа правил пять месяцев и в начале весны 1360 года был свергнут Наврузом. А.П. В.П. Григорьевы считают его братом Кульпы, а Ю.Р. Почекаев имеет сведения, что это некий Базарджи, потомок Тангута одного из младших сыновей Джучи, который сев на трон стал известен, как Мухамад Наврузбек хан [4, с. 205].

Данный момент вызвал в правительстве, в которой и так не было единства, новый виток борьбы между родами кият и конграт, однако это не вызвало распада государства. Политический кризис ещё не начался, борьба в этот период велась между батуидами. Эти факты опровергают версию В.П. Юдина о том, что батуиды были уничтожены ханом Бердибеком. Опровергает гипотезу об истреблении батуидов и Р.Ю. Почекаев [5, с. 204–205]. До хана Хызра на престоле сменялись только батуиды из ближайшего круга.

После смерти хана Бердибека самой влиятельной политической фигурой в высших государственных кругах улуса Джучи оставалась его мать и регентша хатун Тайдулла. Она воспользовалась недовольством части двора и членов правительства в отношении некоторых действий хана Навруза и приняла деятельное участие, по версии Утемиш-хаджи, в возведении весной-летом 1360 г. на престол шейбанида Хызр-хана [6, с. 84–85]. Данный момент находит свое подтверждение в русских летописях: «Тое же весны приде на царство Волжское некий царь с востока Заядьскы, иненемь Хидырь, прида взял Ордоу и царя Навроуса оубил и царицю Таидулу, а князи ординскихъ Муалюоузиноу чадъ множество оубиль, а сам седее на царство. И бысть в Орде замятня велика» [7]. Хан Хызр из генеалогической линии Шейбана удержался на престоле только один год и пользовался поддержкой беклярибека Могулбуки. По версии Утемиш хаджи хатун Тайдулла хотела (видимо по закону левирата) выйти замуж за хана Хызра. Однако это не понравилось новому окружению правителя, которые убедили хана казнить хатун Тайдулу. У Г.А. Фёдора-Давыдова есть не аргументированная версия, что перед Хызр ханом на престоле

в очень коротком промежутке был некий Орда-шейх [8, с. 151], но данная версия пока не подтверждается историческими источниками.

По мнению исследователя «замятины» В. Румянцева «...при хане Кидыре Золотая Орда ещё хотя бы чисто формально представляла собой единое государство. Доказательством этого служит тот факт, что при Кидыре монеты с его именем чеканились во всех крупных золотоордынских городах в 761–762 г.х. (1360–1361 гг.), в т.ч. и в Сарае, где до этого были найдены монеты лишь с именем Бердибека» [9].

Хан Хызр был убит сыном Тимур-ходжой [10, с. 167], который в свою очередь (через 5 месяцев) видимо в начале 1362 г., после поражения Тимур-ходжи от эмира Мамай, был устранён с престола младшим братом Орду-Маликом, который так же был на троне не более полугода.

Эмир Мамай уже при хане Бердыбеке был одним из ключевых министров-карачеев, внук беклярибека Исатая, возглавлял «киятовскую» партию в правительстве, гурган. К моменту переворота был беклярибеком. С приходом хана Хызра беклярибекство в правительстве возвращается Могулбуке из рода «конграт». Эмир Мамай, видный политический лидер рода «кият» естественным образом включился в борьбу за возвращение на престол батуидов [11, с. 201–203]. Политический кризис в улусе вывел эмира Мамай на большую политическую сцену.

Параллельно этим событиям в столице, дядя Тимур-ходжи и Орду-Мелика – Мюрид, младший брат Хызра, захватывает город и округ Гюлистан, объявляет себя ханом и правит там, по гипотезе А.Г. Григорьева, основанного только на нумизматических источниках, с 1361 по 1365 гг. Появляется третьи, временный, политический центр в улусе Джучи.

Ситуация, когда при живых батуидах на власть претендует такое количество шейбанидов, по нашему мнению, было связано с желанием хатун Тайдуллы (пока она была жива), кстати не старшей супруги покойного хана Узбека, через конгратовскую часть правительства удержать власть за собой, своими детьми и внуками.

Ослаблением центральной власти воспользовались на периферии государства. Так, в 1361 г. в период свержения хана Хызыра эмир Булат-Тимур, неизвестного происхождения, пользуясь ситуацией, захватывает г. Булгар и весь административный юрт [12, с. 167]. С данным захватом связана не логичная версия о гибели города, но как мы показали выше, город продолжал функционировать и после 1361 года. Правление эмира Булат-Тимура в Булгарском юрте продолжалось до 1367 г. Он погибнет после неудачного похода на Нижний Новгород от рук хана Азиза. Мы не знаем политическое место Булат-Тимура в «замятне...», но именно он положил начало возникновению на месте периферийной провинции Золотой Орды полусуверенного владения на Средней Волге. Данное владение будет восприниматься местным населением, как возвращение суверенитета болгарскому этносу.

На границе двух десятилетий (1359–1361 гг.), воспользовавшись политической смутой, независимость получает Румыно-валахское княжество, а на Севере Хорезма формируется, как мы упоминали выше, независимое от Золотой Орды, саффафидское государство с конгратовским правительством, отпадает от центра киятовское княжество в Низовьях Сырдарьи и т.д.

По версии Ю.Р. Почекаева в 1362 г. (вероятно в начале года) при поддержке Яглыбая сына Тоглубая из влиятельного монгольского рода «бахрин» в результате дворцового переворота свергнув Орду-Малика на трон садится некий хан Келдыбек. Это вызвало удивление как в русских летописях, так и других источниках того времени, например в «Рогожском летописце» [13, с. 167–168].

Причина удивления авторами источников не раскрывается. Утемиш ходжа приводит позднюю, фольклорную, версию этих событий. В частности именно из его книги мы знаем, что будущий хан Бердибек, для того чтобы стать единственным наследником престола, тайно, ещё во время правления отца, убил своего старшего брата Келдыбека.

Это неприглядное для семьи хана событие официально не оповещалось широкому кругу людей, но приближенные к трону вельможи и близкие к трону дипломатические круги знали об этом событии. Таким образом, для большинства осведомлённых вельмож и дипломатов, возведенный на престол претендент - это Лже-Келдыбек. Однако, открыто восстать против него они не могли, так как новый хан имел поддержку части правительства. В. Румянцев считает, что за этим заговором стояла хатун Тайдулла, которая по его мнению к этому времени была ещё жива. Поставив на престол законного батуида она будто бы пыталась остановить нарастающую династийную смуту. Схожих взглядов придерживается С.М. Шпилевский [14, с. 168].

По нашему мнению, это ответные действия правительства в Сарай аль-Джедиде на события произошедшие в августе 1361 г. в г. Солхат. Беклярибек альтернативного правительства, - Мамай провозгласил ханом малолетнего оглана Абдаллаха, батуида.

Формально в обеих центрах империи на троне оказались батуидиды. Эмир Мамай в своей борьбе за власть в государстве опирался на батуидидов и естественно был встревожен и династийным и идеологическим конкурентом. Он спешно с войсками выступил из Крыма и в кровавой битве между двумя претендентами победа досталась эмиру Мамаю, но хан Лже-Келдыбек остался жив. Пока хан Келдыбек находился в походе во дворце созрел заговор. Хан Лже-Келдыбек перед выходом в поход против эмира Мамаю уничтожил всех кто сомневался в его легитимности, в том числе премьер-министра государства, беклярибека Могулбуку и других конгратских эмиров. Сын Могулбуки – Ильяс был обязан отомстить за отца. Когда получивший поражение хан Лже-Келдыбек вернулся в Сарай аль-Джедид заговорщики во главе с новым беклярибеком Ильясом убили его [15, с. 255].

Именно с конца лета 1362 г. с битвы ханов Абдалаха и Лже-Кельдыбека, т.е. с прямого, масштабного военного противостояния начинается 18-летний политический кризис в империи, период смуты и междоусобиц. Таким образом, активная, открытая фаза «замятни» начинается не в 1359 г., как это было принято считать, а гораздо позже с 1362 г.

Министры-конгратовцы перехватывают политическую инициативу и возводят на престол некоего хана Базаршы. Однако, хан Базаршы не успел принять меры к обороне города от беклярибека солхатовского правительства Мамаю. Мамай захватил Сарай аль-Джедид. В сентябре 1362 г. хан Абдаллах приобрел полную легитимность, сев на престол в столице империи. Этот факт отмечает А.Г. Григорьев: «Итак, Абдулла, которого Мамай провозгласил ханом еще в августе 1361 г., воссел на престол в Новом Сарае только в сентябре 1362 г. Там он чеканил монету и в 764 г. х. Возможно, Абдулла удержался у власти до конца 1362 г.» [16, с. 9–54]. Он аргументирует этот факт тем, что зимой 1362 на 1363 г. выступивший из Гюлистана Мюрид, разгромил войско Мамаю и прогнал Абдаллаха из Сарай аль-Джедид на западный берег Итиля. Этот факт подтверждается тем, что монетный чекан хана Мюрида под этим годом фиксируется такими городами, как Сарай аль-Джедид, Гюлистан и Сарай-Бату. Учитывая, что год хиджры не совпадает с григорианским календарем, мы считаем, что смена власти и изгнание Мамаю и Абдаллаха из столицы произошло весной 1363 г. Имеем все основания полагать, что успешное наступление Мюрида произошло при помощи части знати рода конграт и в частности эмира Ильяса, который призвал нового хана на трон империи.

С 1363 г. в русских летописях появляется термин «Муратова орда», обозначающий ордынские земли на восток от Волги. Территория Золотой Орды к западу от Волги получает наименование «Мамаевой орды» [17]. После свержения хан Абдаллах больше не возвратился на основной престол. Доказательством его пребывания на центральном престоле служит монетный материал из мусульманизированных погребений данного времени в т.ч. в бассейне р. Урал. Каким-либо другим способом и в другое время эти монеты не могли оказаться в зоне подконтрольной конгратовскому правительству [18].

Приход к власти в начале 1363 г. на основной трон шейбанида Мюрида (в огузо-карлукском диалекте - Бурута) привело к тому, что окончательно нарушилось

основополагающая норма Яссы и публичного права Золотой Орды, т.е. принадлежность трона батуидам. Таким образом, после устранения Лже-Келдыбека, основным монополистом идеологического императива связанного возвращением батуидов на законный престол, становится беклярибек крымского правительства Мамай при хане Абдаллахе.

Эмир Мамай, зять хана Бердибека в 1363 г. вынуждено возвращается с ханом Абдаллахом в г. Солхат, где возобновляет длительную и в целом успешную борьбу за основной трон ханов Золотой Орды в Сарай аль-Джедиде.

Через три года (в начале 1366 г.) беклярибек Мамай захватывает г. Гюлистан (по другим сведениям в сентябре 1365). Город был сожжен и практически полностью разрушен. Монетная чеканка в нем прекратилась [19, с. 104]. Алогичный поступок Мамаю можно объяснить желанием уменьшить количество имеющих возможность суверенизироваться политических центров в Золотой Орде.

Военные неудачи хана Мюрида стали причиной заговора против него внутри правительства. По сведениям Г.А. Федорова-Давыдова хан был убит своим же сторонниками во главе с беклярибеком Ильясом. Конгратовское правительство Сарай аль-Джедиде призывает на трон хана Азиза, по сведениям «Анонима Искандера» сына Тимурходжи, который прибывает в центр со значительными военными силами и отбивает наступление Мамаю и хана Абдаллаха на столицу. Хану Азизу на время удается восстановить управляемость в восточной части государства, путем присоединения ряда полусамостоятельных владений [20, с. 169; с. 151].

В Западной части государства с 1363 по 1370 гг. власть продолжает удерживать поддерживаемый эмиром Мамаем хан Абдаллах. После неудачного похода осенью-зимой 1365–1366 гг. хан Абдаллах попытался дистанцироваться от своего «первого министра», но 1370 г. хан умирает. Есть две версии смерти хана Абдаллаха, о том, что умер по естественным причинам и версия о том, что был убит своим покровителем [21]. Власть переходит к хану Мухаммад-Булаку так же из батуидов и было ему примерно 8–9 лет [22, с. 127–128.].

Стабильная ханская власть благоприятно сказалась на экономике западной части государства. Крымско-причерноморские юрты и эли при «замятне» пострадала не значительно. Гораздо сильнее урон экономике был нанесен в центре в Поволжье и в Степном Приуралье в зоне перманентных боевых действий. Это обстоятельство стало экономической предпосылкой для отделения в будущем (1402 г.) провинции Крым от остальной части Золотой Орды.

Весной 1370 г. эмир Мамай начал новое наступление на Сарай аль-Джедид, что вызвало политический кризис в столице империи.

Хан Азиз был свергнут золотоордынским ханом Жанибеком II, а он в свою очередь ханом Хасаном.

Зимой с 1370 на 71 гг. Мамаю удалось захватить Сарай аль-Джедид и посадить на центральный престол хана Мухаммада-Булака, тем самым легитимизировав своего претендента.

Лишившись в 1371 г. столицы конгратовское правительство обратилось к самому сильному политику в восточной части империи – улуг-султану Урусу. В 1372 году он совершил поход на Среднюю Волгу, вытеснил из столицы хана Мухамад-Булака и вернул под контроль рода конграт – столицу Сарай аль-Джедид. В благодарность конгратовские эмиры и их сторонники провозглашают улуг-султана Уруса ханом и сажают его на основной трон.

В первый раз он удержался на ханском престоле два года. В попытке установить единовластие хан Урус в 1374 году направился походом на правителя Хаджи-Тархана (Астрахани) – ходжа Черкеса, но потерпел от него поражение и был вынужден из-за беспорядков в столице отступить в свою вотчину г. Сыгнак. Улуг-султан из династийной линии тукай-тимуридов ходжа Черкес захватил на один год столицу империи и был

провозглашен очередным ханом «конгратовского» правительства. Однако, уже в начале 1375 года он потерпел поражение от войск Мамаю и хан Мохаммад-Булак был возвращен на престол.

В июне того же 1375 года хан Урус возвращается из Сыгнака и на один месяц возвращает престол, но уже в июле Мухаммад-Булаку и беклярибеку крымского правительства Мамаю удаётся снова вернуть контроль над столицей.

В начале 1376 г. хан Урус окончательно возвратился в Ак-Орду, где через два года вступил в борьбу с эмиром Тамерланом и Тохтамыш огланом. Тамерлан поддержал Тохтамыша с целью возвратить в будущем под контроль чагатайдов регион Ак-Орды с центром в Сыгнаке, отвоеванный орда-эрженидам в 1310 г. В этой борьбе продолжавшейся в течение 1377–1378 гг. погиб и сам хан Урус и его приемник улуг-султан Тимур-Малик.

Известно, что Ак-Ордынское правительство улуг-султанов Чимтая и его сына Уруса возглавлялось конгратовским «премьер-министром» Бадыком (Балтыкча) отцом будущего беклярибека Едиге. В.П. Юдин базируясь на сведениях автора «сборника летописей» Рашид ад-Дина ошибочно считает Балтыкча отцом улуг-султана и хана Уруса [23, с. 61; с. 258] и относит его к тукай-тимуридам. Такое мнение было достаточно широко распространено среди историков ещё в 90 гг. XX в. На самом деле большинство источников современников Золотой Орды считает отцом Уруса улуг-султана Чимтая и относит его к линии Орда-Эржена. Данный установленный факт очень важен для вопроса о происхождении казахских ханов и Казахского государства. Вероятно Рашид ад-Дина неудачно перевели. Позднесредневековые источники отмечают, что султан Урус относился к улугбеку Ак-Орды Балтыкча «как к своему отцу». Эмир Балтыкча был сподвижником его отца улуг-султана Чимтая, а после его смерти стал верным слугой и наставником молодому Урусу и его приемнику султану Тимур-Малику. Верность к династии орду-эрженидов он пронёс до самого конца своей жизни. Он был пленен султаном Тохтамышем и отверг предложение продолжить службу ему, предпочтя казнь измене [24, с. 260].

Ногайский период соответствует XV–XVI векам. Можно сказать, что Ногайская Орда образовалась (и просуществовала) в 1426–1557 гг. [5].

Ногай батыр был военачальником Алтын Орды. В качестве своей орды он выбрал город Сарайчик. Ногай был одним из основных правителей Алтын Орды. Во времена борьбы за трон принимал участие в борьбе за власть среди ханов. Был убит в 1300 году. Роды и племена в его подчинении называли себя Ногайским юртом.

В Сарайчике жили мангытские племена Ногайского юрта. Этноним «Ногай» появился в конце XV века. В территорию Ногайской Орды входила степь между реками Едил (Волга) и Жайык (Урал).

В состав Ногайской Орды входили более двадцати родов и племен: найманы, кыпчаки, алашы, канлы, алшыны, конграты, катаганы, уйгуры, ткаицы, мангыты и др. Это был в основном не этнический, а политический союз. После распада Ногайской орды многие роды и племена, сохраняя этнический состав и родовые связи, участвовали в сложном процессе образования казахского народа и вошли в состав казахских жузов.

После 1420 года город Сарайчик расцвел и укрепился в годы правления сына знаменитого Эмира Едиге Нур-аддина (1426–1440 гг.). Когда у власти был его внук Окас, город начал превращаться в центр династии Мангытов, образовавших отдельное государство – Ногайскую Орду [6].

В период Казахского ханства в кровопролитной войне с Шайбанидами за города при Сырдарье казахскому ханству нужен был новый плацдарм для восстановления и сосредоточения сил. Ханы Бурундук и Касым для этих целей выбрали город Сарайчик, расположенный в западных землях. В то время это было правильное решение. После распада Алтын Орды территория между реками Жайык и Едил (Урал и Волга) осталась ничейной. Появилась возможность расширить земли казахского ханства к западу и присоединить новые роды и племена к ханству. За два года Казахское ханство усилилось в ставке Сарайчика, увеличилась численность войска и были разгромлены шайбаниды.

Сарайчик в 1519 году был столицей Казахского ханства. Во владения Касымхана (1511–1521 гг.) вошли побережье Каспия и реки Жайык. Во времена правления Бурундукхана и Касымхана границы Казахского ханства расширились до Едила.

Вельяминов-Зернов В.В. в труде о Касымхане пишет: «При Бурундук и Касым ханах власть их распространилась до Урала и даже до Волги (1519 г.). Своей столицей они сделали город Сарайчик на Яике» [7].

М.Х. Дулати пишет в труде «Тарих-и Рашиди»: «Бурундукхан находился в Сарайчике; Касымхан же (откочевал и), отдалясь от него подошел к границам Могулистана и избрал своим зимовьем Кара-Тал» [8]. Эти сведения приводит М.Тынышпаев: «Бурундук считавшийся главным ханом, проживал обычно в Сарайчике» [9].

В знаменитом произведении М.Х. Дулати XVI в. «Тарих-и Рашиди» отмечается, что: «Бурундук хан, который был ханом до Касыма, долгое время держал свою орду в городе Сарайчике, и хотя Касым не имел степени хана, его власть настолько была высокой, что никто не думал о Бурундук хане». Последние годы правления Касым хана, прошедшие в

общем довольно мирно, окончательно упрочили его влияние и стяжали ему славу и любовь всего народа. И ничто так не свидетельствовало о внешнем его могуществе и силе, как сама внутренне успокоившаяся степь, покорно шедшая за своим любимым государем.

Историк А.П. Чулошников сообщает: «Большого подъема политического значения казахского народа нельзя было и ждать, не даром современники утверждали, что хану Касыму ничего не стоило выставить в поле до 300 000 всадников и даже сравнивали его с первым кипчакским ханом, добавляя, что он был так могуществен, как еще никто не бывал после Джучи-хана» [10].

В описании родословной Ураза-Мухаммеда сказано: «Каждый из них (сыновей и внуков Жаныбек – хана) образовал свой род, был государем у себя и сумел прославиться. Имена их до сих пор сохранились в памяти. Первый из них был Касым – хан, рожденный от Жаган – бикем. Он несколько времени царствовал в отцовском улусе и покорил многие соседние страны; его и теперь всюду помнят. Скончался он в Сарайчике, там и поныне находится его гробница» [11].

Ученый А.П. Чулошников сообщает, еще в начале XVII в. В г. Сарайчике можно было видеть гробницу хана Касыма: «...он умер еще за несколько лет до этого (около 1518–1520 гг.), в г.Сарайчике, где и был похоронен, уже как повелитель и Дешт-Кипчака» [12].

Город Сарайчик в середине XVI в. вышел из-под влияния Казахского ханства. В 1568 году хан Хакназар (1538–1580 гг.) вернул город во владение казахских земель.

В XV–XVI вв. в Сарайчике происходит изменение топографии. Жилые участки, расположенные вдоль Жайыка пустеют и население начинает концентрироваться в южном районе города, вдоль ныне сухого русла реки Сорочинки,огибавшей город с запада и вытекающей из Жайыка у его северо-западной окраины. Видимо, вновь произошли природные изменения в сетке русел реки.

Посол Австрии Москвии Сигизмунд Герберштейн в 1549 г. писал, что Сарайчиком в то время владел князь Шидак, а на карте поместил город на левом берегу реки Жайык [13].

Во второй половине XVI в. Орда распалась на несколько самостоятельных владений, в процессе ее распада часть населения вошла в состав Младшего жуза. Этому способствовали экономические, социально–политические потрясения внутри Ногайской Орды и неблагоприятные внешние факторы. «За татарами Казанским прежде всего встречаем татар с прозвищем ногай (Nadai), живущих за Волгою, около Каспийского моря, по реке Яику, вытекающей из области Сибирской. Они не имеют царей, а только князей. В наше время эти княжества занимали три брата, разделившие области поравну между собою: первый из них, Шидак, владел городом Сарайчиком (Scharaitzik, Saraitzick-нем.), (изд.) за рекою Ра, в направлении к востоку, и страну, прилегающей к реке Яику; другому, Коссуму, принадлежало все, что находится между реками Камой, Яиком и Ра; третий из братьев, Шихмамай, занимал часть области Сибирской и всю окрестность страны. Слово Шихмамай значит святой, или могущественный. Эти страны почти богаты мехом, за исключением той, которая простирается у Сарайчика:она степная» [14].


Столичный город к концу XVI в. превратился в поселение и подвергся разбойному нападению казаков в 1580 г. И все же оставался святым местом.

По описанию исследователя XVIII в. П.Рычкова: «Сарайчик – призрак величественного города на р. Яик, не доезжая Гурьева за 50 верст, где ныне форпост, называемый Сарайчик. Там еще поныне в земле находятся многие палатки (здания). Здесь же много гробниц знатных людей» [15].

О том, что город Сарайчик был крупным центром торговли пишет академик А.Х. Маргулан: «В связи с возникновением феодализма, во времена расцвета и оживления международной торговли и обмена, появлялись поселения вдоль торговой пути. В связи с удобным географическим расположением они экономически укрупнялись, превращались в цветущие города и оставили яркий след в нашей истории. Один из таких

«средневековых городов-Сарайчик» появился на территории Казахстана подобным образом» [16].

В настоящее время городище быстро исчезает с лица земли. Этот процесс связан с изменением русла реки Жайык. Мощный поток воды стал интенсивно подмывать непосредственно его территорию.



Сарайшык. 1930 год.

Список литературы

1. Агеева Е.Н., Сенигова Т.Н., Пацевич Г.И. Археологические работы за 1950 -1953 г. // Архив И.А. МН – АН РК. Описание 2, Дело №24.
2. Ибрагимов Н. Ибн Батута и его путешествия по Средней Азии. – М., 1998. – С. 72.
3. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к Золотой Орде. Т.1. – СПб., 1884. – С. 192.; Бартольд В.В. Сведения об Аральском море и низовьях Аму-Дарьи с древнейших времени до XVI в. – Соч. – Т.3. – М., 1965. – С.5.; Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алматы, 1950. – С.8.
4. Ирмуханов Б.Б. Прошлое Казахстана в письменных источниках. – А., 1997. – С. 208.
5. Мұстафин Ж. Сарайшық ашық мұражай. // Қазақ тарихы. – Алматы, 2001. – №4. – 75 бет. Его же; Сарайшық қаласының қалыптасуы. // Ізденіс. / Поиск. – Алматы, 2001. – №3. 75–81 бб.
6. Аманжолов Қ.Р. Түрік халықтарының тарихы. – Алматы, 2002. – 76 бет.
7. Вельяминов-Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах. – Ч.2. – СПб, 1864. – С.145.
8. Дулати М.Х. Та,рих и Рашиди. // МИКХ. – Алма-Ата, 1969. – С. 223.
9. Мухамеджан Тынышбаев. Материалы к истории киргиз-казакского народа. – Ташкент, 1925. – С.45.
10. Чулошников А.П. Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. – Оренбург, 1924. – С. 127.
11. Вельяминов-Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах... – С.125.

12. Чулошников А.П. Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен... – С.127.
13. Герберштейн Сигизмунд. Записки о Московии. – М., 1988. – С.179.
14. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Под редакцией проф. С.Асфандиярова и проф. П.А.Кунте. – Алматы, 1997. – С. 156.
15. Рычков П. История Оренбургская, по учреждению Оренбургской губернии. – СПб, 1759.
16. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата, 1950.

Түйін

Мақалада Алтын Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығы дәуірінің атакты қаласы Сарайшық туралы жазба деректердегі хабарлар мен зерттеулер баяндалады.

Резюме

В статье рассматриваются данные письменных источников и исследований средневекового Сарайчика - знаменитого города периода Золотой Орды, Ногайской орды и Казахского ханства.

Summary

The article discusses the data of written sources and studies of medieval Saraishek - the famous city of the Golden Horde, Nogai Horde and Kazakh Khanate.

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ - САРАЙШЫҚ ЕЛ БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ ПАНТЕОНЫ

Ә.Қ.Мұқтар

т.ғ.д., профессор,
«Сарайшық» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы»
РМҚК директоры

Бүгінде Жошы Ұлысы-Алтын Орда тарихындағы шешімін таппаған мәселелердің бірі Сарайшықтағы пантеон және ондағы жерленген ел билеген тұлғалар тарихы болып отыр. Сарайшық пантеоны 1475 жылғы венециялық монах Фра Мауроның картасында Жайықтың оң жағалауына салынған. Италияндық картограф оны күмбезбен белгілеп, «Билеушілер қабірстаны» деп анықтайды [1, с.510]. Картадағы деректі XVIII ғасырдағы П.И. Рычков [2, с.131], П.С. Паллас [3, с.37-38], XIX ғасырдағы А.И. Левшин [3, с.44], 1861 жылғы топограф А.С. Алексеевтің [3, с. 55] еңбектері кеңірек тарқатады. Оларды саралап Сарайшықта алғашқы кешенді археологиялық қазба жүргізген саратовтық археолог Н. Арзютов өзінің ғылыми есебінде зерттеу барысындағы міндеттерін анықтай келе: «4) сбор антропологического материала, последний пункт работ – это отыскание усыпальниц золотоордынских ханов в окрестностях, примыкающих к Сарайчику, так как, и по существующим теперь преданиям, и по указаниям источников, район Сарайчика был местом погребения золотоординских ханов (Карта Пипиогене конца XIV в.)» [3, 93-б.]. 1950 жылы Г.И. Пацевич Рашид-ад-дин, В.В. Бартольдтың еңбектеріне сүйене отыра, «Сарайшықты Жошы ұлысының астанасы және алғашқы Алтын орда хандарының жерленген орны болғандай» [3, 105-б.] деп түйіндейді. Дегенмен Сарайшық тарихына

қалам алушылар Сарайшықта жатқан біртуар тұлғалардың аттарын атамайды. Олай болса, XIX ғасырда өмір сүрген ақын Шығияз Шанайұлы Сарайшықта жерленген хандардың санын нақты неге сүйеніп жазды? Біз оны тарихи шындық ретінде неге сүйеніп қабылдадық? Жазушы Әнес Сарай «Ноғайлы» еңбегінде жазғандай ақын өлеңдерінің бірінші басылымында «Сарайшықта бар дейді, тоғыз ханның моласы» деген өлең жолдары қай уақытта 7 ханға өзгерген? [4, 39-б.]. Неліктен 1983 жылы кеңестік тарихшы В.Л. Егоровтың: «Вполне возможно, что именно здесь находится также место захоронения самого Бату и других золотоордынских ханов, не принявших ислама. В этом случае похоронный обряд совершался в соответствии с канонами монгольской языческой традиции, т.е. в глубокой грунтовой могильной яме без каких-либо обозначений ее на поверхности земли. Можно предположить также, что в четырех мавзолеях Лапаса погребены четыре хана-мусульманина: Берке, Узбек, Джанибек и Бердибек» деген болжамы қабылданбады? [5, с. 117–118]. Соған қарамастан бүгінгі Сарайшық музей-қорығындағы хандар кесенесінде жазылған үш Алтын Орда хандары - Мөңке Темір, Тоқтағу, Жәнібек, Қазақ хандығының билеушісі Қасым, Ноғай ордасы билері Әмір Оқас, Шейх-Мамай, Жүсіп билер қандай тарихи дерекке негізделген? Осындай сан түрлі пікірлерге қарамастан 1999 жылы 3 қыркүйекте Сарайшықта хандар кесенесі ашылған кезінде оны орнатушылар бір ортақ пікірге келгендей. Оның дәлелі тарихшы-археологтар З. Самашев [6, с. 57–58], М.Б. Қожа [7, 29 б.], Д.А. Талеевтің [7, 45-б.] еңбектері. Олар Сарайшықта жерленген Алтын Орда хандарынан Мөңке Темір ханды (1266-1280), Тоқты ханды (1290–1312), Жәнібек ханды (1342–1357), Бердібек ханды (1357–1359), Тоқтамыс ханның басын, қазақтың Қасым ханын және Ноғай билері Едіге, Шейх Мамай, Жүсіп, эпикалық батырлар Ер Тарғын, Қамбарды көрсетеді. Ал тарихшы М.Қасенов тізімге Ақ орда ханы Барақ ханды қосады [8, 36б.].

Тарихи тұлғалар арасынан Тоқты мен Жәнібек, Қасым хандар ғана талас тудырмайды. Өйткені, Қасым ханның Сарайшықта жерленгенін кезінде Н.М. Карамзин, В.В. Вельяминов-Зернов [9] жазса, кеңестік тарихшы А.П. Чулошников 1925 жылы: «Хана Касима в это время не было живых, он умер еще за несколько лет до этого (около 1518–1520 гг.), в г. Сарайчике, где и был похоронен, уже как повелитель и Дешт-Кипчака» дей келе, түсініктемесінде «мы говорим Дешти-Кипчака – имея в виду пространство от среднего течения реки Урала до такового же р. Сыр-Дарья. Ибо в более широком смысле Дешти-Кипчаком называлась вся степь от самого Дуная. Еще в начале XVII в. в г. Сарайчике можно было видеть гробницу хана Касима» деп нақтылағанды [10, с. 127]. Ғалымның пікірін М.Тынышпаев: «По киргизским преданиям он похоронен в Сарайчике» [11, с. 133], Әлкей Марғұлан 1950 жылы тамыз айында Сарайшықтағы археологиялық қазбадан соң: «Жазба қайнар көздерінен байқауымызша, XV–XVI ғасырлардағы тамаша сәулет ескерткіштері қазақ хандары Жәнібек пен Қасымханға Сарайшықта тұрғызылды. 1524 жылы Сарайшықта қазақ ханы – Қасымның қаза тауып, жерленгені қайнар көздерінен белгілі» деп дәлелдей түседі [12, 404–406-бб.]. Дегенмен Ә. Марғұлан осы бағыттағы зерттеулерін аяғына жеткізбеді. Оның Алтын орда тұлғаларын арнайы зерттеуі кеңестік билікке ұнамады. Соңында ғалым қудалауға ұшырап, Сарайшық бағытындағы зерттеулерін біржолата тоқтатуға мәжбүр болады. Ал Ә. Марғұлан жазған қазақ ханы Жәнібек кейінгі жылдары Созақта жерленгені анықтала бастады.

Құнды ақпаратты XVII ғасыр басындағы Қадырғали Жалайыридің «Жылнамалар жинағы» [13], XVII ғасырдың екінші жартысындағы Әбілғазының «Түрік шежіресі» [14] және эпикалық жырларымыз береді. Қадырғали Жалайыри Қасым хан жөнінде: «Оның хикаясы әр жерді айтылады, сондықтан мәлім, мәшһүр болды. Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр» [13, 121-б.] десе, ал Әбілғазы Алтын Орда хандары Тоқтағу хан Мөңке Темірұлын «патшалық өмірі алты-ақ жыл болды, Сарайшық шаһарында жерленді», Жәнібек хан Өзбекұлын «ол он жеті жыл патшалық құрды. Сарайшықта жерленді» [14, 116–117-бб.] деп анық жазады. Әбілғазы еңбегін пайдаланған ресейлік тарихшы, ноғайтанушы В. Трепавлов Тоқтағу мен Жәнібектің

Сарайшықта жерленгеніне күмәнмен қарап, «мүмкін ол Еділ бойындағы Сарай болуы мүмкін» деген қорытынды жасайды[1, с. 570].

Қадырғали мен Әбілғазы еңбектерінде өзге хандардың тікелей Сарайшықта жерленгенін жазбайды. Соған қарамастан жоғарыдағы қазақстандық тарихшы-археологтар Мөңке Темір мен Бердібекті Сарайшықта жерленгендер қатарына қосады. Әбілғазы еңбегінде Мөңке Темір туралы артық әңгіме болмағанымен, «Жәнібек хан өлгеннен соң Тебризден Бердібекхан Сарайшыққа келді», содан билікті қолға алғанын, «екі жылдан кейін 762 жылы опат болды» (б.ж.с. 1359 жылы – Ә.М.) деп түйіндейді[14, 117-б.]. Ал XVI ғасырдың ортасында түркі тілінде жазылған «Шыңғыс-наме» бойынша Бердібек хан: «Три года был государем в городе Сарай, затем скончался» деп Сарайдың қай қала екенін анық жазбайды [15, с. 108].

Біз Әбілғазы дерегін негізге алып Бердібектің Сарайшықта хан болғанын алға тартып, Сарайшықтағы әкесінің жанына жерленуі әбден мүмкін деп түйіндейміз.

Соңғы жылдары татар ғалымдары аударған «Шыңғыс-наменің» жаңа нұсқасында қазақ хандарының атасы Барақ ханның Сарайшық маңында қаза тапқаны туралы құнды дерек береді. Еңбекте «Барақ елі Жайықтан өтіп Жемге жетті. Шайқас Қайнар Сағызда болды. Қыпшақ Айас Барақты ұстап басын алып, Мұхаммед хан мен Қади бекке берді. Өзі Сарайшық даруғасы (қала басшысы – Ә.М.) болды» деп жазылған[16, с. 77–78]. Осы деректі Қ. Жалайыри Барақ хан: «Ақыр аяғында Еділ төңірегінде, Жайық бойында Сарайшық қаласына жақын жердегі Қас, Наурыз өңірінде опат болды» деп тарқатады [13, 114-б.]. Дегенмен Жалайыри еңбегіндегі Қас пен Наурыз біздіңше жер атау емес. Оларды Шыңғыс-наме Едіге бидің балалары ретінде жазғанын атап өтеміз[15, с. 77–78]. Жоғарыдағы ақпаратты Абдулгаффар Қырымидің 1747 жылғы «Умдет-ал-ахбар» еңбегіде толықтыра түседі. Қырымидің зерттеуінде «Орыс хан ұлы Барақты халық хан сайлады. Ол қазақ жайлауында орналасты» дей келе, ханның Күшік Мұхаммед ханмен шайқасын баяндайды. Зерттеуші жазбасынан: «Затем напали на след Барака хана. Он был ранен, из-за этого не мог взобраться на коня, и остался на вершине холма только с одним слугой. Кыпчак Айас бег, отрезал ему голову, вместе с ханом привел к Гази беку. Ему в руки был дан ярлык и должность даруги города Сарайчык, с выплатой каждый год тридцать тысяч золота. Это и является причиной того, что по сегодняшний день они называют себя правителями кыпчакского народа в Сарайчыке. В это время Курлевут Магреб бег во время упомянутой битвы, ранил Барака. Он пел на пьяных торжествах: «мой палец, который стрелял в Барака – жив, моя глотка хочет меда» деген жолдарды оқимыз [17, с. 81–83]. Бұдан шығатын қорытынды Барақ хан өлтіріліп, Сарайшыққа жеткізілген. Яғни, Барақ хан Сарайшықта мәңгілік мекенін тапты деуімізге әбден болады. Дегенмен Барақ хан Моғолстанда өлтірілді деген де пікірлердің бар екенін айтуға тиіспіз. Егер ол Моғолстанда өлтірілсе сонау батыстағы Сарайшыққа қалай әкелінеді? Тарихшы Н. Кенжеахмет: «Шахрухтың орда тарихшысы Абд ар-Разақ Самарканидің (1431–1482) мағұлматы бойынша, Жәнібектің әкесі Барақ хан 1429 жылы Моғолстанда Сұлтан Махмуд оғлан дегеннің қолынан қаза табады» деп жазған болатын [18, 235-б.].

Сарайшық Москваны бағындырған Тоқтамыс ханның да мәңгілік мекеніне айналғандай. Тоқтамыс Жошының ұлы Тоқай Темірден тарайтын Тайқожаның ұрпағы еді. Тарихшылар оның 1406 жылы Түмен маңында Едіге бидің ұлы Нұрадынның қолынан өлтірілгенін жазғанымен, оның басының Сарайшыққа әкетілгені туралы аңыз-әңгімелер жетерлік. Оған негізгі дерек ретінде ноғай халқының «Едіге» жыры алынады. Жырда Нұрадын атынан:

Тоқтамысдай бабанды
Артын кувып еткенмен,
Еткешден аман-заман дегизмей,
Эрдинь басын шорт кыйып,
Канжыгага такганман,
Канжыгамдан калыр деп,

Ат облеге боьлетип,
Эт койныма салганман,
Кан суьеги кие деп,
Канларды койган Сарайжык-

Бабаньдынь басын анда аькелип койганман – деп айтылады [19, с. 174].

Біздіңше, жырдағы ақпаратқа толық сенуге болады. Өйткені, Нұрадын әкесі Едігенің кегін қайтарып, ханның басын көпке көрсету үшін ноғайлар қоныс тепкен Сарайшыққа әкелуі заңдылық.

Жоғарыдағы деректерді негізге ала отыра, Алтын орда хандары Жошының Батуынан тарайтын ұрпақтары Тоқтағу Мөңке Темірұлы, Жәнібек Өзбекұлы, Бердібек Жәнібекұлы, Жошының Тоқай Темірінен тарайтын Тоқтамыс Тайқожаұлы, Жошының Орда Еженінен тарайтын қазақ хандарының атасы Ақ орда ханы Барақ Құйыршықұлы, Қазақ хандығының билеушісі Қасым Жәнібекұлы Сарайшықта жерленген деген қорытынды жасаймыз. Ал Сарайшық кесенесіндегі Бату хан немересі Мөңке Темір Тұқанұлын археолог ғалымдар [6;7;8] «осында жатыр» деп көрсеткенімен, оны айғақтайтын деректер әзірше сенімсіздеу. Ол тыңғылықты зерттеуді қажет етеді. Болашақта жаңа деректермен Сарайшықта жерленген хандар тізімі толығымен деген сенімдеміз.

Сарайшық Ноғай ордасының да астанасы болғандықтан ноғай билерінің осында жерленгені еш талас тудырмайды. Дегенмен нақты кім жерленген, оны қандай деректер дәлелдейді деген сұрақтар көзі қарақты оқырманды қызықтырады. Орыс архивтерінде ол турасында әзірше дерек кездеспегенін ноғайтанушы А. Исин айғақтайды. Өнес Сарай «Ноғайлы» зерттеуінде «Ноғай билері мен мырзаларының орыс патшалығына жазған хаттары мен қарым-қатынас жолдамаларында: «Жайықта біздің зиратымыз», «Жайықта, Жайықтағы Сарайшықта біздің ата-бабаларымыз жатыр» деп талай мәлімдеген. Тарихи оқиғалардың даму барысына қарағанда Жаңбыршы, Мұса, Орақ, Мамай, Жүніс сынды тарихи тұлғалардың қабірлері осы Сарайшықта», ал кесенеді жазылған Шейхмамайды «1549 жылы өз өлімімен өліп, Ор (Орск) бекінісі іргесінде, Ырғызға баратын қара сүрлеудің жиегіне жерленген» деп жазғанымен оны қандай деректен алғанын көрсетпейді [4, 41, 154-б.]. Ноғай билерінің ішінен атақты Едігенің де Сарайшықта жерленгені туралы жазылып жүргені белгілі [6; 7; 8]. Бұл пікірге қарама-қайшы Едіге бидің мәңгілік мекені Ұлытауда [20], Ақтөбе жерінде [21], Маңғыстауда [22], Ресей Федерациясындағы Астраханның шығысында [23] екенін жазып жүргендер де баршылық. Оларға енді эпикалық жырлардағы Ер Тарғын, Қамбар батырларды қосыңыз. Мұның өзі ортағасырлық Сарайшықтың ел билеп, жауға шапқан тарихи тұлғаларының пантеоны екенін дәлелдегенімен оларды терең зерделеу қажеттігін айғақтайды. Ол тарихшылардың алдағы міндеті болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. / Отв. ред. М.А.Усманов. 2-изд., испр. идоп. – Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость», 2016. – 764 с.
2. Труды П.И. Рычкова. Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочиненное коллежским советником и императорской академии наук корреспондентом Петром Рычковым / Научно-популярное издание под ред. С.В. Богданова. Серия «Труды П.И.Рычкова». – Оренбург, Печатный дом «Димур», 2012. – 432 с.
3. Сарайшық - бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ. Кипиев / Ғыл. ред. Ж.К. Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 224 бет.
4. Сарай Ә. Ноғайлы (зерттеу) / Өнес Сарай. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 480 б.
5. Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв. – М.: Наука, 1985.
6. Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайшық. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с.

7. Ибн Баттутаның «Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы (8 қараша 2017 жыл) / Жалпы редакцияны басқарған Қайырғалиева Г.Қ. – Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2017. – 202 б.
8. Қасенов М. Сарайшық қаласының тарихы. – Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы АМУ баспасы, 2007. – 80 б.
9. Жақсығалиев Ж. Әз-Жәнібек хан: тағдыры мен «ақтаңдақтар» // <https://e-history.kz/kz/contents/view/581>
10. Чулошников А.П. Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Часть первая древнее время и средние века. – Оренбург: Киргизское государственное издательство, 1924. – С. 291.
11. Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. – Алма-Ата, «Қазақ университеті», 1993. – 224 с.
12. Марғұлан Ә. Көп томдық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. – Алматы: «Толағай групп», 2010. Т.9
13. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128-б.
14. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі баспасы, 1991. – 208-б.
15. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме / Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П.Юдина. Комментарии и указатели М.Х. Абусейтовой. – Алма-Ата: Ғылым, 1992. – 296 с.
16. Утемиш-хаджи. Кара таварих / Транскрипция И.М. Миргалеева, Э.Г. Сайфетдиновой, З.Т. Хафизова; перевод на русский язык И.М. Миргалеева, Э.Г. Сайфетдиновой; общая и научная редакция И.М.Миргалеева. – Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2017. – 312 с.
17. Абдулгаффар Кырыми. Умдет ал-ахбар. Книга 2: Перевод. Серия «Язма Мирас. Письменное Наследие». – Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2018. – 200 с.
18. Кенжеахмет Н. Орда мұрағатындағы ақиқат // Халық тарих толқынында. Ғылыми серия. / Құраст. Т.Шаңбай, А.Ибраев. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің типографиясы, 2015. – 367 бет.
19. Эдиге: Ногайская эпическая поэма / под ред. Н.Х. Суюновой; Карачаево-Черкесский институт гуманитарных исследований при Правительстве КЧР. – М.: Наука, 2016. – 512 с.
20. Жүністегі К. Ел қамын жеген Едіге // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. 24 сәуір
21. Ер Едігенің моласы - Ақтөбе жерінде ! - Ақтөбе газеті <https://aqtobegazeti.kz>
22. Маңғыстау облысынан Едіге қолбасшының мазары // <https://qazaquni.kz> 2016/09/22
23. Қазыбек Н. Алтын Орданың құрылуынан құлауына дейін. – Алматы, 1998.

Духовная столица Улуса Джучи - Сарайчик пантеон правителей страны

В статье рассматривается проблемы истории средневекового города Сарайшык. Исследователи доказали что Сарайшык являлся местом захоронения правителей Улуса Жошы, Казахского ханства и Ногайской орды. XIX веке акын Шынияз писал что Сарайшыке захоронено 9 ханов. По нашим исследованиям захоронение Золотоордынских ханов Токтагу, Жанибек, Бердибек, Токтамыса, хана Белой орды Барака, хана Казахского ханства Касыма не вызывает сомнения. Оно подтверждается средневековыми историками как Кадырғали Жалайыри, Абулғазы, Абдулгаффар Кырыми и народными эпосами.

The spiritual capital of Ulus jochi - Saraichik pantheon of rulers of the country

The article considers the problems of the history of the medieval city of Saraishyk. Researchers proved that Saraishyk was the burial place of the rulers of Ulus Zhosha, the Kazakh

Khanate and the Nogai Horde. In the 19th century, akyn Shyniyaz wrote that 9 khans were buried in Sarayshyk. According to our research, the burial of the Golden Horde khans Toktagu, Zhanibek, Berdibek, Toktamys, Khan of the White Horde Barak, Khan of the Kazakh Khanate Kasym is not in doubt. It is confirmed by medieval historians like Kadyrgali Jalaiyri, Abulgazy, Abdulgaffar Kyrymi and folk epics.

САРАЙШЫҚ КӨРКЕЮІНІҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЛАРЫ

Ж.Ж. Мұстафин, т.ғ.к.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университеті

Қазақстан тарихы - бұл негізгі халқы көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан елдің тарихы. Бірақ, бұдан Қазақстан аумағында қалалар және қала елді мекендер болған жоқ және көшпелі халықтар тарихында қалалардың ешқандай ролі жоқ деген қорытынды шығару, шын мәнісінде ұлттық тарихымызға зор қиянат болар еді. Керісінше, Қазақстан аумағында ежелгі және орта ғасыр дәуірлерінде көптеген қалалар пайда болып, өз даңқтарын шартарапқа жайған. Бұл қалалардың аттары тек тарихшы кәсіпқой мамандарға ғана емес, миллиондаған оқырман жұртшылыққа бұрыннан да таныс. Қазақ елінің терристориясында орта ғасырлық қалалардың жиі пайда болып, өмір сүрген аймағы - Сырдария өзенінің орта ағысының тұсы. Мысалы, бұл аймақтағы қалалардың ең белгілері:Сығанақ, Сауран, Созақ, Иясы (Түркістан), Отырар, Сайрам, Үзгенд және басқалар. Бұл қалалардың кейбіреулері орта ғасырдың өзінде өмір сүруін тоқтатты да, ал кейбіреулері осы күнге дейін елге игілікті қызмет атқаруда. Көне қалалардың біразы тарихшылар мен археологтардың назарын аударып, Сырдария қалаларының тарихы жөнінде өткен ғасырдың 60–70 жылдары ғылыми айналысқа түсіп, жарық көрген авторлардың зерттеу еңбектерін атап өткен ләзім [1].

Сырдарияның төменгі ағысында да орта ғасырда бірнеше қалалар өмір сүрген. Мысалы, Дженд, Баршын, Баршынкент (Баршылығыкент) және басқалар. Бұл қалалар біздің дәуірлерімізге дейін сақталмаған. Кезінде, бұл қалаларды «Хорезм арзеологиялық-этнографиялық комплексті экспедициясы» зерттеген еді.

Ежелгі және орта ғасырлық қалалар Іле өзенінің бойында да болғаны белгілі, бірақ, бұлар біздің дәуірімізге дейін жетпеген. Тіпті, кейбір қалалардың аттары да сақталмаған, сондықтан да тарихшылар олардың тарихи аттарын анықтау жолында ізденістер жүргізіп келеді.

Шығыс Дешті-Қыпшақ, яғни, қазіргі Қазақстанның негізгі аймақтарында орта ғасырда пайда болған мемлекеттер құрамына кейбір кезеңдерде отырықшы, жер шаруашылығымен айналысқан Хорезм өлкесі де енген. Хорезм - ертеден жоғары дәрежеде дамыған мәдениеті бар, орта Азияның алдыңғы қатарлы аймақтарының бірі. Хорезм территориясындағы қалалар өркениеттілігі жоғары деңгейдегі мәдениетінің арқасында Орта Азия да маңызды рөл атқарумен қатар, оның мәдени ықпалы Шығыс Дешті-Қыпшақ далаларына да жайылған.

Шығыс Дешті-Қыпшақ даласында пайда болған тарихына зерделей қараған зерттеушіге барлығына ортақ бір белгісі байқалады. Ол - қалалардың барлығы да отырықшы жер шаруашылығымен шұғылданған аймақтарға және сауда жолдарының бойына орналасып, тұрақты егін, бау-бақша шаруашылығымен айналысатын аймақтармен үздіксіз, жүйелі байланыс жасай алатындай, географиялық жағынан өте қолайлы аудандарда пайда болуы. Мысалы, Отырар қаласы отырықшы егіншілікпен айналысқан

Сырдария өзенінің жағасындағы құнарлы жерге орналасқан. Бұл пікірімізді Хорезм және Іле өзенінің бойындағы қалаларға да қолдануымызға болады. Ал, Еділ бойындағы қалаларға жоғарыдағы пікір әбден сай.

Жоғарыдағы аты аталған аймақтардағы бүкіл қалалардың пайда болу себептерімен олардың тарихтағы ролін тарихшы-ғалымдар түрліше дәлелдейді. Кейбір тарихшылар қалалар отырықшы, жер шаруашылығымен айналысқан халықтардың ұзақ уақыттарға созылған дамуы арқасында табиғи өркендеу нәтижесінде пайда болған десе, екіншілері - отырықшы халықтар мен көшпелілердің мәдени және шаруашылық, тұрмыстық байланыстарының барысында негізі қалаған дейді, ал үшіншілері - көшпелілердің дербес тарихи дамуына байланысты, тұрмыс қажеттіліктеріне орай, кейбір мал шаруашылығымен айналысқан халықтардың мекеніне бой көтерді деп санайды. Тарихшылардың төртінші бір тобы - жаулаушылардың «күштеу» саясаттарының нәтижесі деп дәлелдеуге тырысады.

Сарайшық қаласының өзіндік ерекшелігі бүгінгі мән-мәйегі асқаралы асуларға бет алған халқымыздың күні кеше пайда болған құранды-сұранды, яғни жасанды жұрт емес екендігін дәлелдеумен бірге, ұлтымыздың тарих көші-ілгеріден ғасырларға жалғасып, өз дәуірінде бүкіл адамзат өркениетіне елеулі үлес қосқандығын табиғи-тарихи дәйектермен тұжырымдау.

Тарихымыздың өзекті түйіндерінің бірі Сарайшықтың ғасырлар көшіндегі орнын айқындау, ұлттық тарихымыздың жоғалғанын түгендеу жолындағы талпыныстар.

Өйткені, Сарайшық - орта ғасырдағы Қазақстан аумағындағы далалық - Жалқы қала. Ол - Алтын Орданың және одан кейінгі құрылған мемлекеттердің қалаларына қарағанда мүлдем өзгеше жағдайда тұр. Сарайшық шаһарының жағдайы неліктен өзгеше? Мүмкін, бұл сауда керуендерінің қарқынды жүруі үшін қызмет жасайтын далалық түкпірге орналасқан қала болуы, немесе, сауда керуендерін азық-түлікпен, сумен және көлікпен қамтамасыз ететін қала болуы да мүмкін. Бірақ, батыс пен шығысты байланыстырушы негізгі сауда жолын құрлықтан теңізге ауыстырғанда да бұл қаланың өмір сүруін тоқтатпағанын қалай түсіндіруге болады?

Алтын Орда құлауына байланысты және Шығыс Дешті Қыпшақтағы хандардың өзара қырқыс-тартыстарынан да аман қалған өміршендігін немен түсіндіруге болады? Сарай тағы басқа қалалар Алтын Орданың ыдырауымен бірге құрып кетсе, Сарайшық бұдан кейінде бірнеше ғасыр өмір сүріп, өз өңіріне елеулі ықпал жасаған еді.

Сарайшық қаласының күйзеліп, тоқырап, ақырында шаһар ретінде маңызының жойылуына тікелей жасалынған қарақшылық жорықтар, үздіксіз жүргізілген тағылық тонаулар мен күшейе бастаған Ресей патшалығының жүйелі және түбегейлі жүргізген отаршылдық саясаттары себеп болған. Сарайшыққа жасалынған қарақшылық жорықтың ұйымдастырушылары орыс-казагы Митя Бритоус бастаған атамандары болатын. Бірақ, бұдан кейін де қала біршама уақыт өмір сүрген.

Сонымен, Сарайшық қаласының өміршендігін қандай пайымдаулармен дәйектеуге болады? Оның Шығыс Дешті-Қыпшақ даласының батыс бөлігіндегі сауда, қол-өнер орталығы болғандығынан ба? Әлде, Жошы ұлысының мәдени, әкімшілік орталығы екендігінде ме? Тарихи деректерден Сарайшыққа Алтын Орда және одан кейінгі мемлекеттердің, яғни Ноғай Ордасы мен алғашқы қазақ хандығының астанасы болғандығынан да, белгілі хандар мен бектердің жерлегендіктерінен бе? Бұл сияқты сұрақтар орта ғасырлық Шығыс Дешті-Қыпшақ қалаларының тарихымен шұғылданушы тарихшы, зерттеушілердің алдынан шығары даусыз және шешімін, ахикатын таппай қоймайтын мәселелер.

Сарайшық сияқты далалық Жалқы қаланың өміршендік құпиясын айқындау. Сондықтан, Сарайшық шаһарының қалай пайда болғанын, оның өсу, көркею, құлдырау және күйреу тарихымен танысып, зерделеу - Қазақстан көне қалаларының тарихын зерттеуге қосылған үлес болар еді.

Өйткені, Қазақстанның өзге аймақтарының орта ғасырлық қалаларының өткен тарихын зерттеуге қарағанда Батыс өңірлері қалаларының зерттелуі кенжелеп қалған.

Бұған ең басты себеп - қазақ елінің Ресей ықпалына енуін бастаған Кіші жүзге байланысты екпінді жүргізілген отаршыл саясаттарды бүркемелеу болатын.

Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы Сарайшық қаласын тарихын зерттеудің ғылыми маңыздылығына дәлел.

Атырау қаласынан 47 шақырым солтүстікке қарай Жайық өзенінің оң жағалауында кәзіргі кезде Сарайшық деген кент бар. Бұл кенттің Сарайшық деп аталуы тегіннен-тегін емес, сол кенттің жанында бұдан мың жылдай бұрын іргесі көтерілген Сарайшық атты Алтын Орданың /орыс деректері бойынша/, немесе Ақ Орданың /шығыс елдерінің деректері бойынша/ кезінде ірі қалаларының бірі болған.

Бұл қала неліктен «Сарайшық» аталды? Бұл туралы мәселе қозғасақ, сол дәуірдің дерек көздеріне жүгінуге тиіспіз. Мысалы, XIV ғасырдың алғашқы жартысында, Қыпшақ даласы арқылы Хорезмге сапар шеккен араб саяхатшысы Ибн-Баттута былай дейді: «Сарайдан шыққан соң он күннен кейін Сарайжук қаласына келдік, ол - Ұлы-су жағасына орналасқан. «Жук», - деген сөз бұл жерде «кіші» - деген мағынада, сонымен бұл қала - Кіші Сарай» [2, с. 192].

Демек, қаланың Сарайшық аталуы - Кіші Сарай атынан туындаған - деп, жорамал жасауымызға болады, өйткені, шаһардың бұлайша аталуы қаланың өмір сүрген кезеңдеріне тұтастай жалғасты және орта ғасырдың біздің дәуірімізге жеткен деректерде де өзгеріссіз сақталды.

Сарай - деп, негізінен ханның ордасы аталған. Олай болса, Сарайшық - бұл ханның екінші ордасы, яғни, жазғы мекені болуы да мүмкін. Немесе, басқа себептермен Алтын Орданың астанасы дәрежесіне жақындаған қала. Бұл пікірімізді нақтылай түсу үшін тағы да Ибн-Баттутаның Сарайшық қаласындағы Алтын Орда ханы Өзбектің (1312–1342 жж.) алтын шатыры туралы жазбаларына сүйенеміз: «Шатыр - алтын жапырақшалармен керілген уықтардан тұрғызылған. Шатырдың ортасында алтын жалатылған тақ, тақтың аяқтары таза күмістен құйылып, үсті асыл тастармен әшекейленген» - дейді [2, с. 283]. Сонымен қатар, белгілі археолог Г.И. Пацевич Сарайшық қаласында 1373–1374 жылдары Алтын Орда тағының мұрагерлері Ильбан хан мен Ала Ходжалардың қоныстанғанын растайды. Бұл дәлелдерден Сарайшық қаласының Жошы ұлысының бір ауданының орталығы болуы мүмкін деген қорытынды жасауымызға әбден болады.

Сарайшық қаласының өмір сүрген дәуірін «Археологическая карта Казахстана» деген жинақта былай деп үшке бөледі: «Бірінші дәуір – XIII–XII ғасырлар, яғни монғол үстемдігіне дейінгі мезгіл, екінші дәуір – XIII–XIV ғасырлар яғни, Алтын Орданың немесе Ақ Орданың кезі, ал үшінші дәуір – XV–XVI ғасырлар, бұл дәуірді ноғайлық дәуір», - деп атаған [4, с. 313].

Алайды, бұл пайымдауларды бүгінгі таңда еш өзгеріссіз мойындап, қабылдау ұлттық тарихымызға жасалған қиянат болар еді. Өйткені, халқымыз: «Елу жылда ел - жаңа, қырық жылда - қазан» деп, елдің қоғамдық дамуының қарқынды қадамын меңзеген сияқты. Бұл халық даналылығын тәуелсіздік алғаннан кейінгі серпінді дамуымыз бен ғасырлар тоғысында, яғни, үшінші мың жылдыққа адамзат қауымдастығының қатарында Қазақ халқының да нық сеніммен енуіне жігерлендірумен қатар, ұлттық тарихымызды жаңа жағдайларға орай терең саралауды міндеттейді. Өйткені, «өткенге көзі жеткеннің - келешекке де көзі жетеді», - дейді халық.

«Текті ұрпақ тегін іздейді» дегендей, халқымыз өткен тарихына аңсары ауып, тарихи деректерге құлаш ұра құмартып, жоғын жоқтайтын ұлттық қажеттілікті туындатқынына қазақтың ғұлама тарихшысы Ермұқан Бекмаханов «Тарих рецептімен жасалмайды. Оқиғаларды бағалағанда біз нақты тарихи жағдайларға, қолдағы бар деректерге сүйенуіміз керек. Не нәрсенің де мәнін түсінуге бастайтын кілт - сол» - деп, халқымыздың санасын алаңдатып отырғ оқиғаларға дұрыс көзқарасты қалыптастырумызға бағыттаған.

Сондықтан тарихшылардың ұлттық тарихымыздың көмескі беттері мен ақтандақтарын толықтыру бағытындағы еңбектерінің маңызы ерекше. Әсіресе, Қазақ

мемлекеттілігінің негізі қалану мерзімін анықтауда тарихшы-ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер орын алған. Мысалы, В.В. Вильяминов-Зернов [5, с. 124–154].

Біздің мақсатымыз бұл авторлардың пайымдау-пікірлерін саралай отыра, Қазақ тарихының бастау алар арналарының бірі - Сарайшық өңірінің және шаһардың алғашқы қазақ хандығы аумағында болғандығын ақиқаттайтын сол дәуірдің белгілі тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидың: «Бұрындық хан Сарайшықта орналасты» - деген тарихи мәлімдемесін келтіре арқылы дәлелдеу [6, с. 324]. Өйткені, алғашқы Қазақ хандығын құруға және біршама күшейіп, нығаюына әкесі - Керей ханмен бірге бар күш-қайратын, қажыр-жігерін арнаған қайраткердің елдің батыс қиырындағы қалаға орнығуы жайдан-жай емес екендігі түсінікті. Басты себеп, Сарайшық шаһарының саяси-стратегиялық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-идеологиялық рөліне байланысты деп ұғынуға негіз болады.

Демек, «Археологическая карта Казахстана» - деген жинақтағы Сарайшық қаласының өмір сүрген дәуірін сипаттайтын «үшінші-кезеңіне толықтырулар енгізуге, сөйтіп, Ноғайлық және Қазақ хандығының - дәуірі», - деп атауға толық негіз бар. Өйткені, халқымызда: «Ноғай – қазақ түбіміз бір, Алтай-Ертіс, Жайықты қылған дүбір» делінуі тегін емес. Сондықтанда болар, Қазақтың арқалы да, азулы Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз және Сыпыра жырауларының «Ноғайлы елі» атынан сөйлеулерінде үлкен мән болса керек. Сонымен қатар, бұрын «Ноғайлының туындылары», -деп есептелінген «Ертөстік», «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» және «Орақ – Мамай» тағы басқа жырлар Қазақ әдебиетінің төл туындылары екендігі бүгінде көпшілікке аян [7, с. 67].

Белгілі тарихшы Б.Б. Ермуханов «ноғайлы» атауының пайда болуын былайша пайымдайды: «Шынтуантқа келгенде «ноғайлы», «өзбек» - қыпшақ сахарасында моңғол шапқыншылығынан кейін қалыптасқан біртұтас этникалық этникалық қауым. Моңғолдар қыпшақ арасына мидай сіңіп, қан арасалып, өз тілдерінен айырылып, түркіленіп, қыпшақтарға да өз әсерін тигізіп, әсіресе идеология (чингисизм), мемлекеттік құрылыс жағынан жаңа ұлыстың (этностың) пайда болуына үлкен себепші болды. Міне, сондықтан да көптеген түркі халықтарының құрамында бұрынғы моңғол тайпалары: Маңғыт, қият, үйсін, дулат, барлас, қоңырат және т.б. кездеседі. Екінші жағынан қарасақ, моңғолдардың саяси үстемдігі кезінде көптеген түркі тайпаларының есімдері жойылып, моңғол атаулары ғана қалған, немесе түркі тайпалары моңғолша аталып кеткен. Осы жаңа этникалық қауымды шығыс деректерінде «өзбек» десе, түркі халықтарының аңыз-жырларында «ноғайлы» - деп атаған. Сөйтіп, өзбек, ноғайлы Дешті-Қыпшақ даласындағы көшпенді тайпалардың ортақ, жиындық атына айналған» [8, с. 129].

Демек, бұдан шығатын қорытында «ноғайлы» алғашқы кезеңде қазақ халқының Шығыс Дешті-Қыпшақтағы жалпы аты деп ұғынуымызға негіз болады.

Немесе, ноғайлық дәуірді XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың бірінші жартысына жатқызып [9, 1; с. 104], төртінші кезең – «XV ғасырдың екінші жартысымен XVI ғасырды Қазақ хандығының дәуірі», - деп айдарласа, халқымыздың дербестікке ұмтылған қайсар, жаужүрек қаһармандығы мен бекзат болмысын тарихи бағалауымыз болмақ. Олай болса, орта ғасырлық Сарайшық қаласының өмір сүрген дәуірін жоғарыда айтылған жинайтағыдай «үш кезеңге» емес «төрт кезеңге» бөліп, қарастырумыз қажет.

Өйткені, қазақ хандығының алғаш ресми мемлекет ретінде қалыптасу кезеңіне айырықша еңбек сіңірген тарихи тұлға – Керей ханның ұлы Бұрындық ханның Сарайшықты мемлекеттің негізгі тірек-тұғыры ретінде пайдалануы саяси-стратегиялық және экономикалық жағынан көреген қайраткерлік еді. Себебі, Сарайшық өңірі – XV ғасырлық екінші жартысында Алтын Орда біржолата ыдырағаннан бермен қарай қуатты саяси біртұтастықты көкसेген Шығыс Дешті – Қыпшақ тайпаларының жайлы қоныс, ата мекені болатын. Екіншіден, қазақ хандығы үшін стратегиялық-әскери жағынан өте тиімді, яғни мыңдаған алаш тайпалары тек-тамыры бір қазақ хандығының құрылуына барынша мүдделігінен қатар, әскери жағынан қолайлы еді, өйткені, жоғарыдағы стратегиялық

мүддеге қарсы тұрар не кедергі келтірер аймақта ешқандай күштер қалыптаспағанды. Үшіншіден, Сарайшықтың Ұлы Жібек жолының маңызды түйіні болуы – оның экономикалық тиімділігін де мойындататын. Бұл туралы, Ә.Х. Марғұлан 1951 жылы Бүкілодақтың археологтардың кеңесінде жасаған баяндамасында былай деген: «Сарайшық қаласы – XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, XV ғасырдың басына дейін Алтын Орданың ең басты қалаларының бірі болды және Шығыс Европамен Орта Азияны, Қытайды өзара байланыстырған керуен жолының өте маңызды түйініне айналды» [10].

Сарайшықтың батыс пен шығысты байланыстырушы аса маңызды мәнін саяхатшылар: Плано Карпини, Вилгельм Рубрук, Ибн Батутта, Джованни Мариньоло, Бальдуччи Пеголотти, Юль және Дженкинсон жан-жақты, бірін-бірі толықтыра сипаттаса, дуалы ауыз тарихшылар: А. Левшин, В.В. Вельяминов-Зернов, П. Небольсин, В.В. Бартольд, Б.А. Греков, А.Ю. Якубовский, А. Чулошников және М. Вяткин тағы басқалар Ұлы Жібек жолының Алтын Орда дәуірінде Сарайшық арқылы өтуінің экономикалық, саяси-стратегиялық мәндерін толық ашқан, яғни, XIII ғасырдың бірінші жартысында-ақ Ұлы Жібек жолының жаңа бір тармағы Каспий теңізінің терістігі арқылы жүргізіліп, халықаралық байланыстың ең ірі, ең тиімді құралына айналуына Алтын Орда хандары Батудан бастап көрегенділікпен зор көңіл бөлген. XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырда Алтын Орда дербес қуатты мемлекетке айналып, оның халықаралық беделі өсіп, нығайып шет елдер мен қарым-қатынасы күшейді. Мысалы, Алтын Орданың Қытаймен, Индиямен, Мысырмен, Кіші Азиямен және Батыс Европамен сауда-саттық байланыстары өркендеді. Көшпелі тайпаларды хандар мен ханзадалар және тайпалардың басқа да белгілі көсемдері мен аумақтары қысқы тұрақты мекендері ретінде сарайларда тұратын болды. Олар қалаларды қиратушылар емес, қайта қалаларды көркейтуші, қорғаушы және қала мәдениетімен сәулетінің қамқорларына айнала бастады [11, с. 205].

Алайда, орта ғасырдағы ірі қалалардың қоғамдық өмірдегі рөлдерінің өсе түскендігін сол дәуірдегі тарихшылар да сүйсіне жазады. Мысалы, Ибн-Арабшах Сарай қаласын суреттей келе, - «өте қысқа мезгілде Алтын Орда хандарының арқасында гүлденіп, даңқты ғалымдардың, шешендердің, шеберлердің қаласына айналды. Бұндай атақты адамдардың бір жерге жиналуы Мысырда да болған жоқ» - дейді [12, с. 463].

Сарай Берке қаласының өз дәуірінде еуразиядағы құлашын кеңге жайған алыпта, әсем шаһар болғандығын, онда 75 мыңдай тұрғын қоныстанғандығын орыс тарихшысы В.Л. Егоров мәлімдейді [13, с. 29].

Жалпы, Алтын Орда қалаларының пайда болып, өсіп-өнуі тарихи-табиғи жолмен жүргендігі белгілі. Бұл жөнінде В.Л. Егоров «Алтын Орда мемлекетінде 110-нан астам қалалардың болғанын және көшпелілер құрған мемлекеттерде қалалардың мұншама өсіп, көбеюіне көшпелілердің орасан зор мемлекет құруына сәйкес, ол мемлекеттердің құрамына отырықшы аймақтардың көптеп енуі, мемлекеттік қоғамдық қатынасының саяси-экономикалық құрылымына пәрменді әсерінен орын алған өзгерістерге тікелей байланысты» - деп түйіндейді [14, с. 23].

Сөйтіп, көшпелілер құрамында тұрақты әкімшілік басқару жүйелерімен орталықтар қалыптасып, салықтар мен силықтар жинау, сан алуан елшілерді қабылдау және аттандыру, дипломатиялық байланыстармен айналысатын мемлекеттік аппараттар пайда болды. Мұндай орталықтар әдетте хан ордасының қысқы мекенінде, яғни мал-жанға бірдей жайлы сулы-нулы жерлерде ірге орнықтырды.

Бір орталыққа шоғырланған ақсүйектер мен бай мемлекеттік шенеуніктер пайдакүнем саудагерлерді де қызықтыра өзіне тартып, мұндай орталықтарда тұрақты жәрмеңке базарлардың қалыптасуы мен қалалар халқының өсуіне жағдай жасады. Қалаларда қоғамдық мүддеге жеке сарайлар мен тұрғын үйлердің көптеп салынуы ерікті, еріксіз құрылысшылар мен қолөнер шеберлерінің де жиналуына себеп болды. Ақырында Алтын Орда қалаларының өсіп, көркейе түсуіне – ислам дінін мемлекеттік – деп жариялауда айрықша ықпал еткені даусыз. Өйткені, діни насихат орындары әсем мешіттер мен медреселер жиі салынып қалаларға көрік беріп тұрды.

Демек, Сарайшықтың біріншіден, әсем шаһарға айналып, көркеюіне батыс пен шығысты байланыстырушылық рөлі, Екіншіден Алтын Орда хандарының жүргізген экономикалық және саяси-стратегиялық бағыттары; үшіншіден, Сарайшық қаласының географиялық қолайлы орналасуы да ықпал еткен деп түсінуіміз қажет. Бұл жөнінде Ибн-Баттута былай дейді: «Біз –Ұлы су жағасындағы Сарайжук қаласына келдік. Бұл қалада Ұлысуға Бағдаттағыдай жүзбелі көпір салынған. Қалада өте ұзақ ғұмыр кешкен Ата (түрікше) бар екен, ол бізді қонақтап, батасын берді» [15, с. 90–91].

Өз дәуірінде Сарайшық қаласын Алтын Орда және Ноғай ордалары аса қасиеттеп, қадірлеуіне негіз болған себептердің бірі ретінде Әл-Бирзалидың, Ибн-Арабшахтың, Абулғазының және Қадірәлі бектердің мәліметтері бойынша Менгу-Темір, Тахтоғу, Жәнібек, Тәнібек, Бердібек хандар мен ноғайдың Исмайл мен Ораз бектері жерленгенін келтіруімізге болады [16, 264].

Халқымыз ата-баба мүрделері жатқан жерлердің киелі қадір-қасиеттеріне өмір бойы бас иіп, ұрпағына мәңгі аманаттап, көздің қарашығындай сақтауды мирас еткен.

Бұл пікірімізді ғұлама тарихшы В.В. Бартольд былайша нақтылай түседі: «Сарайшық қаласы Алтын Орда хандарының жерлеу орны болып саналды. Моңғолдар ислам дініне кірмей тұрып-ақ хандар сүйегін Сарайшыққа жерлеген» [17, с. 395].

Ал, бұл неліктен? Әлде тарихи кездейсоқтық па? Мәңгі Темір Алтын Орданы 1266–1280 жылдары билегені белгілі. Бұл дәуір Алтын Орданың бүкіл Дешті-Қыпшаққа тіпті Еуразия құрлығына тұтастай қаһары мен ықпалының дәуірлеп тұрған кезі болатын. Оған дәлел, дәл осы кезеңде хан Мәңгі Темір Моңғол империясынан мүлдем тәуелсіз билік жүргізуіне орай, Алтын Орда қалаларының да ішкі-сыртқы рөлдері барынша нығая бастады. Міне, осы кезеңде Сарайшықтың да маңызы арытып, Мәңгі Темір ұрпақтарының не бауыр-туыстарының ұлыс орталығына айналуы және Алтын Орда дербестігінің тарихи дәлелі ретінде тәуелсіздікке қол жеткізген Мәңгі Темір ханға ерекше құрмет ретінде оны Сарайшыққа жерлеуі әбден мүмкін. Осылайша, тарихи деректерде көрсетілгендей Сарайшықтың Алтын орда хандарының жерлеу орнына айналуын Мәңгі Темір ханның Сарайшықта топырақ бұйыруы бастайды.

Сонымен, Сарайшық қаласы VIII–XVI ғасырларда Қазақстанның батыс аймағының экономикалық, мәдени өміріндегі аса зор рөл атқаратындығы жоғарыда келтірілген тарихи деректермен тарихшы ғалымдардың сындарлы да, келелі пікірлерінен айқын көрінеді.

Сарайшық қаласы Алтын Орданы Берке хан билеген кезден бастап, идеологиялық – мәдени маңызды орталық болған деген қорытынды жасай отыра, өлкенің өркениетіне елеулі үлес қосқанын мақтанышпен мәртебе тұтып, халқымыздың өткен жолдарын қажымай-талмай зерттеп, көпке мәшһүр етуді міндеттейді. Мысалы Әбілғазының шежіресі бойынша Берке хан ислам дініне Сарайшықта мінәжат етіп, мұсылман болған және бұл бағытын өз бауыры Тоқай Темір мен ұрпақтарына өсиет еткен. Сондықтан да, ата өсиетіне адал Өзбек хан ислам дінін мемлекеттік дінге айналдырып, Сарайшық сияқты ірі қалаларда мешіт, медреселер салғызып, дін қасиеті мен беделін өзінің саяси билігін, абыройын арттыруға шебер пайдаланған. Бұл жөнінде Ибн-Баттута былай дейді: «Өзбек ханның үнемі сақтайтын әдеттерінің бірі – жұма намазын өтегеннен кейін ғана, алтын шатырына келіп, алтын тағына жайғасып, содан соң мемлекеттік ісіне кірісетін».

Орта ғасыр дәуірінде Дешті Қыпшақта егіншіліктің болғанын, әсіресе, бұл кәсіппен қыпшақтардың кедей бөлігінің айналысып, күнкөріс үшін тары, арпа, бидай өсіргенін дәлелдейтін деректер мол. Бұл әсіресе, Алтын Орда кезеңінде мемлекеттік жүйеге айналып, жер салығы – харадж, жылдық өнімнің 1/10 бөлегін, құшыр салығы бойынша әрбір 100 бастан 1 (бір) бас мал мөлшерінде алынған. Қала халықтарының негізгі бөлігін құрайтын қолөнершілер мен саудагерлерден баж салығы алынған [68287]. Сонымен қатар, әскерге және жаушылар мен саяхатшыларға лау (көлік), лаушы, көпір салу, құдық қазу, қорған-бекініс салу тағы басқа жұмыстарға халық бұқарасы тегін жұмыс жасауға мәжбүр болды.

Осылайша, Алтын Орда ауқамында отырықшылық пен қолөнер бірте-бірте ұлғайып, соның нәтижесінде қалалардың да рөлі нығая берді. Мысалы: Каф, Судак, Керчь, Азау, Бұлғар, Сарай, Сарайшық, Үргеніш, Сауран, Сығанақ, Отырар тағы басқа шаһарлар Жошы ұлысының экономикалық, саяси-стратегиялық өмірінде аса зор рөл атқарған.

Сонымен, Сарайшық қаласы қалыптасуын және көрікті де салтанатты шаһарға айналуына: біріншіден, оның ірге көтерген орнының жағрапиялық жағынан аса маңыздылығы болса; екіншіден, қаланың Ұлы Жібек жолының бойында орналасып, оған шаһар мен тұрғындардың кәсіби жағынан бейімделіп, қызмет көрсетуі;

Үшіншіден, қаланың көркейіп, маңызының арытуына Алтын Орданың Мәңгі Темір тұсында моңғол империясынан дербестігін біржолата алуы;

Төртіншіден, Алтын Орда тарихында елеулі із қалдырған Мәңгі Темір хан бастаған хандардың жерленуі;

Бесіншіден, шаһар салтанатының артып, сәулеттене түсуіне Сарайшықтың Шығыс Дешті-Қыпшақтағы рухани орталыққа айналуы негіз болған.

Әдебиеттер тізімі

1. Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. «Древние города Казахстана», ИИАЭ, Ан. Каз.ССР. 1971; Сенигова Т.Н. «Средневековой Тараз». ИИАЭ. АН.Каз ССР, – А., 1972; Пищулина К.А. «При Сырдаринские города, их значение в истории казахских ханов в XV–XVII вв». В.сб: Казахстан в XV–XVII вв. – А., 1969.
2. Материалы по истории Казахских ханов XV–XVII вв.
3. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды (СМИЗО) Т1, – СПб., 1884. – М., 1941.
4. Археологическая карта Казахстана. – А., 1960.
5. Вельминов-Зернов В.В. «Исследование о Касымовских царях и царевичах», – Т.1. – СПб., 1863.
6. Мұхаммед Хайдар Дулати. «Тарихи-и Рашиди». – А., 1999.
7. Бартольд В.В. «К вопросу о погребальных обрядах турков и монголов» Соч, – Т.4. – М., 1966.
8. Утемиш-Хаджи. «Чингис-наме». – А., 1992.
Из исторических источников нам неизвестно, что реальный Идигу уже в ранней молодости проявил себя в судебной деятельности. Однако, например, Ч.Ч. Валиханов, описывая казахский суд биев, приводит примеры, когда такими народными судьями могли становиться и в 13–14 лет [1, с. 87] – а ведь именно в таком возрасте стал судить и сами Идигу согласно татарской версии дастана. Правда, такие юные судьи должны были хорошо знать степное право, а такими знаниями могли обладать лишь сыновья биев или родоплеменных вождей. Учитывая, что Идигу являлся потомственным вождем племени мангыт, можно допустить, что анализируемый фрагмент дастана мог иметь под собой реальные основания.

Далее в той же главе татарской версии дастана «Идегей» описывается, как главный герой судил и приговорил к казни своего сверстника:

Среди девяноста детей	«Вора следует наказать!
Был сын Дюрмена Урман.	Соизволь, судья, приказать:
В душе его жил обман.	Арканом волосяным
С детских лет воровство	Злодея к скале привязать,
Было занятем его.	Голову отрубить ему.
Он воровал у детей игрушечных лошадей.	Из девяноста своих парней
Трижды крал – не был пойман Урман.	Приказал Идегей одному
В четвертый раз был пойман Урман.	Сделаться палачом.
Девяносто знатных детей,	Был палачом обезглавлен вор.
Порешив покончить со злом,	Стал известен в стране приговор
Идегею били челом:	[7, с. 25].

Отец казненного, бий Дюрмен, обратился к хану Токтамышу с жалобой на действия Идигу, и хан вызвал юного судью к себе для разбирательства. Большой интерес представляет ответ Идигу хану и реакция на него золотоордынского монарха:

«Великий хан! – сказал Идегей. –	Твердо, правильно поступил.
Таков закон в державе твоей:	Он закон соблюдает наш.
Если, трех укравши коней,	Нам ли судить сурово его?
В четвертый раз попадетя вор, –	Слово хана – слово его!
Повелевает твой приговор	Четырнадцать запутанных тяжб
Вору голову отрубить.	Он распутал на айдале.
Так я и велел поступить.	Знаменит он в моей земле.
Пойман Урман в четвертый раз.	Девяносто детей поборов,
Мой приказ – это твой приказ,	Стал он у них на челе.
А дальше будет, как повелишь»	Суд его наказует воров.
С места встав, сказал Токтамыш:	Мой закон – основа его.
«Эй, Дюрмен, верный мой страж!	Мне ли судить сурово его?»
Этот юноша, Кубугыл,	[7, с. 26–27].

Если проанализированный выше фрагмент позволял говорить о суде Идигу как родоплеменного предводителя мангытов, то в данном пассаже мы видим уже несомненное отражение в действиях Идигу осуществление правосудия в рамках системы монгольского имперского (и, следовательно, золотоордынского) права.

Принцип, согласно которому за многократную кражу и в особенности за конокрадство в Монгольской империи и Золотой Орде приговаривали к суровым наказаниям, в т.ч. и к смертной казни неоднократно находит отражение в записках современников. Голландец Вильгельм де Рубрук, посланец французского короля Людовика IX к монгольскому хану Мунке в 1252–1253 гг., писал, что монголы «карают смертью за огромную кражу. За легкую кражу, например, за одного барана, лишь бы человек нечасто попадался в этом, они жестоко бьют, и если они назначают сто ударов, то это значит, что те получают сто палок» [5, с. 102]. Венецианский путешественник Марко Поло, много лет проведенный при дворе хана Хубилая (1270–1290-е гг.), также отмечал: «Суд творят вот как: кто украдет, хоть бы и немного, – тому за это семь палочных ударов, или семнадцать, или двадцать семь, или тридцать семь, или сорок семь, и так доходят до трехсот семи, увеличивая по десяти, смотря по тому, что украдено. От этих ударов многие помирают. Кто украдет коня или что-либо другое, – тому за это смерть; мечом разрубают его; а кто может дать выкуп, заплатить против украденного в десять раз, того не убивают» [10, с. 91]. Практически дословно эту же правовую норму воспроизводит, но уже применительно к Золотой Орде, итальянский францисканец Джованни Элемозина в «Книге многочисленных историй» (1336 г.): «За небольшое воровство вор получает в суде 7 ударов палкой, и чем больше воровство, тем более увеличивается число ударов. Однако при воровстве лошади... вора убивают. Однако, если он хочет отдать украденное, прибавив другого столько же, сколько он украл, его отпускают» [23, с. 114]. В связи с этим небезынтересно отметить, что в соответствии с эпической традицией даже начало военных действий Идигу против Токтамышша, завершившихся в конечном счете свержением хана, было вызвано стремлением наказать ханских подданных, которые похитили лошадей у подданных Идигу [18, с. 68].

Таким образом, эпическое сказание достаточно четко отражает принципы «ханского» золотоордынского права. Это подтверждается и последующими словами хана Токтамышша: «Слово хана – слово его». По сути, это выражение отражает принцип назначения официальных судей-дзаргучи в чингизидских государствах XIII–XIV вв.: каждый такой судья назначался специальным ханским ярлыком, в котором, помимо самого назначения, также содержались указания, на основании чего он должен судить. Основными источниками для принятия судебных решений или вынесения приговоров служили правовые установления Чингис-хана (Великая Яса), а также законодательство, вводимое указами-ярлыками его преемников. Тексты подобных ярлыков дошли до нас в составе средневековых исторических сочинений, в частности – в «Дастур ал-хатиб фи тайин ад-маратиб» Мухаммада б. Хиндушаха Нахчивани (государство Джалаиридов в Иране, 2-я пол. XIV в.) [25, с. 466–468]. Таким образом, Токтамышш в дастане фактически придает законность суду Идигу над его сверстником и назначает его официальным золотоордынским судьей. В казахской версии это выглядит следующим образом: «Поезжай ты вокруг неперелетимого моря, вокруг озера прохлаждайся. Если из Крыму придут споры, решай их, Идыге» [2, с. 239]. В татарской версии дастана это подтверждается следующим пассажем:

Стал служить Идегей земле.

Честно судил и правил он.

От поборов, и войн, и тяжб

Свой народ избавил он [7, с. 29].

Вполне возможно, что в данном случае нашли отражение события начала 1390-х гг., когда после первого нашествия Амира Тимура на Золотую Орду (1390–1391 гг.) Токтамышшу пришлось отдать восточную часть государства фактически в самостоятельное

владение Идигу, который приобрел там высшую административную и налоговую власть [6, с. 94; 18, с. 66–67; 24, с. 149]. Причем в его подчинение попали не только собственные подданные-мангыты, но и другие эмиры, и даже некоторые царевичи-Чингизиды (в частности будущий родоначальник казахских ханов Борак-султан) [19, с. 237–238], которые все вместе в эпосе описываются как «народ» Идигу.

Однако, как известно, исторический Идигу не занимал поста официального имперского судьи-дзаргучи. Начав свою карьеру в качестве родоплеменного предводителя (и вследствие этого, как мы предположили выше, судьи на основе обычного права), в дальнейшем он стал высокопоставленным государственным сановником. Официально же высшим постом, который он занимал, являлась должность бекляри-бека [18, с. 69–70] – фактически «премьер-министра» и одновременно «министра обороны» Золотой Орды. Попытаемся разобраться, мог ли он, занимая такое место в золотоордынской политической системе, иметь судебные полномочия, т.е., опять же, выясним, могли ли в дастане «Идегей» найти отражение реальные факты из биографии Идигу.

Исследователи уже высказывали предположение, что бекляри-бек обладал высшей судебной властью (за исключением хана, который мог изменить или отменить любое судебное решение и любой приговор) [11, с. 159]. Это вполне логично вытекает из статуса бекляри-бека как верховного главнокомандующего, в подчинении которого находились темники, тысячники и т.д. Каждый из этих военачальников являлся одновременно и главой соответствующей административно-территориальной единицы (тумена-тьмы, тысячи и т.д.), в рамках которой обладал полнотой не только военной, но также административной и судебной власти. Соответственно, предводительствуя ими, Идигу как бекляри-бек имел право пересматривать их решения. В результате, как сообщает среднеазиатский историк XV в. Муин ад-Дин Натанзи («Аноним Искандера»), «Идигу установил тонкие обычаи (тура) и великие законы (ясак) и люди из привольности попали в стеснение» [15, с. 133]. Вероятно, речь идет о попытках бекляри-бека восстановить единство Золотой Орды и вернуть силу тому законодательству, на котором базировалась система «ханских» судов-дзаргу.

Со временем Идигу приобрел положение фактического временщика Золотой Орды, по своей воле возводившего на престол и свергавшего ханов. Неслучайно в средневековых источниках он характеризуется либо как «делатель королей», «князь над князьями», имя которого даже чеканилось на золотоордынских монетах вместе с ханским [3, с. 238; 6, с. 95; 8, с. 34; 13, с. 435, 445; 18, с. 70], либо даже сам как «царь» или «владелец» Дешт-и Кипчака, т.е. хан, Золотой Орды [14, с. 454, 531–532; 16, с. 25].

В результате Идигу приобрел совершенно уникальный статус: он одновременно являлся и бекляри-беком, высшим сановником Золотой Орды, и «патриархом» джучидской знати [18, с. 71], соответственно, обладая судебными полномочиями и как руководитель золотоордынской администрации, и как самый авторитетный родоплеменной предводитель. Неслучайно в памяти своих потомков он остался не только как золотоордынский временщик и основатель Мангытского юрта (Ногайской Орды), но и как «над судьями судья» [12, с. 39; 17, с. 120]. Т.е., именно к нему могли обращаться с обжалованием решений и приговоров как дзаргу, представлявших собой официальные «ханские» суды Золотой Орды, так и суда родоплеменных предводителей (впоследствии – суд биев).

Таким образом, нам удалось обнаружить, что в эпосе «Идегей» могли найти отражение реальные историко-правовые реалии поздней Золотой Орды, связанные с организацией судебной системой этого государства в эпоху хана Токтамышша и эмира Идигу. Естественно, не следует забывать, что по своей структуре это дастан является сложным, многосоставным сочинением, создатели которого не преследовали цели буквально следовать историческим событиям. Поэтому его сведения не следует понимать буквально и искать прямые соответствия между ним и официальными историческими летописями, хрониками, официальными документами и пр. Однако, как представляется, в

сочетании с сообщениями других источников эти эпические сведения позволяют более разносторонне и, пожалуй, более живо представить правовые и судебные (процессуальные) реалии Золотой Орды рубежа XIV–XV вв.

Список литературы

1. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе // Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. 4. – Алма-Ата, 1985. – С. 77–104.
2. Валиханов Ч.Ч. Идиге (джир) // Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова / Под ред. Н.И. Веселовского. – СПб., 1904 (Записки Императорского РГО по отделению этнографии. – Т. XXIX). – С. 223–264.
3. Валиханов Ч.Ч. Извлечения из [Джами ат-таварих. Сборник летописей Жалаири] // Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. 1. Алма-Ата, 1984. – С. 228–249.
4. Валиханов Ч. Ч. [О формах казахской народной поэзии] // Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. 1. – Алма-Ата, 1984. – С. 280–286.
5. [Вильгельм де Рубрук]. Путешествие в восточные страны Вильгельма де Рубрук в лето благодати 1253 // Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука / Пер. А.И. Малеина; ред., вступ. ст. и прим. Н.П. Шастиной. – М., 1957. – С. 87–194.
6. Ибн Арабшах. История амира Темура / Сокр. пер. с узб. Х.Н. Бабабекова. – Ташкент, 2007.
7. Идегей: Татарский народный эпос / Пер. С. Липкина. – Казань, 1990.
8. Иоганн Шильтбергер. Путешествие по Европе, Азии и Африке / Пер. Ф.К. Бруна, пред. и коммент. З. М. Буниятова. – Баку, 1984.
9. Қазақтың ата заңдары. Древний мир права казахов. – Т. III. – Алматы, 2004.
10. Книга Марко Поло / Пер. с фр. И.П. Минаева; ред. и вступ. ст. И.П. Магидовича. – М., 1956.
11. Островски Д. Монгольские корни русских государственных учреждений // Американская русистика. – Самара, 2001. – С. 143–171.
12. Посольская книга по связям России с Ногайской Ордой (1489–1508 гг.). – М., 1984.
13. Сафаргалиев М. Г. Распад Золотой Орды // На стыке континентов и цивилизаций: Из опыта образования и распада империй X–XVI вв. – М., 1996. – С. 277–526.
14. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I: Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1884.
15. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т. II: Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.; Л., 1941.
16. Трепавлов В.В. Беклербек в структуре монгольской и тюркской государственности // Золотоордынское обозрение. – 2014. – № 2 (4). – С. 21–34.
17. Трепавлов В.В. Едигей во главе Золотой Орды: опыт чагатайской эмиграции // Древняя Русь. Вопросы медиевистики. – 2019. – № 1 (75). – С. 118–121.
18. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – Казань, 2016.
19. Ускенбай К.З. Восточный Дашт-и Кыпчак в XIII – начале XV века. Проблемы этнополитической истории Улуса Джучи. – Казань, 2013.
20. Усманов М.А. Татарские исторические источники XVII–XVIII вв. – Казань, 1972.
21. Утемиш-хаджи. Кара таварих / Пер. И.М. Миргалеева, Э.Г. Сайфетдиновой; ред. И.М. Миргалеева. – Казань, 2017.
22. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме / Факсимиле, пер., транскр., прим., исслед. В.П. Юдина. – Алма-Ата, 1992.
23. Хаутала Р. Латинские источники о миссионерской деятельности францисканцев в Золотой Орде в правление хана Узбека (1313–1341) // Исторический вестник. – Т. 25. – 2018. – С. 76–119.
24. Шараф ад-Дин Али Йазди. Зафар-наме. Книга побед Амира Темура / Пер. со староузб., пред., коммент. и указ. А. Ахмедова. – Ташкент, 2008.

25. Эдиге: Ногайская эпическая поэма / Под ред. Н.Х. Суюновой. – М., 2016.
26. Hammer-Purgstall J. von. Geschichte der Golden Horde, das ist: der Mongolen in Russland. – Pescht, 1840.

Резюме

В статье предпринимается попытка анализа сведений эпоса (дастана) «Идегей», касающихся судебной деятельности известного золотоордынского и ногайского деятеля Идигу (1352–1419). Используя историко-правовой и сравнительно-исторический методы, автор соотносит сведения эпоса с историческими источниками – хрониками и летописями, средневековыми историческими сочинениями, официальными актовыми материалами. Целью исследования является выяснение, насколько в эпическом произведении нашли отражение правовые реалии Золотой Орды рубежа XIV–XV вв. Автор приходит к выводу, что сведения эпоса могут отражать статус реального Идигу как бия – родоплеменного предводителя и судьи на основе обычного права, а также и как бекляри-бека – высшего сановника Золотой Орды, обладавшего, в т.ч. и судебными прерогативами уже на основе официального «ханского» золотоордынского права.

Summary

The article is an attempt to analyze the information in the “Idegey” epic related to judicial activity of Idigu (1352–1419), famous Golden Horde and Nogay Horde statesman. Basing on historical legal and comparative historical methods author compares the information of epic with historical sources such as chronicles, medieval historical works and official acts. The goal of research is to clarify how legal realities of the Golden Horde at the edge of 14th–15th cc. were reflexed in the epic work. Author finds that epic information may reflex the status of historical Idigu as biy (tribal leader and judge on a base of nomadic legal tradition) and as beqlary-beq (high official of the Golden Horde with judicial authority in accordance with the Golden Horde “khan’s” law).

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАРИХЫМЫЗДЫҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

Т.З. Рысбеков, т.ғ.д., профессор,
Қазақстан Республикасы ҰҒА құрметті мүшесі
М.Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан мемлекеттік университеті,
Б.Ғ. Шынтемірова, т.ғ.д., профессор
Батыс Қазақстан инновациялық-
технологиялық университеті

Егемен елдің ертеңі сенімді де серпінді дамуы үшін ұлттық белгілердің, соның ішінде атадан балаға мұра болып келген ерлік дәстүрі, патриоттық тәрбие ұдайы назардан тыс қалмауға тиісті. Туған анасын, елін, халқын, тілін, Отанын сүю мәселесі – сол халықтың тұрмыс-тірлігін, келбетін, сондай-ақ дүниетанымын дамытып, келешекке оң бағыт береді.

Батыс Қазақстан өңірі – қазақ елінің бір бөлігі. Олай болса, оның тарихы да қазақ халқы тарихының бір құрамы екендігіне шек келтіруге болмайды. Сол тарихқа сүбелі үлес қосатын да жалпы қазақтың бір құрамы Батыс Қазақстан аймағының жұрты болмақ.

Егер тарих тұңғышына бойласақ, қазақтың батырлық дастандары «Ер Көкше», «Ер Сайын», «Ер Тарғын», «Шора батыр», «Қамбар батыр», Мамай, Тоқтамыс, Едіге Ноғай хандығы дәуіріндегі жырлардан өз арнасына тартатындығы белгілі. Олар ру һәм тайпа

шеңберінде емес, ел ынтымағына, ел бірлігіне ұйтқы болған ұлттық батырлар ретінде дәріптеледі. Сол сияқты халық ауыз әдебиетінде Орақ, Қарасай, Қазі батырлардың да ерлігі жайында аз айтылмайды.

Кіші Жүз халқы, - Шоқан Уәлиханов айтқандай, батырлар ұрпағы. Кіші жүздіктердің турашыл, өр мінезді, батылдығы мен батырлығы барша қазаққа мәлім. Осы өлкеден қазақтың тұңғыш ойшылы, философ әрі ақын Асан Қайғының, тамаша ақын-жыраулар Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіздің (XV–XVI ғғ.) шығуы да заңды. Даналығымен, көрегендігімен атағы шыққан Әйтеке бидің «29 рудан құрылған, санымен де, батырлығымен де бәрінен асқан, тәуелсіздігімен даңқы шыққан «Кіші жүз» деп мақтан етеді».

Тарих сахнасына «Әбілқайыр, Сырым, Махамбет, Исатай, Қаратай, Арынғазы, Жоламан, Есеттей айбынды да екпінді, сүйікті де сүйкімді, қайғылы да мұңды, сегіз қырлы, бір сырлы ұлт-азаттық қозғалысының көсемдері шықты. XX ғ. басында қоғам қайраткері Х.Досмұхамедұлы «Кіші Жүздің Ресейге қосылғаннан кейінгі 150 жылдық тарихы қанмен жазылған тарих» - деп тұжырымдады. Шынында да, XVIII–XIX ғасырларда патша үкіметінің отаршыл озбырлығына қарсы Қазақстанда 300-ге жуық ұлт-азаттық көтеріліс болды деп шамаласақ, соның едәуір бөлігі осы аймақтың еншісінде [1, 5-б.].

Биылғы жылы 100 жыл толатын Алашорда тарихына да Батыс өлке ерекше үлес қосты. XX ғ. басында қазақ мемлекетін қайта түлету жолындағы Күнбатыс Алашорда жетекшілерінің, сонымен қатар, қазақ елінің келешегін кеңестік жолмен байланыстырған өлкеден шыққан ұлт қайраткерлерінің атқарған еңбектері орасан зор. Өйткені сол кездегі елдің болашағы үшін саяси күресте бағыт-бағдарламалары, жолдары бірде түйісіп, бірде түйіспегенімен олардың алдына қойған мақсат-мұраттары елдің, халықтың амандығын, болашағын сақтау болатын.

Өткенін білмеген елдің болашағы да бұлыңғыр екені әмбеге аян. Осыдан да болар тәуелсіздік тізгіні қолымызға тигеннен бері еліміздің өткен тарихын қайта зерделеу, ақтандақтардың ақиқатын айқындау мәселесі мемлекеттік деңгейдегі маңызды шаруалардың алдыңғы қатарынан орын алып келеді.

Бүгінгі таңда Батыс Қазақстан өлкесі тарихшыларының өлке тарихының алдағы уақытта кешенді түрде жүйеленіп жазылуына өлке тарихына қатысы бұрын беймәлім болып келген көптеген жаңа мұрағат деректерінің ғылыми айналымға енуіне, сол арқылы жаңа көзқарас, пайымдаулар мен тұжырымдардың қалыптасуына өзіндік оң ықпал, әсерін тигізетін еңбектерді жарыққа алып келетіндігіне сенімдіміз. Дегенмен, өлке тарихының барлық бедерлі белестері түбегейлі зерттелді деуге әлі ерте. Себебі әлі де өлке тарихының келелі мәселелері туралы зерттеуді және жаңа концептуальды тұжырымдарды қажет ететін, толыққанды ашылмаған ақтандақ беттері баршылық.

Өлке тарихын зерттеудің құндылығын, ұлттық және қазақстандық патриотизмдегі рөлін айта отырып, алдағы уақытта ерекше мән беріп, көңіл аударатын зерттеу мәселелерін атап өтуді орынды ғой деп есептейміз. Олар: біріншіден, Батыс Қазақстан (бұл республика тарихына да қатысы бар деп ойлаймыз) тарихының жүйелі әрі кешенді тарихын зерттеу үшін мұрағат қорларындағы ғылыми айналымға енбеген өз кезегін күтіп жатқан мыңдаған тарихи құжаттарды жинақтау арқылы әр кезеңнің тарихына арналған деректер мен құжаттар жинақтарының топтамасын жарыққа шығару; екіншіден, өлке тарихының уақыт оздырмай қолға алатын мәселесі – көне қалаларды сақтау; үшіншіден, Кіші Жүз қазақтары мен Еділ-Жайық өңірін мекендейтін (бұрын мекендеген) басқа ұлт, ұлыс өкілдерімен қарым-қатынас тарихы жаңа қырынан зерделенуі қажет; төртіншіден, Батыс Қазақстанды мекендейтін қазақ руларының шежіресі тарихи деректер негізінде жазылуы керек; бесіншіден, обалар тарихын зерттеп, бір жүйеге келтіру қажет; алтыншыдан, әр дәуірде өңірден шыққан ақын, жырау, әнші, күйші, қаламгер, шежіреші тұлғалардың өмірі мен шығармаларын зерттеп, олардың артына қалдырған мұраларын жүйелеп, қалын жұртшылыққа жариялау, сол арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізу керек;

жетіншіден, XIX ғасыр басында Ресей империясының құрамында жаңа ұлттық-территориялық бірлік формасы ретінде құрылған Бөкей Ордасының тарихы да толық, түбегейлі зерттеуді қажет етеді; сегізіншіден, Батыс Қазақстан өңірінен шыққан әр дәуірдегі тарихи тұлғалардың, ұлт қайткерлерінің тарихын зерттеуді одан әрі жалғастырудың маңызы зор; тоғызыншыдан Батыс Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, саяси қуғын-сүргін, өлкедегі демографиялық процесстер соны мұрағат деректері негізінде бүгінгі күннің талабына сәйкес қайта қаралуы тиіс; оныншыдан, өлкеміздегі қала, аудан, ауыл, өндіріс орындарының әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму тарихын зерттеу, оларды топтама түрінде жарыққа шығару.

Ақиқат жалғыз болғанымен, оған жол тарам-тарам, бірнешеу. Сол себепті де ел мен жер тағдыры, ұлт-азаттығы мен тәуелсіздігі үшін бел шешіп күрескен, сол жолда шарт болған зиялыларымызды ұлықтау бүгінгі ұрпақтың тарих алдындағы парызы болмақ. Өлке тарихының өткендегісін жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеп, саралау бүгінгі таңдағы маңызды міндеттердің бірі болмақ. Ал, оның тарихымыздың қалтарысты, қатпарлы тұстарына сәуле жүгіртіп, жастарды тәуелсіз тұрмысымыздың парқын пайымдап, қасиет – қадірін түйсінуге жетелері сөзсіз. Десек те, Батыс Қазақстан тарихын тұтас Қазақ мемлекетінің тарихынан бөліп қарауға болмайды.

Ең бастысы, бүгінгі таңда мемлекетіміздің қалыптасқан белесінде біз өз тарихымыздың осы заманғы ғылымның биігінен пайымдауға және ұлттық тарихтың бөлінбейтін бейнесін қалыптастыруға тиіспіз. Ол үшін жасық, жалтақ ойлар мен қате тұжырымдардан арылуға тиіспіз, еліміздің тарихын бес ғасырлық шеңбермен шектемеуіміз қажет. Ал ол үшін біз зерттеу әдіснамасы мен оның жазылу тілін де өзгертуге тиіспіз. Біз әдетте басқа тілде жазылып, содан кейін ана тілімізге аударылған тарихқа әуеспіз.

Тарихты арқашан тек ақиқат – шындықпен ғана асқақтауға, ал жалған, өтірікпен қаралауға болатынын басшылыққа алу қажет. Тарихқа шын ғылыми, объективті және диалектикалық түрдегі көзқарас оқиғалардың брысына ықпал еткен жеке тұлғаларға дұрыс баға беруді де білдіреді. Тарих ғылымның дамуының тұтас пішімін жасау барысында тарихшылардың жас буынының бір бөлігі бүгінгі күннің сынын көтере алмаған өзіне дейінгі тарихшылардың мұрасына сүйенуі керек. Өйткені олардың көбісі бағалы ақпаратқа толы, оның ішінде біздерге тарихи оқиғаларды дәстүрлі сипттауды жаңаша бере алатын өз мезгілі туралы жан-жақты сыни талдау да бар.

Қазақ елінің тарихының қай кезеңінде де Ұлы даланы мекен етушілер өздерінің тәуелсіздігі мен дербестігі үшін күресті тоқтатқан емес, оны толассызжүргізіпөтырды. Тәуелсіздік жолы – тақтайдай тегіс болмайтынына біз өткен тарихымыздан көз жеткіздік.

Дүниеде тәуелсіздік пен бостандықты, теңдікті аңсамайтын бірде-бір адам, бірде-бір халық жоқ. Тәуелсіздік жолында күрескен халықтар әлі жеткен кезде жеңді. Әлі жетпеген кезде жеңілді. Олай болса, ата-бабаларымызға да қкпелей алмаймыз. Олар әрқашан жеңіске жете қоймаған. Әйтсе де бүгінге дейін желісін үзбей келе жатқан өзекті күрес болмаса, бүгін де жеңіске жете алмас едік. Сондықтан да осы ақиқатты терендей ұғып, қастерлеп, қолымыз жетіп отырған тәуелсіздікті түпкілікті баянды етуге күш салуымыз керек.

Өткенімізге көз салсақ, байтақ өңірді игерген көшпенділер қоғамдық ондірістің ерекше табиғи жағдайларға бейімделген, төрт түлікті бағып-күтуге лайықталған, бітімі бөлек мәдени-шаруашылық тұрпатын жасақтады.

XIII ғасыр басындағы моңғол шапқыншылығы кезінде Шыңғыс хан көшпенділерді қарудың күшімен біріктіріп, бір орталықтанған билік жүргізуді және салық төлеуді көздегенде, бұл қазақ жерінің бірігуіне жағдай жасады.

Қазақ хандығының дүниеге келуі – қазіргі Қазақстан жерінде, ежелден бастау алған әлеуметтік-экономикалық және этносаяси процестердің заңды нәтижесі болды.

XVIII ғасырдың басында Орталық Азияда сыртқы саяси жағдай күрт шиеленіскенде қазақ халқы Жоңғория секілді азулы басқыншыға қарсы екі жүз жылдық күрестің ең ауыр

жүгін жеке өз мойнымен көтерді. Осы бір ерлік ғасырында қазақ халқы небір кемел қолбасшылар мен ержүрек батырларды тарих сахнасына шығарды. Өз Отанының тағдыры мен тарихи болашағын тереңнен ойлай білген Әбілхайыр хан мен Абылай ханның дипломатиясы кемеңгерлік пен көрегендіктің тамаша үлгісі болды. Олардың саясаты бізді ұлт ретінде құрып кетуден сақтап қалды.

Одан кейінгі кезеңде Ресей империясының отарлау елді Тәуелсіздіктен айырды, халықтың отарлық езгіге қарсы табанды қарсылығын туғызды. Көптеген бас көтерушілердің ішінде Кенесары Қасымұлының көтерілісі Ұлы даладағы жалпы ұлттық қозғалыстың тізгінін қстады. Кенесары Қасымұлының, басқа да қазақ сұлтандары мен батырларының отаршылдыққа жан аямай қарсылықтаны арқасында Ресей империясының Орта Азияға қарай жылжуы едәуір кешеуілдеді.

Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан бергі тарихында ХХ ғасырдың алғашқы ширегі – саяси күрестер мен тарихи жаңғыру кезеңі. Бұл кезеңде саяси күрес сахнасына бұрынғы батырлар ізін жалғастырған, Еуропа мен Ресейдегі саяси күрестердің бағыт-бағдарымен әбден таныс, экономика, құқық, саясат саласында терең білім меңгерген қазақ зияларының үркердегі оқыз ойлы тобы шықты, осыған сәйкес Қазақстандағы ұлт-азаттық күрес формасы да өзгерді.

Алайда, Ресей қоғамындағы жаңа тығырлық оқиғаларды одан әрі бейбіт түрде дамытпады, соның салдарынан большевиктер партиясының диктатурасы орнатылып, ел азамат сғысының өртіне шарпылды.

1920 жылдардың екінші жартысынан бастап Қазақстан тоталитарлық қоғамға еруге мәжбүр болды. Қазақтарды күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру, ауылдағы қарама-қайшылықтарды қолдан ушықтыру, қоғамның бір бөлігін бір бөлігіне айдап салу ақыр аяғында ұлттық апатқа ұрындырды.

Тоталитарлық жүйе озық ойшылдықты мүлдем тұншықтыра бастады. Оның орнын әдетке айналған империялық, ұлыдержавалық шовинистік бағыт басты. Бұл бағытқа қарсы шыққан Алаш көсемдері мен тағы да басқа қазақ зиялылары «Ұлтшыл», «халық жауы» деген айдарға ие болып, қуғын-сүргінге ұшырады, абақтыға қамалды, жер аударылды, өлім жазасына кесілді.

Бүгінгі таңда ортағасырлық Қазақстанның тарихы мен мәдениеті жөнінде өзіміздің жете зерттеулеріміз қажет. Әзірге бұл мәселеге жаңа амал-тәсілдердің пайдаланылмауы Қазақстанның өткендегі тарихи қайта құрулары мен бұрынғы дәстүрлеріне тәуелділікті туғызып отыр.

Алтын Орда дәуірі – қазақтардың және Еуразияның көптеген түркі халықтарының қалыптасуының негізгі тарихи және мәдени фундаментінің негізі. Бұл мемлекетпен көптеген елдер тиімді келісімдер жасауға ынталы болды. Білуге құмар болған шығыстың, орыстар мен батыс еуропа саудагерлері олардың дамыған сауда орталықтарына орасан зор қашықтықты өте отырып келуге тырысты. Бұл сауда орталықтары Шығыс пен Батыстың континенттік қатнас жолдарының орталығы болды.

Алтын Орда территориясында жақсы ұйымдастырылған баланыс жүйелері мен керуен жолдры ел ішінде сауда-экономикалық және саяси орталықтарды тек үзіліссіз байланыстырып қойған жоқ, олардың қауіпсіздігі кепілдендірілді. Ол жолдар екі бағытта болды: I-сі, Батыс Қазақстан – Үстірт шоқысы – Хорезм – одан әрі Мауреннарх және Сыр бойының қалалары, ал 2-сі, Орал далаларын кесіп өте отырып, қазіргі Қазақстанның орталық және шығыс ауданы арқылы. Осылайша, көрші мемлекеттер тауар-ақша қатынасына тартылды. Алтын Орданың көрші мемлекеттерге ықпалы олардың алым-салық төлемдермен ғана шектелді. Мәселен, орыс мемлекеті Алтын Орда дәуірінде сол кездегі халықаралық экономикалық еңбек бөлінісі мен «жалпы рынокқа» қатысты. Қазіргі Қазақстан территориясы арқылы Еуропа Шығыс елдерімен тауарлармен және жаңа технологиялармен жедел алмасып отырды.

Жаңа зерттеулердің мәліметі бойынша Қара теңіз бен Сырдарья аралығында 110 астам Алтын Орда қалалары болған. Оларды алтын, күміс және мыс пұлдар мен

дирхемдер соғылған. Қызықты көңіл аударарлық жағдай: орыстар қайырымды хан атап кеткен Жәнібек ханның теңгелерінде күміс аспанның аясында екі басты бүркіт бейнеленген. Алайда, бұл кезеңнің теңгелері көп табылғанымен шыққан қалаларының аттары мен орналасқан жерлері түгелдей емес. Осы мұраларды неге зерттемеске?!

Алтын Орда халқы полиэтникалық болды. Оның негізгі бөлетін түркі тілдес далалық рулар мен тайпалар құрады. Кейін олардан түркі халықтары, соның ішінде қазақтар да бөлініп шыға бастады. XIV ғасырдан бастап мұсылман дінінің басымдылығына қарамастан дәстүрлі дала ғибадаттары «діні» сақталды: әртүрлі мәндегі христиандық буддизм. Дін мәселесіндегі Ұлыста баланс жасалынған төзімділік саясаты қолданылды.

Халқының басым бөлігі түркі-қыпшақ тілінде сөйледі. XIV ғ. бастап Алтын Ордада мемлекеттік тіл түркі тілі болды. Бүтіндей алғанда империяда бейбіт түрде түркі, моңғол, фин-угор, славян және кавказ этникалық топтарының өкілдері өмір сүрді. Көшпенділік пен шаруашылықтың отырықшы құрылысын (уклад) өзара үйлестіріп ұстаған. Әртүрлі этностар мен өркениеттің бір мемлекетте бейбіт өмір сүру феномені одан әрі қарай дәйектілікпен зерттеуді қажет етеді.

Соңғы жылдары Ресей ғалымдары өздерін «Алтын Орда» мұрагері ретінде көрсетуге әрекет жасауда. Алтын Орданың тарихы, оның территориялық орналасуы, оның қыпшақ даласында (Дешт-қыпшақ) мекен еткен халықтарға Отан болғандығы бізге белгілі. Сондай-ақ қытай, қазақ, қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай, қарашай, қырым татарлары, қырғыздар және т.б. халықтардың ұлт болуына негіз қалағаны да белгілі. Сондағы мақсат – Алтын Орда тарихын бұрмалау ма, әлде оның тарихи миссиясын өз идеологиясына бейімдеу ма?

Тарихи зерттеу, зерделеу мәселесінде тағы да ерекше көңіл аударатын мәселе тұлғатанумен байланысты. Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде бұл мәселеде де ілгері басушылық бар. Біздің бұл арада көңіл аударайын деп отырған мәселелеріміз. Алаш қозғалысының көсемдері мен солармен қатарлас кеңес өкіметіне қалтқысыз қызмет етіп, қазақ халқының сәулетті болашағы үшін жан аямай күрескен қазақ зиялары, атап айтар болсақ Сәкен Сейфуллин, Сейтқали Мендешев. Әбдірахман Әйтиев, Ораз Исаев, т.т. көптеген зиялыларымыздың тағдырларын тарихи шындық тұрғысынан зертте [2]. Соңғы кезде баспа бетінде «Сәкеннің Сталинге хаты», «Он төрттің хаты» жарияланып, қырманар арасында қызу пікір алмасу орын алуда. Күмән туғызатын жағдайлар қол қойған осы зиялылардың өздері ма, неге олар алаштықтарды қолдамады, оларға қарсы болды деген мәселе төңірегінде. Бұл арада Алашорда көсемдері мен Кеңес өкіметіне қызмет еткен алыптарымызда бір-біріне қарсы қоймай, олардың барлығының жүрегі ұлтының тәуелсіздігі мен болашағы үшін соқты, оларды бақытты ету жолында жандарын пиде етті. Бұл арада мына жағдайларға көңіл аударып, сол бағытты зерттеу жұмыстарын жүргізі біздің ұрпақ алдындағы парызымыз болуға тиісті. Атап айтар болсақ: Біріншіден, алыптарымыздың басына түскен ауыр күндердің олардың өміріне де, жазып-сызуына да, қызметіне де ықпал еткенін ескеру. Алашордалықтардың басым көпшілігі патша заманындағы университеттерді бітірген аристократтар, жоғары дәрежедегі білімді және ұлттық рухтың оянуына көп үлес қосқандар. Кеңес өкіметінің күдіктілерінің қатарына жатқызылған. Даланың саяси өмірінен ығыстырылып отырды. Алайда Кеңес өкіметіне ұлттық кадрлер ауадай қажет болды. Далалықруханиятты шынайы таратушылардың орнына білім төмендеу, кеңестік бағыттың жаңалығына берілетін тым радикалды көңіл күйдегі басқа формациялық зиялылар алмастырылды. Ия, Кеңес өкіметіне қызмет еткен алыптарымыз туған жердің ауасын «Алаш орданың» жоғары идеядарымен өн бойына сіңірді, бірақ большевиктік өзгерістер олардың басын айналдырды. Екіншіден, алашордалықтар мен Кеңес өкіметіне қызмет еткен алыптарымыздың таңдаған жолдары бөлек, сондықтан да қайшылықта болғандығы белгілі. Қалай болғанда да, Кеңестік өкіметке қызмет еткен алыптарымыз социалистік қайта құрулардың идеялары мен идеалдарына, ұлтының шынайы қайта өрдеуіне өмірінің соңына дейін шексіз сенді. Олар өздерінің істеген істерінің әлеуметті әдәлдәк пен игілік, халқының толық гүлденуіне

жарқын болашағы үшін шындыққа толы екеніне ешбір күмәнданбады. Олардың революцияға, Кеңес өкіметіне шын берілгендігі соншалықты, олардың қызметіндегі әуелден орын алған қуғын сүргінге салу және мәжбүрлеу саясатын байқамады. Кейін өздері содан таяқ та жеді. Тек Әбдірахман Әйтиевті оның ауыр науқасы ату жазасынан құтқарды. Олар жас Кеңестік Қазақстанның атауының тарихи тұрғыдан таралуына, территориялық шекарасын анықтау мәселелерін шешудегі, ашаршылыққа қарсы және жұкпалы ауруларды жоюға қарсы өткізген шаралары, мемлекеттік жұмыстарға жергілікті халықтың тілін, тұрмысын және дәстүрі мен рухын білетін жергілікті ұлттардың еңбекші өкілдерінен тартылуына мән беруге, халқының тарихын, мәдениеті мен әдебиетін зерттеуде, білім мен ғылымын дамытуда қосқан үлестері ұлан-теңіз. Сондықтан да зиялыларымыздың екі жағын да жатсынбай, олардың қоғамдық-саяси және адами-азаматтық тұлғасына немқұрайды қарамай, оны талдап, талқылап, зерттеп-зерделеуіміз өте қажет. Қысқасы, олардың таңдаған жолдары бір-біріне қосылмайтын болғанымен, елімізді, қазақ халқын бақытты етсек деген ниеттен туған жол, мақсат болатын.

Отандық тарихты зерттеумен айналысып жүрген тарихшылар ақырына дейін ашуы, жан-жақты зерттеуі және зерделеуі тиіс мәселелерге мыналарды да қосыға болады.

Қазақ халқының шығу тарихы, қыпшақ даласы, ондағы ерте феодалдық мемлекеттер мәселесін атап өткеніміз болмаса олардың ішкі тарихын тереңдеп зерттеу, жаңа әдіснамалық тұрғыдан қарастыруға көп бара бермейміз. Қазақ мемлекеттілігінің құрылуына негіз болған Қазақстандағы өте ертедегі мемлекеттік құрылымдардың тарихына мән беру қажет: ғұндардың, қаңлы мен сарматтардың саяси және экономикалық жүйесі; олардың өзара байланысының күрделі дамуы; этникалық және тілдік байланыс; тірегі мықты түрік қағанатының батыс және шығыс қағанаттарға ыдырауы; батыс түрік және түркеш қағанатының құрамындағы түркі тілділердің үлесі. Неліктен біз қазақ мемлекеттілігінің құрылуын Керей мен Жәнібек сұлтандардың көшіп кету сәтінен (1456) бастаймыз, онда қазақ тайпаларының ерте феодалдық мемлекеттері қайда қалады? Ал мемлекеттілік халықтардың тіршілігі үшін күресін жеңілдетеді, этникалық және ұлттық психологиясының қалыптасуына жағымды ықпал етеді. Аталған мемлекеттердегі қорғаныстық функцияның болуы, көршілес мемлекеттермен бейбіт қарым-қатынас ұстауы, мемлекеттік биліктің бір қолға бағынуы, далалық ақсүйектердің қалыптасуы – осының бәрі қазақ мемлекеттілігінің пайдасына шешіліп тұр.

Тарихи шындықты қалпына келтіруде атышулы таптық көзқарас тұрғысынан тарих ғылымына тән методологиялық принциптерге ену «өз ісін» жасады. Өмірде мәселелер қарапайым шешілді: 1917 жылға дейінгі өткеннің бәрі мойындалмады, ал соңғы 70 жылдан астам уақыттағы мемлекеттік саясатқа қайшы оқиғаларға тиым салынды. Осы тұрғыда Қазақстанның Россияға қосылу процесі, бұл кезеңдегі ұлт-азаттық көтерілістері толықтай ашылмады. Жалпы алғанда, 300-дей көтерілістер болды. Сондай-ақ соңғы уақытқа дейін республикада 1867–1868 жылдардағы реформаға дейінгі қазақ шаруаларының көтерілістері мәселелері бойынша зерттеулер мардымсыз. Осы және басқа да жағдайлар қазақ ауылындағы әлеуметтік күрестердің жекелеген кезеңдерін таралуын белгіледі, өткен тарихтағы бірқатар оқиғалар мен жеке тұлғалар туралы айтылмады.

1836-1838(біздің пайымдауымызша, 1833–1838) жылдары И. Таймановтың басшылығымен болған қазақ шаруаларының таптық күресінің тарихында, 1868–1870 жылдары Е. Көтібаровтың және басқалардың басшылығымен болған шаруалар көтерілісінің себептері, қозғаушы күші туралы тарихта таласты мәселелер, ақтандақтар аз емес. Қазақстан тарихында реформа кезеңіндегі ақтандақтар қатарына босқындық көші туралы мәселе де жатады.

Аса маңызды мәселенің бірі – ерте заманнан бүгінгі күнге дейін Отан тарихын дұрыс дәуірлеу және атау мәселесі. Біздің тарих бұл мәселеде СССР тарихының хронологиялық дәуірге бөлінуінің көшірмесі десе де болады. Біз, ең алдымен, Отан тарихындағы негізгі дәуірлер мен кезеңдерді, пәннің атауын дәл, айқын анықтауымыз керек.

Қазақстандық соңғы кезеңдегі медиевистикада Кіші жүз қазақтарының Поволжья және Арал өңірі халықтарымен – татарлармен, башқұрттармен, қалмақтармен, жайық қазақтарымен, түркімендермен этникалық байланыстары мәселелері бойынша кемшіліктер әлі күнге орын алып отыр.

Жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беруге өздерін замандастары арасында талантты ұйымдастырушылар ретінде таныта білген Орта жүз бен Кіші жүздің ықпалды, беделді адамдарының (Әбілқайыр, Бөгенбай, Жәнібек және т.б.) ойраттарға салмақты соққы берілген және қазақтарға енді қауіп жоқ кезде Россия империясының қол астына кіру туралы ұсыныс жасауының себептері де анықталған жоқ. Әрі Кіші жүз, жалпы, жоңғар шапқыншылығының объектісі болған емес.

Россия империясы құрамында ұлттық-территориялық құрылымның өзіндік ерекше формасы ретінде Бөкей хандығының құрылу процесі мен өмір сүруі де одан әрі зерттеуді талап етеді. Аймақтың тарихы сондай-ақ Алаштың Батыс бөлімшесінің қозғалысымен де тығыз байланысты. Батыс Қазақстанда ауылшаруашылығын коллективтендіру тұжырымдамасы да қайта қарауды қажет етеді.

Қорыта айтқанда, тарихты зерттеу – тарихшылардың кәсібі екендігін атап көрсеткіміз келеді. Сондықтан қоғам тарихшылардан саяси айтыстар мен таластардағы аргументтер тыңдау үшін емес, білім алу үшін бет бұратын уақытты күтуде. Біздерден, тарихшылардан, оқырмандар тек жаңа фактілерді ғана емес, жаңа ойлар мен идеяларды, әңгімелеп беруді емес, талдау жасауды күтеді.

Бұл міндеттерді іске асыруға отандық тарихшылардың мүмкіндіктері де, материалдық-кадрлық даяплықтары да бар. Біздің ұлттық тарихымыз жаңа деңгейде, талапқы сай халықаралық өреде қазіргі өркениет, мәдениет тұрғысынан жазылады деп сенеміз. Сондай-ақ, ұлттық тарихымыздың талас пікір туғызатын беттеріне ортақ, салиқалы тұжырым жасалынады деген ойдамыз. Бұл үшін еліміздің көрнекті тарихшылары ортақтаса, жұмыла жұмыстануы қажет.

Халықтың рухани өмірін зерттеу – өте маңызды ұлттық міндет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Рысбеков Т.З. Тандамалы шығармалар – 5 томдық – 5 том. – Орал, 2017. – 39-б.
- 2 Рысбеков Т.З. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. – Алматы: «Абзал-ай», 2014. – 524 б.

ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ ЖАРҚЫН БЕТІ-АЛТЫН ОРДА

М.Б. Сабыр - ф.ғ.д, профессор.
Батыс Қазақстан инновациялық-
технологиялық университеті

Ұлт тарихын түгендеуде қашанда күрделі мәселелер бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Алтын Орданың 750 жылдығын төл тарихымызға, мәдениетіміз бен табиғатымызға туристер назарын аудару тұрғысынан атап өткен жөн», - деді. Тарихтағы өз орнымызды саралауда Алтын Орда кезеңіне соқпай кете алмаймыз. Соңғы жылдарда Ресей тарапы Алтын Орда тарихына қатысты ғылыми қалыптасқан көзқарастарын қайта қарап жатқаны белгілі. Екі жүз елу жыл татар-монғол басқыншылығының езгісінде болып, елдікке азаттық күрестердің нәтижесінде жеттік дейтін тұжырымдардан гөрі ел болып, етек жеңімізді жинауға Алтын Орданың мемлекеттік жүйесі тікелей ықпал етті деген пікірлер ұсынылуда. Әрине Алтын Орда

ыдырағаннан кейін күшейген Мәскеу Русы мемлекеттік жүйені Алтын Орда дәстүрімен қалыптастырғаны аян. Осы тұжырымның артында Алтын Орданың мұрагері біз, Ресей деген ашық ой жатыр. Түптеп келгенде байырғы Алтын Орданың мұрагері Ресей болса, сол Алтын Ордадан тамырын алған бүгінгі елдердің, күллі Еуразияның қожасы Ресей деген өктем саясаттың да шеті қылтып тұр.

Соңғы уақытта жарияланған Хакас мемлекеттік университетінің доценті Г. Тюндешевтің «Великий хан Батый — основатель Российской государственности» атты кітабы көптеген пікір қайшылықтарын тудыруда. «Нынешняя Россия формировалась не на почве Киевской Руси, которая распалась на несколько суверенных государств еще в XII веке, за век до появления „монголов“, не в соперничестве с ордынцами, с которыми не было у русских трений на религиозной или культурной почве. Россия возникла на совершенно новой московской почве, которая была органической частью золотоордынской государственности; она выросла из соперничества Московии с ханствами, входившими ранее в Золотую Орду, за право наследия распадающегося великого государства», - дейді ғалым.

Алтын Орданың ежелгі территориясының қырық пайызы бүгінгі Қазақстан иелігі, байырғы қазақ жұртының ата-мекені. Алтын Орданың мұрагеріміз деп пікір айтуға біздердің де толық құқымыз бар. Биылғы жыл Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толып отыр. Ал мұрагерміз деп құр кеуде соғудан гөрі оның айқын дәлелін тарихтан да, тілден де, әдебиеттен де іздеу шарт. Кез келген тобыр ұлт бола алмайды. Қазақ халқы да ұлт болып қалыптасу жолында қилы-қилы тарихи кезеңдерді бастан кешірді. Бүгінгі қазақтар көне қыпшақтардың заңды жалғасы, мұрагері. Қыпшақтар қайдан шықты, қайда барды, қайда кетті деген күрделі сұрақтарға ғылымда соңғы кездері нақ жауаптар, тың тұжырымдар айтыла бастады. Белгілі тарихшы Мурад Аджи былай деп жазды: «Кыпчак — это имя одного из древнейших тюркских родов. Возможно, он когда-то первым отселился с Алтая, и других переселенцев стали называть его именем» [1, с. 83–84]. Бұдан әрі ғалым тарихтағы халықтардың ұлы қоныс аударуының көш басында қыпшақтар болғанын айта келіп: «...Тогда, то есть к концу V века, кипчаки заселили пол Европы и всю Центральную Азию. Тюркская речь заглушала на Евразийском континенте любую другую. Тюрки были самым многочисленным народом мира. Один народ дал жизнь десятком других народов», - дейді [2, с. 165]. Міне, осы қыпшақтар половцы, кумандар атала жүріп мың жылдан астам уақыт тарихта белгілі болған. «Қыпшақ» сөзі ең алғаш Селенгі өзенінің бойында тасқа қашалып бедерленген. Элетміш Күл Білге қағанның (747–757) басына қойылған құлпытаста былай жазылған: «түрк кыбчак еліг йыл ол дурмысың (когда тюрки-кыпчаки властвовали над нами пятьдесят лет) [3, с. 24]. Араб зерттеушілерінің еңбектеріне үңілсек қыпшақтар IX ғасырдан белгілі болған [4, с. 28]. Сонымен қатар, IX–X ғасырларда тарих сахнасында оғыздардың да үлкен орны болды. Олар Солтүстік Каспий, Сырдарияның төменгі ағысы, Арал теңізі маңайын жайлады. Бірақ XI ғасырдағы қыпшақ тайпаларының өсіп, өркендеп, билік басына келуі оғыздарды ығыстырып, басқа да түрлі тайпалардың қыпшақ одағына сіңіп, ортақ қыпшақ тілінде сөйлеуіне мәжбүр қылды. С.Г. Агаджанов былай дейді: «В конце X - первой половине XI в. в политических рамках державы сырдарьинских ябгу происходит интенсивный процесс формирования огузской народности, он стимулировался распадом старых кровнородственных связей, образованием новых территориально-хозяйственных объединений и становлением раннефеодальных отношений. Однако данный процесс не получили своего завершения и был прерван гибелью огузского государства в середине XI в. в результате кипчакского движения [5, с. 36]. Басында Қимақ қағанатының құрамында өмір сүріп, кейін дара тайпа болып бөлінген [6, с. 53] қыпшақтар XI ғасырдан бастап Ә. Құрышжановтың сөзімен айтқанда «тарих сахнасының авансценасына» шығады. Орта ғасырлық қыпшақтар тарихын арнайы зерттеген С.М. Ақынжанов: “эртүрлі тарихи деректерге қарағанда, Қазақстан даласының солтүстік аймақтарында XI–XII ғасырларда түркі тайпаларының басында хан билігі бар қыпшақтар конфедерациясы қалыптасты”, -

деп тұжырымдады [7, с. 205]. Қыпшақтар ұлан байтақ территорияны игеріп Балқаш көлінің жағалауларындағы жазық далалардан бастап Солтүстік Кавказ таулары мен Қырым қырқаларына дейінгі аралықты мекендеді. Мафазат әл-гузз (оғыздар даласы) атауының орнына Дешті қыпшақ (қыпшақтар даласы) атауы пайда болды. Қыпшақ тайпалары Қытай қорғанынан бастап Шығыс Түркістан, Алтай таулары, Орта Азия, Еділ аймағы, Алтын Орда, одан әрі Европаға дейін тарады. Ал монғол үстемдігі кезінде құрылған Алтын Орда қыпшақтардың негізгі отаны болды. Бұл жерде М. Аджидің «Дешт-и-кипчак при новом монгольском правителе получил и новое имя – Золотая Орда, которая, как это ни парадоксально, целиком и полностью держалась на кипчаках» деген сөзінің маңызы зор [1, с. 102]. Сол қыпшақтар қазақ халқының жеке этникалық топ болып қалыптасып, дербес ұлт ретінде тарих дастарханынан өзіне лайық орын алуына, сондай-ақ қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай, қырым татарлары, қарашай, балқар, құмық, қарайым, алтай, қырғыз халықтарының ұлт болып қалыптасуына игі ықпалын тигізді. Қазақтың біртұтас этнос болып қалыптасуында, өсіп-жетіліп, өркендеуінде Алтын Орда мемлекеті зор рөл атқарды. Осыдан төрт жыл бұрын ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлытау төріндегі сұхбатында мемлекетіміздің түп-тамыры сонау ғұн-үйсін, Түркі дәуірінен бастау алып, Алтын Орда мемлекетіне ұласқанын айта келіп, Қазақ хандығы өз еншісін осы мемлекеттен алғанын ашып айтқан еді. Алтын Орда дүниежүзілік тарихта, әлемдік мәдениетте өзіндік орны бар іргелі де қуатты мемлекет еді. Бұл солтүстік-шығыста Бұлғар облысы, Еділдің орта және төменгі жағалауын, оңтүстікте Қырым, Кавказдың Дербентке дейінгі, тіпті одан да арғы далаларды, шығыста батыс Сібір мен Сырдарияның төменгі жағалауын алып жатқан кең байтақ ел болатын. Әуелде Жошы ұлысы ретінде дүниеге келген Алтын Орда Бату хан (1227–1255), кейін Берке хан (1257–1266) тұсында дәуірлеп, Мөңке Темір хан (1266–1280), Өзбек хан (1312–1342) мен Жәнібек хан (1342–1357) тұсында Еуразияның апайтөс даласында билік құрған қаһарлы мемлекетке айналды. Алтын Орданың нағыз гүлденген кезеңі – Берке хан мен Өзбек ханның билік жүргізген дәуірі. Берке ханның ислам дінін қабылдауы мемлекеттің дамуына игі әсер етті. Беркенің сарайына мемлекеттің төрт бұрышынан ғалымдар, ақындар, суретшілер келе бастайды. Қала мәдениеті өркендейді. Бұл жайында Э.Н. Наджип былай деп жазды: «Арабские и персидские историки, побывавшие в Золотой Орды сообщают о многих ученых, писателях, богословах и поэтах, которые жили на территории Золотой Орды, занимались научной и литературной деятельностью. Ныне обнаруженные памятники материальной и духовной культуры Золотой Орды подтверждают высокую культуру вес центрах» [8, с. 29]. XIV ғасырдың бірінші жартысында бүкіл елге мұсылман діні кеңінен жайылды. Өзбек хан қалалар, мешіттер, медреселер салуға көңіл бөлді. Алтын Орда сауда жолында орналасқан ең мәдениетті мемлекетке айналды.

Алтын Орда мемлекетінің территориясын мекендеген халықтардың этникалық құрамы туралы әртүрлі мәліметтер бар. Түркітанушы П.М. Мелиоранский «Араб филолог о турецком языке» деген еңбегінде: «Золотая Орда состояла из смеси различных турецких и монгольских племен» деп көрсеткен [9, с. 13]. Белгілі ғалым Ә. Құрышжанов тарихи деректерге сүйене отырып, Алтын Орда халқының дені қыпшақ рулары болған деген қорытындыға келеді. Сол қыпшақ рулары қазіргі қазақ халқының арғы тегі екені даусыз. Бұл ру, тайпалар әлемдік мәдениетке өз үлестерін қосып, кейінгі ұрпақтарға мол мәдени мұралар қалдырып кетті.

Ә. Кекілбаев «Қазақтың төрт мың жылдық тарихы бар, дәйекті, деректемелі тарихы екі мың жылдың көлемінде» десе, ал қазақтың сүйегін зерделеп жүрген, антрополог ғалым Оразақ Смағұлов «қазақтың тарихы бір тал шашында» деп, ұлтымыздың 40 ғасырлық тарихын бұлтартпас деректермен дәлелдеп отыр. Алаш ардагері Ә. Бөкейханов «қазақ тарихы – қазақ әдебиетінде» деген еді, ал біздің ойымызша, ең дәйекті, ең деректемелі тарих тілдің бойында сақталады. Қазақтың тарихы-қазақ тілінде. Сол тілде сөйлеп, сол тілді жазып жүріп, осыдан төрт, тіпті бес мың жыл бұрынғы ата-бабамыз айтқан сөзді,

түбірді, жұрнақты, тіпті дыбысты айтып, күнде қайталап жүргенімізді өзіміз байқамаймыз.

Ұлт тарихын зерделеуде тілдің қалыптасу үдерісін ескермей алысқа бара алмаймыз. Тіл тарихы-ұлт тарихы. Ал қазақ тілінің ең көне тілдік деректері Орхон-Енисей жазба мұраларында сақталған. Академик Ә.Т. Қайдаров мына пікірі аса өзекті: “Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін [10, 34-б.].

Қыпшақ тілдерін, оның ішінде қазақ тілінің тағдырын сөз еткенде орта ғасырларда, дәлірек айтсақ Алтын Орда дәуірінде, XIV ғасырда дүниеге келген жазба ескерткіштер тіліне жүгінеміз. Атап айтсақ, олар Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», Сеиф Сарайидің «Гүлистан би-түрки», Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Махмуд бин-Алидің «Нахдж әл-Фарadis» атты шығармалары. Отандық түркітануда орта ғасырлық жазба ескерткіштерді зерттеу ісі Э.Н. Наджип, Э. Фазылов, А.К. Боровков, А.М. Щербак, Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықұлы, Ә. Керімов, А. Ибатов сияқты ғалымдардың есімімен тығыз байланысты. Жалпы ғылымда қалыптасқан көзқарас бойынша, XIII–XIV ғасырларда Алтын Орда мен Мысыр жерінде пайда болған ескерткіштер екі түрлі аралас тілдің бірінде: не қыпшақ-оғыз аралас тілінде, не оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған (Наджип, Щербак, Баскаков). Дегенмен, қыпшақ-оғыз элементтері аралас келгенмен бір-бірінен алшақ кетпей, бір әдеби дәстүрге бағынған. А. Зайончковскийдің «XIII–XV вв. сложился единый тюркский литературный или письменный язык» [11, с. 93], - деген пікіріне сүйене отырып, аталмыш жазба ескерткіштер ортақ, бірегей түркі тілінде жазылған деп айтуға әбден болады. XI ғасырдан бастап XV ғасырларға дейін туыстас тілдердің бәріне ортақ, әртүрлі ру, тайпалардың бәріне түсінікті орта түркі тілі болғаны анық. Ә. Құрышжанов пен Ә. Ибатов «Орта түркі әдеби тілі өз заманында тек қана Орта Азия емес, қазіргі Қазақстан жерінің барлық түкпірі мен солтүстік аймақтағы түркі халықтарын түгел, Европа жеріндегі «Дешті қыпшақ» пен Қырым халықтары, тіпті сонау жер ортасы – Мысыр мен Шамды жайлаған мәмлүк қыпшақтарына тән жазба ескерткіштердің бәрін қамтитын, солардың бәріне ортақ әдеби тіл болған [12, 101-б.], - деп тұжырымдады. Осы орта түркі тілінің сол орта ғасырлардың өзінде-ақ деп екі үлкен тармағы, қыпшақ және оғыз варианты өзіндік белгілерімен даралана бастаған еді. Тіл тарихы халық тарихымен тығыз сабақтас, экстралингвистикалық жағдайларға тәуелді. Орта түркі әдеби тілінің қыпшақ варианты басқаларға қарағанда XIII–XIV ғасырларда тарих сахнасында мойны озық болды, өйткені Дешті қыпшақта, Алтын Ордада және Мысырда қыпшақтар гегемондық рөл атқарды. Сондықтан біртұтас орта түркі тілі, нақтырақ айтсақ көне қыпшақ тілі еді. XIII–XIV ғасырларда Еуразия кеңістігінде, Жібек жолының бойында халықаралық тілге айналған да осы көне қыпшақ тілі болатын. Алтын Орданың ресми тілі де көне қыпшақ тілі еді. Жазба мұрағаттар көне қыпшақ тілінде жазылған. Осы мұралар бүгінгі қазақ тіліне тікелей қатысты, қазақ әдеби тілінің басты бір арнасы.

Қазақ тілі бір тұтас, монологтық тіл, бірақ бұл тұтастықтың бастауы көне түркі заманынан басталып, орта ғасырларда шындалып, ұлттық деңгейде даралана бастайды. Сол дәуірлерден баз-баяғы қалпында, дыбыстық және мағыналық тұлғасы өзгермей қазақ тіліне жеткен сөздер байырғы сөздік қорды құрайды. Ал Алтын Орда жазба ескерткіштерінде қазақ тіліндегі баламаларымен дәлме-дәл 420-дан астам сөз бар. Олар: *адым, азық, ай, алма, ала, сары, кең, тар, төрт, тоқсан, айыр, бар, кет* т.б. Кейбір сөздердің қолданылу жиілігі 20-ға дейін барады.

Қазақ тілінің материалдық мәдениет лексикасы қалыптасуының бір арнасы Алтын Орда дәуірі мұралары. Осы жазба ескерткіштердің тілінен байқағанымыз, ата бабаларымыздың баққан малын (*ат, бағлан, йылқы, оғлақ, сығыр, тева, қысрақ, қозы, қой*) біз де бағып жүрміз. Ал таққан әшекейін (*асырға, йүзук*) тағып, ыдыс-аяқтарын (*айақ, ызыш, бычақ, чанақ, чөмчә, қазған, қашуқ*), үй-іші мүліктерін (*ачгуч, бешик, йастуқ, йоғурған, кийиз, килим, сипурткә*) тұтынып, киген киімдерін (*тон, чапан, кәмәр, құр, кафтан, көнләк, бөрк, башнақ*) киіп жүрміз. Киім тігілетін материалдарын да (*бөз, йүң, чөбрәк, қайыш, атлас, йибек, көн, мамұқ, тәри*), еңбек құралдарын да (*балта, бурғу, ырғақ, көрүк, тарғақ//тырнауыш, арава, йиб, тузақ, чәләк, қазуқ, қоңырағу*) қолданып, ішкен-жеген тамағын да (*аш, ет, бал, йоғұрт, сарқут, туз, ун, қаймақ, сүт*) ішіп жүрміз. Бұның өзі этномәдени сабақтастықты көрсетеді.

Түркі тілдерінде түбір аса күрделі құбылыс. Олар күллі лексикалық қордың - мәйегі. Академик Ә. Қайдаров қазақ тіліндегі 3000 бір буынды түбірлерді айқындаған еді. Тілдің даму үдерісінде кейбір түбірлер көмескіленіп, түпкі түбірге не өлі түбірге айналады. Өлі түбір деген ұғым шартты түрде айтылып жүр. Түбір мүлде өлмейді, ол көмескіленіп, өзіне туындаған кейінгі тұлғаға сол мағынасын аманаттап тұрады. Өсімдіктің тамыры іспеттес. Бүгінгі қазақ тіліндегі синхрондық тұрғыдан түбір мен қосымшаға бөлінбейтін тұлғаларды диахрондық тұрғыдан буынға жіктеуге болады. Мысалы, *Сы (сы-н, сы-н-дыр), ай (ай-т), бод (бод-ан), бош (бус-ан), кәп//кәб (кәб-енек), йіт (жйт-ім//өлім-жйтім), қар (қар-ым-қатынас), саб (сөз сап-тау), тын (тын-ым)*. Бұдан байқағанымыз, қазіргі қазақ тілі тұрғысынан өлі түбірлер Алтын Орда дәуірінің жазба ескерткіштерінде дербес сөз, дербес түбір тұлға күйінде қызмет атқарған. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің сабақтастығының жарқын дәлелі-осы түбірлер.

Ал тұрақты тіркестер ұлттың дүниетанымының - көрінісі. Фразеологизмдер – тілдің көркемдігін, суреттемелігін, бейнелілігін көрсететін тілдік бірліктер. Тұрақты тіркестердің қалыптасуы ұзақ үдеріс. Қазіргі қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің дені орта ғасырларда, Алтын Орда дәуірінде қалыптасқан. Халықтың өмір сүрген ортасына көзқарасы, ойлау жүйесі осы фразеологизмдердің бойынан анық көрінеді. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің түп тамырын жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологиялық тұлғалармен сабақтастыра зерделесек, сабақтастықты, ортақтықты анық көреміз. Мәселен, *Он төртінчи түннүң толун айы* – он төртінші түннің толған айы, сұлу. Йелиб он төрт күн йар тиләйи, ол он төртінчи түннүң толун айы «он төртінші түннің толған айын (сұлуды) тілеп, он төрт күн, түн желді».

Йүзин йергә қойуб – жүзін жерге қойып, ұялып. Бир ақил вазир шафаат йүзин йергә қойуб айтты «бір ақылды уәзір, жүзін жерге қойып, айтты». «Ұялу, ұятқа қалу» мағынасын *йүз сувын төк* тұрақты тіркесі де береді.

Йети иқлим ичиндә – бүкіл әлем, жеті ықылым. Йети иқлим ичиндә көркә хали, сениң тек бир тағы сұлтан йок, ей жан «Бүкіл әлемде сенен асқан көрікке бай сұлтан жоқ, ей жан». Қазақ тілінде *жеті ықылым* «дүние», «бүкіл әлем» мағынасын білдіреді. Бұл деректер сөз жоқ қазақ тілінің көнелігін, қалыптасу жолын көрсетсе, қазіргі қыпшақ тілдерінің бұрынғы да, бүгінгі де ұйытқысы қазақ тілі екенін дәлелдейді. М. Жұмабаевтың «қыпшақтардың бір кезде дәуірлеп жасаған жазира даласының қара шаңырағының мұрагері де сол қазақтар» деген сөзі нақ шындық.

Ал Алтын Орда мұралары қазақ жазба әдебиетінің де басты арнасы. Қазақ жазба әдеби тілінің негізін салушы ұлы Абайдың ғылымда үш мектебі айтылады. Біріншісі-ауыз әдебиеті, екіншісі-шығыс әдебиеті, үшіншісі-орыс және Батыс Еуропа әдебиеті. Абайдың ақын болып қалыптасуындағы тағы бір арна, төртінші мектеп – ол Ж. Баласағұнның «Құдатғу білігінен» басталған түркілік жазба әдебиет еді. Абай өзіне дейінгі жазба дәстүрді, жазба әдебиетті жақсы білген және содан нәр алған. Абайдың қазақ әдебиетінде алғаш қолданған айшықты сөз тіркестерінің түп негізі Алтын Орда әдебиетінде жатыр.

Мысалы, Құтып ақында:

Көңіл қушы бу гашық отында учар,

*Хайалы ол Шырын Хусрауны қучар
деп, көңіл құшы түрінде айтылса,
Абайда:*

Көңіл құсы құйқылжытар шар тарапқа

Адам ойы түрленіп алған шақта

деген сияқты *көңіл құсы* түрінде мағыналық, тұлғалық жағынан дәлме-дәл келіп, Құтыпта да, Абайда да бұл фраза “жүйрік қиял” мағынасында айтылып отыр. Немесе *сынуқ көңұл тұрақты* тіркесі Құтыпта:

Мені қадғумда аз хор қылғыл

Сындук көңүлүмні бәс азар қылған

түрінде айтылса,

Абайда:

Сынық көңілім көп кешер

Майда қолмен ұстасаң

деп келеді. Осындағы *сынық көңіл* фраземасы екі дәуір ақынында «жабырқаңқы, қайғылы көңіл күйді» білдіреді. Сонымен қатар ұлы Абайда *көңілдің жайлауы, көңілдің күні* сияқты бояуы қанық, жаңаша өрілген фразеологизмдер ұшырасады.

Бұл деректерге қарап, XIX ғасырдағы Абай поэзиясы, орта ғасырлық қыпшақ жазба поэзия дәстүрінің заңды жалғасы, дәстүрлі өнер сабақтастығы деп айтуға болады. Ғасырлар қойнауынан өзгермей, тарихтың ызғарлы желіне түтіліп кетпей келе жатқан тұрақты тіркестерден тұтас бір ұлттың қазақи бет-бейнесі анық көрінеді.

Қорыта айтқанда, осындай тарихи, тілдік және әдеби деректерге сүйене отырып, Алтын Орданың бүгінгі басты мұрагері-қазақ ұлты, Қазақстан Республикасы деп тұжырымдауымға толық негіз бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Аджи М. Полынь Половецкого поля. – М.: Новости, 2000. – С. 210.
2. Аджи М. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи. – М.: Новости, 1999. – 230 с.
3. Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1995. – 260 с.
4. Кумекоев Б.Е. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII–XIV в.в. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 160 с.
5. Агаджанов С.Т. К этнической истории огузов Средней Азии и Казахстана // Проблемы современной тюркологии. – Алма-Ата, 1980. – С. 35–37.
6. Кляшторный С.Т. Кыпчаки в рунических памятниках // Сб. Тюркология. – Л.: Наука, 1986. – С. 53–60.
7. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1995. – 294 с.
8. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века “Гулистан” Сейфа Сарай и его язык. – Алматы: Наука, 1975. – Ч. 1. – 208 с.
9. Мелиоранский П.М. Араб филолог о турецком языке. – СПб., 1900. – 200 с.
10. Қайдаров А.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 303 б.
11. Зайончковский А. К изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI–XVI вв) // Вопросы языкознания. – 1967. – № 6. – С. 10–14.
12. Құрышжанов Ә., Ибатов А. Ежелгі түркі жазба-ескерткіштері жайында // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1981. – 97–124 бб.

Түйіндеме

Мақала Алтын Орданың мұрагері кім деген өзекті мәселені талдауға арналған. Авторлар осы бір күрделі сұраққа жауап іздеу үшін тек тарихи деректер ғана емес, тілдік

және әдеби деректерге де жүгінуіміз шарт дейді. Тарихтың ұзын жолында бабаларымыздың ізі ең әуелі тілдің бойынан көрінеді дей келіп, ұлттың тарихы тілінде сақталады деген тұжырымды ұсынады. Алтын Орда дәуіріндегі жазба мұралар бүгінгі қазақ тіліне тікелей қатысты екендігі талданған. Байырғы қыпшақтардың, Алтын Орданың мұрагері қазақ жұрты деген пікір толық дәлелденген.

Кілт сөздер: Алтын Орда, жазба ескерткіштер, қыпшақтар, қазақтар, мұрагер, тіл, әдебиет

Аннотация

Статья посвящена анализу актуальной проблемы - выявлению истинных наследников Золотой Орды. В раскрытии данного вопроса безусловно играют исторические факты, однако авторы подчеркивают важность учета прежде всего языковых фактов.

Формирование казахского народа на всех его этапах исторического развития находят отражение в его языке. В силу этого авторы придерживаются концепции, что история нации сохраняется в его языке.

В частности, изучение письменных памятников эпохи Золотой Орды дают возможность сделать вывод, что он напрямую связан с современным казахским языком. Авторы пришли к основному выводу, что казахи являются истинными наследниками древних кипчаков и Золотой орды.

Ключевые слова: Золотая Орда, письменные памятники, кипчаки, казахи, наследник, язык, литература.

Annotation

The article is devoted to the analysis of the actual problem of the successor of the Golden Horde. The authors emphasize the importance of learning linguistic facts, and not just historical information. Throughout the history of our ancestors, the formation of a people is primarily reflected in its language. The authors propose the concept that the history of a nation is preserved in its language. The written monuments of the era of the Golden Horde are directly related to the modern Kazakh language. In conclusion, the authors conclude that the Kazakhs are the successors of the Golden Horde and the ancient Kipchaks.

Keywords: Golden Horde, written monuments, Kipchaks, Kazakhs, successor, language, literature

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫСЫНДАҒЫ АЛТЫН ОРДА КЕЗЕҢІНЕ ТИЕСІЛІ ҚАЛА-ЖҰРТТАРЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАР

Д.З. Сагидуллаев

Қазан Федералдық университетінің (КФУ) аспиранты

Қазақ тарихының қазақ халқының бір ұлттылыққа, күллі алашты қазақ атауына бірігуіне бастама болған ортағасырлық ірі мемлекет Жошы ұрпақтарымен құрылған Алтын Орда тұғын. Біздің тарихымыздан ерекше ойып орын алған мұндай мемлекетті зерттеу ең алдымен тікелей археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде жүргізілуі шарт.

Бүгінгі таңда Алтын Орда кезеңінен қалған көптеген нысандар бізге мәлім және көпшілігінде қазба жұмыстары жүргізілген, алайда толық зерттеліп бітті деп есептей алмаймыз. Қазақстанның батысында, әсіресе, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының аймақтарында орналасқан Сарайшық, Жайық, Жалпақтал және Ақтөбе-Лаэти қалаларының орындары анықталып, зерттелу барысында екені белгілі.

Алтын Орданың өлкеміздегі қалалары жөніндегі алғашқы деректерді біз сол кезеңдердегі саяхатшылар ағайынды Пололардың, П. Карпинидің жазбаларынан, Петр Висконти, Каталон картасы, Фра Мауроның, Пициганоның, А. Дженкинсонның карталарынан кездестірсек, кейінгі кезеңдерде орыс картографтары, саяхатшылары С. Ремезовтың, Палластың, Левшиннің, И. Гербердің, П. Рычковтың, К.Ф. Гебелдің, И.И. Крафттың, А. Лоскутовтың, В. Григорьевтің, И.А. Кастаньенің жазбаларынан көре аламыз [1, 29-б.].

Алтын Орда құрамына кірген елді-мекендер мен қалалар жөніндегі іргелі еңбектің авторы В.Л. Егоров Еділ мен Жайық бойында қалалар тізіміне осы аталмыш шаһарларды да еңгізген болатын [2, с. 245].

Жайық бойындағы қалаларға қазба жұмыстары сонау жиырмамыншы ғасырдың ортасынан Ә. Марғұланның басышылығымен Сарайшықтан бастап қолға алынып, кейін Л.Л. Галкин, В. Афанасьев, З. Самашев, К. Байпақов, М. Сыдықов, М. Қалменов, Д. Марыксин секілді археологтардың бастауларымен жалғасын тапты.

Ә.Х. Марғұлан Сарайшықтағы жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесін 1951 жылғы 24 сәуірде Бүкілодақтық археологтардың кеңесінде баяндаған. Зерттеу нәтижелерінде Сарайшықтың Шығыс Еуропа мен Қытай арасында Ұлы Жібек жолында орналасқан маңызды сауда, транзиттік, саяси орталық ретінде баға беріп, қаланың Темір шапқыншылығынан кейін де тыныстағанын, тек қаланың XVI ғасырдың соңғы ширегінде ғана казактардың қолынан қиратылғандығына көз жеткізіледі.

Марғұланның мәлімдеуінше Сарайшықтың мәдени қабаттары кейбір жерлерде 4 метрге дейін жетіп, оның ірі қолөнер және сауда орталықтары болғандығы жөнінде тұжырымға келеді.

Зерттеу барысында қалашықтың топографиялық сұлбасы анықталып, сол уақытта сақталған қаланың қабаттары сызбаға түсіріледі. Қалашықтың солтүстік-батысында орналасқан жағалаудағы тік жар маңынан 180 шаршы метрге қазба жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде шұңқырлардан қазып алынған керамикалық және тұрмыстық заттардың негізінде қаланың қолөнершілері орналасқан ауданды анықтай алды.

Қазба жұмыстарынан алынған мәдени қабаттардың негізінде Ә. Марғұлан Сарайшық қаласын мынадай кезеңдерге: моңғол шапқыншылығына дейінгі (XI–XII ғғ.), алтынордалық (XIII–XIV ғғ.), ноғайлық (XV–XIV ғғ.) бөліп, шаһардың 500 жылға жуық тарихы бар екендігін көрсетеді. 1950 жылғы жүргізілген бесінші қазба жұмыстары бойынша қыш күйдіретін пештер, күйдіруге және үрлеуге арналған пештері бар шеберханалардың орындары анықталды.

Сол уақыттағы Ә. Марғұланның жүргізген қазба жұмыстары Сарайшықтың XIII–XIV ғасырларда ірі шеберханалық орталықтардың бірі болғандығын көрсетті. Бұған қыш және метал бұйымдарының көптеп табылуы, қоғамдық құрылыстардың қуатты қабырғалары, түрлі шеберханалардың қалдықтары дәлел бола алады [3, 201–202-бб.].

1991 жылы қаржының тапшылығы мен мамандардың тапшылығынан Сарайшық қаласындағы апаттық қазба жұмыстары қолға алынбаған [4, 3 б.].

1996–2000 жылдар аралығында Ә.Х. Марғұлан атындағы археологиялық институттың ғалымдары З. Самашевтің басшылығымен Сарайшықтағы қазба жұмыстары барысында қаланың әр бөлігінен оның өмір сүруінің бірінші кезеңіне тиесілі ауқымды жерлер ашылып, алғашқы тұрғындардың үй құрылыстары айқындалды. Қала құрылысы белгілі бір жобамен, көшелерге тән дәстүрмен салынған. Табылған үйлер шикі кірпіштен қаланған, көлемі 4×5 метр екі-төрт бөлмелерден тұрады. Бөлмелердің төр жағында етегінен ені 1,5–2 метр келетін көлденен орналасқан түтін шығатын қос каналмен жылынатын суфа орналасқан. Олар тандырлы ошақтан шығып, бөлмеден қабырғаның арасына жасалған тік жол арқылы төбеге шыққан. Барлық қабырғалар мен суфалар бірнеше рет саз балшықпен сыланып, әктелген. Суфаның біреуінен киіз кілемнің қалдығы табылған. Едені лаймен жасалған кейбір бөлмелерде шиден жасалған төсеніштер сақталған. Суфаның үстіндегі қабырғада кезінде шырағдан, қымбат ыдыстар және басқа

да тұрмысқа қажетті заттар қоятын текшелей қуыс бар. Үйде тұрғын бөлмелерден басқа тары мен арпа сақтайтын баздар бар. Сондай-ақ, табылған дән-сүйектерге қарағанда өрік, алма, жүзім, жуа және алыс елдерден әкелінген миндал жаңғағын сақтайтын қойма бөлмелерде болған. Ол жерлерден қурап қалған пияздың басы табылды. Қоймалар жылынатын жатын бөлмелерден ағаш қанқалы қабырғамен бекітілген. Ағаш қанқалы қабырғаның арасы шикі кірпіштермен шырша әдісімен қаланған. Осындай құрылыс әдісі бір жағынан сәндік үшін болса, екінші жағынан қойма бөлмеде ауа алмасуын жақсартқан. Нәтижесінде, бұл нысандарды қазу арқылы сол кездегі қала халқының тұрмысын көруге мүмкіндік алдық. Сонымен қатар, үйлердің құрылысы мен ішкі безендірулері Төменгі Еділ бойы, Хорезм және Сырдария қалаларына тән дәстүрлер араласқанын көрсетті.

Бөлмелерде табылған ыдыстар пішіндері жағынан сан алауан. Негізінен, жергілікті көзешілер жасаған қыш құмыралар, құтылар, құмандар және қазандар. Осы ыдыстар жиынтығын Хорезмнен келген қазандар, төменгі Еділ қалаларынан келген кашинді түрлі-түсті жылтыр кеселер, сондай-ақ жергілікті бай адамдар аса жоғары бағалаған өте қымбат жасыл түсті қытай фарфоры – селадоннан жасалған табақтың, кесенің, тостағанның сынықтары толықтырады.

Мұндағы мәдени қабаттардан жылқы мен түйенің сүйектері көптеп кездескен. Бұл қала тұрғындарының қала өмірінің алғашқы кезеңінде қала құрылысы мен сауда жолында қызмет еткендігін көрсетті. Қаланың тек орталық бөлігі дамып қоймай оның сырт жақтарында да құрылыстар салынған. Сарайшықтан бес шақырым жерде, өзен бойлай орналасқан усадьбалар кездеседі.

Осы жылдар аралығында жүргізілген қазба жұмыстары көптеген нысандарды анықтауға мүмкіндік беріп, қала мәдениетінің бай болғандығын, тұрғындарының сауаттылық деңгейінің жоғары екендігі белгілі болды. Қазба жұмыстары қалада өте жоғары деңгейде безендірілген моншаны, алебастр өндіретін пештерді, сүйектен, металдан бұйымдар жасайтын шеберханалар орындарын тапты [5, с. 17–23].

Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің бастамасымен Сарайшық қаласындағы қазба жұмыстар 2017 жылы 3. Самашевпен қайта қолға алынды. Бұл қазба жұмыстары негізінде қала құрылыс әдісі жөніндегі, ондағы суфалар мен кандардың орналасуы туралы көптеген мәліметтерге қол жеткізді. Қазба жұмыстары жүргізілген қаланың әр бөлмелерінен керамикалық көзелер, шет елдік бұйымдар, монеталар табылды. Қазба жұмыстары негізден жағалауды бекіту жұмыстары кезінде апатты деп белгіленген аймақтарда жүргізілді. Осы қазба жұмыстарында қаланың бекініс қалдықтары тиесілі деп болжалған қорғаныс мұнарасы мен бекініс алды шұңқырлары табылған.

2017 жылғы қазба жұмыстары екі құрылыстық жиектердің бар екендігін көрсетсе, нумизматикалық деректер Сарайшық қаласының Жошы ұлысындағы сауда-экономикалық қатынастарда тоқтаусыз өскен маңыздылығы мен оның саяси еркіндікке ұмтылғандығын көрсетті [6, с. 28].

Бүгінде бізге екі атаумен белгілі Ақтөбе-Лаэти қалашығында қазба жұмыстары 1977 жылы Гурьев облысы тарихи-өлкетану музейі мен Қазақ ССР ҒА-нан қолдау тапқан Л.Л. Галкиннің басқаруымен болды. Қазба жұмыстарына музей қызметкерлері С.Б. Бисенов, Исмагилов, жергілікті өлкетанушы В.К. Афанасьев және сол кездегі Гурьев педагогикалық институты студенттері қатынасқан.

Қазба жұмыстары 35*18 метрлік ауқымда жүргізіліп, құрылыс нысаның шикі кірпіштері жер бетіне ашық шығып жатқандықтан тазалау әдісі арқылы жүргізілген. 13 нысаннан тұратын 3-ші усадьба зерттелініп, құрылыс нысандарының салыну әдістері белгілі болды және көптеген керамикалық, тұрмыстық бұйымдар табылды [7, с. 1–14].

Ақтөбе қаласындағы қазба жұмыстары 1979 жылы жалғасын тауып, қаланың оңтүстік-шығысынан бастау алды. Ауданы 1320 шаршы метр болатын 30*44 метрлік аумақ қазылды. Қазба жұмыстары үшін батысынан орталық көшесі, солтүстігінен 2 метрлік, оңтүстігінде ені 2,5 метрлік көшелер тоғысымен, шығысынан мекеннің шеті болып есептелетін ашық алан арқылы айқын көрінетін нысанды белгілеп алынды.

Белгіленген аудан аумағы және барлық қалашық аймағында орман қалдықтары негізінен ұсақ керамикалар, бөлшектелген жануарлар сүйектері, қолөнердің қоқыстары араласып кездеседі. Бұл қоқыс қабатының қалыңдығы 10 см аспайды. Қазба алды осы қоқыстарды тазалау жұмыстары жүргізіліп, кейін аэрофото түсірілімі жасалып, барлығы 38 зерттеу насаны қазылған [8, с. 1–20].

1981 жылы Л.Л. Галкин Ақтөбе қаласындағы қазба жұмыстарын жалғастырды. Қазба жұмыстары 1979 қазылған «А» ауданының оңтүстігінде орналасқан «Б» ауданындағы тұрақтың оңтүстік бөлгінде жүргізілді. Қазба 2×2 шаршы метрлік торларға бөлініп, күнгей жағынан есепке алынды.

326 шаршы метрлік қазба аумағында «Б» ауданына кіретін нөмірі бірінші усадьба ашылды. Усадьба 13 нысаннан тұрды. Усадьба батыс қабырғасымен тұрақтың басты көшесімен жанасады. Ал солтүстігінде ол көрші усадьбадан ұзындығы 350 см, ені 50–60 см қиылыспен бөлінеді. Усадьбаның солтүстік-батыс бұрышы «Б» ауданындағы нөмірі екінші усадьбамен тоғысады. Усадьбаның оңтүстік-батыс бұрышы жоғалған, алайда усадьбаның оңтүстіктен қиылыс арқылы шектелгендігі көрінген. Шығыс бетінен усадьба алаңға қарай немесе үлкен аулаға шығады.

Қазба жұмыстары нәтижесінде керамикалық қалдықтар мен әр түрлі жануарлардың сүйектері табылып, зерттеу нысандарының құрылыс жүйесі анықталды [9, с. 1–12]. Л.Л. Галкиннің зерттеу жұмыстары 1983 жылға дейін жалғасын тапты.

Ақтөбе қаласындағы қазба жұмыстары кейін 1991 жылы В.К. Афанасьевтің бастауымен жалғасты. Бұл жолы зерттеу аумағы ретінде тұрақтың оңтүстік-шығыс бөлігі алынды. Қазбаның батысына, солтүстігінен және оңтүстік-шығысынан Л.Л. Галкиннің қазбалары жанасады. Оңтүстік бөлігінен шағын аланқай арқылы өздерінің 1989 жылы жүргізген қазбасы тоғысады. Зерттелінген аумақта құрылыс нысандарының бейнесі ізделініп, қабырғалары мен ішкі құрылыстардың іздері анықталды. Қазбаның ауданы 350 шаршы метрден тұрып, 8 нысан зерттеліп ашылды [10, с. 1–10].

В. Афанасьевтің Ақтөбе қаласындағы қазба жұмыстары 1993 жылы жалғасын тауып, қазба аумағы ретінде солтүстік жағынан Л. Галкиннің алғашқы қазбаларының бірімен шектесетін тұрақтың ортасындағы бөлігі алынды. Аэротүсірілім және жерден бақылау арқылы шартты түрде орталық деп алынған көше анық болатын. Ал одан батысқа қарай шағын қиылыс болды, білінер-білінбестей нысандардың қабырғалары байқалып жатырды, кей жерледе тандырлардың орыны көрініп тұрған. Қазбаның барлық бетінде жануарлардың сүйектері көптеп шашылып жатқан. 30×10 метрлік ауданда қазба жұмыстары жүргізілу көзделіп, екі шаршы метрден жүргізіліп, алты нысан қазып алынған [11, с. 1–14]. Ақтөбе қаласында қазба жұмыстары 2017 жылы қайта қолға алынып, зерттеу ауданы 300 шаршы метрді құрап, 15 нысанды қарған [12, с. 14–18].

Орал қаласының маңында орналасқан ортағасырлық Жайық қалашығы 2001 жылы құбыр жүргізу жұмыстары кезінде анықталған болатын. Қалашықтың табылған жылының өзінде қазба жұмыстары кезінді кірпіш күйдіретін пеш табылған болатын. Ал келесі жылы еліміздің өңірлерінен біріккен археологтардың жүргізген қазба жұмыстары ұйымдастырылды. Ал 2006 жылдан бастап қазба жұмыстары Батыс Қазақстан археологоиялық орталығының ұйымдастыруымен жүргізіліп, қалашықтың ауданы 300 гектарға жуық екені анықталып, қалашық аумағын екі бөлікке: бірі қала халқы мекен еткен су жағасы болса, екінші тау үстіндегі жерлеу орындары болып табылады. Қала орнынан үлкен және кіші тұрғылықты нысандар, шығыс моншасы, кірпіш күйдіретін пеш, некрополь, кіші және үлкен мавзолей қазып алынды [13, с. 35–53].

Жайық қалашығын зерттеу жұмыстары 2012–2014 жылдары М. Қалменовтың басшылығымен жүргізіліп, кірпіш күйдерітін пеш, шығыс моншасы, мавзолейлердегі қазба жұмыстарды жалғасытырып, қаладан табылған жәдігерлерге зерттеу жұмыстарын жүргізіп, сипаттамаларын берді [13, с. 64–90]. Соның ішінде, қаладағы құбырлар жүйесі «ташнауға», кірпіш күйдіретін пешке аса назар аударды [14, с. 7–28].

Жалпақтал қалашығы Батыс Қазақстан облысының Қазталов және Жаңақала аудандарында орналасқан. Қала аумағын зерттеу барысында ауданы 68 гектарды құраған. Қалашықтың орталық бөлігінде биіктігі 2 метрге дейінгі, ал диаметрі 50 метрге жететін бірнеше ірі төбешіктер байқалады. Басқа бөліктері ондаған кіші төбешіктерден тұрады.

2010 жылы қалашықта барлау жұмыстары жүргізіліп, мәдени қабатты анықтады. 0,2–0,3 метр тереңдікте шикі кірпіштен тұрғызылған құрылыстың бөлігі анықталды.

Қазба жұмыстары негізінде 4000 мыңға жуық гончарда дайындалған керамикалардың қалдықтары, 3135 жануарлардың сүйектері табылған.

Қазба жұмыстары Д. Марыкстннің бастауымен 2012–2015 жылдар аралығында жүргізіліді. Алғашқы жылы қазба жұмыстары екі нысанға бөлініп жүргізілді. Ал 2013 жылы жүргізілген қазба жұмыстары оңтүстік және батыс бағыттарында жалғасын тапты. 7 және 8, 9 нысандарда зерттеу жүргізіліп, қазылған барлық нысандарда құрылыс асты негіздің (фундамент) жоқ екендігі анықталып, оның орынына пахса тәрізді материалдың қолданылғандығы анықталды. Сонымен қатар, қаланың басқа бөліктерінде екі шурфтық қазба жасалып, қаладағы мәдени қабаттарды көруге мүмкіндік алды және бұл шурфтық қазба қалашықтың шығыс бөлігінде алтынордалық мәдени қалдықтың жоқтығын көрсетті. 2015 жылғы жүргізген қазба жұмыстарында екі қандық жылытпасы бар жер үйлер және 2,3,4 нысандар зерттелініп, керамикалық және тұрмыстық бұйымдар, сонымен қатар монеталар табылды [15, с. 1–30].

Кеңестік кезеңде басталып, бүгінгі таңға дейін жалғасын тауып отырған қазба жұмыстары алтынордалық қалалар, қала өмірі, халықтың тұрмыстық жағдайы тура мол деректер беріп отыр. Алайда, жүргізіліп отырған қазба жұмыстары мардымсыз екені анық, өйткені жыл өткен сайын өңіріміздегі сақталған қалашықтардың табиғаттың салдарынан күннен-күнге құрдымға кетіп бара жатырғанына көз жеткізіп отырмыз. Мұндай жағдайдан сақтаудың бір амалы апатты жағдайдағы нысандарға аса көңіл бөліп, жәдігерлерлерді сақтау үшін қолдан келетін шараларды аямау қажет. Болашақтағы қазақ ғылымын дамытуға ниетті жандарға қалдырар мұра ретінде, осы нысандарымызды сақтап қалу бүгінгі ұрпақтың арманы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 640 бет.
- 2 Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. 3-е изд. – М.: Красанд, 2010. – 245 с.
- 3 Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер// Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ. Кипиев// Ғыл. ред. Ж.К. Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 224 б.
- 4 Самашев З. Отчет об археологических исследованиях 1991 г. в Гурьевской области по хоздоговору с Гурьевской областным комитетом по культуре от 1 июля 1990 г. по теме: «Исследование древних культур Восточного Прикаспия. Охранные раскопки на городищах Сарайчик и Актобе с последующей их реставрацией и музеефикацией». Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі.
- 5 Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с.
- 6 Самашев З. Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик» (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі)». Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі.
- 7 Галкин Л.Л. Отчет о полевых исследованиях в Гурьевской области 1977 года. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі.
- 8 Галкин Л.Л. Отчет об археологических раскопках Волго-Уральской экспедиции Института археологии АН СССР. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі.

9 Галкин Л.Л. Отчет о работах Волго-Уральской экспедиции Института археологии АН СССР в 1981 г. в Гурьевской области Казахской ССР. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі.

10 Афанасьев В. Отчет о работе Гурьевского отряда Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИИАЭ АН КазССР о раскопках золотоордынского поселения Актобе-Лаэти. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі.

11 Афанасьев В. Отчет о работе Гурьевского археологического отряда на раскопках поселения Актобе-Лаэти в 1993 г. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі.

12 Отчет по археологическому исследованию средневекового городища Актобе-Лаэти, расположенного на территории Атырауской области в 2017 году. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі.

13 Средневековые города бассейна реки Урал / под ред. М.Н. Сдыкова. – Книга I. – Уральск, 2014.

14 Қалменов Қ. Отчет о научно-исследовательской работе. Археологические исследования объектов историко-культурного наследия по теме «Городище Жайық». Батыс Қазақстан облысы археологиялық орталығы.

15 Марыксин Д. Отчеты о раскопках городище Жалпактал в 2012–2015 годах. Батыс Қазақстан облысы археологиялық орталығы.

Түйін

Мақалада Алтын Орда дәуіріндегі Жайық бойындағы қалалардағы әр кезеңдерде жүргізілген зерттеулер мен қазба жұмыстарына археологтардың берген есептері мен жариялаған еңбектері бойынша қысқаша шолу жасалынып, хронологиялық жүйелеу негізінде қазба жұмыстарында алынған нәтижелер көрсетіледі.

Аннотация

В статье делается краткий хронологический обзор по полученным результатам от отчетов и написанных трудов археологов, которые вели раскопки в разное время на городище золотоордынской времени в пойме реки Урал.

Abstract

The article provides a brief chronological overview of the results obtained from the reports and written works of archaeologists who conducted excavations at different times in the Golden Horde settlement in the floodplain of the Ural River.

САРАЙШЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫНДАҒЫ ЖӘДІГЕРЛЕР: ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

О.Сағынбаева

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы, қор сақтаушы

Биыл құрылғанына 20 жыл толып отырған «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының жәдігерлер қоры 1996–2009 жылдары жүргізілген Ә.Марғұлан атындағы Қазақ археология институтының Батыс филиалының археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлерден тұрады. Осы уақыт аралығында қала орнына жүргізілген жұмыстар нәтижесінде керамикадан, темірден, сүйектен, ағаштан, шыныдан, теріден жасалған көптеген бұйымдардың үлгілері шықты. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан ортағасырлық қала қызған сауда-саттықтың орталығы

болғандығымен қатар дамыған қала және дала мәдениетінің, өркениетінің озық үлгісі бола білді.

Сан ғасырлық тарихы бар, «сыры кетсе де сыны кетпеген» сол жәдігерлер қазіргі таңда бізге жеткен құнды ақпарат, ұлттық қазынамыз. Тарихымызға тереңінен үңіліп, сайын даламыздың төрінде атойлатқан бөрі байрақты алып ордалардың асыл мұрасын зерттеп-зерделеу, олардың бүккен сырларын көпшілік қауымға паш ету біздің басты міндетіміз.

Ұлы Жібек жолы Сарайшықта қала мәдениетінің қалыптасуына зор ықпал етті. Қазбадан табылған керамикаларға назар салсақ, жергілікті қыш бұйымдары өндірісінің туындыларымен бірге керуен жолы арқылы алыс мемлекеттерден әкелінген сан алуан керамикалық бұйымдарды кездестіруге болады.

Сарайшық қазбасынан табылған үлкенді-кішілі құмыралардың ішінде 1909 жылы табылған үлкен хұм ерекшеленеді. Орал казак әскерінің атаманы, генерал Н.Дубасов Ресей Императорлық Археологиялық Қоғамының Шығыс бөлімшесіне осы ыдыстың сипаттамасы мен суретін жолдай отырып, оның Сарайшық бекінісінен табылғандығын, 24 дана сынықтан тұратындығын және ыдыстың бүйірінде араб-парсы тілінде жазылған жазу бар екенін көрсеткен [1].

Қазіргі таңда Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінде тұрған бұл хұмның бүйіріне

«Адам көркі жүз, бұл жүз көркі көз

Ауыз көркі тіл, бұл тіл көркі сөз.

Тағы көркі кісіге білім мен өнер,

Жанын құрбан етер білім үшін ер» деген ХІ ғасырдың философы, ақыны, ағартушысы Жүсіп Хас Хаджыб Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанынан шумақ жазылған.

Ескі Сарайшықта жүргізілген қазба жұмыстары кезінде бояулы қыш бұйымдардың көптеген сынықтары табылды. Бедерленген, көк және жасыл бояумен боялып, мөлдір сырмен әрленген әсем ыдыстардың музейде тұрған сынықтарының өзі көздің жауын алады. Белгілі бір кәсіпорынның көптеп шығарып жатқан өнімі емес, әрқайсысына шебердің қолы тиген, дайын әдемі ыдысқа айналғанша қанша тер төгілген теңдесі жоқ әсем бұйымдар Сарайшыққа жан жақтан әкелініп қана қоймай, жергілікті жерде де дайындалған. Сырлы бұйымдарға негіз болған кашин балшығының ақ түсіне түрлі бояуларды қосу арқылы бізге тарих болып жеткен бұйымдар дайындалды. Бояулар Ұлы Жібек жолы керуендерімен Үндістаннан, Ираннан, Еуропадан жеткізілген. Сан ғасырға төтеп беріп, жер астында жүздеген жылдар жатса да өңін бермеген бояулардың қасиеті табиғилығында болса керек. Себебі, көк бояуды Үндістанда өсетін бұршақтұқымдас индигофера өсімдігінен, қызыл түсті балшықтан алған. Қазба материалдарына назар салсақ, бұл бұйымдар тек бояумен ерекшеленіп қоймайды, бұйымның маңызды бөлшектері бедерленген. Осы бедерлерді көк, жасыл бояулармен айқындап, ноқаттар салып, жалпылама төсегі болған сұр, қоңыр негізгі түсі шығарылған. Кейбір бұйымдарда құстың бейнесі, арабша жазулар кездеседі. Көптеген бұйымдар алтын түстес сырмен әрленген.

1950 жылы Сарайшықта қазба жұмысын жүргізген Ә.Марғұлан тапқан түбінде самұрық құс бейнеленген ыдыс сынығы әйгілі археолог атамыздың Сарайшықтың болашағынан мол үміт күткен арманының орындалуын ақиқатқа айналдырғандай. Сол аңыздағы самұрықтай өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп, Сарайшықтың тарихын зерттегіміз келсе әр жәдігеріне құлақ түрсек болғаны.

Қазба барысында қала дамуының жоғары деңгейде болғандығының дәлелі – суға арналған және жылу пештерінің қыштан жасалған құбырлары табылды. Сол кезеңдегі, яғни ХІІІ–ХІV ғасырларда бір тұрғын бөлменің көлемі 5мх6м немесе 6,2мх6,8 м шамасында болған. Бөлме қабырғаларын бойлай шикі кірпіштен жалпақ сәкілер (суфалар) жүргізіліп, олардың үстіне кілемдер төселген. Сәкінің ішімен күйдірген кірпіштерден

немесе қыш құбырлардан жылу өткізгіш – кан жасалған. Канның г-пішіндес, п-пішіндес болып келуі үй бөлмелерінің орналасуына қарай жүзеге асқан. Пешке жаққан отынның қызуы кан арқылы бөлмелерді жылытып тұрған. Қазіргі кезде үй жылытуға пайдаланып жүрген «жылы еден» жүйесінен айырмашылығы жоқ.

Ал суға арналған құбырлар қаланы сумен қамтамасыз етуге қолданылған күрделі жүйенің құрамдас бөлігі ғана. Өзен жағасында тұрғанмен егін шаруашылығына, қаланың сумен қажеттілігін өтеуге су шығару үшін түрлі суару жабдықтары қолданылды. Ғасырлар бойына бұл жабдықтар ең қарапайым түрінен күрделі жүйеге дейін дамыды. Оған қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайының өзгеруі де әсер етті. Адам күші жұмсалып келген су тасу біртіндеп жылқы, түйе, есек, өгіз сияқты жануарлардың күшін пайдалану арқылы жүзеге асырылса, өзен жағасына орнатылған «конвейерлік» тәсіл-шығырмен су шығару бұл жүйенің дамуын көрсетті. Шығыр немесе «парсы доңғалағы» суармалы егін үшін таптырмас тәсіл болды. Шығырдың доңғалағы ені 5–7 см, қалыңдығы 2 см тақтайдан жасалған, оның ұзына бойына шығыр шөлмектері байланады. Қазба жұмыстары барысында табылған шығыр құмыралары сопақша келген бүйірі кең, түбі үшкір болып біткен ыдыстар. Шығыр доңғалағының диаметріне қарай ұлы(үлкен) шығыр, кіші шығыр аталған. Үлкен шығырларға 28–30 құмырадан, кіші шығырға 12–16 құмырадан байлаған. Ұлы шығырды атан түйелер, аттар айналдырса, кіші шығырды айналдыруға есектерді пайдаланған. Шығырмен шығарылған су әрі қарай арықтармен немесе құбырлармен керекті жеріне жеткізілген.

Сарайшық музей қорындағы көрермен қызығушылығын туғызатын тағы бір жәдігер –сынапкөзе (сферококус). Тарихи жазбаларда сынапкөзеге сынап құйып сақтағандығы айтылады. Сынапты адамдар өте ертеден пайдаланған. Сынап табиғи қалпында, яғни тау жыныстарындағы сұйық тамшы күйінде табылған. Гректер мен римдіктер сынапты алтын тазартуға қолданған, ал алхимиктер сынапты барлық металдың басты бөлшегі деп қабылдаған. Музейдегі сынапкөзелер түр-түсі жағынан да әркелкі. Себебі табылған бұйымдардың бәрі бірдей жергілікті жерде жасалмаған, керуенмен басқа елдерден әкелінгендері де бар. Сынапкөзелердің жасалу техникасының да өзіндік ерекшеліктері бар, олар отқа төзімді ұсаққұмды балшықтан су өтпейтіндей тастай тығыз етіп, сапалы қыштан жасалады және температурасы өте жоғары пеште күйдіріледі [2].

Қазақ археологы Е.Ш. Ақымбек «Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған сынапкөзелер» мақаласында бұл конус тәріздес ыдыстың шығыс жазбалары бойынша «симаб-кузаче»(симаб-сынап, кузача-тар мойынды ыдыс) деп аталғанын, яғни қазақша сынапкөзе болатынын дәйектейді. Сынапкөзенің аузы тар, бүйірі жарты шар тәрізді, түбі сүйір болып жасалынуы оның сұйықтық сақтауға, оның төгілмеуіне, аузын тығындауға ыңғайластырған. Табылған сынапкөзелердің ешқайсысының тығыны болмауы оның ағаштан жасалғандығын дәлелдейді [3].

Музей жәдігерлерінің жиі кездесетіні бала бөлеуге пайдаланған бесіктің түбектері мен шүмектері. Жалпы ата-бабамыз бесікті қасиетті, құтты мүлік деп есептеген. Бесіктің құрылымы алып жүруге жеңіл, ықшам және берік. Ол баланың таза жатуына көмектеседі, өйткені арнайы қойылатын түбек пен шүмек баланың кіші дәретін жаймай, таза және ұзақ ұйықтауына септігін тигізеді. Бұл үй шаруашылығымен айналысып жүретін анаға қалай қолайлы болса, көшіп-қонып жүргенде, баланың өзінің де денінің сау болып өсуіне де тиімді. Аңызға сүйенсек, ең алғашқы бесік Жетісу мен Алтайдың бойын мекен еткен Айдархан бидің кезінде пайда болған. Айдархан бидің әкесі, төңірекке белгілі Мизам баба, қазақ даласына ағаш отырғызумен, орманды көбейтумен айналысса керек. Елге сыйлы Мизам баба 150 жыл өмір сүріпті. Өзі сүрген ғұмырында еккен көшет-талдардан үлкен бау-бақшалар өсіп шығыпты.

Мизам бабаның о дүниеге сапар шеккенінен хабардар қытайлар, бақилық бабаның еңбегін көреалмаушылықпен өртеп жіберіпті. Сол уақытта Мизам бабаның баласы, Айдархан би, алыс ауылға сапар шегіп кеткен екен. Би түсінде әкесін көреді, лезде бір сұмдықтың болғанын сезген ол, үйге қарай аттың басын бұрады. Ауылға асығыс жетіп, ну

орманның орнында шөл далаға айналған ауылын көріп қатты қапаланады... Бірақ жылдар өте береді. Айдархан би үйленіп, ең тұңғышы туылады. Бірақ туыла сап, сәби тоқтамай жылай береді. Оған шартарапқа аты шыққан емшілер де көмектесе алмайды. Бір күні бала жылауын тоқтатады. Әкесі қуанып кетіп, жүгіріп үйге кірсе, оны ақ шапан киген бір қария өрттен аман қалған сынық бұтақтарға жатқызып, сәбиді тербетіп отырады. Айдархан би жақын келгенде, ақсақал ғайып болады. Оның орнында қалған ағаш бұтағымен Айдархан, қазіргі «бесік» деп айтылып жүрген бұйымды жасайды. Осылайша, «бесік» көшпелі қазақ халқының ажырамастай мұрасына айналады.

Төле би бабамыздың заманынан қалған мына әңгіме де бесіктің қасиетін ашқандай: Жоңғарлар шапқыншылығынан тоз-тоз болған ел таулы жаққа қарай босып, көшіп келе жатқанда, екіқабат жас келіншек бос бесікті арқалап бара жатқан көрінеді. Сонда Төле бимен қатар келе жатқан кісі: «Мына бейшараның көрпе-жастығын тастап, бос бесікті арқалап келе жатқаны-ай», – дегенде, Төле би: «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі ғой», – деген екен. [4].

Қазіргі таңда қорында үш мыңнан астам жәдігері бар Сарайшық музей қорығының аздаған ғана жәдігерлеріне тоқталып, оларды сөйлетуге тырысқанымыз. Қорда тұрған қыш құмыраның, саз балшықтан жасалған әрбір бұйымның айтар сыры бар. Себебі саз балшық жады мықты, тілін тапса сөйлей жөнелетін тірі организм. Ол ғылыми тұрғыда дәлелденген. «Құмыралар сөйлейді. Олардың әрбірі өз дәуірі туралы, сол замандағы адамдардың тіршілігі жөнінде сыр шертеді.

Ғалымдар алғашқы қауымда жасалған, сондай-ақ орта ғасырда және менің қолыммен істелген құмыраны қатар қойып, үшеуін де заманауи дыбыс жазушы құрылғылармен тыңдаған. Сонда алғашқы қауым кезінде жасалған құмырадан үңгірлерде күбірлеп сөйлеген адамдардың үндері есітілген. Ал орта ғасыр құмыраларынан ұрыс даласында қақтығысқан қылыштар мен найзалардың және ұрандап жауға шапқан жауынгерлердің дауысы шыққан. ХХІ ғасырдағы менің туындыларымнан техниканың, зулаған көліктер мен ғарыш кемелерінің дыбысы білінеді», дейді Ерболат Кендебайұлы Қарабалов, дәстүрлі құмырашы [5].

Саз балшықтың қасиеті мұнымен ғана шектелмейді. Ол сан мыңдаған жылдар сыр-сипаты мен сымбатын сол қалпында сақтаумен бірге, отқа да өте төзімді. Мәселен, қас-қағымда сан мың шақырым қашықтыққа заулайтын зымырандар моторы саз балшық керамикасынан құйылатынын біреу білсе, біреу білмес. Себебі, мыңдаған градус ыстық шығаратын ғарыш кемесінің моторында жанған отқа ешқандай темір заты төтеп бере алмай, балқып кететін көрінеді. Ал, керамика, керісінше оттың қызуы күшейген сайын қатай түсетіні мәлім.

Ендеше, көне қаланың қазбасынан шыққан әрбір қыш құмыраның сынығын өткен тарихымызды келешекке жеткізетін ақпараттық жады деп қарағанымыз абзал.

Әдебиеттер тізімі

1. Кипиев М. жеке қорынан. «Среднеазиатско-турецкие надписи на глиняном кувшине из Сарайчика» А.Самойлович. – СПб. 11 октябрь 1911 г.
2. Пацевич Г.И. Раскопки на территории древ. г. Тараз в 1940 г. // Труды ИИАЭ. Том1. Археология. – Алма-Ата, 1956. – С. 70–80.
3. Ақымбек Е.Ш. Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған сынапкөзелер // ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 2011. – №3(282). – 53–56-бб.
4. Ғалымқызы К. Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының әдіскері // Ана тілі. – 2017. – 27 наурыз
5. Ермұратов Н. «Саздың саналуан сыры» // Егемен Қазақстан. 21 наурыз 2015.

Түйін

Бұл мақалада автор ортағасырлық Сарайшық қаласының қазба жұмыстары барысында табылған Сарайшық музей экспозициясындағы жәдігерлерге жан-жақты сипаттама береді.

Резюме

В этой статье автор описывает найденные и выставленные экспонаты при археологических раскопках средневекового городища Сарайшык, которые находятся в экспозиции музея.

Resume

In this article, the author describes the found and exhibited exhibits during archaeological excavations of the medieval settlement Saraishyk, which are on display at the museum.

УЛУС ЖОШЫ (1206–1227 ГОДАХ) В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА: МЕТОДОЛОГИЯ ИССЛЕДОВАНИЯ

С.Ж. Сапанов, д.и.н., директор научно-исследовательского центра «Истории, археологии и этнографии Атырауской области»

К.С. Жұмабаева, магистр педагогических наук, кафедра педагогики и преподавания менеджмента КазНУ им. Аль-Фараби,

В методологии исследования истории за последние полтора десятилетия произошли важные изменения в понимании места теоретического знания в отечественной исторической науке. Многие еще помнят, что в советское время историкам фактически было отказано в праве на теоретические исследования. Специалисты по историческому материализму априори считали это своей прерогативой. В настоящее время важность теории и методологии истории глубоко осознана самим профессиональным сообществом. Сделаны важные шаги в закреплении подобных знаний на уровне образовательного процесса. Соответствующие курсы преподаются в университетах будущим историкам, издаются учебные пособия, проводятся научные и практические конференции. Однако важно помнить, что теоретическое знание важно для историков не как интеллектуальная игра с терминами, а как инструмент, с помощью которого можно получить новое знание, углубить наши представления о прошлом.

Бір ғана мысал, «Башпай» күйінің шығу тарихындағы аңыз мазмұндарына тоқталсақ; өлімнен қашып жүрген Қорқыт Атаға тамақ әкеліп беріп тұрған қарындасына аңдаусызда тиіп кеткен башпайын бабамыз өзі өлгенде де жерлемей, ол «арам башпай» деп сыртқа шығарып қоюды аманаттап кеткен екен. Бұл құбылыстың ешбір халықтарда кездеспейтін нәзік этикалық өлшемдер екендігін Ә. Нысанбаев та бағамдап өтеді [7, 2-б.]. Міне, әйелге, қарындасына деген құрмет пен адалдық, сыйластық пен тазалықтың мінсіз үлгісін паш еткен бұндай этикалық ұстаным түркілік руханилықтың қаншалықты жоғары болғандығын айғақтай алады.

Қ. Ермаков пен Б.М. Аташ Қорқыт Ата аңызындағы өлмейтін өмірді іздеудің рухани-танымдық мағынасы; өмірге құштарлық (биофилия), өмірді сүйе білу мен оған деген тойымсыздық, бар болу бақытынан айрылғысы келмеу, уақытты бағалау, адамға арналған жарық дүниені көру сәтін ең жоғарғы құндылыққа айналдыру т.б.» деген қортындыға келеді [8, 98–99-бб.].

Біздіңше, қазіргі таңдағы еліміз ұстанып отырған негізгі мұраттардың бірі – Мәңгілік Ел идеясы мен Қорқыттың мәңгілік өмірді аңсауы арасында белгілі бір ортақ ділдік тарихи сабақтасық бар сияқты. Қорқыт Атаның осы мақсаты, бұл – құбылыс, бір жағынан мифологиялық, екінші жағынан тарихи мағынасы бар шындыққа жанасатын оқиға болса, Мәңгілік Ел идеясы еліміздің жасампаздығы мен өміршендігін армандаған оптимистік идеал.

Одан кейін орта ғасырдағы араб жерінде пайда болған ислам діні (VII ғ) мұсылман мәдениетінің өзіндік бағдарын қалыптастыруға игі ықпал етті. Мұсылмандық ренессанс тек араб халықтарын ғана емес, сол кездегі ислам діні таралған аймақты, Орта азия мен Шығыс еуропа жерлерін де шарпыды. Араб-мұсылмандық мәдениет сондай-ақ, түркі халықтарының өркендеуіне де ықпал етті. Сондықтан, түркі даласында да бірнеше ойшылдар легі қалыптасты: әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М. Қашғари, А. Иүгнеки, А. Яссауи т.б.

Араб-мұсылмандық шығыс философиясының өкілі болғанмен, түркі жерінде, Отырар қаласында дүниеге келіп, балалық шағын сонда өткізген ойшылдардың бірі – Әбу Насыр Әл Фараби. Ол 200-дей еңбек жазғанмен, оның бізге келіп жеткені 70-тейі ғана: «Философиялық трактаттар», «Математикалық трактаттар», «Әлеуметтік-этикалық трактаттар», «Логикалық трактаттар», «Музыканың ұлы кітабы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» т.б.

Әл-Фараби де этиканы зерттеумен шұғылданды. Оның қайырымды қаласының тұрғындарында басты екі сапа болуы тиіс: білімділік пен адамгершілік. Сол кезде қала тұрғындары бақытты болады. Ол бұндай қаланы басқа да қалалармен салыстырып көрсетеді. Мәселен, Надан қала тұрғындары бақытсыз. Бұл әл-Фарабидің утопиялық идеалы болып табылады. Ол, шындығында да, білім мен адамгершілікке баса назар аударды. Сондықтан қазір классикалық афоризмге айналып кеткен ұлағатты сөзі: «Тәрбиесіз берілгін білім адамзаттың қас жауы», қазіргі таңда да өзінің өзектілігін жоймаған канондар болып отыр.

«Әлеуметтік-этикалық трактаттарында» ол бақыт, адамгершілік, ізгілік, қайырымдылық т.б. құндылықтарды талдай келе, Аристотельдің алтын аралық іліміне сүйенеді: «Мырзалық ысырапшылдық пен сараңдықтың аралығы», «Батырлық қорқақтық пен көзсіздіктің аралығы» т.б.

Ахмед Иүгнеки өмір сүрген тарихи кезең де мұсылмандық мәдениеттің түркілік ортада орныға бастауымен байланысты болғандықтан, ойшылдың жеке дүниеге көзқарасының қалыптасуына ислам діні тікелей әсер етіп, теологиялық этика мен моральдік қағидалар оның шығармашылығынан айқын көрініс табады. Оның «Ақиқат

сыйы» деп аталатын еңбегі діни-философиялық шығарма шығыстық ойлау дәстүрін, түркілік таным-түсінікті тұтасынан жинақтайды. Бұнда адамгершілік қағидаларын кеңінен насихаттау мен үлгі-өнегелілік басты орынға шығарылады. Бұнда «Ақиқат» ілім «сый» ретінде табиғи және адамзаттың эволюциясының рухани өрлеуінің қажетті, әрі бірден-бірі ілімі деген идея ниеттеледі. Бұл адамның білімге деген ұмтылысының жоғарылығы мен адамгершіліктің үндестірілуі арқылы толығырақ деген пікірлермен тұжырымдалды.

Оның идеяларында Алла тек жаратушы салқынқанды емес, әділеттілікті, парасаттылықты сақтаушы айрықшы күш және адамдарға ырыздық пен бақыт және игілік сыйлаушы ретінде көрсетіледі: «Алла өзін білімменен құт етеді, Қайырсыз надандықты жұт етеді. Білімді үйренбеген талай қауым, Құдайды қолдан жасап бұт етеді».

Түркі халықтарындағы араб-мұсылмандық ренессанс ықпалымен қалыптасқан қазақ даласындағы ойшылдардың көрнектілерінің бірі – Қожа Ахмет Яссауидің махаббат философиясы ғашықтық танымы бойынша теологиялық сипатты басшылыққа алады, жету жолы мен ұмтылуы бойынша – аскеттік стилді қолданады да, суфистік өмір кешу дағдысын уағыздайды.

Оның «Даналық кітабы» – ғұмыр кешуден мән-мағына тапқан, сүйіспеншілікке ұмтылыс шабыттары мен іссіздік енжарлығының «алтын аралығын» ұсынғандай болады, даналық пен парасаттылықтың бастауларын нақты тұжырымдайды. Оның махаббат философиясында тұрмыстық жұптық сүйіспеншілік пен жерлік-физикалық деңгейден жоғарырақ, асқақтап көтерілген өмірмәнділік ұғымдар теологиялық формадағы онтологиялық деңгеймен тоғысады. Сөйтіп, ең жоғарғы деңгей «СҮЮ» құбылысын асқақтандырады, оны түпкі рухани құндылықтың сезімдік-танымдық дәрежесі ретінде орнықтырады. Бұл деңгейде махаббат өзінің-өзі тылсым, қасиетті, қастерлі құндылыққа өтеді. Ол адамның әлемде өзін-өзі ашуының, мәңгілік рухани жетілуінің нақты көрінісіне айналады. Бұның нәтижесі «Хақпен дидарласуға» келіп тоғысатын тұңғыш философияны туғызды. Сопылық дәстүрге енудің негізгі кедергілерінің бірі – нәпсі мәселесі Қожа Ахмет Яссауида ішкі психологиялық ықпал арқылы күресетін екінші жақ, өзінің нәпсісі өзіне қарсы қойылады. Осы тұрғыдан алғанда, дүниенің сыры да, жаратушысы Алла да, оған сенім де, бұның қарсы азғырушысы нәпсі де адамның өз ішінде, сондықтан жағымдыларын оятып, жағымсыздарын саналы түрде ығыстырудың бірлігі Хақ жолына жету деген тұжырым жатыр.

Түркілердің келесі бір руханияттық сілкінісі – Алтын Орда кезеңіндегі мәдениет. Бұл да ғылым мен білімнің, руханилық пен адамгершіліктің дәстүрлі түркілік тұтас бейнесін жалғастыратын өзіндік бір мәдени баспалдақ деп айта аламыз.

Одан кейінгі 15–18 ғасырлардағы Қазақ хандығы тұсындағы этика және қазіргі заманғы мораль бірден, жоқтан пайда болмағандығына көз жеткіземіз. Жыраулар поэзиясындағы адамгершілік құндылықтар, Абай, Ыбырай сынды ағартушылардың этикасы мен XX ғасыр басындағы Қазақ зиялыларындағы руханилық мәселелері осы көне түркілік руханияттан тамыр тартады. Яғни, біздің руханиятымыз, оның ішінде, этикамыз бен мораль тым көне дәуірлердегі құндылықтық бағдарлармен астасып жатыр. Мәселен, Ж. Баласағұнның «құт» категориясы, «Намыс» түсінігі, «Парасат» ұғымы т.б. басқа халықтарда кездеспейтін қазақтардың төлтума этикалық категориялары десе де болады. Бұл ұғымдар тура баламасымен басқа тілге аударылмайды. Мәселен, парасат, бұл рационалдылық емес, ақыл мен адамгершіліктің бірлігін білдіретін синкреттік моральдік түсінік деп пайымдай аламыз. Қазіргі таңдағы діни этика, имандылық пен жүрек тазалығы, терең руханияттылық т.б. А. Яссауи бабамыздың ілімі арқылы өркендеген құндылықтар екендігі де сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Әкім Ж. Қазақ идеясы. Түркі өркениеті негізінде. – Алматы: Өлке, 2006. – 232 бет.
2. Ибраев Ш. Халықаралық түркі академиясының құрылғанына 1 жыл // Түркі әлемі, – 2011. – №12(116). – 9–14-бб.

3. Аюпов Н.Г. Проблема человека в тенгрианстве // Адам бол! Что это значит? – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. -42-69бб.
4. Ғабитов Т.Ғ. Рухани мұраны зерттеудің әдіснамалық мәселелері//Қазіргі заманғы руханилық мәселесі. – Алматы: СаҒа, 2007. – 560 – С. 70–78.
5. Хуземан Фридрих. Об образе и смысле смерти / Пер. с нем. – Москва: Энигма, 1997. – 144 с.
6. Оспанов С. Арғытектану негіздері. – Алматы: Арыс, 2009. – 424 б.
7. Нысанбаев Ә. Қорқыт – бүкіл түркі халықтарының ұлы ойшылы // Егемен Қазақстан. – 1997. – 28 қазан.
8. Ермеков Қ., Аташ Б.М. Қорқыт Ата – ойшыл философ. – Алматы: Көкжиек, 2001. – 122 бет.

Түйін

Бұл мақалада ұлы даладағы руханилық, оның ішінде адамгершілік қағидалардың түпбастаулары туралы айтылады. Автор көне түркілік наным-сенімдерге сүйене отырып, зорастризм сеніміндегі, тәңіршілдіктегі, одан соң исламдық құндылықтардағы моральдік ұстанымдарға шолу жасайды және оның қазақ хандығы тұсындағы жыраулық дәстүрмен, қазіргі заманмен сабақтасатындығы туралы қорытындыға келеді.

Резюме

Эта статья рассказывает о духе великих степей, в том числе о моральных принципах. Основываясь на древнетюркских верованиях, автор приходит к выводу, что в исламе, а затем и в исламских ценностях существует рудиментарная традиция, мораль и что она основана на юрской традиции Казахского ханства.

Summary

This article describes the spirit of the great ladies in the moral traditions. According to the author of the ancient writings, the author goes to Islam in the Islamic traditions, and in the Islamic values, he inherits a rudimentary tradition, morality and it is based on the Jewish tradition of the Kazakh khanate.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ХАНДЫҚ БИЛІК ТҰЖЫРЫМЫ, ҚҰҚЫҒЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ, СИМВОЛДАРЫ

А.Тоқсанбаев
ҚазҰУ, PhD докторант

Ежелден Еуразияның кең даласын мекендеген қазақ халқының өзіндік этно-мәдени, әлеуметтік-құқықтық заңдылықтары ғасырлар тезінен тегістеліп, күнделікті тұрмыстық жол-жоралғыдан бастап, бүкіл әлеуметтік құрылымды қамтитын салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүрлі-құқықтық ережелері қағазға хатталып түспесе де, даланың қатаң қағидаларына негізделгені ақиқат. Қазақ даласындағы құқықтық ережелердің қолданылу тарихы тамырын тереңнен алады және өзіндік қайталанбас ерекшеліктері бар. Ондағы туындайтын әдет-ғұрып нормалары, хандық билік тұжырымына негізделген құқықтық ережелері ұлттық сана сезімнің көрінісі ғана емес, қазақ халқына тән құқықтық мәдениеттің іргетасы деуге болады. Әлем тарихына назар аударып қарайтын болсақ, өзге ұлттар мен халықтар өздерінің тарихи даму сатыларында құлдық қанау, езу, бір-бірінің құқын аяққа таптап, аясыз жазалау әдістерін қолданғанын көреміз. Бұл тұрғыдан алып қарағанда қазақ халқының билік құрылымында да, әлеуметтік құрылымында да ақ пен

қараны ажыратып, обал мен сауаптың ара жігін терең түсініп, еркіндік, әділеттілік, адамгершілік секілді адами қасиеттерді жоғалтпағанын көреміз. Бұл көріністің барлығы да билік пен қоғамның арасындағы ерекше түсіністік, дала заңын демократиялық сипаттарға толы қағида-ережелер негізінде ұстануда болып табылады. Қазақ халқын құрайтын ежелгі ру-тайпалардан бастап, Қазақ хандығының құрылуы, оның дамуы, саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани байланыстардың өз кезегінде халықтың саяси мінез-құлқының қалыптасуына әсер еткені сөзсіз. Сондықтан Қазақ хандығы тұсындағы хандық билік тұжырымы уақыттың қатаң сынынан өтіп, жетіліп, ғасырлар бойы қалыптасып, түрлі даму сатыларын бастан өткергенін көре аламыз.

Қазақ халқы өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізіп, кемел келешектің басымдықтарын көрсетуде, саяси билік тұжырымдарының тарихына үңіліп, халықтың тарихи санасында орын алған құқықтық ережелері мен биліктік қызметі, символдық ерекшеліктерін анықтау қажеттігі туындады. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақ хандығы дәуіріндегі хандық билік тұжырымы, құқығы мен қызметі және символдарын жан-жақты зерттеу, қалыптасқан пікірлерді жаңа көзқараста талдау Қазақстан тарихында маңызды мәселенің бірі болып табылады. Хандық биліктің негізгі тұжырымы мемлекеттік билік құрылымына тікелей негізделген, күрделі құбылыс болып табылады. Мемлекет дегеніміз, нақты аумақта бір немесе бірнеше халықтың басын біріктіруші, мүдделерін қорғаушы саяси-құқықтық жүйе. Бұл жүйенің пайда болуы да, ондағы басқару тетіктерінің қалыптасуы да ұзақ мерзімді қажет етеді. Табиғи-географиялық орта, одан туындайтын шаруашылық-мәдени тип, тарихи үдерісі халықтың болмысын даралауға қалай әсер етсе, мемлекеттің табиғатын анықтауға да соншалықты ықпал етті [1, с. 11–37].

Билік тұжырымы әрдайым белгілі бір сәйкестендірулерде параллель ұқсастықтардан және өзіндік қайталанбас ерекшеліктерден тұратыны белгілі. Хандық билік тұжырымы тарихи, саяси ғылымдарда өзіндік әрқилы сипатта көрініс беретіні белгілі. Хандық биліктің классикалық тұжырымы көбіне еркіндік және объект пен субъект арасындағы қарама-қайшылықтарға сүйенеді. Жалпы билік тұжырымының бұл сипаты Платон [2] және Аристотель [3, с. 38–57] кезеңіндегі теориялық сипаттамалардан аса алшақ емес, тіпті М. Вебердің биліктің саяси теориялық мәселелері жөніндегі пікірі де осыған саяды [4].

Бірақ биліктің классикалық емес тұжырымдарында субъект пен объект арасындағы оппозициялық көзқарас кездеспейтін секілді, ал билікті классикалық теориялар шеңберінде сипаттау, оның атқаратын қызметі мен өз ішінде түрлі ұсақ құрылымдарға бөлінуімен анықталады. Қазақ хандығындағы хандық биліктің негізгі тұжырымы да осы классикалық емес билік құрылымына жақын болып келеді. Әрине классикалық тұжырымдар дала өркениетіндегі билік тұжырымдарының негізгі теориялық мәселелерін танығанымен, барлық құрылымына қатысты сұрақтардан аздап алшақтап кететін секілді. Біздің ойымызша, бұл өз кезегінде классикалық билік тұжырымдарының мемлекеттік билік құрылымының гео-аймақтық орналасу ерекшелігіне тікелей байланысты болатынын байқатады. Дала өркениетінен туындайтын мемлекеттік құрылым сол дала заңдарына бағынатыны мәлім. Билік, оның ішінде біздің қоғамға тән хандық билік те жергілікті гео-аймақтық жағдайда қалыптасқан заңдылықтар аясында өрбіп, дамып, жетілгені белгілі. Дегенмен хандық биліктің жалпы құрылымы, оның түбірлі мәселелері бүгінгі тарихи-саяси ғылымдарда толық шешілмеген мәселелердің бірі іспеттес. Билік құрылымын зерттеуде атрибуциялық және реляциялық деп сипаттау қалыптасқан. Егер хандық билікті атрибуциялық тұжырым аясында қарайтын болсақ – билік субъект сипатында көрініс береді. Мұның құрамына потенциалды-еркін, инструменталды-күш қолдану және құрылымды-функционалды белгілері бар. Өз ішінде потенциалды-еркін биліктің негізгі тұжырымы – белгілі бір мақсатқа өзінің қол астындағылардың көмегімен жету; инструменталды-күш қолдану – қарамағын күшпен, авторитарлық билікпен ұстау; құрылымды-функционалды – қоғамды белгілі бір құрылымның негізінде жүйелеу, басқару ісін жеңілдету [4]. Хандық билікті реляциялық тұжырымы аясында қарайтын болсақ, бұл жерде – қарым-қатынас заңдылықтары басты назарда болады. Мұның құрамында

бихевиоралистикалық, интеракционистік, коммуникативтік и постқұрылымдық. Бихевиоралистикалық – ресурстарды еркін басқару түрі; интеракционистік – ресурстарды қоғаммен тең бөлісу түрі; коммуникативтік – қоғаммен, оның иедалдары және идеяларымен келісу; постқұрылымдық – халықтың дүниетанымдық көзқарастарымен келісу [4]. Аталған екі тұжырым қазіргі қазақ хандығындағы хандық билік тұжырымдарының барлық қырын көрсете алмағанымен, жалпы хандық биліктің теориялық мәселелерінің көпшілік сұрақтарына жауап бере алады. Әрине бір мақала аясында хандық билік тұжырымының барлық теориялық мәселелерін анықтап, оған тарихи баға беру мүмкін емес. Сондықтан қазақ тарихында аталған мәселені жеке қарастырып зерттеу қажетті туындап отырғанын ескеруіміз қажет.

Көшпелілер қоғамындағы мемлекеттіліктің болуы туралы пікірталастар бізге дейін орын алып, түрлі мақсаттағы зерттеулер шеңберінде көрініс тапқаны белгілі [1]. Хандық үкімет далалық көшпелі өркениет елдеріндегі алғашқы мемлекеттік басқару жүйесінің түрі болып табылады. Үкіметтің бұл басқару түрі алғаш ру-тайпа көсемдерінің іскерлігінен, ақыл-парасаттылығынан, ел басқара білу қабілетінен туған. Қазақ халқында саяси құқықтардың болғандығын және оның дәстүрлі қоғамда өзіндік орын алғанын, мысалы хандарды сайлау институтынан, немесе дәлірек айтсақ, халық мойындаған Шыңғыс ұрпақтарының билігін заңдастырудан көруге болады [1]. Қазақтарда хан сайлау дәстүрі өзінің түп-тамырымен сонау ғұн дәуіріне кетеді. Мысалы, Ғұн мемлекетінің басқарушысы «Тәңір-құт» деген лауазымды да иеленген [5]. Бұл оның мемлекеттік билікті атқарумен қатар, дінбасы да болғандығын білдірсе керек. Билікке ие болу көбінесе мұралық жолмен жүзеге асырылды, бірақ егер билік мұрагері таққа лайық болмаса (қабілеті жетпесе, денсаулығы жарамаса және т.б.) оның мұра қалдырушының туыстарының ішінен лайықтысын халық (немесе билік басындағылар, бірақ бұл жағдай өте сирек кездесетін) сайлайтын. Бұл жөнінде VIII ғасырдан жеткен Күлтегін ескерткішінде Түрік халқының өткендегі ұлы қағандарын мадақтай келе: «Одан соң інілері қаған болды, ұлдары да қаған болды, бірақ інілері ағасындай бола алмады, ұлдары әкесіндей бола алмады», - делінген [6]. Түрік Қағанатында реттік тәртіп аттамалы жолмен, дәлірек айтсақ, іріктеу арқылы жүзеге асады, жасы кіші інінің келесісі емес, үлкен-кішісіне қарамай ең беделді, айбарлысы хан көтеріледі. Бұл салт Қазақ хандығы кезінде өз жалғасын тапты, болашақ хан тек сайлау арқылы ғана таққа жететін болды. Хан сайлау рәсімін көруге, белгілі бір мөлшерде сырттай болса да атсалысуға ұлыстағы кәрі-жастың бәрінің де хақысы бар. Әрбір адам кеңесші дауысты иеленген. Бұлар белгілі бір үміткерді қостап, мақұлдап немесе әлдебіреуіне наразылық білдіріп, хан сайлаудың өзі қалаған бағытта өтуіне ықпал етуге таласқан. Яғни Қазақ Ордасындағы халықтың, қарулы әскердің ой-пікірі жауапты кезеңде үлкен күшке айналған. Белгілі шығыстанушы Т. Сұлтанов өз еңбектерінде Ханның ең негізгі бес құқығы мен қызметін былайша көрсетеді:

Билік етіп отырған әулет басшысы және мемлекеттегі жоғарғы сюзерен ретінде елдегі барлық аумаққа, ұлысқа тиесілі жерге иелік етті, қарулы жасақпен оны сыртқы жаулардан қорғады. Соғыс жариялау мен бітімге келуге құқылы болды, себебі ол әскер басшысы еді. Шетелдік мемлекеттермен келіссөздер жүргізіп, мемлекеттің сыртқы саясатын айқындап отырды. Өзіне бағынышты адамды өлтіруге немесе тірі қалдыруға құқылы болды, яғни ол мемлекетіндегі Жоғарғы Сот қызметін де атқарды. Заң шығару құқы болды және қол астындағылардың барлығына міндетті бұйрықтар шығарды. Сөйтіп, қоғамдық құрылым мен тәртіпті сақтады [7, 19–85-бб.].

Хандық биліктің символдары өзінің тамырын тереңнен алатыны белгілі. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік құрылымы сан ғасырлар қалыптасып, даму сатыларынан өткендіктен, ондағы биліктің символдары да бірге қалыптасқаны белгілі. Жалпы суретті деректер, этнографиялық және тарихи материалдарда түркі, моңғол және қазақ мемлекетіндегі билік құрылымында хандық биліктің символы ретінде тақтың болғандығы туралы мәліметтерді кездестіруге болады. Қазақ хандығының билік тұжырымдары, билеушінің титулы, билік символын зерттеуші кейбір ғалымдардың пікірінше, көшпелі

қоғамда билікті құрылымдаудың күрделі жүйесі іске асқандығын, биліктің басты атрибуты ретінде тақтың және хан тұғырының болғандығы [8, с. 75–99]. Дәстүрлі қазақ қоғамында ханды ұлықтаудың екі кезеңі болғандығы туралы көзқарастар бар. Олар бірінші хандық ақ киізге көтеріп ұлықтау, екінші арнайы тас-тақтаға шығару яғни мұны хан орны немесе хан тағы деген ұғыммен алмастыруға болатын секілді. Жалпы мұндай атау бүгінге дейін сақталған. Жетісу жеріндегі Керейдің қытауы болған Хантаудағы «Хан тағы» деген тас бар екендігі белгілі [9]. Қазақ хандығындағы билеушілерде тәждің болғандығы туралы мәліметті Томас Аткинсонның жазбасынан көре аламыз [10, с. 49–93]. Сонымен қатар, тас-тақтаның этимологиясы да (тахт±таг) көне түркілердегі тәңіршілдік сипаттағы қасиетті тау деген ұғыммен де астасатын секілді [8, с. 75–99].

«Тақ» сөзінің төркіні парсы тілінен келіп шығады. Онда сөздің орфографиясы мен орфоэпиясы аздап өзгеріске түсіп, «тахт» деп аталады [11, с. 357]. Бірақ кейбір парсы сөздіктерінде «тахттың» орнына – «оуранг» деген көнерген сөз де қолданылған [11, с. 142]. Отандық зерттеушілердің пікірінше оуранг – oγun – шындығында түркі сөзі болып табылады [12, с. 372]. Бұл алғаш көне түркі жазбаларында «kun aj tanrilarnin tunagulug ogni» – «күн-құдай мен ай-құдайдың қонар орны» деп аударылады [12, с. 372]. Жалпы көне түркілік дүниетанымда күн-құдай мен ай-құдайдың қонар орны бұл – тау, яғни түркі тілінде «таг», «тағ» (тау), бұл сөз қазіргі таңда алтай тілдер тобындағы шор, хакас тілдерінде де тура осылай қолданылады. Парсылық «тахт» сөзі тағ-тау сөзінен шығып, айтылу мәнеріне қарай «тахт-санг» - тас тақта деген сипатта көрініс табуы мүмкін. Мәселен Саян тауының етегіндегі құз-жартастың басы Шыңғыс хан тағы деп аталуы осының дәлелі іспеттес [11, с. 357].

Гильом Рубруктың Мөңке ханмен кездесуі туралы жазбасында мынадай қызықты мәліметті көреміз: «Аспанда жалғыз және мәңгі құдай, жерде құдайдың ұлы Шыңғысханан басқа ешкімнің билігі жүрмейді, ол теміршінің баласы, яғни «темірдің дыбысы» [13, с. 20]. Алтын орда мәдениетін зерттеуші М.Г. Крамаровскийдің пікірінше Шыңғыс ханды құрылтайда хан сайлағаннан кейін, биліктің бір символы ретінде тақ атрибуты енген [14, с. 21–22]. Айдаһар бейнесіндегі пішіні бар тақ бейнесі Эдинбург университетінің кітапхана қорындағы Рашид ад диннің «Жамиғат тауарих» еңбегінің бір нұсқасындағы миниатюрада да сақталған [14, с. 72].

Археологиялық зерттеулерге назар аударсақ, далалық өркениетті жасаушы көшпелі халықтарда тастан қашап жасалған статуарлы артефактілер кездеседі әрі олар XIII–XIV ғасырлармен мерзімделеді [15, с. 350.]. Біздің ойымызша бұл көшпелі қоғамдағы салт аттының ер тоқымы билеушінің тағына қатысты генезисі болуы мүмкін секілді. Егер ер-тоқым адамды жеткізу қызметін атқарса, оның тақ түріндегі көрінісі сакральды ұғыммен астасып, биліктің символы ретінде көрініс беретін секілді.

Қазақ хандарының билік символы болып табылатын тақтың генезисі, морфологиясы және конструкциясын зерттеу және анықтау – Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясын реконструкциялауда өте маңызды болып табылады. Қазақ тарихында бұл мәселеге қатысты зерттеу жұмыстары жоқтың қасы деуге болады. Тарихи және фольклорлық материалдарды зерттеуші Н. Атығаевтың еңбектерінде Қазақ хандығында оның ішінде Абылай хан, Тұрсын хан, қасым хан, Тахир хан және Хақназар ханның кезінде билік символы ретінде тақтың болғандығы туралы мәліметтерді кездестіре аламыз [16]. Соның бірі қазақ фольклорында Тұрсын ханның тағы туралы мәліметтер кездесуі [17]. Онда ханның үлкен тағы болғаны, әрі оған хан жатпайтыны, тек отыратыны туралы деректер жанама түрде айтылып өткен. Ал ортағасырлық деректерде Қасым ханның тағы туралы мағлұматтар біршама толық келтірілген. Онда тақтың таза саф алтыннан жасалғаны, оның төрт бұрышы бар екендігі, әрбір бұрыштың арыстан, барыс, айдаһар пішіндеріне ұқсайтындығы туралы айтылады. Осы жерде ескере кететін жағдай, XVI ғасырда өмір сүрген жоғарыдағы мәліметтің авторы, аталған тақтың шыңғыс ханға тиесілі болуы мүмкін екендігін айтып, өз пікірін білдіреді. Мұндай көзқарас өз кезегінде алтын ордалықтар мен алтын орда негізінде қалыптасқан хандықтардағы тақтың Батый (Бату,

Сайын хан) ханға тиесілі болса, қазақ хандығындағы билік тұтқасын ұстаған Шыңғыс ұрпақтарына тиесілі тақ Шыңғыс ханнан қалған мұра болуы тиіс деген оймен астасады.

Махмуд ибн Валидің «Бахр ал-аср» шығармасында қазақтың тоғыз шашақты байрағы Шыңғыс ханның байрағымен ұқсастығы бар екендігі туралы мәселе көтерілген [18, с. 331]. Бұл келтірілген аналогиялық мәліметтер Қазақ хандығының XVI–XVII ғасырларда шыңғыстық билік тұжырымына негізделген символдық белгілерді ұстанғанын көрсетіп отыр.

Зерттеуші А.Ш. Бимендиев Қасым ханның және басқа да қазақ хандарының сипатталған тағы Шыңғыс хан тағының роеконструкциялан түрі болуы керек деген пікірдіалға тартады [8, с. 75–99].

XVI ғасырға тән орыстың архифтік материалдарында Қазақ хандығына тән мемлекеттік билігіне тақ мұрагерін тағайындаудың ғұрыптық мәселелері туралы бастама көтеріліп, бірақ әлі ол «орынға» нақты үміткер болғаны туралы мәліметтер кездеседі [19, с. 61, 177].

XVIII ғасырға тән жазба деректер Хиуа жерін билеген Әбілхайыр ханның билік құрылымы туралы деректер ұшырасады. Осы кезеңнің куәгері Д. Гладышев қазақ ханы туралы. «Хан арнайы тұғырға орнатылған, үсті пармсы кілемімен жабылған, кілемнің үстінде мақпал жүнді жастықтары хан тағында отырды, үстінде қызыл жібектен тоқылған шекпені бар» деген мәлімет келтірген [20, с. 12]. Әрине бұл жерде Хиа хандығына тән тақ сөз болып отырғанымен, шамасы Әбілхайыр хан үшін аталған тақтың құрылымы мен құрылысы аса бір таңсық болмаған тәрізді.

Қазақтың осы ханымен алғаш рет кездесуінде және аудиенциясында болған еуропалық Джон Кэстл өзінің жол жазба күнделігінде маңызды иллюстрациялық мәлімет келтірген. Джон Кэстл өз еңбегінде: «Қарама-қарсы хан отырды... Жанында екі ұлы отырды.....» [21, с. 24]. Гравюрадағы суретте ханның орны биіктеу жерде орналасқан, ал оң жағында ханның соғыс қарулары орналасқан. Джон Кэстл өзін Әбілхайыр ханның келесі қабылдауында ханның тақ тәріздес биік жерде емес, барлығымен бірдей биіктікте, құс жастықты мамық жерде отырғанын жазған. Тура ос көріністі біз 1736 жылы кіші жүз ханы Әбілхайырдың қабылдауында болған статс-кеңесші Кирилловтың жазбасына көре аламыз. Онда да ханның биік жерде емес, барлық адамдармен бірдей биіктікте отырғанын айтады. Осы жерде бір аңғаруға тиіс мәселе, хан тағының үстінде немесе хан отыратын жерге үлкен шымылдық тәріздес матаның орналасуы. Хандық символ атрибуттарының бірі болып табылатын шымылдық (балдахин) әдетте хан отыратын жердің сол жағын жауып орналасады [22, с. 42–43]. Сонымен қатар, поляк саяхатшысы А. Янушкевичтің жазбасында: «Қырғыздар (қазақтар – Т.А.) жақсы орналасқан, ақсүйектер шатыр астында, ал қарапайым халық қой терісінен тігілген мақалай киген» - деп жазады [23, с. 84]. Олай болса біз Джон Кэстлдің иллюстрациясынан Әбілхайыр ханға тиесілі «хан орнының» «салтанатты емес» екі түрлі нұсқасын көріп отырмыз.

Жоғарыда сипатталған Хиуа хандарына тәні хан тағы шыңғыс тқымдары саналатын қазақ хандары үші тосын жай емес. И.В. Ерофеева 1728 жылдан 1728 жылдан 1783 жылдар аралығында жошыдан тараған қазақ хандары аздаған үзілістермен хиа тағына отырғаны белгілі. Оның ішінде Әбілхайыр ханнан бастап, Ыдырыс сұлтан және Полад-Гази сұлтанды айтуға болады [24, с. 619–620]. Осы жерде қазақ хандарының 1598 жылдан бастап, билу орталығы Ташкент қаласына орналасып тұрғанын, әрі мұның тағы бір дәлелі ретінде XVII–XVIII ғасырларға тән еуропалық карталарда көрініс тапқанын айта аламыз. Осымен байланысты В.В. Стасовтың 1886 жылы жарияланған «Хиуа хандарының тағы» атты мақаласында мынадай мәлімет ұшырасады: «... Хиуа хандарының тағы орыс патшаларының тағымен өзара ұқсастықтары бар ма? Жоқ, бұл аталған тақтың құрылысы мен құрылымы мүлдем басқа» - деген дерек келтірген [25, с. 416].

Қазіргі таңда Мәскеу қаласында Қарулар Палатасында (Оружейное Палата) орыс патшаларына тиесілі, бірақ шығыстық стильдегі үш тақ сақталған. Ең ескісі Иван Грозный патшаға парсы шахы сыйлаған тақ. Екіншісі 1604 жылы Борис Годуновқа парсы шахы

Аббас сыйлаған тақ. Үшіншісі 1660 жылы Алексей Михайлович Романовқа парсы шахы сыйлаған тақ [8, с. 84–85.]. Бір қызығы аталған үш тақта Хиуа хандарының, оның ішінде Хиуа хандығын басқарған қазақ сұлтандары отырған тақпен ешқандай құрылымында, құрылысында да өзара ұқсастықтары жоқ.

Қазақ хандарына тән хандық билік символының тағы бір мысалы ретінде Ұлы Даланы 1845–1853 жылдар аралығында саяхаттаған ағылшындық суретші, архитектор Томас Аткинсон қалдырған мәліметтер. Оның қалдырған бейнелі суреттерінің арасында қазақ хандарының күнделікті тұрмысындағы және ғұрыптық салттары туралы мағлұматтар ұшырасады. Ондай суреттің бірі «Қырғыз (қазақ) сұлтанының киіз үйі» деп аталады [10, с. 65]. Томас Аткинсон деректерінде қазақ сұлтандарының отырған жері биіктеу болатыны, отыратын орындығында үкі қанаттары (мүмкін қырғауыл қауырысыны? - *Т.А.*) болатыны айтылған.

Я.П. Гвардевскийдің жазбаларында қызықты мәліметтер кездеседі. Онда XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы хан сайлау ғұрыптары екі кезеңнен тұрғанын айтады: «... Қазақтарда барша халықтың жиналуы бұл соғыс жағдайында және хан сайлау ғұрпы кезінде...» дейді [26, с. 460]. Я.П. Гвардевский өз жазбаларында хан сайлаудың бірінші кезеңінде ханды киізге көтеру рәсімі, екіншісі биіктеу жерге шығарып ұлықтау сәті. Жалпы халық арасында ханды ақ киізге көтеріп ұлықтау мәселесі кең таралғанымен, екінші кезеңі ұмыт болған секілді. Бірақ ақ киізге көтеріп хан сайлау ғұрпының тамыры өте тереңде, көне түркі дәуірінен де әрі кетуі мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз. Бірақ бұл мәселе біздің мақаламыздың зерттеу ауқымынан шығып кететіндіктен, аталған мәселені жеке қарастыру қажет деп ойлаймыз.

Қазақ хандығы дәуіріндегі хандық билік тұжырымы, ханның құқықтары мен қызметі, хандық биліктің символдары бір-бірімен біте қайнасып кеткен құрылым екендігі анық. Аталған мәселелерді жеке дара қарастырудан бұрын, бір бағыттағы шеңбер аясында талдау маңызды. Хандық билік тұжырымы дала заңдарына бағынатын, өзіндік гео-локациялық ерекшеліктері бар, тарихи-ландшафтық аймаққа тән басқару ерекшеліктері күрделі мәселе. Хандық биліктің теориялық мәселелерін қарауда классикалық билік теорияларының негізінде зерттеулер біршама толық талдауға мүмкіндік береді. Отандық зерттеулерде хандық биліктің құрылымдары, ханның қызметі мен құқықтық ережелері туралы зерттеулерді көптеп ұшырастыруға болады. Бірақ хандық биліктің теориялық мәселелері туралы ой-пікірлер әлі де бір ізге түспей, түлі деректер шеңберінде, белгілі бір атрибуцияларын қарастырумен шектелетін секілді. Хандық биліктің символдары да түрлі этнографиялық, саяси және тарихи ғылымдардың аясында зерттеу нысанына айналып келгенімен, басқа да қосалқы зерттеу пәндерінің шеңберінде зерттеу, аталған мәселенің кейбір қырларына аша түседі. Мұндай теориялық зерттеулерде археологиялық қазба нәтижелерін қолдану өте маңызды. Археологиялық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, көне дәуірдегі билік құрылымы туралы мәселелерді талдауға отандық археолог-ғалымдарда өз үлестерін қосып келеді [27, 4–5-бб.].

Мақала барысында біз түрлі деректерге сүйене отырып, хандық биліктің негізгі символдарының біріне тоқталдық. Хандық биліктің негізгі тұжырымы – биліктің құрылымды-функционалды сипатына негізделіп, объект пен субъект арасындағы қарым-қатынасқа, гео-аймақтық ерекшелікке, автохтонды халықтың тарихи қалыптасқан мінез-құлқына тікелей байланысты болатыны және хандық биліктің символдары билеуші мен халық арасында қарым-қатынастарда үлкен рол атқаратыны белгілі болып отыр. Біздің ойымызша, қазақ хандығындағы билік құрылымы, ханның құқығы мен қызметі, биліктің символы әлі күнге толық ашылмаған тақырыптардың бірі деуге болады. Бұл ретте жоғарыда атап өткен археологиялық зерттеу нәтижелерін басшылыққа алып, хандық билік пен билік символдарының генезисі шеңберінде талдау жасау өте маңызды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сарсембаев М.А. Казахское Ханство как суверенное государство средневековой эпохи. – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2015. – 342 с.
- 2 Асмус В. Платон. – Москва, «Мысль», 1969. – 236 с.
- 3 Доватур А. И. «Политика» Аристотеля. – Москва: «Мысль», 1983. – 830 с.
- 4 Вебер М. Избранное. Образ общества. – Москва, «Юрист», 1994. – 341 с.
- 5 Жалбағай Ә. Еженхан шығыс хулар тарихына аз аял // Әлем әдебиеті. – 2014. – № 6. – 190–223-бб.
- 6 Валиханов Ч.Ч. Суд биев в древней народной форме / Избранные произведения. – Алматы, 1958. – 257 с.
- 7 Сұлтанов Т.И. Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы. Қазақ хандығының тарихы. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 160 б.
- 8 Бимендиев А.Ш. Символы власти казахских чингизидов. Трон – как феномен кочевой культуры // Отан тарихы. Ғылыми журнал. – Алматы, 2015. – № 4 (72). – С. 75–99.
- 9 Қожа М. Түркістандағы хантағы / Қазақ газеттері. 28 мамыр 2019. / <http://kazgazeta.kz/?p=83642>
- 10 Аткинсон Т. Путешествие по русско-китайской границе и степям Центральной Азии // Всемирный путешественник. – Т. IX. – СПб, 1871. – С. 49–93.
- 11 Рубинчик Ю.А. Персидско-русский словарь. В 2-х т. – Москва: «Русский язык», 1970. – 1613 с.
- 12 Древнетюркский словарь. Ред.: В.М. Наделяев, Д.М. Насилов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак. – Ленинград: Наука, Ленинградское отделение, 1969. – 677 с.
- 13 Крамаровский М.Г. Чингисхан на берегах Темзы // – Москва: Изд. дом Марджани, 2013. – С. 18–29.
- 14 Крамаровский М.Г. Золото Чингисидов: культурное наследие Золотой Орды. – СПб.: Славия, 2001. – 364 с.
- 15 Базылхан Н. Орталық Азиядағы көне түрік бітік ескерткіштері: этноархеологиялық аспектілері // Орталық музей еңбектері: музей ісі, археология, тарих, деректану, антропология және этнология, фольклортану. II бөлім. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. – 338–358-бб.
- 16 Атығаев Н.А. О некоторых символах власти (трон и корона: от Монгольской империи к Казахскому ханству) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». – 2015. – №1 <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/180>
- 17 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. / Құраст. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жаузы, 1989. – Т.І. – 384 б.
- 18 Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 651 с.
- 19 История Казахстана в русских источниках. Т.І. Посольские материалы Русского государства (XVI–XVII вв.). Сост., транскрипция скорописи, спец. редактирование текстов, вступит.ст., коммент., составл. словников указ. А. Исина. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 704 с.
- 20 Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740–1741 гг. Гладышевым и Муравиным. Изд. с приложением совр. карты Миллера пути от Орска до Зюнгорских владений и обратно, Я.В. Ханыковым, действ. чл. Имп. русск. геогр. общества. – СПб.: Типография министерства внутренних дел, 1851. – 85 с.
- 21 Кэстль Дж. Дневник путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абулхаиру, хану киргиз-кайсацкой орды: перевод с немецкого Вольфганга Штаркенберга. – Алматы: Жибек жолы, 1998. – 152 с. – 13 ил.
- 22 Андреев М.С., Чехович О.Д. Арк (кремль) Бухары в конце XIX – начале XX века. – Душанбе: Дониш, 1972. – 163 с.

- 23 Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Пер. с польского Ф.Стекловой. – Алма-Ата: «Казахстан», 1966. – 268 с.
- 24 Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х томах / Автор проекта, введ., биогр. ханов, науч. коммент.; сост. и ответ.ред. И.В. Ерофеева. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. – 696 с. – Т.І. Письма казахских правителей. 1675–1780 гг.
- 25 Стасов В.В. Трон хивинских ханов // Вестник изящных искусств Императорской Академии художеств. Под ред. А.И. Сомова. – СПб: Типогр. М.М. Стасюлевича, 1886. – Т. 4. – Вып. 5. – С. 405–417.
- 26 История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. Том V: Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века / Сост. И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 620 с.
- 27 Төлеубаев А.Т. Шілікті жазығы - сақтардың алғашқы мемлекетінің ту тіккен ордасы // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 2 шілде.

Түйін

Мақалада қазақ хандығы дәуіріндегі хандық билік тұжырымы, құқығы мен қызметі, символдарының кейбір мәселелері талданады. Хандық билік атрибуциясының бірі ретінде хан тағы туралы мәліметтер сараланады. Жазба деректер және археологиялық материалдар салыстырмалы түрде қарастырылады. «Тақ» сөзінің этимологиясы талданып, даму, жетілу үдерістері анықталады.

Резюме

В статье анализируется концепции ханской власти, право и деятельность, а также некоторые проблемы про символы и атрибуции ханской власти. Оценивается сведения о троне, как атрибуция ханской власти. Сравнительно рассматривается письменные данные и археологические материалы. Определяется процесс возникновения и развития этимологии слова «Тақ».

Summary

The article analyzes the concept of power, law and activity, as well as some problems about the symbols and attributions of the khan's power. The information about the throne is estimated as the attribution of the khan's power. Comparatively considered written data and archaeological materials. The process of the origin and development of the etymology of the word “Тақ” is determined.

АҚТӨБЕ ЕСКЕРТКІШІНІҢ АТАУЫ ТУРАЛЫ

А. Тұрарұлы

«Сарайшық» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы,
басшы орынбасары

Ортағасырлық кезеңде Қазақстанның батысында гүлденген қалалар өмір сүргені бүгінде айқын нәрсе. Олардың тамаша архитектуралық үйлесімдіктері, кең сарайлары, асқақ мешіттері мен медреселері, ұстаханалар мен шеберханалары кімді болмасын таңқалдырмай қоймаған.

Сондай ортағасырлық қалалардың бірі Ақтөбе-Лаэти тарихи ескерткіші халқымыздың өткен тарихынан құнды мағлұматтар береді. Ол бүгінгі Атырау қаласының

бастауы деп санауға тұрарлық тарихи мұра. Ата-бабалардан қалған осы мұраны ой сүзгісіне салып зерделемей қазіргімізді, ертеңімізді бағалау қиын болары хақ.

Бұл тамаша ескерткіш XIV ғасырлардың шамасында Төменгі Еділ мен Орталық Азия арасындағы керуен жолында орналасқан алтынордалық қалалардың бірі болған. Сол кездегі Жошы ұлысындағы ірі қала болған Сарайшыққа серіктес шаһар. Бұл екі қаланың арасы 40 км ғана.

Қаланың неліктен Лаэти аталуы туралы айтар болсақ, осында 1975, 1977 жылдары археологиялық қазба жұмысын жүргізген мәскеулік археолог Л.Л. Галкин, XIV ғасырдағы италиялық жиһанкездер, ағайынды Франциско мен Доминико Пициганилердің саяхат картасынан Еділ өзенінен шығыста, Каспий теңізі жағасында орналасқан қаланың атауын Лаэти деп оқып, Ақтөбе ескерткішін осыған теңейді. Жергілікті халықтың жер атауымен Ақтөбе деп аталған көне қала орны Л. Галкин зерттеулерінен кейін, Ақтөбе-Лаэти деген қос атаумен ғылыми айналымға еніп кетті [1]. «Лаэти» сөзінің мағынасын кейбіреулер түркі тілдеріндегі «лай» сөзімен түсіндірмекші боп, laidан соққан қала дегенді білдіреді деп айтып жүр. Мұны еш негізсіз пайымдаулар деп санаймын.

Ағайынды Пициганилер картасының жасалған уақыты 1367 жыл. Олар өздерінен бұрынғы картографистердің сызбалары мен деректерін пайдаланғаны айқын. Менің ойымша, бұл картадағы қала атауын латынша Лаэти деп оқу қате деп есептеймін. Картадағы жазу стилі күрделі, әрі өте ұсақ таңбалармен жазылған, кейбір әріп таңбаларын айыру қиын. Сонымен қатар, осы қала атауы жазылған жазу үстінен 4 бірдей меридиан сызықтары қиып өткен. Бұл сөздің 1-ші, 2-ші әріптерін латын қарпімен «ла» деп оқуға болса да, әрі қарай әріптердің таңбалануы айқын емес. Өйткені, осы дыбысты білдіретін әріп деп айтуға ешқандай таңба сай келмейді. 1-ші «л» әрпі деген таңбамызды да меридиан сызығы жанап өткендіктен, бұл әріпте өзгеріске түскен болуы мүмкін деп ойлаймын. Ашығын айтқанда, бұл атаудың Л. Галкин оқығандай Лаэти деген сөз екеніне күмәнім бар.

Енді, Л. Галкиннің бұл сөзді қайдан алғанын қарастыра отырып, 1889 жылы Ф. Чекалин деген орыс өлкетанушысының Пициганилер картасын қайта салып шыққан суретіне кез болдым. Ол картадағы топономикалық атауларды жазғанда, осы қала атауын «jaiete» (джайет) деп жазған. Л. Галкин «Лаэти» атауын Ф. Чекалин салған картамен салыстыра отырып алуы мүмкін. Бірақ, Ф. Чекалин жазған «джайет» немесе «иайете» сөзін неге «Лаэти»деп өзгерткені бізге түсініксіздеу.

Пициганилер картасындағы осы атаудың астында «flimo belaych» (флимо белейч) деген сөз жазылған болса, Ф.Чекалин мұны өзі салған көшірме картасына «flum lauch» (флам лайч) деп түсіріпті. Л.Галкиннің қаланы «Лаэти» деп атауына осы сөздің бір әсері болуы да мүмкін. «Flume» сөзі италия тілінен аударғанда көпір, акведук деген мағынаға ие. Яғни, бұл жерде өзенді, одан өтетін көпір немесе өткелді белгілеген болуы мүмкін деп болжауға болады. Ал, Ақтөбеден солтүстікте өзінің ортағасырларда көпірімен танымал болған Сарайшық қаласы бар. Сондықтан «flimo belaych» сөзін Сарайшыққа бір қатысы бар атау деп есептеймін.

Тағы бір мәскеулік тарихшы-ғалым В.Л. Егоров өзінің 1985 жылы баспадан шыққан «Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв.» атты еңбегінде Пициганилер картасындағы осы қала атауын «Лайете» деп жазған [2]. Оған қоса, «flimo belaych» жазуымен Жайық өзенінің атауы берілген деп түсіндіреді. Өйткені, бұл картада Жайық өзені кескіні сызылмаған еді. Картадағы солтүстікке қарай белгіленген қаланы «атауы жоқ белгісіз қала» деген екен. Одан да әрі, солтүстікке қарай, үстіне ту тігілген қала суреті орналасқан жерді В. Егоров Сарайшық қаласы деп нақтылайды. Бірақ, менің ойымша, бұл қала Ақтөбе-Лаэтиден солтүстікке қарай тым алыс орналасқан. Сарайшық қаласы Алтын Орда астанасы Сарай Бату қаласымен бір экваторлық сызық бойында орналасқан, ендеше бұл картада да сол шамамен, Каспийден ара қашықтығы бірдей белгіленуі тиіс қой. В.Егоров көрсеткен Сарайшық қаласы Сарай Батудан тым жоғары, Лайетеден өте қашықта орналасқан.

Осы мәліметтерді сараптай келіп, Пициганилер картасындағы қала атауын қайтадан оқып көру туралы шешімге келдім. Сондықтан бұл атауды латынша «Jaeich» немесе «Jaeich» деп оқу дұрысырақ екеніне сенімім мол. Яғни, қала атауы Иаейх немесе Джаейх деп жазылған. Ал, қазақ тілінде Ақтөбе-Лаэти ескерткішін Жайық қаласы деп атауды ұсынамын. Бұл Ф. Чекалиннің картасындағы атауға да жақынырақ келеді.

Жайық өзенінің аты жалпы түркі тілдерінде «өзеннің кең аңғары» немесе «жайылма» деген мағынаны білдіреді екен. Өзен осы атымен XVIII ғ. екінші жартысына дейін сақталды. 1775 жылы II Екатерина патшайым Е. Пугачев басқарған шаруалар көтерілісін халықтың жадынан жою мақсатында: «Жайықта болған қайғылы оқиғаны мүлдем ұмыту үшін Жайық өзенінің аты Орал деп, Жайық қаласы Уральск деп өзгертілсін» деп жарлық шығарады. Бірақ жергілікті халық әлі күнге дейін өзенді Жайық деп атап келеді.

Голланд ғалымы, картограф Николаас Витсеннің 1692 жылғы «Северная и Восточная Тартария» атты еңбегінде жариялаған картасында Жайық өзеннің шығыс бетінде, қазіргі Ақтөбе-Лаэти қаласы ескерткішінің орнында «Jaick» (Иайк) қаласы белгіленген. Сонымен бірге Serachick (Сарайшық) қаласы, ал, Jaick пен Iis өзендерінің қосылған жерінде «Koosjaick» (Қосжайық немесе Көшжайық) деген қала орны көрсетілген. Н. Витсеннің еңбегімен жоғарыдағы мәскеулік екі ғалым 70-80 жылдары таныс болмауы мүмкін. Өйткені, қалың көпшілікке Н. Витсеннің еңбегі 300 жылдай жоғалып кетіп, 1967 жылдары Еуропада жарыққа шығарылды, ал орыс тілінде 2010 жылы ғана жарияланған. Осы картадағы қалалар: «Jaick» - Ақтөбе, «Serachick» - Сарайшық, «Koosjaick» - қазіргі Батыс Қазақстан облысындағы ортағасырлық Жайық қалашығы деп пайымдауға болады. Бұл Жайық қалашығы орналасқан жерде Жайық өзенінен Көшім саласы бөлініп шығады. Сондықтан, картадағы Қосжайық немесе Көш(ім)жайық атауы тегін болмаса керек.

XVII ғасырдың 30-жылдары қазіргі Атырау қаласының маңына, Жайық өзені жағасына орыс саудагер көпесі Гурий Назарьев келіп қоныстанып, осы жерде ірі кәсіпшіліктер ашып, тұрақты балық өндірісін ұйымдастырды. Өз кәсіпшілігін өңірдегі көшпенділерден, әсіресе жиі тонаушылықпен айналысқан казактардың шабуылынан қорғау мақсатында 1640 жылы Жайық өзені жағасына ағаштан «бекініс қала» салып, оны «Жайық қалашығы» деп атады. Бұл келімсектер жергілікті атауды жайдан-жай ала салмағаны белгілі. Әрі өндірісті Ресейдің орталық қалаларынан бірнеше күндік қашықта, бос тұрған еш байланысы жоқ жерге орналастырмағанда болар. Олар жергілікті халықтың көне қаласының маңына қоныс теуіп, кәсіпшіліктерін осы жердің тұрғындарымен араласа, сауда-саттық байланыста отырып өрістетті, әрі өз кәсіпшілігін де сол қала атауымен атаған. Өздеріне күнделікті керек-жарақты да осы араның адамдарынан, елді мекен тұрғындарынан айырбас саудамен алып отырған болу тиіс. Тек 1734 жылы Жайық қалашығы Гурий Назарьевтің ұрпақтары құрметіне Гурьев деп аталып, 1865 жылы қала статусын алды.

Белгілі тарихшы, т.ғ.д. Әбілсейіт Мұқтар «Атырау қаласының тарихы 1640 жылдан бастала ма?» атты мақаласында «...орыс патшасының Қазақстанды отарлауы барысында Атырау қаласы Жайық - Төменгі Жайық - тас Жайық – Усть-Яицк – Гурьев қалашығы болып өзгертіледі» деп жазады [3].


Мақалада Қырым хандығы және Соңғы Алтын Орданың басқа мемлекеттерінен алынған модельге және өзімнің XIII–XIV ғасырлар бойынша жинақтаған мәліметтеріме сүйене отырып біраз ғылыми қортындылар жасамақшымын [18, 19, және жақында Қазанда орыс тілінде жарияланған 20]. Мен тайпалық ұйымдасудың және тайпалық құрылымның «төрт би жүйесі» деп аталатын белгілі бір формасы болғандығына және бұл жүйенің Алтын Орда мен Қырым хандығы уақытындағы Моңғол империясының басқа мемлекеттерінің басты ерекшелігі болғандығына сенімдімін.

XIII–XIV ғасырларда Алтын Ордаға мемлекетінің орнына келген Соңғы Алтын Орда мемлекеттерінің ішкі қоғамдық-саяси құрылымдары туралы тарихи дереккөздерде көптеген дәлелдер бар. Соңғы Алтын Орда мемлекеттерінде (Қасым, Қазан, әсіресе Қырым хандықтары) әдетте «тайпа» немесе «клан» (қазақша «ру») деп аталған қоғамдық-саяси бірлестіктер дәстүрлі түрде төртеу болған. Төрт *қарачы* би (*qaraçı bey*) деп аталған осы төрт қоғамдық-саяси бірлестіктердің жетекшілері мемлекет басқаруда Шыңғыс ұрпағынан болған хандармен бірлесіп жұмыс жасап, мемлекеттік кеңес құрған. Олардың мемлекет ішіндегі ерекше рөліне хандарды таңдау мен тақтан босату, хан жарлықтарын бекіту және басқа да көптеген қызметтер кірді. «Билеуші тайпалар» деп атауға болатын бұл қоғамдық-саяси құрылымда мұрагерлік көшбасшылықты қоса алғанда тұрақты ішкі құрылымы болған. Бұл кейінгі мемлекеттердің ерекшелігі болды.

Алтын Ордадағы «төрт би жүйесі» хан – Шыңғыс хан (1227 жылы қайтыс болған) тұқымынан шыққан егемен билеуші – (төрт тайпа көсемдерінен тұратын) мемлекеттік кеңеспен саяси билікті бөлісті. Моңғол хандары дәстүрлі танымда автократ ретінде көрінгенімен, бұл мемлекеттік кеңестің нақты рөлі осы көзқарасқа қайшы келеді. Оның басты ерекшеліктерін қысқаша атап өтейін:

1. Мемлекеттік кеңес үнемі *ұлыс* билері деп аталатын төрт адамнан тұрды;
2. Төрт *ұлыс* биі мемлекеттің ең маңызды істеріне араласты. Ханның ешқандай шешімі немесе қаулысы жарлыққа өз мөрін қойған *ұлыс* билерінің келісімінсіз ресми болмады;
3. Төрт *ұлыс* биі Шыңғыс хан тұқымынан шыққан төрелерді хан тағынан босата алды, және олар әрқашан да жаңа хан таңдай алды. Елдің (немесе орыс тіліндегі дереккөздерде «жердің») жиналысы (яғни құрылтай) ханды таңдалғаннан кейін, төрт *ұлыс* биі ханның таққа көтерілуі рәсіміне қатысты [қараңыз 24];
4. Төрт *ұлыс* биі мемлекеттің сыртқы дипломатиялық байланыстары бойынша хат алмасуын жүргізеді;
5. Төрт адамнан тұратын осы топтың жетекшісі *билер биі* (арабша *baklāri bak*) деп аталды және төрт *ұлыс* биінің бас өкілі болды;
6. Билербиі мемлекеттің әскери ұйымының жетекшісі еді;
7. *Ұлыс* биі бұрынғы бір *ұлыс* биінің ұрпағынан немесе оның жақын туыстарынан шыққан;
8. Әр *ұлыс* биі белгілі бір қоғамдық-саяси бірліктің жетекшісі болған және осы бірліктер «билеуші тайпа» деп аталған. Бұл «билеуші тайпалар» мемлекет тұрғындарының үлкен бөлігін білдірді;
9. Әрбір «билеуші тайпаның» тәуелсіз билеуші иерархиясы болған және әр *ұлыс* биінің өз орынбасары болған;
10. Осындай төрт «тайпа» Шыңғыс хан тұқымынан шыққан төрелермен келісім-шарттық қатынастарда біріккен кезде «мемлекет» құрылды.

Бұл теорияны дәлелдейтін XIII–XIV ғасырлармен мерзімделетін дереккөздерде мол мәліметтер бар. Бұндай дереккөздерге арап тілінде жазылған нарративті деректер, өмірбаяндар, канцеляриялық анықтамалықтар, парсы тілінде жазылған нарративті деректер, орыс жылнамалары мен соңынан түркі тілінде жазылған кейбір жылнамалар жатады.

Тағы бір айта кететін жәйт, XIII–XIV ғасырларда жазылған деректерді тек қана «Соңғы Алтын Орда» яғни XV–XVIII ғасырларда жазылған деректердің көмегімен дұрыс

түсіне аламыз. Бұл дереккөздерге түркі тіліндегі дипломатиялық ноталармен алмасулар, аз зерттелген түркі тілінде жазылған нарративті деректер, орыс жылнамалары, орыс тіліндегі дипломатиялық құжаттар мен түркі дипломатиялық жазбаларының орысша аудармалары және тағы басқалар жатады.

«Төрт би жүйесі» Алтын Орда тарихындағы 1230–1380 жылдар аралығында өмір сүрген кейбір атақты тұлғалардың рөлін түсінуге мүмкіндік береді. Мен қысқаша сипаттайтын адамдар төрелер емес, бірақ Алтын Орда саяси өмірінде маңызды рөл атқарып, Шыңғыс ханды еуропалық үлгідегі автократ ретінде көргісі келетін кейбір ғалымдарды тығырыққа тіреп, мәселе туғызған тұлғалар жайында болмақ.

«Төрт би жүйесінде» рөлін анық анықтайтын ең алғашқы адам – XIII ғ ортасынан XIII ғ соңына дейін Алтын орда тарихында белсенді рөл ойнаған Ноғай. Қысқаша айтқанда дәстүрлі тарихнамада Ноғайдың мансап жолы, оның екінші хан ретіндегі рөлі туралы көп талқыланған; бұл түсінік Хазар қағанатында белгілі болған қос патшалықтың бұрынғы дала дәстүріне негізделген. Ноғай және оның заманы туралы монографияның авторы Н.И. Веселовский Ноғай мансабының бірқатар ерекшеліктеріне басқа түсіндірме таба алмады [31]. Алтын Орда тарихында Веселовскийдің дәстүрлі көзқарастарын әлі күнге дейін И. Вашари сияқты қазіргі заманғы ғалымдар қабылдайды [29, 101–110-бб.].

Дереккөздерде Ноғай әскер қолбасшысы ретінде көрсетілген (арабша *muqaddam al-sauş* немесе парсыша *amīr-i laşkar*).³² Кейбір дереккөздер, оны тіптен Алтын Ордадағы ең үлкен қолбасшы деп де атайды.³³ Араб деректерінде Ноғайдың Мәмлүктермен дипломатиялық қарым-қатынасқа түскені туралы мәліметтер кездеседі.³⁴ Дереккөздер Ноғайдың тек өз тобының билеушісі ғана емес,³⁵ сонымен бірге Алтын Орданың әкімшілігін бақылауда ұстағандығын көруге болады.³⁶ Егер араб тілінен орыс тіліне қате аударылған аудармаларды қайтадан аударып жөндетіп көретін болсақ, Ноғайдың Қырымда салық жинаған төрт адамның бірі болғандығын көруге болады.³⁷ Алтын орда дәуірін зерттеуші дәстүрлі ғалымдар үшін, автократ ұғымын батыстың академиялық ғылыми ортасында қалыптасқан терминологиялық жүйеде қарайтын ғалымдар үшін Шыңғысхан ұрпақтарының үстінен Ноғайдың қарауы өте күрделі мәселе болып отыр. Төле Бұқаны (1282–1291) тақтан тайдырып, орнына Тоқтыны 1291 жылы таққа отыру процессінде Ноғай үлкен рөл атқарды. Кейін ғалымдар Алтын Ордадағы азаматтық соғыс кезеңі деп санаған әйгілі эпизодда Ноғай Тоқтаумен де соғысты.

Ноғай 1299 жылы қайтыс болғаннан кейін, Құтлық Темір Тоқтаның қол астындағы ұлы ұлыс биі болды және ол Тоқтаның мұрагерін, 1313–1341 жылдары билік еткен Өзбек ханды хан сайлауда үлкен рөл атқарды. Бұл маңызды сәт, өйткені Қырым хандығын зерттеген бір ғалым «төрт би жүйесін» Өзбек хан құрған деген пікірде [10, 282-б.]. Өзбек

³² Арабша дереккөздер үшін Nuwayrī, *Nihāyat al-arab fi funūn al-adab* [27, 131-134/152-153 б.], Ibn Xaldūn, *Kitāb al-‘ibar wa-dīwān al-mubtadā wa-l-xabar fi ayyām al-‘Arab wa-l-‘Acam wa-l-Barbar* [27, 367-368/380 б.] және ‘Aynī, *‘Iqd al-cumān*ға [27, 480-481/509-510 б.] қараңыз. (Бұл еңбектің түрікше аудармасы түпнұсқаның тек бірінші жартысын ғана қамтиды [28].) Парсыша дереккөзі үшін Raşīd ad-Dīnге [16, 143 б.; 17, 125 б.] қараңыз.

³³ Rukn ad-Dīn Baybars, *Zubdat al-fikra fi tārīx al-hicra* [27, 79/101 б.]; және Maqrīzī, *Kitāb as-sulūk li-ma‘rifat duwal al-mulūk* [27, 422/434 б.].

³⁴ *Taşrīf al-ayyām wa-l-‘usūr bi-sīrat al-malik al-Manşūr* [27, 65-66/67 б.]; және Rukn ad-Dīn Baybars [27, 82/104-105 б.]. Бұдан әрі [32]ға қараңыз.

³⁵ Rukn ad-Dīn Baybars [27, 87/110 б.]; Nuwayrī [27, 137/158 б.]; және Ibn Xaldūn [27, 368/381 б.].

³⁶ Nuwayrī [27, 136/157 б.].

³⁷ Mufađdal, *An-nahc as-sadīd wa-d-durr al-farīd fīmā ba‘da tārīx Ibn ‘Amīd* [27, 183-184/195 б.]; және [12, 629-631 б.]. Толығырақ ақпарат үшін [19, 138-140 б.; 20, 128-129 б.]ке қараңыз.

хан кезінде осы жүйені жалғастырған басқа да ұлыс билері мен билер биі болды. Араб тіліндегі канцеляриялық анықтамалықтар Өзбек және одан кейінгі кезеңдерде төрт ұлыс биінің бар болуын анықтау үшін пайдалы.³⁸

1340–1360 жылдар арасында Өзбек ханның мұрагерлерінің билік ету жылдары Алтын Орданың бөлшектенуі басталған, одан кейінгі кезең Алтын Ордадағы толқулар кезеңі деп саналады. (Басқа жерлерде ұсынғанымдай, менің ойымша, бұл «қиыншылықтар уақыты» деп аталған кезеңдің негізінде осы кезеңде кең таралған оба (орысша: бубонная чума) толқындары жатады [21, 22, 23].) Дереккөздерге сүйенетін болсақ шамамен 1360–1380 жылдар аралығы көптеген адамдар билікке ұмтылған. Алайда, «төрт би жүйесі» қолдану арқылы біз дереккөздерде кездесетін әр түрлі тұлғалардың аттарын електен өткізіп және хан тағына үміткер төрелердің есімдерін және оларды қолдайтын тайпа басшыларын анықтауға мүмкіндік береді. Осы кезеңдегі ерекше танымал тұлғалардың бірі Мамай – Алтын Ордада үстемдік еткен тайпа басшысы ретінде айқын көрінеді. Ибн Халдунда кездесетін бір үзіндіге сүйене отырып Мамайды Алтын Ордадағы төрт жетекші билердің бірі ретінде көруге болады.³⁹ Мамайдың 1380 жылы Куликово даласындағы жеңілісі ерте орыс тарихнамасында Ресейдің моңғол немесе татар үстемдігіне алғаш тойтарыс беруі ретінде сипатталады.

Бұл жерде Алтын Орданың саяси тарихында елеулі рөл ойнаған есімдер мен тарихи даталарға егжей-тегжейлі тоқтап жатудың қажетілігі жоқ. Тек, бұл мен сүйенген дәлелдер және бұны қуаттайтын деректер жетерлік. Алтын Орда тарихының тарихнамасымен жақсы таныс жандар XIII–XIV ғғ Алтын орда тарихында орасан зор рөл ойнаған осы және басқа да тұлғаларға күні бүгінге дейін толыққанды бағасы берілмегендігін біледі.

Алтын Орданың екі бөлігі де бірдей мемлекеттік ұйымдастырушылық жүйеге ие болса да, әр бөлігінде бірдей «билеуші тайпалардың» жиынтығы немесе әртүрлі жиынтығы болды ма деп сұрауға болады. Менің пайымдауымша, олар «билеуші тайпалардың» жиынтығы бір болмаған және Соңғы Алтын Орда мемлекеттері, шын мәнінде, Алтын Орданың шығыс жартысынан шыққан (яғни, батыстағы «Ақ Орда»дан емес шығыстағы «Көк Орда»дан). Тоқтамыс ханды төрт «билеуші тайпалар», атап айтқанда Ширин, Барын, Арғын және Қыпчақ қолдағаны көрсетілген [1, 48, 55, 79 б.; 8, 31–47, 101–114, әсіресе 42 б.; және 6]. Бұлар кейінірек Қырым хандығының, сондай-ақ Қазан хандығының негізін қалаған «билеуші тайпалар» [19, 39–79 б.; 20, 42–76 б.] болды. Салыстыратын болсақ, Қасымов хандығының бастапқы тайпалық жиынтығы Ширин, Арғын, Қыпчақ және Маңғыт болған [30, ii, 403–407, 431–435 с. 58 б.; бұдан әрі 19, 55–56; 20, 56 б.].

Бұл тайпалық конфигурация Алтын Орданың батыс жартысында қалған көшпелі тайпалар конфигурациясымен салыстырылуы керек. Ұлы Орда деп аталған бұл құрылым XV ғасырда жаңадан пайда болған хандықтармен үнемі бәсекелестікте болды. 1508 жылы Ұлы Орда түпкілікті күйреп, ақыры Қырым хандығына қосылды. Дипломатиялық жазбалар 1508 жылы Ұлы Орданың Қоңырат, Сиживут, Қият және Маңғыт тайпалары Қырымның Ширин, Арғын, Барын және Қыпчақ тайпаларының құрамына енгенін көрсетеді [13, 20 б.; және 26, 38–39 б.]. Осыған сүйене отырып, XIII–XIV ғасырларда Алтын Орданың төрт «билеуші тайпасы» негізінен Қоңырат, Сиживут, Қият және Маңғыт болған деп болжауға болады. Кафалы және басқалары зерттеген түркі тіліндегі нарративті деректерде ең жиі кездесетін тайпалар осылар [8, индекс: Kiyat, Kongirat, Mangit, Secut-ke қараңыз].

Бұл үлгі Орталық Азияның басқа да мемлекеттерін зерттеу үшін пайдалы құралға айналады. Мен бірнеше мысал келтірейін. Біріншісі Шағатай хандығындағы Тамерлан

³⁸ Мысалы Muhibbī, *Tatqīf at-taʿrīf bi-l-muṣṭalah aṣ-ṣarīf* [12, 338/348 б.]; және [18, 286–288 б.]дегі сілтемелерге қараңыз.

³⁹ [27, 373/389–390 б. және с.]. Толығырақ ақпарат үшін [19, 174–177 б.; 20, 159–162 б.]ке қараңыз.

(Temürleng) немесе Тимурдың рөлі. Ғалымдардың пікірлерінше, соның ішінде Бартольдта бар Ибн Арабшахтың тарихы негізінде Тамерланның әкесі тайпа көсемі болғандығын құптайды [5, 33–36-бб.; 18, 290–291-бб.]. Тамерланның Алтын Ордадағы тайпа басшысы Ноғаймен бірдей жолмен жүргендігі анық. Осы айқын параллельге қарамастан, Тамерланға арналған зерттеулер бұл ұқсастықты мүлдем байқамады [мысалы 10].

Екінші мысал өзбек мемлекеттерінің қалыптасуы, олар шын мәнінде Шағатай хандығынан емес, Алтын Орданың тікелей ұрпақтары. Бартольд *Baḥr al-asrār* атты дереккөзде Қушчи, Найман, Бүйрек және Қарлық туралы айтылғанын айтады, бірақ ол мұны бұдан әрі талдамайды [4, 168-б.]. Осы жерде қосатын маңызды мәселе, *Tävarix-i güzidä nusrätnamä* сияқты деректерде XV ғасырдағы өзбектерге қатысты «қарачы би» терминін қолданады, бұл XV–XVIII ғасырлардағы басқа мемлекеттерде қолданылған ұлыс биіне сәйкес келеді [мысалы 11, 19, 496 және с. 49 б.]. Өзбектерге арналған А.А. Семенов немесе Б.Ахмедовтың еңбектерінде, мұндай деректердің маңыздылығы талқыланбаған [25; 3].

Біздің үшінші мысал Қазақ хандығы бола алады. Бұл мақалада мен Жәнібек Хан мен Керей Ханның шежіресі туралы егжей-тегжейлі талқылауды немесе Қазақ хандығының пайда болуы туралы әдебиеттерді толық шолуды мақсат етпеймін [толығырақ талқылау үшін: 7, 312ден кейінгі б.]. Алайда мен бұл мәселені, тарихшы ретінде Алтын Орда тарихының шеңберінде қарастыра аламын.

Бірінші мәселе, осы мемлекеттің шығу тегін түсінуге көмектесу үшін Қазақ (*qazaq*) атауын қарастыру керек пе? Шынын айтсақ, бұл тәсіл Орталық Еуразияның түркі мемлекеттерін зерттеуде кең таралған, бірақ ол әрқашан нәтижелі бола бермейді, кейде толығымен адастырады. Қазақ хандығының жағдайына келгенде біз содан бастауымыз керек сияқты. Әдетте, Қазақ (*qazaq*) деген атау «жүйеден шығып кеткенді» білдіреді. Мұны жақсырақ түсіну үшін мен Абулғазиз Баһадур Ханның *Şacärä-i Türk*-инен бір мысалды келтіргім келеді [2, арабша 23–25 б.]. «*Qazaqliqda ayırılmağan turur*» тіркесіне сүйене отырып, бұл жағдайда Қазақ (*qazaq*) атауын «қолданыстағы саяси тәртіптен алшақтату» деп аудару ұсыныс беру орынды болып көрінеді.

Алтын Орда және мұрагер мемлекеттерінің негізінде болған және жоғарыда сипатталған үлгіні есте тұтып, мен Алтын Орданың бұрынғы мемлекеттік дәстүрінен алшақтаудың салдарының не дегеніне негізделген бірқатар алдын-ала сұрақтар қоюды ұсынамын:

1. Шибанидтер (өзбектер) мемлекетінің «төрт би жүйесі» негізінде ұйымдастырылғандығын ескерсек, Жәнібек Хан мен Керей Хан «төрт би жүйесіне» негізделмеген мемлекет құру үшін жүйеден кетіп қалды ма? «Төрт би жүйесінен» бас тарту Орталық Еуразия тарихында жалғасатын процесс болған, оны кейінірек, мысалы, Бұхара әмірлігінің жағдайынан көреміз. Ноғай Ордасы да тек қана Манғыт тайпасына негізделген.

2. Алғашқы Қазақ мемлекетінің – Қазақ хандығының – тайпа (қазақша «ру-тайпа») дейсіз құрамы қандай болған? (Біз дереккөздерде келтірілген суреттің жеткіліксіздігін ескере отырып, мүмкін мұны ешқашан анықтай алмаймыз.)

3. Алғашқы Қазақ мемлекетінің алғашқы тайпалық құрамы (ол құрылған кезде немесе одан кейінгі уақытта) оның батыстағы Ақ Ордада, шығыстағы Көк Ордада немесе мүмкін басқа жерде пайда болғандығын болжай ма? (Қазақ тарихнамасындағы дәстүрлі тәсіл, оның шығу тегін батыстағы Ақ Ордада көреді, бірақ бұл қазақ хандығының тайпалық құрамына негізделмеген.)

4. Жәнібек Хан мен Керей Хан мемлекеттік ұйымдастырудың бұрынғы принциптерін сақтамай тұрып өздерін төрелер ретінде көрді ме?

5. Қазақ хандығындағы ру-тайпалардың ханның билігінде шектеулі рөлі немесе қызметі болды ма?

6. XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының жүйеден шығып кетуіне тағы қандай сыртқы факторлар ықпал етті, оның ішінде эпидемиялық ауру (XIV ғасырдың ортасында

басталған «қара өлім» деп аталатын обаның толқындары), климаттық факторлар (әсіресе және осы кезеңде белгілі бола бастаған «кішкентай мұз дәуірі» деп аталатын климаттағы құлдырау) және басқа факторлар?

Мен Қазақ хандығын Алтын Орда мен оның мұрагер мемлекеттерінің қоғамдық-саяси жүйесі тұрғысынан қарастыру арқылы 1465 жылы Қазақ хандығының құрылуы мен оның ерте тарихы туралы жаңа түсініктерге жол ашып беретінін көрсете алдым деп үміттенемін.

Әдебиеттер тізімі

- [1] Abdülğaffar Kırımı, ed. Necib Asım, *Umdet üt-tevarih*, Türk Tarih Encümeni Mecmuası, İlave (Istanbul, A.H. 1343).
- [2] Abu l-Ğazi, *Şacärä-i Türk*, ed.-trans. P.I. Desmaisons, *Histoire des mongols et des tatares par Aboul-Ghazi Béhadour Khan* (St. Petersburg, 1871-1874/ London, 1970).
- [3] Axmedov, B. *Gosudarstvo kočevix uzbekov* (Moskova, 1965).
- [4] Bartol'd, V.V. "Otčet o komandirovke v Turkestan", *Soçineniya*, viii (Moscow, 1973), 119-210.
- [5] Bartol'd, V.V. "Ulugbek i ego vremena", *Soçineniya*, ii/2 (Moskova, 1964), 25-198.
- [6] Mufađđal, ed. Blochet, E. *Histoire des sultans mamlouks*, ii, *Patrologia Orientalis* 14:3 (Paris, 1920).
- [7] Inalcik, H. "The Khan and the Tribal Aristocracy: The Crimean Khanate under Sahib Giray P", *Harvard Ukrainian Studies* 3-4/i (1979-1980), 445-466.
- [8] *Istoriya Kazaxstana (s drevneyşix vremen do naşix dney)*, ii (Almaty: Atamura, 2010).
- [9] Kafalı, M. *Altın orda hanlıđının kuruluş ve yükseliş devirleri* (Istanbul, 1976).
- [10] Manz, B.F., "The Clans of the Crimean Khanate, 1466-1532", *Harvard Ukrainian Studies* 2 (1978), 282-309.
- [11] Manz, B.F., *The Rise and Rule of Tamerlane*, Cambridge Studies in Islamic Civilization (Cambridge, 1989).
- [12] *Materiali po istorii kazaxskix xanstv XV-XVIII vekov*, ed.-trans. Ibragimov, S.K. et al. (Alma-Ata, 1969).
- [13] *Pamyatniki diplomatiçeskix snoşeniy moskovskogo gosudarstva s krımskoyu i nagayskoyu ordami i s Turtsiey*, ii, ed. G.O. Karpov, *Sbornik Imperatorskago Russkago istoriçeskago obşçestva* 95 (St. Petersburg, 1895).
- [14] Raşid ad-Din, ed. Romaskeviç, A.A. et al. *Djāmi^c at-tavārīx*, i/1 (Moscow, 1968²).
- [15] Raşid ad-Din, trans. Xetagurov, A. *Sbornik letopisey*, i/1 (Moskova-Leningrad, 1952).
- [16] Raşid ad-Din, ed. Blochet, E. *Djami et-tévarikh*, ii, E.J.W. Gibb Memorial Series 18 (Leiden-London, 1911).
- [17] Raşid ad-Din, trans. Boyle, J.A. *The Successors of Genghis Khan* (New York, 1971).
- [18] Schamiloglu, U. "The Qaraçi Beys of the Later Golden Horde: Notes on the Organization of the Mongol World Empire", *Archivum Eurasiae Medii Aevi* 4 (1984), pp. 283-297.
- [19] Schamiloglu, U. "Tribal Politics and Social Organization in the Golden Horde", Ph.D. dissertation (Columbia University, 1986).
- [20] Schamiloglu, U., trans. Xamidova, Ç.İ. and Hautala, R. *Plemennaya politika i sotsial'noe ustroystvo v Zolotoy Orde*, *İstoriya i kul'tura Zolotoy Ordı i tatarskix xanstv* 27 (Kazan: Institut istorii im. Ş. Mardjani AN RT, 2019). ISBN 978-5-94981-306-5
- [21] Schamiloglu, U. "Preliminary Remarks on the Role of Disease in the History of the Golden Horde", *Central Asian Survey* 12:4 (1993), pp. 447-457.
- [22] Schamiloglu, U. "Çernaya smert' i ee posledstviya", *Istoriya Tatar s drevneyşix vremen v semi tomax*: iii. *Ulus Djuçi (Zolotaya Orda). XIII-seredina XV v.* (Kazan, 2009), Part VI, Chapter 1.2, pp. 686-690.
- [23] Schamiloglu, U. "The Black Death in the Golden Horde and the Later Golden Horde and its Consequences", *Natsional'naya istoriya tatar: Teoretiko-metodologiçeskie problemi*, Vıpusk 2, *Bibliotheca Tatarica* (Kazan, 2011), pp. 98-117.

[24] Sela, R. *Ritual and Authority in Central Asia: The Khan's Inauguration Ceremony*, Papers on Inner Asia (Bloomington, IN, 2003).

[25] Semenov, A.A. “K voprosu o proisxojdenii i sostave uzbekov Şeybani-xana”, *Materiali po istorii tadjikov i uzbekov Sredney Azii*, i, Trudi instituta istorii, arxeologii i ètnografii AN Tadjikskoy SSR 12 (Stalinabad, 1954), pp. 1-40.

[26] Siroeçkovskiy, V.E., “Muxammed-Geray i ego vassali”, *Uçenie zapiski Moskovskogo ordena Lenina gosudarstvennogo universiteta im. M.V. Lomonosova* 61: Istoriya 2 (1940), pp. 3-71.

[27] Tizengauzen, V.G. *Sbornik materialov odnosyaşçixsya k istorii Zolotoy ordi*, i: *Izvleçeniya iz soçineniy arabskix* (St. Petersburg, 1884).

[28] Tizengauzen, V.G. Trans. İzmirlı, İ.H. *Altınordu devleti tarihine ait metinler*, i, Istanbul, 1941.

[29] Vásáry, I. *Az Arany Horda* (Budapest, 1986).

[30] Vel'yaminov-Zernov, V.V., *Izsledovanie o kasimovskix tsaryax i tsareviçax*, i-iv, Trudi Vostoçnago otdeleniya Imperatorskago Russkago arxeologičeskago obşçestva 9-11 (St. Petersburg, 1863-1887).

[31] Veselovskiy, N.I. “Xan iz temnikov Zolotoy ordi. Nogay i ego vremena”, *Zapiski Rossiyskoy akademii nauk*, VIII, 13:6 (Petrograd, 1922).

[32] Zakirov, S. *Diplomatiçeskie otnoşeniya Zolotoy Ordı s Egiptom* (Moscow, 1966).

Түйін

Бұл мақалада Кейінгі Алтын Орда (XV–XVII ғғ) мен Алтын Ордадағы (XIII–XIV ғғ) «төрт би жүйесіне» шолу жасалады. Бұл жүйеге сәйкес төрт «билеуші тайпадан» тұратын мемлекет кеңесі болған, олар Шыңғыс ханға қарсы мемлекеттің көптеген аспектілерін басқарған. Мақалада Қазақ хандығының бұл жүйеден Шибанидтер мемлекетінен шыққанын көрсетуге тырысады. Сонымен қатар, батыстағы Ақ Орда мен шығыстағы Көк Ордадан тұратын Алтын Орданың тайпалық құрамы туралы мәселе көтеріледі.

Абстракт

В этой статье дается обзор «системы четырех беков» в Поздней Золотой Орде (XV–XVII ғғ) и Золотой Орде (XIII–XIV ғғ). Согласно этой системе существовал государственный совет, состоящий из четырех «правлящих племен», которые управляли многими аспектами государства в противостоянии хану Чингисиду. В статье утверждается, что Казахское ханство вырвалось из этой системы в государстве Шибанид. Это также поднимает вопрос о племенном составе Золотой Орды, которая действительно состояла из Белой Орды на западе и Голубой Орды на востоке.

Abstract

This article gives an overview of the “four-bey system” in the Later Golden Horde (15th-18th centuries) and the Golden Horde (13th-14th centuries). According to this system there was a council of state consisting of four “ruling tribes” which which governed many aspects of the state in opposition to the Chinggisid khan. The article argues that the Kazakh Khanate broke out of this system in the Shibanid state. It also raises the question of the tribal composition of the Golden Horde, which really consisted of the White Horde in the west and the Blue Horde in the east.

АЛТЫН ОРДА- ТАРИХ САХНАСЫНДА

Ж.М. Шілдебаева,
гуманитарлық ғылымдар магистрі
«Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени
қорық-музейінің «Ғылыми қызмет және
ескерткіштерді қорғау» бөлімінің басшысы

Қазақстан аумағы небір мемлекеттік құрылымдардың мекені болған, ұлан-ғайыр территорияны алып отырған тарихы тереңде жатқан киелі мекен. Ата-бабаларымыз сонау скиф-сарматтардан бастау алған, кешегі Шыңғыс ұрпақтары билеген қазақ даласы небір тарихи оқиғаларды бастан кешірді емеспе?! Тәуелсіздігімізді алғалы бері кешегі бұрмаланып келген Қазақтың тарихы ашық жазылып, зерттелуде. Бірақ, бізден кейінгі де ізімізді жалғастырушы ұрпаққа қазақтың зерттелмеген тарихы әлі де көп-ақ.

Еуразия даласы мен оған шектесіп жатқан моңғол дәуірінен кейінгі аймақтар тарихында атауларының құрамына «Орда» сөзі кіретін көшпелілер бірлестіктері кеңінен таныс. Олардың кейбірі, мысалы, Алтын Орда тіпті «әлемдік» держава дәрежесін иеленуге де ұмтылды [1, 26 б.].

Биыл мамыр айында Парижде өткен Халықаралық Түркі Академиясының «Ұлы дала: мәдени мұра және әлем тарихындағы рөлі» атты форумында Алтын Орданың 750 жылдығы аталып өткендігін білеміз. Аталған халықаралық іс-шараға Америка Құрама Штаттары, Ресей, Үндістан, Қытай, Ұлыбритания, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан, Франция, Латвия, Голландия және Мажарстан сынды елдерден 70 -ке жуық ғалым және UNESCO өкілдері қатысып, алқалы басқосуда әлемге танымал түркологтар Алтын Орда мен Талас құрылтайының 750 жылдығына орай ойларын ортаға салып, ғылыми қауымның назарына тың деректер мен жаңа тұжырымдарды ұсынды [2. 1 б.].

Тамыз айында өткен «Ұлытау - 2019» Халықаралық туристік форумында сөз сөйлеген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алтын Орданың 750 жылдығын атап өту туралы пікір білдіріп, «Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналуы тиіс. Бұл жұмыстарды Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеу қарсаңында бастау керек»- деген болатын. [3.16.]. Әрине бұл тарихи датаның мән-маңызы біз үшін ерекше. Өйткені, Алтын Орда мемлекетінің мұрагерінің бірі біз - деп айтсам қате болмас. Себебі Алтын Орданың территориясының жартысы біздің мемлекетіміздің аумағында орналасқан.

1269 жылы Талас өзенінің бойында қазіргі Жамбыл облысының аумағында үлкен құрылтай өтіп, ондағы Жошы, Үгедей, Шағатайдың ұрпақтары Ұлы Моңғол империясынан бөлініп, енші алып, нақты шекараларын белгілеген болатын. Осы Талас құрылтайы ұлыстардың тәуелсіздігін алуда шешуші рөл атқарды. Әрине, бұл құрылтайдан бұрын Шыңғысханның ұрпақтары өздерінің жаулап алған жерлерінде билік құрып, өзіндік мемлекет ретінде өзгелерге танымал болып, әлемнің жартысында өз үстемдіктерін жүргізіп отырды. Бұл тарихи дата, тарихи орын біздің мемлекетіміз үшін тарихи мұра.

Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы дүние салған соң, оның еншілігіне берілген жерлерді Шыңғысхан оның ұлдарына бөліп берді. Жошының ұлдарының көптігіне қарамастан (жылнамашылар, зерттеушілер оның 15, кейбір деректерде 18 ұлы болған дейді), тарихта көбінесе Бату, Орда-Ежен, Шайбан және Тоқай-Темірдің есімдері аталады. Осы төрт ұлынан тараған ұрпақтары тартыстар нәтижесінде Алтын Орданың тағында бірін-бірі алмастырып отырған. Бүгінгі күнде айтылып жүрген Алтын Ордамыз сол заманда басқаша аталатын. Алтын Орда атауы кешегі XIX ғасырда ғылыми айналымға еніп, кейін Кеңес заманында санамызға берік қалыптасты. Тарихта Жошы ұлысы немесе Ұлық ұлыс, Дешті қыпшақ деп түрлі атаумен аталды. Оның территориясы өте үлкен

болатын. Екі қанатқа бөлінген ұлысының оң қанаты қазіргі Ресей, Қырым, Кавказдың территориясын алып, астанасы бастапқыда Сарай-Берке, кейін Сарай аль Джадида, яғни Жаңа Сарай болды. Бұл жерлер Жошының үлкен ұлы Батуға берілген. Ақ Орда деп аталатын сол қанаты-Сырдария ұлысы, астанасы – Сығанақ, Орда-Еженнің еншісіне берілді [4, 1-б.].

Алтын Орда көп ұлтты мемлекет болды. Оның құрамына бір-бірінен қоғамдық-экономикалық даму деңгейі жақынан айырмашылығы бар, өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрлері сақталған көптеген ұлттар мен халықтар кірді. Көшпелілер негізінен түркі халықтары – ең көбі қыпшақтар, сондай-ақ қаңлылар, наймандар және т.б. болды. Отырықшылардан бұлғарлар, мордвалар, орыстар, черкестер, хорезмдіктер, т.б. кірді. Мұнда моңғолдар азшылық болды. XIII ғ. аяғы мен XIV ғасырда моңғолдар толығымен түркіленіп, Алтын Орданың халқы “татарлар” деген атау алды [5, 53-б.].

Алтын Орданың қоғамдық құрылысын атап кетсек, толығымен Шыңғыс хан енгізген мемлекет үлгісін қайталады. Мемлекет Жошы хан әулетінің меншігі болып саналды. Маңызды мемлекеттік істі шешу үшін билік басындағы әулет мүшелері бастаған аксүйектер жиналысы — құрылтай шақырылды. Армияны және өзге мемлекеттермен дипломатылық қатынастарды беклербек басқарды. Қаржы, алым-салық мәселесін, мемлекеттің ішкі істерін жүргізетін орталық атқарушы орган диванның басында уәзір тұрды. Қалалар мен бағынышты ұлыстардан алым-салық, сыбаға жинау міндетін атқаратын даругтер басқалар тағайындалды. Хан отбасының мүшелері маңызды қызметтер атқарды. Ірі нояндар, бектер, әмірлер, бақадүрлер төмендерді, мыңдық, жүздіктерді басқаратын әскербасылары болып сайланды [6, 235-б.].

Батый мен Орда Еженнің ұлыстары өз ішінде тағы да кіші ұлыстарға бөлініп, олардың басында Жошының өзге ұлдары отырды.

Ұлысты (үлесті жер) билеуге үкімет басындағы әулет мүшелерінің барлығы құқылы болды. Ал өзге моңғол ақ сүйектеріне үлесті жер ханға еткен еңбегіне қарай бөлініп берілді. Біртіндеп ақ сүйектер құқысы арта түсіп, олар қарамағындағы жерді ұрпағына мұра етіп қалдыра алатын дәрежеге жетті. Екінші жағынан Алтын Ордада көшпелілердің ру-тайпалық ұйымдары да сақталды [7, 3-б.].

Алтын Орданың гүлденуі мен құлдырауына келетін болсақ, алғашында Алтын Орда Моңғолиядағы ұлы ханға тәуелді болды. Алайда 1260 ж. Моңғол империясы бірнеше тәуелсіз ұлыстарға ыдырап кетті. Алтын Орда Батыйдың інісі Берке ханның (1256–1266 ж.) тұсында-ақ тәуелсіздікке қол жеткізген. Одан кейінгі Меңке хан (1266–1280 ж.) өз атынан теңге шығара бастады.

Алтын Орданың тарихы ішкі қайшылықтарына қоса, орыс князьдарымен Ирандағы Құлағу ханның әулетімен, Ақ Орданың және Хорезмнің билеушілерімен үздіксіз соғыстарға толы болды. Алтын Орданың XIV ғ. алғашқы жартысында, әсіресе Өзбек хан (1312–1342жж.) мен одан кейінгі Жәнібек ханның (1342–1357 жж.) тұсында құдіреттілігі арта түсті. Ханның дара үстемдігі орнап, құрылтай шағыру аяқсыз қалды, билік бір адамның қолына жинақтала түсті [8, 56 б.].


1312 ж. Өзбек хан исламды Алтын Ордадағы мемлекеттік дін деп жариялады. Далалық түркі-моңғолдың мәдениет Еділ бойы және Орта Азия (Хорезм) мұсылмандық салт-дәстүрлерінің әсерімен исламды қабылдай бастады [9, 48–49-бб.].

XIV ғ. екінші жартысында Алтын Орда алауыздықтан әлсірей бастады. 1357 жылдан 1380 жылға дейін 20-дан астам хандар отырып, бірін-бірі өлтіріп, орнын тартып алып жатты. 1380 ж. Алтын Орданың билеушісі, төменбасы Мамай Дмитрий Донской бастаған орыс әскерінен Куликово даласында тас – талған боп жеңілді. Жошы ұрпағы Тоқтамыс хан осы жағдайды пайдаланып, Алтын Орданың билігін тартып алды. Өз билігін соғыс жеңістерімен бекіте түспек болған ол 1382 ж. Мәскеуді өртеп жіберді, Мәуереннахр мен Закавказьеге бірнеше рет жорық жасады. Тоқтамыстың соғына түскен Әмір Темір. Алтын Ордаға қайта-қайта шабуыл жасап, халқын қырып, байлығын тонап, енді қайта көтеріле алмастай етіп тастады [10, 32-б.].

Алтын Орданың тарих сахнасындағы рөлін атап өтетін болсақ Жошы ұлы Бату (Батый) хан тұсында (1227–1255) Алтын Орданың құрамында Ресейдің еуропалық өңірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан, Бұлғарстан, Солтүстік Кавказ, Хорезм, Шығыс және Батыс Дешті Қыпшақ енді (1236–1242). Бату қолы Орта Азия қыпшақтарының қарсылығын жойған соң, Мәскеу (1238), Киев (1240), Краков (1241), Бреслау (1241), Будапешт (1241) қалаларын алып, Орталық Еуропа, Тракия өңірін, Австрия, Чехия, Словакияны бағындырды [11, 74-б.].

Алтын Орда – Анадолымен, Сириямен, Египетпен, басқа да шығыс елдерімен сауда қатынасын орнатып, елшіліктер алмасып отырғандықтан Ұлы Жібек жолының маңызды бір тармағына айналды. XIII – ғасырдың бірінші жартысы мен XIV – ғасырдың бірінші жартысында орнаған мұндай тығыз байланыстар жөнінде К. Босворти «Орда мәдениеті белгілі бір мұсылмандық – жерортатеңіздік сипатқа ие болды» деп жазады [12, 17-б.].

Алтын Орда ханы Ұлық Мұхаммедтің түрік сұлтаны Мұрат II – ге жазылған хаты – Жошы ұлысының Осман мемлекетімен қарым – қатынасына бейбіт сипат беруге жасалған талпынысының бірі болды. Ұлық Мұхаммед хан (1419–1423 жылдар және 1426–1437) 1428 жыл 14 наурызда Днепр өзенінің батысында түрік сұлтанына хат жолдады. Өте қысқа жазылған хатта Ұлық Мұхаммед Алтын Орда хандары мен түрік сұлтандарының арасындағы бұрын байланыстың жақсы болғанын айта келіп, қазіргі кезде екі ел арасында елшіліктер жіберу мен сауда саттыққа жағдай жасау қажеттілігінің туып отырғанын баяндайды. Екі ел арасында саудагерлердің келіп кетуіне қауіп төндіріп отырған күштерді бірігіп талқандауға ұсыныс жасайды. Хаттың түпнұсқасы Стамбұлдағы Топкапы мұрағатында сақтаулы. Алғаш рет бұл хатты түрік ғалымы Ақдес Нимет Курат 1940 жылы Стамбұлда қазіргі түрік тіліне аударды. 1950–1970 жылдары хаттағы тарихи мәліметтерді А. Ю. Якубовский, С. Е. Малов, М. Г. Сафарғалиев пайдаланды. Хаттың толық аудармасын, түсіндірме мен қосымшасын орыс тілінде Т.И. Сұлтанов жариялады [13, 4-б.].



Алтын Орда ханы Ұлық Мұхаммедтің түрік сұлтаны Мұрат II – ге хаты [14, 1-б.].

Темірдің жойқын әскери жорықтары Алтын Орданың құлауына әкеліп соқтырды. 1502 жылы соңғы билеуші Шейх Ахмед ханның өлімінен соң Алтын Орда мемлекеті жойылды. Алтын Орда жерінде Қырым (1428–1792), Қазан (1437–1556), Қасым (1445–

1681), Астрахан (1466–1557), Сібір (1563–1656), Башқұрт (1656–1738) хандықтары сияқты мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Қазақ хандығы да осы кезеңдерде (шамамен 1456–1466) қалыптасты. Алтын Орда мемлекеті Қазақстанның еуроазиялық мәдениеті, мұсылмандық Шығыс өркениеті мен моңғолдар бағындырған елдердің отырықшы – егіншілік мәдениеттің өзара ықпалы тұрғысындағы интеграцияландыру үрдістердің дамуына мүмкіндік туғызды [15, 7-б.].

Ата-бабаларымыз жүріп өткен сан қырлы сара жолды жалғастырушы біз өз тарихымызды саралап, дұрыс жолға салып, кейінгі ұрпаққа ата-бабаларының әлемдік держава дәрежесін иеленуге ұмтылған Алтын Орда мемлекеті сынды мемлекеттің болғандығын қазірден саналарына сіңіру бүгінгі басты мақсат.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері 1 том. Р.Б.Сүлейменов атындағы шығыстану институты Алматы, «Дайк-Пресс» 2005 ж. 26 б.
- 2 inform.kz белсенді сілтемені пайдаланыңыз https://www.inform.kz/kz/unesco-da-altyn-ordanyin-750-zhyldygy-atalyp-otti_a3526573
- 3 Толығырақ: https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-altyin-ordanyin-750-jyilydygyn-atap-otu-turalyi-pkr-300571/
- 4 Ержанов Ә. // «Жанақорған тынысы». – 2019. 11-қыркүйек.
- 5 Байпақов К.М. «Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы» – Алматы, 1995. – 53-б.
- 6 Қазақстан тарихы “Шың кітабы” – Алматы, 2000 . – 235.
- 7 Федоров – Давыдов Г. А., Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. – М., 1966. – С. 3.
- 8 Қазақстан тарихы, 2 т. – А., 1997. – 56-б.
- 9 Қазақстан тарихы “Аруна” баспасы, – Алматы, 2010. – 48–49 бб.
- 10 Амин ал – Холи, Связи между Нилом и Волгой в XIII–XIV вв., – М., 1962. – С. 32 б.
- 11 Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.И., Казахстан летопись трех тысячелетий, А. – А., 1992 . – С. 74.
- 12 Закиров С., Дипломатическое отношения Золотой Орды с Египтом, – М., 1966. – С. 17 б.
- 13 Сұлтанов Т.И., Письмо Золоордынского хана Улуг Мухаммеда Турецкому султану Мураду II, Тюркологический сборник, 1973, – М., 1975. – С. 4.
- 14 «Айқын» газеті №136 б қыркүйек 2019 ж. авторы Бекарыс Нұрیمان (Алтын Орда ханы Ұлық Мұхаммедтің түрік сұлтаны Мұрат II – ге хатының фотосы осы мақалалан алынды) Толығырақ: <https://aikyn.kz/culture/history-knowledge/7602-altyn-orda/>
- 15 Сафарғалиев М. Г. Распад Золотой Орды – Саранск, 1960г. – С.7.

Түйін

Мақалада Алтын Орданың гүлденуі мен құлдырауы, хандар арасындағы қақтығыстар, басқа елдердің билеушілерімен жасалған бітімгерлік қарым – қатынастары жайлы кеңінен жазылған.

Аннотация

В статье рассматривается расцвет и падение Золотой Орды, конфликты между ханами Орды, а также широко написано миротворческие отношения между правителями других стран.

Summary

In the article a bloom and falling of Gold Horde, conflicts, are examined between the khans of Horde, and also peacemaking relations are widely written between the rulers of other countries.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Ноғаев Н.А	3
В. Сүмер	4
Абдулла Гюндөғды Uzbek Khan and the Heritage of the Golden Horde Khanate.....	5
Али Риза Яғлы Heritage Struggles in on the territory of Genghis “Golden Horde-Икhanate-Timurid States”.....	9
Атығаев Н.Ә. О некоторых новых источниках по истории Улуса Джучи, хранящихся в библиотечных фондах Ирана.....	21
Ахметова Ұ.Т. Қазақ хандығы құрылымындағы қожалар институты және олардың ролі.....	25
Ахмет А.Қ. Хан - қазақ мемлекетінің ең жоғары билік иесі.....	33
Әбжанов Х.М. Мемлекет және тарих.....	38
Әбділәшім Д. Жошы ұлысының мұрагерлері және олар тарапынан жазылған хаттардың тарихи маңызы.....	55
Әпендиев Т.Ә. Ақтамберді Сарыұлының өмірі мен қызметі	63
Байғалиев Ж.Р. Сарайшық-Хиуа қалалары арасындағы керуен сауда жолдары.....	70
Бегімбаева Ж.С. Отражение истории кочевых народов Центральной Азии в «Трудах» Общества изучения Казахстана.....	74
Бердыгужин Л.Б., Мендігереева Ж.А. Қазақ хандығы туралы зерттеулер: тарихи-тарихнамалық талдау.....	78
Бижанова М.Т. Алтын Орданың саяси билік жүйесінің Қазақ хандығымен тарихи сабақтастығының мәселелері.....	82
Бирюков П.В. Топографическая ситуация у Сарайчиковского городища.....	93
Диярова Ж.К. Ортағасырлық Сарайшық зерттеушісі - З. Самашев.....	108
Жарылқапова А.Ғ. Алтын Орданың негізін салушы Жошы жөнінде кеңірек насихаттау.....	112
Жолдасов Т.М. Қазақстан территориясындағы ерте ортағасырдан XIV ғ. дейінгі ақша айналымының қысқаша тарихы.....	117
Жұмабаева Ж.К. Ұлы дала өркениеті және Хазария.....	124
Жұмабаева Ж.К., Батырханова А.С. Европадағы Авар қағанаты мен Византия: саяси қатынастары.....	130
Жұмабаев А.Ж., Абдешев Б.М. Ортағасырлық Сарайшық керуен-сарайы: оның тарихи маңызы.....	135

Жұмағанбетов Т.С.	
Политический кризис в улусе Джучи 1362-1380 гг.....	139
Жүсіпов Р. Б.	
Уәли ханның Ресейге бағытталған елшіліктері.....	147
Зайончковский Ю.В., Тишкин В.Е.	
Новые данные об одной группе позднеджучидских серебряных монет, отчеканенных лицевыми штемпелями с именами разных ханов.....	152
Исин А.	
К проблеме названий Джучидских государств.....	159
Кенжеахмет Н.	
Ортағасырлық Шығыс карталарындағы Маңғыстау және Каспий Теңізі.....	162
Кольцов П.М., Обухов Ю.Д.	
Формирование золотоордынской культуры на территории Северо-Западного Прикаспия в XIII-XIV вв.....	167
Қалменов М.Д., Бижанова Ә.Е.	
Жайық өзені бойындағы ортағасырлық қалалар туралы жазба және картографиялық деректер.....	172
Касенов М.С., Жұмабаев А.Ж.	
Городище Сарайшык – в источниках.....	177
Мұқтар Ә.Қ.	
Жошы Ұлысының рухани астанасы - Сарайшық ел билеушілерінің пантеоны.....	181
Мұстафин Ж.Ж.	
Сарайшық көркеюінің негізгі себептері мен салдарлары.....	186
Нұғманова Н.Т.	
Л.Л. Галкин - один из исследователей городища Сарайшык.....	193
Өтениязов С.	
Қазақстан тарихындағы Сарайшық мәселелері.....	196
Пантелеев С.А.	
О серебряных монетах в погребениях золотоордынского времени. Могильник бугра «Маячный».....	203
Петров П.Н.	
Методологические вопросы установления границ Золотой Орды с соседними государствами.....	207
Пигарёв Е.М.	
Результаты геофизических исследований ханских мавзолеев у села Лапас Астраханской области.....	212
Плахов В.В., Абдигалиев М., Харипова Р.Е.	
Элементы оборонной системы Сарайчика по результатам раскопок 2019 г.....	219
Почекаев Р.Ю.	
Суд Идигу: эпическая традиция и историко-правовые реалии.....	224
Рысбеков Т.З., Шынтемірова Б.Ғ.	
Тарихи шындық және ұлттық тарихымыздың кейбір өзекті мәселелері жөнінде.....	229
Сабыр М.Б.	
Ұлы дала тарихының басты қыры - Алтын Орда.....	235

Сагидуллаев Д.З.	
Қазақстанның батысындағы Алтын Орда кезеңіне тиесілі қала-жұрттарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстар.....	241
Сағынбаева О.Қ.	
Ортағасырлық Сарайшық жәдігерлері.....	246
Сапанов С.Ж., Жұмабаева К.С.	
Улус Жошы (1206-1227 годах) в истории Казахстана: методология исследования.....	250
Табулдин Ғ.Ж., Жәмкенов С.Ж.	
World genealogy of Chingizids.....	253
Танжаров М.И.	
Ұлы дала руханиятындағы этиканың бастаулары.....	259
Тоқсанбаев А.	
Қазақ хандығы дәуіріндегі хандық билік тұжырымы, құқығы мен қызметі, символдары.....	264
Тұрарұлы А.	
Ортағасырлық Ақтөбе қаласының атауы туралы.....	271
Тұржанова С.С.	
Жошы ханның әлемдік тарихтан алатын орны.....	276
Халидуллин Ғ.Қ.	
Ортағасырлық Сарайшық қаласындағы қала мәдениеті мен өнер саласының дамуы.....	279
Хамидова Ч.И.	
Шуаб-и панджгана как источник по истории Золотой Орды.....	282
Хамидуллин Б.Л.	
Золотая Орда – страна городов.....	286
Шаизхан Ұ.Ш.	
Жошы хан мен ұлысының Қазақ елінің қалыптасуы мен дамуына тигізген әсері.....	294
Шамилоглу Ю.	
Қазақ мемлекеттілігінің шығу тегі: Алтын ордадан Қазақ хандығына.....	298
Шілдебаева Ж.М.	
Алтын Орда - тарих сахнасында.....	305